Үшіншіден, қазақтардың туған жеріне оралу процесі зерттелуде. Қазақтың отансүйгіштігін, патриоттығын бейнелейтін қысқа да нұсқа нақыл сөздер көп. «Өзге жердің сұлтаны болғанша, туған жердің ұлтаны бол», қазақтың «ит тойған жеріне, батыр туған еліне» деген және т.б. мақалдар сыртқа кетуге мәжбүр болған қазақтардың ерте заманнан бері мекендеген отанына қайта оралуының объективті құбылыс екенінен хабар береді. Туған отанына оралмайтын адам кемде-кем.

Тарихта шетке кеткен қазақтың тарихи отанына оралуы оған дейін де орын алған. Кеңес дәуірінде қазақтардың ата мекеніне қайта оралу – репатриациялау процесі жүрді. Кітапта осыған орай арнайы тарау бар. Ол «Кеңестік дәуірде ата мекенге оралу» деп аталады.

XX ғасырда қазақтар алғаш рет Қытайдан 1917-1925 жж. қайта оралды. 1917 ж. Уақытша үкіметтің бастамасымен Қытайдағы қазақтарды қайтару шаралары жүргізілді. Орыс билігі Шыңжаң губернаторы Ян Цзэнсиньнен «Қытайда тұрып жатқан 19-31 жас арасындағы дүнген, тараншы, қазақтар мен басқа да бұратаналарды» тез арада қайтаруды талап етті. Шамамен, 1916 ж. кеткен қазақтар саны 400 мың адамдай (7-8 %). Кеткен қазақтардың қайта оралуында ерекше рөл атқарған сол кездегі Мемлекеттік Думаның мүшелері Мұқамеджан Тынышбайұлы, Уақытша Үкіметтің Түркістандық комитетінің

төрағасы О.А. Шкапский, Мұстафа Шоқай, Санжар Асфендияровтар болды. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейінгі Уақытша өкіметтің Шыңжанды паналаған қазақтарды қайтару шараларының нәтижесінде 1917 ж. соңына қарай 160 мыңдай қазақ Қазақстанға репатриацияланды. 1918 ж. 25 қаңтардағы Қашқардағы Ресей консулдығының Жетісу облыстық комиссарына берген мәлімдемесінде Қытайдағы қазақтардың жай-күйі, толық болмағанымен саны жайлы, қазақ-қырғыздарды қайтаруға байланысты хабарнамалар беріледі.

1917-1918 жж. Түркістан Республикасындағы және 1921-1922 жж. Қазақстандағы ашаршылықтардан соң қазақтар шағын топтармен Қытай шекарасынан Құлжа, Тарбағатай таулары мен Іле өлкесі маңайында малдарын айдап өтіп, көбісі Шыңжаңдық Алтай мен Іле өлкесінде қалды.

Кеңес дәуірінде қазақтардың туған отанына қайта оралуы екі толқынмен жүрді: біріншісі - XX ғ. 20-40 жылдары елге оралғандар, ал, 50-60 жылдары ата жұртқа оралудың екінші толқыны орын алды

Қазақ зиялылары 1929-1933 жж. ашаршылықтан босқан қазақтарды қайтару шараларына ерекше мүдделілік танытты. Исаевтың арнайы комиссиясы 1932 ж. 25 сәуірде көшіп кеткендерді қайта қайтарып, орналастыру ісімен айналысты. 1932 ж. 31 наурызда Өлкелік партия комитетінің бюросы өзінің №97 хаттамасымен «Қоныстарынан ауа көшкен кедейлер, орташалар қожалықтарын қайтаруды және Қазақстанның өз ішінде орналастыруды ұйымдастыру туралы» арнайы қаулы қабылдап, сол жылдың 27 сәуірінде Қазақ АКСР ХКК көшіп кеткен шаруашылықтарды қайта қайтару және оларды орналастыру жөніндегі жоспарын бекітті. Кітапта 1929-1933 жж. ашаршылық кезінде республикадан өзге жерге кеткен көші-қоншылардың (откочевники) кері қайтуын реттеу және ұйымдастыру үшін Қазақ АКСР ХКК-нің №320/12 қаулысымен 1933 ж. 17 сәуірінде Қазақ АКСР ХКК жанынан арнайы комиссияның қызметі баяндалады [7].

XX ғасырдағы ата жұртқа оралудың үшінші, ал кеңестік дәуірдегі екінші ірі толқыны 1950-1960 жылдары жүзеге асты.

Екі ел арасында кеңес азаматтарын қайтару туралы арнайы келісім болған жоқ. Бірақ, 1954 ж. КСРО мен Қытай арасындағы қарым-қатынас туралы жасалынған 10 жылдық келісім-шарт «кеңес азаматтарының» КСРО-ға қайтуына жол ашты. Сонымен бірге, КСРО Министрлер кеңесі 1954 ж. 16 сәуірде № 751-329 ерекше құпия жарлығы бойынша маусым-тамыз айларында Қытай Халық Республикасындағы «кеңес азаматтарын» тың жерлерді игеруге көшіру туралы, 1955 ж. 17 қыркүйекте №1701 «Шекарадан тыс жерлердегі кеңес азаматтарын репатриациялау және оларды КСРО-да еңбекпен қамту» туралы қаулы қабылдайды. Осы қаулылар негізінде Қытайдың Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданы мен т.б. аудандарынан қазақ, ұйғыр, дүнген, орыстар қайта оралады [8:268].

1955 ж. Қытайдан қоныс аударған репатрианттар ресми құжаттарда «кеңес азаматтары» деп аталды. «Кеңес азаматтары» деп аталу тарихына келейік. 1930-жж. Қытайдағы кеңес консулдықтарының жанынан құрылған Үрімші, Құлжа, Шәуешек, Алтай және Қашқарда орналасқан «Кеңес мұғаджарлар қоғамының» өкілдері мен олардың сенімді агенттері 1945 ж. қаңтарда Шығыс Түркістан ислам жұмхұрияты (республикасы) құрылғаннан соң, Кеңес Одағына қайтамын деген адамдарға кеңес азаматтарының паспортын үлестіреді. Олардың арасында 1916-1933 жж. арасында Қазақстаннан қашқан қазақ, ұйғыр, дүнген, өзбек, орыс және т.б. ұлт өкілдері болды. Кезінде «кеңестік тазалау», «бай-қулактарды тазалау» деген желеумен жүрген кеңестік саясаттың салдарынан қуғыншылыққа ұшырап, шекара асқан қазақтар ғана емес, басқа ұлт өкілдерінің де 1950-жж. қайта оралуға мүмкіндігі туды. Олардың шекарадан өткендігі туралы белгісі бар-жоқтығына қарамастан, тууы туралы куәлігін алып кеткендерді сол құжат негізінде, ал, құжаты жоқтарды тілегі бойынша «кеңес азаматы» деген тізімге тіркеді. Сонымен бірге, КСРО-дан бармағанымен КСРО-ға, Қазақстанға кетемін дегендерге де мөрі басылған Кеңес Одағы азаматының паспортын берген. Тіпті, паспорттарды қоржынға салып жүріп, кез-келген жерде үгітке ерген адамдарға үлестіріп, «кеңес азаматы» ретінде тізімге алған оқиғалар да кездескен. Осылайша, Қытай жерінде «кеңес азаматтары» деген контингент пайда болды. 1954 ж. КСРО мен Қытай арасында жасалынған 10 жылдық келісім-шарт «кеңес азаматтарының» КСРО-ға қайтуына жол ашты. Олар заңды түрде 1955 ж. жаппай Қазақстанға қайта бастады. Кітапта «кеңес азаматтарының» оралуы, орналасуы, бейімделуі, қиындықтары мен тәжірбиесі қарастырылды.

Тарихи әдебиеттерде 1950-1960-жж. Қытайдан қайта оралған қазақтардың саны туралы мәліметтер әр түрлі. Репатрианттардың саны туралы қазақстандық, шетелдік тарихшылардың пікірлері де әр басқа. Сондықтан, бұл мәселеге орай қазақстандық пікір айтылды: 1954-1963 жж. Қытайдан 268371 репатриант қайта оралды, олардың, 1849 отбасысы (8984 адам) басқа республикаға жіберілді Қазақстанға барлығы 259, 4 мың репатриант келді деп есептейміз [9].

Төртіншіден, «Тәуелсіз Қазақстан: этникалық қазақтардың отанға оралуы» атты бөлімде тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда бұрын болмаған жаңа доминанттар: босқындар, шетелдік жұмысшылар,

еңбек көші-қоны, сондай-ақ, шетелден келген оралмандар пайда болғандығы қарастырылады. Соның ішінде XX ғ. соңғы онжылдығынан, Қазақстанның тәуелсіз мемлекетке айналуынан кейін қазақтар елге қайта орала бастады. Бұл Елбасының бастауымен мемлекеттік маңыз берген әділетті шара. Осы бөлімнің «Көші-қон саясаты мен оның құқықтық-нормативтік негіздері» тарауы бойынша «Көші-қон саясатының мәні мен басымдықтары» параграфы даярланды. 1991-2012 жж. мемлекеттің көші-қон үрдісінің заңды негізде реттеуге бағытталған нормативтік-құқықтық актілерге сүйене отырып саралайтын болсақ, оның алғашқы кезеңін 1991-1997 жылдар аралығы қамтиды; екінші кезеңі 1997-2007 жж.; үшінші кезеңі 2007 жылдан қазіргі кезеңге дейін деп бөліп қарастыруға болады.

Дегенмен қоғамдағы өзгерістерге орай, нормативтік-құқықтық актілердің осал тұстары да байқалып жатты, атап айтқанда: мемлекеттік миграциялық саясаттың негізгі бағыттарының механизмі мен орындалу барысы ашық көрсетілмеді; көшіп келуші этникалық қазақтарға белгіленген қажетті құжаттар тізбесін жинақтау бірқатар қиындық туғызды; миграциялық заңдарға түсіндірменің болмауы және жергілікті атқарушы органдардың оларды қолдануда қателіктерге жол беру жайттары тәжірибеде көрініс тапты.

Бесіншіден, қазақ деген ұлт шаруашылық, ахуал тұрмыс, жан дүниесі басқаға ұқсай бермейтін өзіндік ерекшелігі бар этнос бірлігі деп тұжырымдалды. Қазаққа әрқашан, қайда жүрседе ерекше бір сипат беріп, оны көптеген ұлт елдерінен оқшаулап тұрған және ұлттық ахуал тұрмысынан жан дүниесінің ерекшеліктерінің қалыптасуына тұлға болып келген ұлы күш- көшпенді мал шаруашылығы.

Ұлттықтың негізгі белгісі - ұлттың рухани өмірі. Шетелдердегі диаспоралар, бөгде ұлт арасында өмір сүріп отырған этностардың аш жалаңаштықтан тозғындап жүргені көрінбейді. Тозғындаған тобы тек ғана рухани өмірінде азып-тозып отыр. Ұлттың рухани өмірінің негізгі тірегі оның дінімен тілі, өнер мәдениетімен салт дәстүрі. Рухына сызат түссе ұлттың ұлт жүзінде әлсірей бастағаны сол. Мұндай тағдырды Кеңес империясы тұсында ата жұрттағы дүйім қазақ басынан кешірді. Бірақ бүгінгі дербес Қазақстан үшін ол қауіптің алды алынды, қазақ өз шаңырағы, өз рухына өзі ие бола бастады. Ресей, Қытай, Моңғолия және басқадай елдерде өмір сүріп жатқан қазақтар үшін бұл қауіптің бұлты қалындай түспесе еш сейілген жоқ [10].

Алтыншыдан, қазақ диаспорасының кезек күттірмес мәселелері анықталды. Мысалы, Моңғолиядағы қазақтардың рухани жағдайына келсек ойландыратын мәселелер көп-ақ. Әрине қанша дегенмен Баян-өлгийде қазақы рухани орта бар. Бірақ 30 мыңға жуық қазақ Баян-өлгийден тысқары моңғолдық ортада өмір сүріп отыр. Сөйте тұра Қобда аймағындағы қазақ тілінде білім беретін екі орта мектептен өзге қазақша білім беретін ешбір оқу орыны жоқ.

Орталық Моңғолдағы қазақтар қазақ өнері, қазақ баспасөзінен тіптен тысқары жатыр. Қазақстан теле, радио хабарын былай қойғанда Баян-өлгийде қазақ тілінде күніне 1 сағат уақыт эфирге шығатын радио хабарды тыңдауға техникалық мүмкіндігі жоқ. Қазақстан баспасөзі, қазақ тіліндегі кітаптар жете бермейді. Ол үшін Моңғолия үкіметін кіналауға болмайды. Өйткені бүгінгі Моңғолияда 30 мың қазақты қойып, теледидарды моңғол тілінде ауылға жеткізуге экономикалық мүмкіндігі жоқ. Моңғолия инфра-структура жағынан бүгінгі өмірде бірден бір артта қалған елдердің бірі.

Енді Моңғолиядағы қазақтардың тіл жайына келейік. Моңғолияның жағрафиялық, экономикалық, адам ресурсы және басқадай жағдайларына байланысты онда қазақ тілінің моңғолға бейімдеу процесі біршама баяу жүріліп келді.

Бірақ Моңғолиядағы қазақтардың тілі ғылыми-техникалық және саяси реформациядан өткен жоқ. Сондықтан ата жұрттағы немесе қазақтың қара шаңырағындағы іргелі қазақ тілімен салыстырғанда тілдік қоры аз, сөйлем құру, айтылым (говор) жағынан белгілі ерекшеліктері бар және жергілікті іргелі әдеби тіл қалыптаспағанын ашып айтқан жөн. Бүгін бұл жайды ашықтан ашық мойындап ізденіс, талпыныс жасамаса қара шаңырақта қазақ тілінің аруағы артқан сайын шет елдердегі қазақтардың тілімен мәдениеті сүреңсіздікке ұшырауы мүмкін деп ескертеді ғалым [11].

Жетіншіден, қазіргі кезеңдегі қазақтардың репатриациясы оралмандардың қайта оралуы, бейімделуі, орналасуы мен қоғамдық еңбекке тартылуы, олардың құқықтық мәртебесінің анықталуы мен сол мәртебеге ие болуы мен оны пайдалануында кездесетін ақаулар бұл процесті жүзеге асыру тетіктерінің әлі де толық шешілмегендігінен хабар береді деп қорытамыз. Мысалы, шетелде жүрген қандастарымыздың елге оралуымен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанынан құрылған Көші-қон комитеті мен ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде құрылған дәл осындай департамент айналысады. Бірақ, қазіргі таңда шетелдегі отандастар мәселесі аталған екі министрліктегі қос комитеттің нақты қайсысының құзырында екені белгісіз.

Сегізіншіден, Қазақстан шет елдердегі қазақтар тұратын аймақтармен экономикалық, әлеуметтік, инвестициялық, мәдени тікелей байланысқа шығуы керек. Шетелдік қазақтар Қазақстанмен жан-

жақты мәдени байланысты қалыпқа келтіруді қалайды. Қазақстанның газет баспалары, оқу құралдары, басқадай кітаптар қазақ тұратын аймақтарда еркін айналымға түсуі керек. Бұл мүмкіндікті заңдастыру қажеттілігі анық. Шет елдердегі қазақ жастарын оқытуға бейімделген университет, институт ашу, діни және басқадай рухани орталықтардың ара байланысын нығайту қажет.

Дүние өркениетінің үлкен бір құбылысы, тіл мәдениетінің айнымас бөлегі - қазақ мәдениетін, қазақтардың тағдырын әркімнің өз басына тапсырып тастауға біздің қажымыз жоқ. Әр жерде жүрген қазақтар өз басын және тілін, мәдениетін қорғай білу, ал ата жұртымыз мұндағы Қазақ үкіметі дүниедегі қазақтың қорғаушысы, қамқоршысы бола білсе сонда ғана біз «Қазақ» деген құбылыстың мәңгі жасауына мүмкіндік тудыра аламыз» деп есептейді ғалымдар.

Көптомдық бойынша жұмыс жалғасуда. Тақырыпқа қатысты тарих ғылымында жинақталған білім негізінде Қазақстандағы негізгі титулды ұлт қазақтардың дамуындағы келесі, *негізгі тұжырымның* бірі - кеңес дәуірінде өз туған жерінде азшылыққа айналған қазақ ұлты тек тәуелсіздік жағдайында басым көпшілікке айналды: 2009 ж. Ұлттық санақта 10 миллионнан асып, республика халқының құрамындағы үлесі 63,1%-ға жетсе, 2013 ж. 1 сәуірдегі мәлімет бойынша 11058 мың деп есептелініп, үлесі 65,2% болды [12].

Қазақстан Республикасы халқының 2013 ж. 1 сәуірдегі нақтыланған саны 16967 мың адам болды. Халықтың этностық құрамы төмендегідей: қазақтар 11058 мың (65,2%), орыстар 3698 мың (21,8%), өзбектер 511 мың (3%), украиндер 306 мың (1,8%), ұйғырлар 243 мың (1,4%), татарлар 203 мың (1,2%), немістер 182 мың (1,1%) және басқа ұлт өкілдері 766 мың (4,5%) адам [13]

Қорыта айтқанда, қазақтың өсіп-өнуінің басты қайнар көзі: табиғи өсім мен шетелдердегі қазақ диаспорасы. Тәуелсіздік жылдары 1 миллионнан аса отандастарымыздың Қазақстанға қайта оралғаны ұлтымыздың санын көбейтуге қосылған үлес болса, сырттағы қазақ егемен елдің төл ұлтын көбейте беретін ірі қайнар бұлақ болып қала бермек. Шетелдегі қазақ диаспорасы мен Қазақстандағы қазақтар біртұтас қазақ ұлтының негізі мен болашағы.

Әдебиеттер

1. Мұқаметханұлы Н. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ-қытай байланыстары. – Алматы: Санат, 1996. – 126 б.
2. Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920). – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2000. – 336 б.
3. Зардыхан Қинаятұлы. Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2001. – 320 б.
4. Зардыхан Қинаятұлы. Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2007. 2- кітап. – 256 б.
5. Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность. – Алматы: Атажұрт. - 2006.
6. Қалшабаева Б.Қ. Орталық Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық зертеу). – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 406 б.
7. Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы XX ғ. басындағы ашаршылықтар жайлы // Отан тарихы. - №4. - 2012. - 67-73-б.
8. Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы көші-қон үрдестерінің тарихи демографиялық қыры. – Алматы, 2011. – 416 б.
9. Құдайбергенова А.И. Шетел қазақтарының кеңестік дәуірде атамекенге оралу тарихынан // Қазақстан және шетелдегі қазақтар: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғыл.-практ. конф. «Этникалық қазақтардың репатриациясы Қазақстан мемлекеті көші-қон саясатының құрамдас бөлігі ретінде: жетістіктері, мәселелері және оларды шешу жолдары» материалдары. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы «Атажұрт» баспа орталығы, 2012. – 215-220 бб.
10. Қинаятұлы З. Көзқарас: ұлт, тарих және адамдар тағдыры жайында. – Павлодар: Brant print, 2010. – 60 б.
11. Қинаятұлы З. 17 кітапқа даярланған мәтіннен алынды.
12. Kazakhstan Today Ақпараттық агенттігінің материалдарына авторлық құқық. <http://kt.kz/?lang=kaz&uin=1133436215&chapter=1153572196>
13. Сонда

ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ СТАНОВЛЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ИСТОРИЧЕСКОГО РЕГИОНОВЕДЕНИЯ (ИСТОРИИ РЕГИОНОВ)

Историческое регионоведение, как направление исторического исследования возникло сравнительно недавно, на волне преобразований последних десятилетий. В XX в. региональным делением мира занималась история, география и ряд других дисциплин. В первой половине XX в. институт стран Азии и Африки (ИСАА) МГУ пытался в практике своей педагогической деятельности уже использовать региональный подход при исследовании культур и стран, т.е. не только комплексно изучать регионы, не деля их на базис и надстройку, но и исследовать искусства, экономики и все остальные составляющие рассматриваемых обществ в совокупности, пытаясь вычленивать некие доминантные элементы, которые (вне зависимости от этнического и религиозного факторов) определяли лицо данной цивилизации, влияя и на искусство, и на экономику, и на идеологию, и на религию, откуда бы они ни проникли. Начало исторического регионоведения, как учебной дисциплины и направления исследования уходит корнями в середину 1990-х годов.

Главным привлекательным моментом для гуманитарных наук начала XXI в. в региональном подходе стало то, что в эпоху тотального наступления глобализации на культуры всех стран и народов он позволял адекватно оценить реакцию различных обществ на это явление, вычленивать те ценности, которые самобытные культуры инстинктивно, несмотря на сознательно позитивное отношение к указанным процессам, пытались отстоять, и, наконец, понять те странные метаморфозы идей глобализации, которые под воздействием региональных культур принимали вид и формы, не соответствовавшие первоначальному замыслу, а, скорее, базировавшиеся на принципах, которые столетиями жили в данных регионах.

Историческое регионоведение направлено на комплексное изучение соответствующего региона, группы стран или страны: их населения, истории, географии, этнографии, экономики и политики, науки и культуры, религии, языка и литературы, традиций и ценностей. Историческое регионоведение осуществляется в виде разработки научно обоснованных практических рекомендаций по соответствующим вопросам деятельности государственных органов, участвующих в проведении региональной и внешней политики, различных научных, образовательных, информационных и культурных обменов, в реализации торгово-экономического сотрудничества, современных двусторонних и многосторонних коммуникационных связей, а также решения глобальных экологических проблем.

В целом понятие «историческое регионоведение» предполагает изучение народа или народов, заселяющих определенную территорию и имеющих общие культурные доминанты в историческом пространстве, понимание особенностей их развития и существования в мировом процессе.

Историческое регионоведение включает в себя исследование основных этапов историко-культурного развития государства. Выполняет анализ современной ситуации и показывает умение прогнозировать возможные пути развития региона, изучает его прошлое, настоящее и будущее регионоведения [1, эл. ресурс].

Так на современном этапе развития исторического регионоведения отмечается выход проводимых исследований на глобальный уровень. Этому способствуют процессы гуманитаризации и экологизации научного знания, а также участие в исторических исследованиях специалистов различных научных направлений, что оказало значительное влияние на расширение методической и информационной базы исторического регионоведения [2, с. 63-67].

Формирование современных баз данных для историко-регионоведческой науки происходит посредством включения результатов исследований целого комплекса научных дисциплин. Все большее число специалистов разных профилей в мире осуществляют исследования в сфере исторического регионоведения, что обуславливает необходимость координации их деятельности.

В настоящее время существуют следующие глобальные проблемы исторического регионоведения:

- История региона в контексте всемирно-исторического процесса: история освоения и формирования региона, его роль во всемирной истории;

- Этнический состав населения и особенности религиозной жизни региона;
- Государственное и территориальное устройство: место региона в административно-территориальном делении целой общности;
- Система органов территориального управления, характер взаимоотношений региона и центра (вертикальные отношения, роль центра в развитии региона);
- Социально-экономическая система в регионе - тип и принципиальные черты хозяйства;
- Экономико-географическое состояние региона, характеризуется территориальным размещением производства, соотношением «основных хозяйственных узлов» и «периферии региона», наличием приоритетных отраслей, определяющих специализацию региона;
- Ландшафт и климат в истории освоения регионов (для актуализации оценки природных рисков и стихийных природных процессов на основе историко-региональных материалов);
- Историческое регионоведение: региональные уровни исследования;
- Историческое регионоведение и проблемы использования социально-экономического и культурно-рекреационного потенциала регионов;
- Региональные и геополитические проблемы приграничных регионов;
- Международное сотрудничество и координация историко-региональных исследований в целях оптимизации развития региона;
- Трансформация предметного поля и дисциплинарного статуса исторического регионоведения, в частности, «культурным поворотом» в историко-региональных знаниях;
- Историческое регионоведение в кругу вспомогательных наук истории;
- Историческое регионоведение: исследовательские практики;
- Новая локальная история. Пространство города;
- Регионоведческая локализация исторических событий;
- Проблемы расселения и хозяйственного освоения территорий, история коммуникаций;
- Историко - регионоведческие исследования для туризма;
- Роль регионоведческого фактора в исторических событиях;
- Историко-регионоведческое картографирование и геоинформационные системы [3, эл. ресурс].

Существенное место в исследованиях мировой истории XXI века традиционно занимают проблемы локальной истории – одного из актуальных проблемных полей современного исторического знания, в том числе и по вопросам урбанистики и сельской истории. В тесной связи с этой проблематикой находятся исследования, в которых реализуются микроисторические подходы в историко - регионоведческих исследованиях [4, с. 244-247].

На сегодня историческое регионоведение испытывает широкий круг проблем, которые касаются практически всех регионоведческих аспектов развития человеческого общества и изучения исторических закономерностей в их пространственной форме – таких, как влияние природной среды на пространственное разнообразие исторического процесса, политические аспекты региональных границ, миграции, переселения, завоевания, история коммуникаций, инфраструктуры и т.д. [5, с. 168].

Материальная и духовная культура, основы которой едины для населения определенного региона, во многом определяет жизнь человечества в этом регионе, его взаимоотношения с природной средой. В свою очередь, природа является одним из факторов складывания той или иной модели материальной и духовной культуры. Ареал языка, влияние пространства на складывание языка, диалектов и духовной культуры также трудноотделимы от исторического регионоведения. Историческое регионоведение связывается с пониманием креативности пространства в контексте социального и культурного ландшафта.

Исследование генезиса казахстанской государственности и независимости наряду с рядом других актуальных проблем истории Казахстана потребовало пристального внимания исследователей к развитию исторического регионоведения. Независимость и суверенность Казахстана оказала существенное влияние на интерпретацию прошлого, и в настоящее время историческая наука уделяет большое внимание этнографическим проблемам. Исследователям – этнографам, наверное, следует смелее обращаться к междисциплинарности, и более активно применять методы исторического регионоведения. Историческое регионоведение должно играть важную мировоззренческую, теоретическую и практическую роль при этнографических экспертизах.

С конца XX в., стали меняться научные приоритеты в исторической науке в Казахстане. Концепты места, региона, ландшафта, пейзажа стали вызывать всё больший интерес в истории, этнографии, в исследованиях, касающихся национально-освободительных движений и т.д., чем изучение событий как таковых. Там, где историки и антропологи изучали некогда индивидуальных личностей исторического

процесса, теперь наблюдается стремление исследовать их пространство. Пространство не существуют помимо человеческой культуры - оно изобретено человеком, который строил пространственную идентичность для определенного регионального места проживания, традиций и культуры. Данная проблематика не нова в Казахстане и рассматривается в ряде исторических исследований, например в монографическом исследовании «Кочевая цивилизация казахов: основа жизнедеятельности кочевнического общества» / составители Л.Е. Масанов, И.В. Ерофеева (2011 г.) [6, с. 740с.] и т.д.

С началом XXI в. кардинально меняется техническое и социокультурное пространство. В этой связи актуализировались исследования в проблемных полях новой локальной истории и интеллектуальной истории. Их сочетание дает новые импульсы и новые возможности для развития истории и исторического регионоведения в Казахстане. Развитие историко-регионоведческой проблематики в Казахстане в координации с новой локальной историей будет способствовать оценке и прогнозу взаимодействия человека с окружающей средой, как на региональном, так и на глобальном уровнях. Историческое регионоведение основное внимание уделяет событиям, которые происходят в конкретном времени и регионе. Пространство для исторического регионоведения существует объективно, то есть независимо от человека и исторических процессов. Оно выступает только рамкой, в которой свершаются события, пространство представляет собой ландшафт, в котором вершится история. Отказ гуманитариев от определенных стереотипов в отношении пространства, его восприятию, привел к кардинальному изменению роли пространства в историческом процессе. Пространство не является простой материальной данностью, оно - продукт человеческого сознания, оно является результатом определенных интеллектуальных построений. Это заявление является принципиальным изменением парадигмы в исследовании пространства. Такой методологический поворот обозначил изменение проблемного поля истории, и исторического регионоведения, выдвинув на ведущие позиции исследование пространства, что привело к появлению новых исследовательских вопросов, дисциплинарных подходов, в частности – расширения предметной области самого исторического регионоведения.

В настоящее время перспективным направлением развития исторического регионоведения может стать её взаимодействие и связь с ономастикой, и особенно топонимикой, как источнику историко-региональной информации.

Следующим перспективным направлением развития исторического регионоведения Казахстана может стать разработка региональных историко - географических краеведческих энциклопедий и справочников. Вместе с тем, анализ структуры и содержания современных краеведческих энциклопедий и справочников позволяет сделать вывод о необходимости серьезных методологических разработок в этом направлении, поскольку уровень систематизации, полнота и достоверность представленной в них информации оставляет желать лучшего.

Например, в настоящее время Россией подготовлена новая концепция историко-географических справочников, с учетом имеющихся энциклопедий и справочников, прежде всего дореволюционных, а также имеющегося современного опыта

Так для исследования населенных пунктов, в основу положены следующие принципы и методологические подходы:

- Принцип полноты, обеспечивающий охват всех населенных пунктов, существовавших на исследуемой территории и упоминавшихся в источниках;

- Принцип комплексной характеристики региональных объектов. В качестве единицы информационного массива выступает структурированное описание конкретного населенного пункта (города, села, поселка, станции и т.д.), которое содержит информацию, достаточную для комплексного восприятия исторических, региональных, социально-демографических, экономических, историко-культурных аспектов его возникновения и развития, роли в локальной и региональной системе расселения и административного деления и функций;

- Принцип системности является базовым и реализуется на всех уровнях проектирования системы, обеспечивая необходимую степень организации массива информации (записей), их взаимосвязь и логику поиска информации;

- Принцип интеграции информационных технологий, направленный на создание поливариантного информационного продукта, который может быть реализован как на традиционных, так и на электронных носителях;

- Принцип визуализации пространственной структуры расселения предполагает создание пространственной модели поселенческой сети региона в форме растровых и электронных карт, позволяющих визуализировать структуру локальных и региональных систем населенных мест.

Таким образом, концепция региональных историко - географических краеведческих энциклопедий

и справочников опирается в основном на технологии проектирования информационных систем с соблюдением базовых принципов, обеспечивающих достоверность и полноту информации о населенных пунктах.

В настоящее время в Казахстане методика историко - регионоведческих исследований совершенствуется за счёт привлечения методов из смежных с историей и географией наук — экологии, картографии, геоинформатики и исторической информатики, исследователь - С.А Жакишева. и т.д. [7, с.336].

Историческое регионоведение – как вспомогательная дисциплина исторических знаний в Казахстане находится на этапе становления и развития. Имеется лишь незначительный опыт применения и использования историко - регионоведческих исследований в суверенном Казахстане. Сказывает недостаток специалистов «Регионоведов». МОН РК стремится ликвидировать данный недостаток в науке и экономике независимого государства. Поэтому в ряде Вузов республики Казахстан открыта подготовка специалистов «регионоведов», так в 2012 г. в Международной академии бизнеса (г. Алматы) была открыта специальность 5В050505 «Регионоведение» - бакалавриат. В настоящее время преподавательский состав: к.п.н., доцент Шахгулари В.В. [8, с.151] – по дисциплине «Критическое мышление»; к.и.н., доцент Осолков В.С. [9, с.200]–по дисциплине «История стран Центральной Азии»; д.и.н., доцент Ксенжик Г.Н [10, с.339]по дисциплине «Историческая география» готовят программы обучения, учебно-методический материал: рабочие программы, конспекты лекций, силябусы и разрабатывают методику обучения и т. д.

Перспективным новым направлением в исторической науке, а именно исторического регионоведения Казахстана может стать применение компьютерных технологий накопления, сохранения, оформления и использования историко-региональных данных различных источников в виде баз данных. Данные разработки, восполнили бы существенный пробел в казахстанской исторической науке и положили начало систематической разработке актуальных проблем исторического регионоведения и картографии Казахстана. Основной перспективной целью исследований по историческому регионоведению может, являться создание ряда карт и атласов, иллюстрирующих историю регионов Казахстана. Перед учеными Казахстана стоят большие задачи по усовершенствованию методик использования компьютерных методов обработки информации, освоения графических программ, необходимых для создания карт, и внедрения геоинформационные систем, объединяющие базы данные с цифровыми картами, и для этого в Казахстане имеются все необходимые условия. Хотелось бы обратить более пристальное внимание на перспективное направление использования современных технологий и картографического метода исследования исторического регионоведения и истории в целом. «Историческое регионоведение» по проблематике и методике изучения очень близка к вспомогательной дисциплине – «историческая география», где наиболее естественным средством представления исторического пространства является карта. Так в 60-70-е гг. XX века было временем большого интереса к исторической географии и карте, как инструменту познания исторических явлений. Отметим, что картографический метод не является методом только исторической географии, а в полной мере принадлежит историческому исследованию и историческому регионоведению. В 1974 г. в журнале «История СССР» была опубликована статья Б.Г. Галковича «К вопросу о применении картографического метода в исторических исследованиях». В этой статье автор определил те выделяемые в картографии направления использования карт, которые применимы к историческому исследованию: «Общее изучение по карте местности и всех изображенных на ней объектов и явлений с их свойствами и особенностями; привлечение картографических источников и материалов: в начале исторического поиска; изучение картографических источников: в оптимальном соотношении с текстовыми источниками, т.е. применение картографической методики в комбинации с традиционной методикой исторического исследования; выражение определенных результатов исследования в виде карты как наиболее компактной, емкой и конкретной формы записи; картометрические работы; переработка (преобразование) карт для получения производных картографических произведений специального назначения (учебного, научно-популярного, монографического)» [11, с. 134.].

С того момента, как в руках историка - регионоведа появился компьютер, картографический метод претерпел большие изменения. В настоящее время вышло значительное количество работ, позволяющих определить, в чем состоят эти изменения и что может добавить компьютерное картографирование к известному в исторической науке картографическому методу исследования. Картографический метод исследования, будучи междисциплинарным по своей сути, нашел определенное применение в исторической науке, однако карта рассматривалась историками обычно как средство визуализации, а не анализа. Относительно слабое применение картографического метода во многом объясняется его трудоемкостью. Между тем применение геоинформационных систем решает эту задачу в том смысле,

что, во-первых, один раз создав карту - основу, можно пользоваться ею для самых разнообразных исследований, во - вторых, располагая мощными средствами визуализации, геоинформационные системы позволяют не менее эффективно проводить анализ исторических явлений и процессов.

За последние 15-20 лет историческая информатика завоевывает все большее признание среди исследователей различных направлений, в том числе и регионоведов. В настоящее время трудно представить себе любое историческое региональное исследование без применения компьютерных технологий или хотя бы без использования элементов новой информационной культуры. Технологии использования баз данных, статистические методы, компьютерный анализ текстов давно и прочно вошли в арсенал историков. Получили широкое развитие и многогранное использование в научных исследованиях, управлении, прогнозировании и других сферах человеческой деятельности геоинформационные системы, предназначенные для обработки пространственных данных, основой интеграции которых служит географическая информация. На этой основе возникла соответствующая отрасль информатики – геоинформатика [12, с. 8.].

Геоинформационные системы являются на сегодняшний день тем инструментом, который позволяет навести новые мосты между историей, регионоведением, географией, картографией и информатикой, науками, не столь далекими друг от друга, как это может показаться на первый взгляд. Хотя интерес к историческому регионоведению, к дисциплине, цели и задачи которой понимаются специалистами разных дисциплин несколько по-разному. Применение геоинформационных систем способно в Казахстане, на наш взгляд, вдохнуть в историческое регионоведение и историю в целом новую жизнь. Объектом изучения исторической геоинформатики являются пространственные аспекты исторических явлений и процессов, а предметом исследования - особенности создания и анализа исторических данных через использование геоинформационных систем [13, с.121-130.].

К приоритетным направлениям для использования в историческом исследовании геоинформационных технологий можно отнести те, которые связаны с изучением исторических закономерностей в пространственной форме: движение населения (завоевания, переселения, миграции), национально-освободительные движения, динамика административно-территориальных делений, история инфраструктуры, населенные пункты, динамические изменения и т.п. Нетрудно заметить, что все они являются достаточно актуальными для изучения истории Казахстана и в том числе региональной истории Казахстана нового времени.

Таким образом, в отличие от западной исторической науки, где геоинформационные системы достаточно широко находят применения в исследованиях, в отечественной историографии можно назвать очень ограниченное число подобных работ. На это есть свои причины - использование геоинформационных систем весьма трудоемко, требует больших затрат времени и денег, на что указывают, кстати, и зарубежные исследователи, но, тем не менее, со временем все эти затраты окупаются.

Поэтому основная концепция развития исторического регионоведения в современный период должна опираться на современные технологии проектирования информационных систем с соблюдением базовых принципов, обеспечивающих достоверность и полноту информации об исследуемом историческом объекте.

Литература

1. Павловский А.В. Специальность «регионоведение» на факультете иностранных языков и регионоведения МГУ имени М.В. Ломоносова: итоги и перспективы (электронный ресурс) // http://regionalstudies.ru_publication/article/100...html/ (дата посещения сайта: 6.04.2013).
2. Пчелов Е.В. Вспомогательные исторические дисциплины в семиотическом контексте // Вспомогательные исторические дисциплины: классическое наследие и новые направления. Материалы XVIII научной конференции. Москва, 26-28 января 2006 г. - М: РГГУ, 2006. – 453 с.
3. Павловский И.В. Регионоведение в контексте общегуманитарного образования (электронный ресурс) // E-mail: igorpavlovskiyv@yandex.ru (дата посещения сайта: 6.04.2013).
4. Колесникова М.Е., Маловичко С.И. Источниковедение и вспомогательные исторические дисциплины в исследовательской практике новой локальной истории // Вспомогательные исторические дисциплины: классическое наследие и новые направления. Материалы XVIII научной конференции. Москва, 26-28 января 2006 г. - М: РГГУ., 2006. – 453 с.
5. XX-XXI века в истории России: актуальные проблемы: Сб. статей / Под общей ред. В.Б. Жиромской, С.Д. Морозова. - Пенза: РИО ПГСХА, 2010. - 168 с.
6. Кочевая цивилизация казахов: основа жизнедеятельности кочевнического общества / Составители Л.Е. Масанов, И.В. Ерофеева.-Алматы:Print-S, 2011.-740 с.

7. Жакишева С.А. Историческая информатика в Казахстане: теория, историография, методики и технологии. - Алматы: КазАТиСО, 2011. – 336 с.
8. Шахгулари В.В. Управление творческой деятельностью учащихся в современной школе. Монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 151 с.
9. Осколков В.С. Новая и новейшая история. Учебное пособие. - Алматы: Сан-Сан, 2007.- 200с.
10. Ксенжик Г.Н. Историческая география Степных областей Казахстана в XIX – начале XX вв.: Монография. ISBN 978-601-278-573-9. - Костанай: Шапагат, 2011. - 339 с.
11. Галкович Б.Г. К вопросу о применении картографического метода в исторических исследованиях // История СССР. – 1974. - №3. – 236с.
12. Цветков В.Я. Геоинформационные системы и технологии. - М: Финансы и статистика, 1998. – 290с.
13. Владимиров В.Н. Пространственный анализ и компьютерное картографирование в изучении социально-экономических процессов в Сибири XIX - начала XX в. // Материалы научных чтений памяти академика И.Д. Ковальченко. - М.:Мосгорархив, 1997. – 186 с.

ҚОЖА М.

т.ғ.д., Қ.А. Ясауи ат. ҚЖТУ

АБЫЛАЙ ТҰЛҒАСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Планетаның «2 мың ұлы тұлғасы» атты Харьков қаласында шыққан анықтамада қазақтың өткен тарихынан бір-ақ тарихи қайраткер енген, ол -Абылай хан (1, с.7). Еліміз егемендік алған соң Абылай хан туралы жазылған мақалалар, зерттеулер күрт өсті. 1993 ж. Абылай хан жөнінде алғаш республикалық ғылыми конференция өтті. XX ғ. аяғында атақты ғалым, антрополог О.Смағұлұлы басшылығымен Абылай хан қабірін зерттеу жұмыстары жүргізілді. 1999 ж. «Абылай хан» атты жазылған монографиямызда археологиялық-антропологиялық мәселелермен қатар біз «Абылай және қазақ тарихы» деген проблеманы сол кезде қолда бар материалдармен қарастырған болатынбыз (2). Кейінгі жылдары да О.Смағұлұлы бастаған зерттеушілер тобы Абылай ханның қабірі мен қайраткерлігіне қатысты ізденістер жүргізіп, жаңа материалдарға тап болды (3).

Олардың бір тобы Абылай хан туралы қазақ зиялыларының пікірі. Дана Абай Көкбай ақынды шақырып алып: «Абылай хан мен Кенесарының қазаққа істеген еңбектерін ұзақ әңгіме қылып айтып беріп, осыны өлең қыл ... Абылай да, Кенесары да қазақтың мақтан қылатын ерлері. Бұлардың еңбегі де айта қалғандай ұмытпастық еңбек» деп тапсырма берген екен (4, 40 б).

Абылайдай аса күрделі заманда өмір сүрген тарихи тұлғаны тану қазақ зиялылары үшін оңай болған жоқ. Белгілі әдебиеттанушы Б. Кенжебаевтың «Әдебиет белестері» кітабында көрсеткендей Абылайдың екі империя ортасындағы қазақ халқының дербестігі үшін күресін, айла тәсілін 1939 ж. «Әдебиет және искусство» журналының II санында сатқындыққа балаған кісілер де болған.

Кеңестік дәуірде тарихты зертеу коммунистік режимнің көзқарасына байланысты болды. Ал режим бірде ұлт үшін күрескендерді қолдағандай болса, көп жағдайда оларды терістеді. XX ғ. 40 жылдары пайда болған бір кеңшілікті пайдаланып қазақ зиялылары Абылайды тануға және танытуға әрекет етті. Т.Ахтановтың естелігіне қарасақ, С.Мұқанов 1941 ж. Алматыдағы Журналистика институтында Абылай жөнінде баяндама жасайды: «Баяндамасы Абылай хан туралы болды. Менің де Абылай хан жайлы алғаш мол мағлұмат алып, сол бір тарихи кезеңнің аз да болса, сырын ұққаным осы жолы болар. Сәбеңнің сондағы бір басып айтқан пікірі - Абылайдың қазақтың мемлекетін жасамақ болған әрекеті. Дәл бір есімде айнымай қалған сөзі: «Абылай қазақтың мемлекеттігін жасамақ болды. Орысша айтқанда, «государственность» (5, 312-315 бб.).

1943 ж. ғалым Бейсенбай Кенжебаевтың Абылайдың ерлігін, қолбасшылығын жазған кітапшасы басылғанын көпшілік біле бермейді. Осы кітаптың жалғыз данасы Құлбек Ергөбековтың кітапханасында сақталған. Аталған кітапта ханға мынадай баға беріледі: «өзінің де, өзгенің де күшін дұрыс бағалап, соған қарай өзінше саясат ұстауы, төңіректегі елдермен орынды қарым-қатынас жүргізуі арқасында Абылай қазақ халқының басын құрап, елдігін қайта орнатты». Мұнда алғаш рет қазақ ауыз әдебиеті нұсқалары мен сол кейбір орыс тарихшылары берген мәліметтер негізінде Абылайдың тарихи тұлғасы сипатталды (6). Аталған басылым шықпай жатып жойылғандықтан Абылай хан хақында зерттеу жүргізіп кітап жазуға ешкімнің батылы бармады.

Ғылым академиясы 1957 ж. Қазақ ССР тарихында «Абылай билеген кез халықтың есінде зорлық-зомбылық дәуірі болып қалды. Ұрпақтан-ұрпаққа көшіп отырған халық аңыздарына сай, қазақтың атақты ақыны Жамбыл Абылай туралы былай деп жырлаған:

Ханның бірі Абылай,
Аш бөрідей жалтақтап...
Қарсы болған кісінің
Қан жаудырған басына.

... Ол Сырдарияның Сайрам, Шымкент, Созақ және басқа қалалары үшін соғыс жүргізді. Осы соғыстардың үстінде бейбіт халық күйзеліске ұшырады, мыңдаған тұтқындар алынып, малдарын айдап әкетіп жатты» - деген айыптаулар тағылды.

Абылайдың кез келген қадамы терістелді. Жоңғарияны әлсіретіп Шығыс Қазақстандағы қазақтың байырғы жерлерін қайтару әрекеті былай бағаланды: «Аблай Жоңғарияның ішіндегі өзара тартысты ұшықтырмақшы еді, Жоңғарияны әлсіретіп, Ертістің бойындағы құнарлы жайылымдарға ие болып алмақшы еді, ал егер сәті келсе өзімен достас Давақи қонтайшаны таққа отырғызбақшы еді». Немесе осы 1957 ж. Қазақ ССР тарихында «Аблай әскерлері Орта жүздің жеріне басып кірген Цин үкіметінің билігін дереу мойындай қойды» - делінеді. Ал шындығында Абылай сан жағынан үстем, көп зеңбіректері бар қытай әсеріне қарсы өз сарбаздарымен соғысқан бірде бір қазақ билеушісі. Және осы соғыста қатты жарақат алғаны белгілі. Осылай кеңестік идеология Абылайдың тарихын қатты бұрмалап келді.

Қолда бар деректер негізінде Абылайдың қазақ тарихындағы атқарған рөлін анықтау үшін оның сол кездегі халқымыздың өміріне қосқан жаңалықтарына назар салу керек.

Абылайдың көп қырлы мемлекеттік және саяси қайракерлігі арқасында қазақтардың бұрынғы көршілер басып алған жерлері кері қайтарылып, қазіргі Қазақстан елінің тұтас геосаяси картасы қалыптасты. Басым көпшілік Абылайды Жоңғар хандығына қарсы күресте еркеше үлес қосқан тарихи тұлға ретінде таниды. Осымен қатар Абылай Чиң /Қытай/ империясының әскери-саяси экспансиясына қарсы төтеп берген бірден-бір қазақ билеушісі.

Абылайдың әскери қолбасшы және мемлекет қайраткері ретіндегі қырлары әлі де көп зерттеуді қажет етеді. Ол өз заманының көреген қолбасшысы бола білді. Әсіресе, оның сан жағынан басым Чиң әскерімен шайқастағы ерлігі, әскери тактикалық айла-тәсілдері әлі де жан-жақты толық қарастырылмаған. Жарияланған құжаттарға қарағанда, Чиң боғдыханы Абылайханмен соғысқан өз генералдарына қатты наразылық білдірген. 1756 жылы қазан айындағы жарлығында император: «Хадаха Абылаймен соғысқанда қуып жете алмады, қоян жүректік көрсетті, екі көзді тауыс қауырсынын тағуға рұқсат етпейміз» депті. Осыған орай 1757 жылы қазан айындағы Чиң императорының бір жарлығында былай делінген: « Олар (Дардаңа мен Хадаха – авт) қазақ жеріне баруын барса да, Әмірсананы ұстай алмады. Оның үстіне (олардың сылбырлығынан) қазақтың Абылайы да сытылып, құтылып кетті. Сол үшін екеуі (Дардаңа мен Хадаха) ауыр жазаға тартылуға тиіс... Мұның жайын казармадан келген жасауылдардан сұрағанымызда, олар: «Дардаңаның жорықшылары Әмірсананы қуа барып бір шақырымдай қалғанда, буынып-түйінуге де үлгермей абыржыған оның (Әмірсананың) әдейі жіберген адамы: «қазақтар Әмірсананы қазір-ақ ұстағалы отыр. Олардың ханы Абылай келісімен тарпа бас салмақ» – дейді. Сонымен Дардаңа дұшпанының қулығына алданып, қазақтардың тұтқындауын күтіп отыра береді. Қолын қаптатып тұтқындау былай тұрсын, жорықшыларына осы жорықты Чиң императоры қайта талқылап, бұл генералдың Абылай әскерімен болған соғыстағы қателіктері деп бағалап, жарақат алған Абылайды қолға түсіре алмағаны үшін Дардаңа мен Хадаханы қатардағы жауынгер етіп шендерінен төмендеткен.

Қазақ елінің мүддесін қорғау үшін 1774 жылы Абылай хан Солтүстік Қазақстандағы орыс басқыншылары салған бір топ қамалдарын қоршап, бұзуға барады. Бұл мысалдар Абылайдың екі империяның әскерлерімен болған шайқастарда осал тұлға болмағандығын көрсетсе керек.

Сан мен сапа жағынан жоғары тұрған шүршіттермен болған соғыста жарақат алып, осыған қарамастан кейін қытайлықтармен тұңғыш келіссөз жүргізіп дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан мемлекет қайраткері. Қытайлықтардың наразылығына қарамастан Чиң/империясы талқан еткен Жоңғар хандығының жерлеріне /оларды енді қытайлықтар біздіке деп санағанына қарамастан/ қазақтарға алып берді. Бұрын Қазақ хандығына қараған, кейін бөлініп кеткен оңтүстік аймаққа, олардың ішіндегі Ташкент пен басқа да қалашықтар жорық жасап оларға өз билігін жүргізді.

Абылай өз мүддесінен ел мүддесін жоғары қоя білген санаулы саясаткерлердің бірі екені тарихи құжаттарда көрініс табады. Мысалы, қытай елшілерімен кездесу үстінде Абылайға бәйбішесі хал үстінде жатқаны жөнінде деген хабарлар келгенде «8 айдың 25 күні біз Абылайдың бастауымен Атбасар маңындағы Есіл өзенінің бойынан аттандық. 9-айдың 7-күні біз Көксеңгір деп аталатын жерге жеткенде, Абылайдың үйінен екі мәрте адам жіберіліп, Абылайдың бәйбішесі «науқастан халі нашарлап қалды» деген хабарды жеткізді. Сонда Абылай «Отбасымның жағдайы соншалықты маңызды емес қой. Оның сыртында, мен үйімде болғанда да өлейін деп жатқан адамды тірілте алмаспын. Оған

қарағанда Боғда Ежен ханмен арадағы іс маңыздылау. Мен сіздерді ел шетіне дейін апарып тастағаннан кейін қайтармын» деді де, бізді бастап әрі қарай сапарды жалғастырды. Сонан кейін тағы да адам келіп Абылайдың үйіне қайтқызбақ болып кузады. Абылай бізбен ақылдасқанда бұрынғысынша әрі қарай жүре бермекші болып еді, біз ол кісіні тоқтатып, «сіз істің бәрін орны-орнына қойып болдыңыз ғой» қайта беріңіз дегенді білдіреді. Абылай қытай елшілеріне: «Ендеше сіздер «жол ортада бізді тастап кетті» деменіздер. Мұндай қиын жағдай болғандықтан мен де шарасыз болып тұрмын. Мен қайтып барғанда, (бәйбішем) бойында әлі жан бар болса, онда мен оны дәрігерге көрсетермін; ал егер мен қайтып барғанда ол әлдеқашан қайтыс болса, онда мен оны міндетті түрде үлкендеріміз жатқан Түркістан жеріне апарып жерлеймін» - деп қоштасқан.

Абылайдың Қазақ елі шаруашылығын дамытудағы жұмыстары. Абылайдың ел мүддесін, халықтың әл-ахуалын ойлағаны құжаттарда көрініс тапқан. 1758 жылы 19-мамырда жазылған мына құжаттан да байқалады: «Весьма усилился помянутый Абылай-салтан, ибо как слышно от бывших там здешних людей, что он в воинских случаях, по их киргизскому обыкновению, ни себя ниже иждивения своего не жалеет, и что где вербыч достанет, то ничего себе не оставляял, в народ раздает, и тем у них весьма властительным учинился» (астын сызған – авт).

Халықтың әл-ахуалын көтеру үшін Абылай сауда-саттыққа жол ашып, оған тікелей өзі басшылық етті.

Ханның сауда-саттықты дамытқаны туралы Шоқанның еңбегінде мынадай жазбалар бар: «Между тем сам Абылай имел свидание с Илийским цзян-цзунем (генерал-губернатором) около озера Сайрам-Куль и заключил с ним торговый договор, по которому открыты были в Тарбагатае (Чугучаке) и в Или (Кульдже) меновые базары». Абылай Ресей мен Қытай шекараларындағы қалалардың қазақтарға сауда үшін ашық болуына, жәрмеңкелер ұйымдастыруға көп үлес қосты. Абылай хан дәуірінде қазақтардың Қытаймен сауда-саттықтары айтарлықтай деңгейде болғандығын Чианлұң жылнамасы сарай жазбаларының көптеген архив бумаларынан көруге болады. Солардың бірінде 1757 жылдың желтоқсан айының 15-күні жазылған мәлімдемесінде былай делінген: «Біздің бұрынғы келіскен пікірімізше болса, қазақтармен Үрімжіде айырбас сауда жасауды біз бұрын Абылаймен ақылдасып бекіткенбіз... Келер жылы жәрмеңкеде жылқы саудасы ғана жасалады. Егер қазақтар түйе, сиыр, қой секілді түліктерді айдап әкеліп жатса, оны да алайық. Қонысымызға олар да қажет».

Абылай хан жылқының асыл тұқымын көбейтуге де назар аударған. Бұл туралы ол арнайы бұйрық шығарып, әр он үйден бір арғымақ айғыр, бір арғымақ бие жинатқан. Жиналған арғымақтарды хан өзге жылқылардан бөлек бағуға бұйырған. Бұл туралы мынадай жазбалар бар: «Когда дед Кенесары мудрый Абылай задумал идти на диких киргизов, он отдал приказ, чтобы каждая 10 кибиток доставили ему одного коня или кобылицу из породы арғымак. Приказание грозного хана было исполнено: поставился целый табун, прозванный «жемчужиной ханства», который содержался особо под самим строгим присмотром».

Жалпы халықтың жағдайы Абылайхан кезінде жақсарғаны туралы мәліметтер бар. Орта жүзде болған тау-кен инженері И.П. Шангиннің 1816 ж. жазбалары бойынша Абылай хан «тірі кезінде көне заңдылықтар қатаң бүге-шүгесіне дейін орындалды. Кез келген ұсақ-түйек қылмыс үшін жауапкер міндетті түрде жазаланды, қырғыздар (қазақтар) арасында барымта деген болмады. Халқының ең кедейінде 500, ауқаттысында 5 мыңнан 15 мыңға дейін төрт түлікті малы болды» (7, с. 85.). Мемлекеттік мүдде үшін Абылай алым-салық жинатқан қазақ билеушілерінің бірі.

Абылай қазақтардың егіншілікпен айналысуына басшылық етті. Есіл өзені бойында Абылайдың айтуымен егіншілік бастау алғаны жөнінде хабарлар бар (8, с.176). 1763 ж. шекарадағы орыс әкімшілігіне хат жазып егіншілікті білетін мамандар сұрап Петропавл қаласына таяу жерде егін екпекші болды (9, с.185). Орыс әкімшілігі тарапынан ешбір көмек болмаған соң өз адамдарымен егін еккені туралы деректер бар: «нынешнего лета он, Аблай-солтан, и просо сеел» (10, с.668). М. Бекчурин хабарлауынша 1780 ж. Ташкенттен алтыкүндік жерде тұрып егін еккен: «в шестидневной езде от города Ташкении ... и на том месте производит хлебопашество» (11, с.136 – 137). И.Г. Андреев жазбаларына қарағанда 1785-1790 жж. қазақтардың Есілдің жоғары ағысында егіншілікпен айналысуының басында Абылай хан тұрған - «положили еще при покойном Аблай-хане пахать землю» (12, с.111).

Абылай қазақ даласында бекініс-қалашықтар салғызды. Белгілі орыс тарихшысы А.Левшин Абылай «построил сыну султану Адилю по просьбе повиновавшихся ему киргиз-казаков Большой орды при речке Талаше дом, обнес оный валом, основал около него селение из каракалпаков, привыкший к хлебопашеству» (13, с. 25). Абылай салғызған екінші бір қала жөнінде генерал-майор Н. Г. Огарева в 1781 г. рапортында мынадай хабар бар: «Прочие ж его дети – Адиль, Урустям и Ток солтаны – остались по

здешнюю сторону города Туркестанта во вновь построенном им, Облаем, не в дальнем разстоянии городе Итнеенте» (11, с. 143). Абылайдың Көкшетаудағы жазғы ордасы да бекініс үлгісінде болса керек, себебі, қытай деректері бойынша «хан Кэштынде турады» деп хабарлайды. Шәді Абылайдың Созак қаласын қайта қалпына келтірудегі еңбегін атап өтеді.

Абылай шетелдіктермен қарым-қатынаста өз қандастарының мүддесін қорғады. Мысалы, 1769 жылы 6-желтоқсанда II Екатерина мен Орынбор губернаторы И. Рейнсдорпка жіберген хатында: «Чтобы ее падишахское величество всех нас считало равными – русских, казахов и прочие народы и коменданты ваших пограничных крепостей проявляли справедливости не было бы насилия и притеснения», – деп жазған. Абылай хан бейбіт жатқан қазақ ауылдарын шапқан орыс әскерлеріне тыйым салуды талап етіп отырды. Мысалы, Абылайдың 1758 жылы 8-қыркүйекте жазған хатында: «Капитан князь толмач Максют и Алексей Михайлович Сухарев, еже в жизни своей, прибыв из Омской крепости, деревню разорили и притом одинадцать человек убили, а сорок три человека ясырей живых захватили, двадцать восемь верблюдов, да тысячу пятьсот лошадей отогнали, тринадцати домов сокровища побрали...» деп, бір топ мысалдар келтіре келе: «...от россиян много досад претерпеваем», – дейді.

Абылайхан қазақ музыкасына да жаңалық қосқан. Музыка зерттеушісі А.Затаевичтың көрсетуінше, «Терісқақпай» күйін Абылай хан салтанатты шеруі кезінде ойнаған екен – «Как мне объяснили казахи, этот марш при торжественных выездах хана Средней Орды Абылая играли конные домбристы». (14, с.106, 479). Жорық кезінде жауынгерлер пайдалануға ыңғайландырған жылжымалы баспанасының түрін «абылайша» деп атауы, оның пайда болуын Абылай ханмен байланыстыратынын, Абылай ханжонғар тұтқынында жүріп қалмақ тілін үйренгенін ескерсек, ханның сегіз қырлы бір сырлы тарихи тұлға болғанын көреміз.

Қазіргі заманғы оқулықтарда (нақты айтсақ, 2010 ж. 5 сыныпқа арналған «Қазақстан тарихынан әңгімелер» атты мектеп және жоғары оқу орындарына арналған «Қазіргі Қазақстан тарихы» атты оқулық кітаптарында) Абылай 1711 жылы дүниеге келіп, 1781 жылы дүние салған деп көрсетіледі. Кейбір зерттеушілер Абылай 1713 жылы туылған деп санайды. Осы көрсетілген жылдардың қайсысы дұрыс? Ал планетаның «2 мың ұлы тұлғасы» атты Харьков қаласында шыққан анықтамада оның туған жылын көрсететін орын бос қалдырылған.

Тарих ғылымының сүйенері - тарихи дереккөздер, байырғы құжаттар. Қазірге дейін Абылай 1711 жылы туылды деп нақты көрсететін көнекөз құжат, жазба дерек табылған жоқ. Тарихшылар Абылайдың туылған жылын белгілеуде оның дүниеден өткен жылынан жасаған жасын шегерумен шығарады. Сондықтан біздің тақырыбымыз үшін оның қайтыс болған уақытын дәл анықтау маңызды. XIX ғасырдың орыстілді тарихи әдебиетінде Абылай 1781 жылы қайтыс болды делінеді. Бұған қазақтың атақты ханының қайтыс болғаны жөніндегі хабардың орыстарға 1781 жылы жеткені арқау болған.

Өткен ғасырдың үшінші ширегінде қазақ тарихына байланысты құнды деректер ғылыми айналымға енгізіле бастады. КСРО архивтеріндегі құжаттар «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары» атты екі томдық кітап болып шықты. Аталған басылымның екінші кітабында Абылай ханның қайтыс болуын хабарлайтын 1781 жылдың жазында Абылай ханның ұлы Уәлидің орыс патшасына жазған хаты және Ресейдің Сібір шебіндегі әскербасының бұл жағдай жөніндегі Сыртқы істер коллегиясына арналған рапорты жарияланды. Орыс қолбасшысы генерал-майор Н.Огаревтің 1781 жылы мамырда жазған құпия рапортында өзінің бұрын да Абылай ханның қайтыс болғаны жөнінде хабар бергенін тілге тиек ете отырып: «Қазір де оның баласы Уәли сұлтан хат жолдап ... әкесінің алпыс тоғызға қараған шағында, жорық үстінде ауырып, дүние салғанын хабарлады» - деп көрсетеді. Міне, осы құжаттар негізінде тарихшылар атақты ханның өлген жылын 1781 жыл деп санап келді. Тіпті 1982 жылы басылған Қазақ ССР тарихының 3 томында Абылай 1781 жылы майда Ташкентте 69 жасында қайтыс болды деп жазылды.

Алайда Ресей мұрағаттарындағы басқа да құжаттармен танысқан белгілі тарихшылар Р.С. Сүлейменов пен В.А. Моисеев орыс тілінде 1988 жылы басылған кітабында Абылай ханның 1781 жылы емес, 1780 жылы дүние салғанын көрсеткен болатын. Алайда бұл пікір кейбір тарихшылар тарапынан күдік туғызды. Солардың бірі 1994 жылы жазылған зерттеуінде төмендегідей пікір айтты: «Егер Абылай хан шынында 1780 жылы қайтыс болса, онда жыл бойы оны патша ағзамға хабарламағаны болады ғой. Әрине ол мүмкін емес». Осыдан барып қазіргі заманғы түрлі басылымдарда, зерттеулерде Абылай ханның қайтыс болған жылы екі түрлі үлгіде, бірде 1780 жыл, бірде 1781 жыл болып беріліп келеді.

Одан бері тарих ғылымы ілгерілеп дамып келеді. Зерттеушілердің тынымсыз ізденістері барысында қазақ тарихына қатысты деректер қоры XXI ғасырда толыға түсті. 2007 жылы белгілі ғалымдар т.ғ.к. И.В.Ерофеева мен Б.Жанаев Абылай ханның қайтыс болуына байланысты архив қойнауында жатқан

жаңа тарихи құжаттарды - Орынбор губерниялық кеңсесінің арнайы тексеру материалдарын ғылыми айналымға енгізді. Бұл құжаттарда Абылай ханның дүние салуы туралы көптеген тың мәліметтер бар.

Солардың бірінде, нақтырақ айтсақ, генерал-майор Н.Огарев Сыртқы істер коллегиясына 1781 жылы 22 сәуірде жазған рапортында «Абылай хан өткен күзде дүние салды және Түркістан қаласында жерленді» - деп көрсетеді. Орысшасы: «Облай-хан прошедшею осенью умер и похоронен в городке Туркестанте». Ресей архивінде сақталған, баспа бетінде жарияланған осы біртопа құжаттарға қарағанда ханның қайтыс болғаны туралы мәліметтер орыс әкімшілігіне 1781 жылдың ақпан айынан бастап келген. Наурыз айында түскен хабарларда Абылай ханды ташкенттіктер у беріп өлтірген деген мәліметтер де бар. Орысшасы: «... хан, находясь в Ташкении, умер, которого уверяют, ташкентцы окормили ядом». Бұл хабардың рас-өтірігін анықтау үшін қазақ даласына арнайы адамдар жіберілген. Солардың бірінде, дәлірек айтсақ, башқұрт старшинасы К. Казанбаевтан 1781 жылдың 17 тамызында жазып алынған мәліметте Абылайдың өткен күзде дүние салғаны тағы да айтылады. Орысшасын келтірсек, «Абылай-хан, находясь в болезни целый месяц, подлинно помер натуральной смертию и похоронен в городе Туркестанте прошедшей осенью».

Ал кейбір тарихшылардың хан өлімі туралы хабардың орыс әкімшілігіне кеш жетуінің себебі неде деген сауалдарына да жауап табылды. Аталған құжаттардың бірінде Абылайдың баласы Шыңғыс сұлтанның бұл жөнінде жазғы уақытқа белгіленген құрылтайға дейін орыстарға айтуға тыйым салынғаны жазылған: «Цынгис-солтан запрещает киргисцам о том российским людям объявлять до предбудущего их собрания в летнее время». Біздің оймызша, мұндай нұсқауды өлер алдында Абылай ханның өзі беріп кеткен. Басшының өлімі белгілі бір мақсат үшін жасырылатыны тарихтан белгілі. Мысалы, Шыңғыс ханның өзі өлімін жаулардан жасыруды тапсырғаны, Әмір Темір қайтыс болғанда да осы жағдайдың қайталануын тілге тиек етсек болады. Абылай хан да өзі дүниеден кеткен соң болар жағдайды ойлап тағына орыс әкімшілігі айтқанынан шықпайтын адам қоюға әрекет етеді деген болжам жасаса керек. Міне, Абылайдың қайтыс болғанын жасырудың нәтижесінде орыс әкімшілігі бұл жағдайдан хабарды кеш естіген. Сонымен архивтен алынған және ғылыми айналымға енген тарихи құжаттар Абылай ханның 1780 жылы күзде дүние салғанын айғақтап тұр.

Абылай қайтыс болған жылы анық белгілі болған соң ханның туған жылын да дәл анықтауға мүмкіншілік туады. Абылайдың туған жылын белгілеуде тарихшылар Абылай 1781 жылдың басында қайтыс болды деп санап, оның мұрагері Уәлидің әкесі 69 жаста қайтыс болды деген хабарын негізге ала отырып, 1780 жылдан 69 жылды шегеретін. Осыдан Абылай ханның туған жылы 1711 жыл деп көрсетіліп кеткен. Бұл бір қарағанда дұрыс сияқты.

Алайда, Абылай хан дүние саларда 69 жаста емес 70 жаста болды деп санауға бірнеше себеп бар. Біріншіден, Абылай ханның ұрпағы - Шәді төре бабасына арнап жазған жырында «Көп жылға Абылай ханның жасы жетті. Жетпістен деп айтады ілгері өтті» деген жолдар бар.

Екіншіден, Абылай хан қайтыс болған соң 50 жыл өтпей жатып тарихи зерттеу жазған белгілі тарихшы А.И. Левшиннің «на 70 году от рождения умер и похоронен в Туркестане» деп көрсетуі.

Үшіншіден, Үмбетай жыраудың «Бөгембай өлімін Абылай ханға естіртудегі» мына жолдар:

«Жиырма жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда».

Абылайдың жігіттік кезіндегі қалмақпен соғысы 1723-1730 жылдары болған. Р.С. Сүлейменов пен В.А. Моисеевтың көрсетуінше, бұл Қазақстанның күллі тарихындағы ең ауыр кезең: «Ойратское нашествие в 1723 г. и последующая борьба казахов с джунгарами, вплоть до 1729 г., были, вероятно, самым страшным временем в истории Казахстана». Шоқан Уәлихановтың көрсетуінше, Абылай осы соғыста жасап алғаш көзге түсті: «Міне, осылай екіұдай, үрейлі қанды-қасап кезінде ел назары Абылай сұлтанға ауады. Өйткені ол жорықтардың бәріне алғаш қатардағы жауынгер боп қатысып, соның өзінде қисапсыз ерлік көрсетіп, айрықша амал-айласымен көзге түскен еді. Өнегелі ақыл-кеңесі, сұңғыла зердесі арқасында ол бірден-ақ көреген, кеменгер деген атқа ие болды». Р.С. Сүлейменов пен В.А. Моисеевтер де Абылайдың осы соғыста алғаш аты шықты деп санайды.

Енді Абылай 1711 жылы дүниеге келген деп санасақ, онда оның 20 жасындағы ерлігі осы атакты қазақ-қалмақ соғысы шеңберінен шығып кетеді де 1731 жылға сай келеді. Бұл тарихи жағдайларға қайшы келеді. Себебі, 1730 жылы Жоңғария мен Қытай әскерлері арасында үлкен соғыс басталып, қалмақтардың негізгі әскерлері Цин бағытында әрекет етіп қазақтармен соғысуды тоқтатқан, қазақ пен қалмақ арасында 1730 жылдың сәуір-мамыр айларында бейбіт бітім жасалған. Тарихи құжаттарға сүйенсек, жоңғарлар қазақтарға қарсы тек 1732 жылы және 1735 жылы жаңа жорық ұйымдастырыпты. Бұлардың арасында көзге түсерліктей шайқастар болмаған.

Ал Абылай 1710 жылы туылған болса оның 20 жасы дәл 1730 жылға келеді. Ал бұл жылдың, яғни 1730

жылдың көктемінде қазақтар үлкен жеңіске жетіп, Аңырақай шайқасында қалмақтарды талқандайды. Сондықтан Үмбетай жыраудың айтқанын сол заманғы тарихи жағдайларға сәйкестендірсек, Абылайдың туған жылы 1710 жыл болып шығады.

Жоғарыда көрсетілген деректердегі мәліметтердің басым бөлігі Абылайдың туған жылы 1710 жыл екенін көрсетіп тұр. Жоғарыда айтылған тарихи жағдайларға байланысты Абылай 1711 жылы немересі 1713 жылы туылуы мүмкін емес! Ал Абылайдың ұлы Уәли не себепті 69 жаста қайтыс болды деп көрсеткен? Осы арада, біздің қазақтың ертеден күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан дәстүрі бойынша пайғамбар жасына жетпей қайтыс болғандарға бір жас қосылып, ал ол жастан асып кеткендерден 1 жас шегеріліп қойылатынын есте ұстау керек. Біздің пікірімізше, Пайғамбар жасынан асқан 70-тегі Абылайдың жасы 1 жас шегеріліп қойылғандықтан оның ұлы Уәли, сол қойылған жаспен орыстарға 69 жаста еді деп жазған.

Сонымен ғылыми айналымға енген жаңа және бұрыннан белгілі тарихи құжаттарды талдау, оларды бір-бірімен сәйкестендіру Абылай хан 1710 жылы туылып, 1780 жылы қайтыс болған деген тұжырым жасауға негіз береді.

Әдебиеттер

1. 2000 великих людей. Малая энциклопедия. Персоналий. Харьков, 2001.
2. Смағұлұлы О., Қожаев М., Оразаққызы А. Абылай хан. Тарихи-антропологиялық зерттеу. – Алматы: Атамұра, 1999.
3. Исмагулова А., Косанбаев С. Новые данные об Аблай хане // Материалы пленарного заседания международной научно-практической конференции «История цивилизации и духовной культуры кочевников» в 2 томах. – Павлодар, 2004. – С. 247-251.
4. Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлына 70 жас. - Тараз, 2001.
5. Тахауи Ахтанов. Жарқын бейне // Қәдімгі Сәбит Мұқанов. С.Мұқанов туралы естеліктер. - Алматы, 1984.
6. Кенжебаев Б. Абылай (қазақ халқының ерлік тарихынан). - Алматы, 1943.
7. Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа ХУІІІ-ХІХ вв. - Алматы, 2003.
8. Апполова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в ХVІІІ – начале ХІХ в. - Москва. 1960.
9. Семенюк Г.И., Земледелие казахов-кочевников в ХVІІІ – начале ХІХ в. // Материалы по истории сельского хозяйства и крестьянства СССР. - Москва. 1974.
10. Казахско-русские отношения в ХVІ- ХVІІІ веках. - Алма-Ата.1961.
11. История Казахстана в русских источниках. Т. 6. - Алматы, 2007.
12. Андреев И.Г. Описание Средней орды и киргиз-кайсаков. - Алматы. 1998.
13. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. - Алматы. 1996.
14. Затаевич А. 1000 песен казахского народа. - Москва, 1963.

ТУЛЕКОВА М.К.

т.ғ.д., профессор
Абай ат. ҚазҰПУ
(Алматы)

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ МИГРАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ АХУАЛЫ

Тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің қатарына жататын миграциялық ахуал болып табылады. Еліміз егемендік алған алғашқы күнінен бастап елдегі халық санына, демографиялық, миграциялық процестерге ерекше көңіл бөліп отыр. Ел басының Халыққа Жолдауларында еліміздегі халықтың санын 20 миллионға жеткізудің жолдары мен алдымызда тұрған міндеттер туралы үнемі айтылып келе жатқандығының өзі бұл мәселенің өзектілігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанынан бастап өткен күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси процестер халықтың демографиялық ахуалына да өзіндік ықпал жасады. Мемлекеттің дамуының жаңа моделін табу және қоғамды жандандыра түсудің тиімді жолдарын анықтау, еліміздің негізгі байлығы халықтардың дамуында тұрақтылықты сақтау үшін олардың өткен тарихы мен бүгінгі дамуына ғылыми түрде талдау жасау өзекті мәселенің бірі болып отыр. Қоғамтанушы ғалымдар экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа да процестерді талдау, зерттеу үстінде демографиялық статистикаға соқпай кетпейді және демографиялық жағдайды елдің әлеуметтік-экономикалық дамудағы өзекті мәселелерімен байланыстырады.

Еліміздегі миграциялық ахуал және оны шешу жолдары, мәселесінің өзектілігі маман зерттеушілердің көптеген ғылыми еңбектері мен арнайы монографиялық зерттеулерін осы мәселені талдауға, қорытындылауға арнауларынан да көрініс алады және бүгінгі күні де өзекті мәселе болып отыр.

Республикадағы және аймақтардағы әлеуметтік-демографиялық жағдайға әсер ететін факторлардың бірі халықтың көші-қоны болып табылады.

Миграциялық процестің қазіргі ахуалына тоқталардан бұрын оның тарихына қысқаша сипаттама беру керек.

Көші-қондық процестің қарқынды жүруі 90 жылдары бұрынғы КСРО құрамындағы елдердің барлығына тән болды. Қазақстанда оның алғы шарттары Кеңестер Одағы ыдырағанға дейін қалыптасты.

Елімізден 1991-2000 жыл аралығында 2 млн. адам көші-қонға ұшырады. Ең жоғары көрсеткіш берген жыл 1994 жыл болды, онда сыртқа көшкендер саны 410,4 мың адамға тең болды. Кейінгі жылдары Қазақстан Республикасынан сыртқа көшушілер санының азайғаны байқалады, ол жыл сайын 200-160 мың адам болып отыр. Халықтың көптеп сыртқа қоныс аударуы қоғамдағы демографиялық жағдайдың нашарлауына алып келеді, себебі көшкендер арасындағы көпшілігі жастар мен жұмысқа жарамдылар. Көші-қонға ұшырағандардың арасында 18-20 % жұмысқа жарамды жасқа толмағандар. Осыған байланысты халықтың арасында жұмысқа жарамдылар жасынан асып кеткендер саны өсіп, халықтың қартаюуы көрініс алады.

Көші-қоны халықтың сапалық құрамына да үлкен әсер етеді. Көші-қонға түскендер арасында жоғары, аяқталмаған жоғары және орта арнаулы білімі бар мамандар өте көп, олар 1993 жылы- 39 %, 1994 ж.-46,5%, 1995 ж.-33,0%, ал 1999 ж.-38% және 2000 ж.-38,8%-ке тең болды. Немістердің және басқа да ұлттардың сыртқа көшуі 80-жылдардың аяғында 90-жылдардың басында –ақ көрініс алды. 1990 жылы Қазақстаннан шетелге 79,4 мың немістер, 1,6 мың татарлар, 1,4 мың беларустар көшті.[1]

Демографиялық дамуда жетістіктерге жету мемлекеттің әлеуметтік дамуының негізгі табыстарының бірі болып саналады, ол елдің қорғанысын арттыруда және оның тәуелсіздігін қамтамасыз етуде ерекше орын алып, елдің экономикалық дамуының келешегі болып табылады. Сондықтан да халықтың санын, білімін, ұлттық құрамы мен оның жасы мен жынысы туралы толық мәліметті білмей мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық саясатын жүзеге асыру мүмкін емес.

Республикамыздың демографиялық саясаты Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасында атап көрсетілген халықтың дамуын қамтамасыз етудегі алға қойған міндеттермен сәйкес келеді. Осы бағдарламаның негізінде қабылданған мемлекеттің көптеген басқада бағдарламалары бар. Олар: «Халықтың денсаулығы», «Білім», «Қазақстан Республикасында дене тәрбиесі мен спортты дамыту», «Қазақстан Республикасындағы ана мен бала денсаулығын қорғау», «Қазақстан жастары» және тағы басқа көптеген жүргізіліп жатқан мемлекеттік шаралар еліміздегі халықтың денсаулығын, тұрмысын жақсарту және жұмыссыздыққа қарсы күресу, жанұяға көмектесуге бағытталған.

Әлеуметтік-демографиялық дамуда ерекше орын алатын ол ішкі көші-қондық процесс. Ішкі көші-қон - облыс аралық және облыстың өз ішіндегі механикалық қозғалыстар. 1993-2000 жыл аралығында ішкі көші-қон 1,4% өсті. Ол әсіресе экологиялық апат аудандарынан (Шығыс Қазақстан, Қызылорда) ерекше көрініс алып отыр. Халықтың ерекше көп көші-қонның нәтижесінде орналасып жатқан жерлері ол Алматы, Астана, Ақмола және Манғыстау облыстары. Ішкі көші-қонға көп ұшырайтындар ол қала халықтары болып отыр. Ауыл адамдарының қалалық жерлерге көптеп қоныстануы байқалады. Ерекше көші-қонға ұшырап отырған жергілікті тұрғындар –қазақтар. Республика ішіндегі миграцияда 1999-2000 жылдар аралығында олар 70% және 72%-ке жетіп отыр[2]. XX ғ. 90 -жылдарында урбанизация процесінің өсуі ауыл шаруашылығының дамымай артта қалуы және ауылдағы әлеуметтік-экономикалық дамудың нашарлауына ықпал етуде. Ішкі көші-қоны өз алдына жүріп отыратын процеске айналып ол қазір мемлекет тарапынан бақылауды қажет етуде. Жалпы елдегі әлеуметтік-демографиялық дамуға тікелей әсер ететін көші-қондық жағдай бірнеше факторларға байланысты. Әлеуметтік-экономикалық: ұзаққа созылған экономикалық дағдарыс, өндірістің құлдырауы, өнеркәсіп орындарының жабылуы, жұмыссыздықтың өсуі, бағаның көтерілуі тұрғындар арасындағы ертеңгі өмірге сенімсіздікпен қарауға итермеледі. Тұрғындардың республикадағы өміріне көңілдері толмады. Қазақстаннан көшуге субъективтік факторлар да әсер етті. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы басқа республикаларда болып жатқан ұлтаралық жанжалдар туралы хабарлардың татарылуы тұрғындар арасында мұндай ахуал Қазақстанда да қалыптасуы мүмкін деген күдік тудыра бастағанды.

Жалпы Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан халықтардың арасындағы бірлік пен тұтастықты сақтау үшін аймақта өмір сүріп жатқан жүзден аса ұлт өкілдері арасындағы бірлікті сақтау, еліміздің егемендігін нығайтуда, қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-

демографиялық тұрақтылықты сақтауда қазақ тілімен қатар онда өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдерінің тілін де дамытуға жағдай жасауға ерекше көңіл бөлініп отыр. Аймақтағы халықтар арасында достық, туысқандық, бір-біріне деген сыйласушылық негізінде тәрбие беру үшін де елімізде өмір сүріп жатқан халықтардың әлеуметтік-демографиялық тарихын зерттеу өзекті мәселенің бірі болып табылады.

XX ғасырдағы болған тарихи оқиғалар демографиялық дамудағы мынадай ірі өзгерістердің негізгі себебі болды: табиғи өсімнің, көші-қон; әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге - урбанизация, халықтың сандық және сапалық құрылымындағы өзгерістер, халықты еңбекпен қамтамасыз ету, білім деңгейі, кәсіптік-мамандық құрамы, әйелдердің қоғамдағы орны мен олардың білім деңгейіндегі өзгерістер; аймақтағы жергілікті ұлт өкілдерінің қазақтардың сан жағынан азайып, керісінше басқа ұлт өкілдерінің, оның ішінде орыстар санының көбеюі. КСРО-ның ыдырауынан кейін Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін жариялауы аймақтағы көптеген орталық өнеркәсіп орындарының жабылуына, әскери өнеркәсіп орындарындағы өнімдеріне сұраныстың азаюына алып келді. Республиканың барлық жерінде экономикалық дағдарыс басталды: жұмыссыздық, еңбек ақының уақытында төленбеуі, нарықтық экономикалық қайта-құруларға халықтың бірден мойынсұнбауы, халықтың әлеуметтік-демографиялық жағдайының төмендеуіне алып келді. Елімізден сыртқа көптеп басқа ұлт өкілдерінің, оның ішінде орыстар, украиндар, немістер, еврейлер т.б. көше бастады. Бұл еліміздегі әлеуметтік-демографиялық жағдайдың шиеленісуіне алып келді.

Жалпы көрсеткіші мен 1990 жылдағы қозғалыс тенденциясы

Қазақстан 30 жыл бойы эмиграциялық ел болып келді. 1990 жылда солай болды. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі алты жылда (1992-1996 жылдры) елдің территориясынан сыртқа 2 миллион адам кетті. Қазақстанның сыртқы миграциясы жалпы (келушілер мен қайта кеткендерді санағанда) жыл сайын 1469,6 мың адамға тең болды. ТМД елдері мен Балтық жағалауынан келгендер 473,6 және кеткендер 1469,6 мың, ал басқа елдерден келгендер 61,4, ал кеткендер 551,8 мың адам.

Қазақстан эмиграцияның нәтижесінде 1990 жылы республиканың табиғи жолмен дамуының 55,8 % жоғалтты, 1991 ж.-22,2, 1992 ж.-89,3 %.

1993 және 1994 жылдары миграциялық қозғалыс табиғи жолмен дамуды толығымен жоқ етіп қана қоймады, сонымен қатар одан 1,4 және 2,8 есе асып кетті. 1994 жыл миграцияның ең жоғарғы шегі болған жыл, ол жылы сыртқы миграцияға ұшырағандар: келгендер-4,21; кеткендер-28,73; миграциялық шығын-1000 адамға алып санағанда -24,52; эмиграция елдегі иммиграциядан 7 есе көп болды. 1995 жылы -4,4 есе, 1996 ж.-4,3; 1997 ж.-7,9 есе артты[3].

Кең көлемге таралған эмиграция елге сырттан келушілердің санының азаюымен тең келіп отырды, ол бейбіт кезде бұрын болып көрмеген құбылыс еді. 1993 жылғы 1 қаңтарда 16914 мыңнан 1998 жылы 1 қаңтарда 15671 мың адам болды-жергілікті халық санының өскеніне қарамастан. 1996 жылы халық саны 1989 жылғы халық санына сай келді: 16472 және 16464.

1992-1997 жылдар аралығында төмендегідей миграциялық ағымдар көрініс алды:

- елге иммигранттардың келуі ТМД елдерінен және Балтық жағалауы елдерінен кеміді, ал басқа елдерден сол кезде 534,1 келіп, 2021,5 мың адам сыртқа кетті;
- сыртқа кетушілер саны өзгеріске түсіп отырды, ең жоғары сыртқа кетушілер саны 1994 жылы болды(480,8 мың адам), ал келесі жылдары оның көрсеткіші төмендеді;
- миграциялық ағымның негізі ТМД елдері мен Балтық жағалауынан келді(69, 80%) бірінші орында Ресей тұрды, басқа елдер арасында Германия ерекшеленді;
- иммиграциялық ағымға негізінен қазақтар көп түсті, оның себебі республикада сырттағы этникалық қазақтарды Отанына репатриациялау саясаты жүзеге асырылды.

Миграцияның бағыты: Негізгі миграциялық бағыттар Қазақстан мен Ресейдің арасында, Украина Республикасы мен Орталық Азия елдері арасында жүрді. 1994 жылы осы елдерге эмигранттардың 78 % келсе, соның ішінде Ресейге-72 %, Украина-2 %, Өзбекстан-1,7 %, Беларусь пен Қырғызстанға-1 % -тең Қазақстанның барлық облыстарында бірдей болды, бірақ соның ішінде орыстар тығыз орналасқан облыстарда жоғары болды: Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Ақмола жерінде, яғни Ресеймен көрші орналасқан территорияда. Сонымен қатар Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жоғары болды. 1996 жылы интенсивті эмигранттар саны мынадай болды: Көкшетау облысында-33,0; Солтүстік Қазақстан-32,7; Ақмола-22,9 (1 мың тұрғынға алып есептегенде). ТМД және Балтық жағалауы елдерінен басқа Қазақстаннан сыртқа қоныстанғандар Германия жеріне кетті (1997 жылы 55,5 мың адам) және Израиль (1,9 мың). Басқа елдерге эмигранттардың аз бөлігі кетті[4].

Ішкі миграция. 1993 жылы ішкі миграцияға 60, ал 1994 жылы-54,5 %, барлық миграцияға түскендерге шағып есептегенде. Республикааралық миграцияға негізінен әсер еткен ол ел ішіндегі экологиялық аудандардан Семей, Қызылорда жерлерінен басқа аудандарға жер ауыстыру болды.

Миграцияның нәтижесінде өзінің тұрғындар санының азаюы Жезқазған, Атырау, Торғай облыстары болды. Ал облыс аралық қоныс аударудан тұрғындар санының өсуі Алматыда және Павлодар, Қостанай, Ақмола облыстарында болды.

Республика ішіндегі миграцияға көп түсетіндер қала тұрғындары. Сонымен қатар ауылдық жерлердегі тұрғындар саны да азаюда, адамдардың қалаға көшуінен, сонымен қатар немістер мен орыстардың елден сыртқа кетуі. Облыс аралық миграцияға негізінен қазақтар (үштен екісі), сосын орыстар (бестен бірі) көп түседі.

Мигранттардың ұлттық құрамы: Қазақстаннан сыртқа қоныс аударушылар негізінен немістер мен орыстар. Миграцияның ең жоғары шегі болған жылы орыстар үлесі 58,9 %, немістер-19,0 %, украиндықтар-8,0 %, қазақтар-3,0 %. Келгендер арасында: орыстар-44,0 %, қазақтар-28,0 %, украиндар-7 %, немістер-4,0 %. 1995 жылы орыстар үлесі-52,0 %, немістер-26,7 %. Ең жоғары эмиграцияға ұшырағандар немістер болды: 1995 -1996 жылы олардың саны орыстармен салыстырғанда 5,4-5,8 есе артық болды. Немістер сыртқа көшіп кеткен соң олардың одан кейінгі саны азая түсті, ал орыстар саны өсті-58,3 %, немістер-16,5 %, украиндар-9,7 %, қазақтар-3,9%; келгендер арасында орыстар үлесі 45,0 %, ал қазақтар-30,4 % тең болды. Қазақстан негізінен сол жылдары өздерінің тұрғындарының санын азайтты, орыстар-60,3 %, украиндар-10,2 % [5].

Қазақтардың иммиграциясы

Қазақтардың өздерінің тарихи Отанына оралуы 1990 жылдан басталды, Қазақстан Республикасының өзінің тәуелсіздігін алғаннан басталды.

Үкімет «Иммиграция туралы Заң» қабылдады және қазақтардың репатриациясы бойынша белгілі бір бағытпен саясат ұстауда. Қазақстан Президенті жыл сайын басқа елден келетін иммигранттардың (репатрианттардың) квотасын белгілеп отырады. 1993 жылы квота –10 мың жанұя болса, 1994 жылы-7 мың, 1995 ж.-5 мың, 1996 ж.-4 мың және 1998 жылы- 3 мың жанұя.

Кейіннен квота саны азайып қана қоймай тіпті оны орындамай да отыр. Оның орындалуы 1993 жылы - 94,4 % болса, 1994 ж. - 63,9 %, 1995 ж. - 72,6 % және 1996 жылы - 88 % болды. 1993 жылы квота артығымен орындалды: Монғолия - 117,5 %, ал ТМД елдері бойынша - 97 %, Иран бойынша - 36,6 %, 1994 жылы ТМД бойынша квотаның орындалуы 114,1 %, Түркия бойынша - 21,9 %, Қытай - 8,2 %, Монғолия - 5,5 %, Иран - 2,4 %, Ауғанстан - 0,7 %.

1995 жылы елімізге 3631 жанұя келді (14 462 адам), квота 72,6 % орындалды; 1996 жылы 3522 жанұя (14 088 адам) келді.

1991-1997 жылы Республикаға қазақ репатрианттарының 37,9 мың адам, немесе 164 мың адам, оның ішінде 93 мың адам ТМД адамдары келді (негізінен Ресей мен Өзбекстан елдерінен), оның ішінде 57 % репатрианттар. 62,5 мың адам Монғолиядан келген. Келген қазақ жанұяларының ішінде қазақтардың санының 90 % Монғолиядан келген қазақтар, қалғандары ТМД елдерінен, Иран, Түркия, Қытай, Ауғанстан жерлерінен келгендер[6].

Кейінгі жылдары елге келген репатрианттардың біразы қайта кері көшіп кеткен, ол елдегі қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты. Қазақстаннан қайтадан сыртқа 300-400 жанұя кері кетті, ал 3 мың репатрианттар әлі де үй ала алмай жүр.

Республикадан сыртқа қоныс аударғандардың көпшілігі еңбек ету жасындағылар болды (64 %). сыртқа кетушілердің 22 % -еңбек ету жасына жетпегендер. Осыған байланысты еліміздегі тұрғындар құрамының қартаюы байқалады. Миграция Қазақстандағы еңбек потенциалының сапалық құрамын нашарлатады. 16 жастан және одан асқан сыртқа көшушілер арасында жоғары дәрежелі немесе аяқталмаған жоғары дәрежелілер, немесе арнайы білімі барлар саны өсуде: 1993 ж.-39 %, 1994ж.-46,6 %, 1995 ж.-45 %, 1996 ж. 41 %, 1997 ж.-44 %[7]. Елімізге келетін иммигранттар арасында білімдері жоғарылар саны төмен, сондықтан да елден кеткендердің арасында білімділер саны жоғары еді.

Қазақстаннан сыртқа көшушілер арасында жоғары білімді мамандар мен арнайы білімі бар жұмысшылар саны көп, олар өнеркәсіптің жабылуы мен елдегі жұмыссыздықтың кесірінен, құрылыс, ғылым және мәдениет саласынан олардағы меншік түрінің ауысуына байланысты қысқарғандар болды. Бұрын одақ тапсырысы бойынша жұмыс жасап, орталықтанған қаржыландырылған ғылыми-зерттеу мекемелерінің жабылуынан, жобалау институттарының жұмыстарын тоқтатуынан, ғылыми-жоспарлау орындарының жабылып қалуынан жұмыссыздық саны елде өсіп, маман кадрлар сыртқа көшті. Осының тағы бір себебі әскери мекемелердің жабылуы да болды. Елде интеллектаульды эмигранттар саны өсті.

Миграцияның себебі. Тұрғындардың миграцияға ұшырауына негізінен бірнеше факторлар әсер етеді. Сыртқы миграцияға әсер ететін негізінен әлеуметтік-экономикалық және саяси фактор, ал ішкі миграцияға әсер етуші- әлеуметтік-экономикалық және экологиялық фактор.

Сыртқы миграцияға ең көп әсер ететін ол тұрғындардың тұрмыс жағдайы. Кенестер Одағының ыдырауы экономикалық дағдарысты күшейтті, ол өнеркәсіптердің құлдырауына алып келді, инфляция өсті, жұмыссыздар саны 35 есеге көбейді (әсіресе жасырын), ол адамдардың тұрмыс жағдайының нашарлауына және әлеуметтік саланың құлдырауына алып келді.

Әлемдік банкінің есебі бойынша, 1994 жылы Қазақстандағы еңбек ақының мөлшері бұрынғы кеңес құрамында болған мемлекеттердің барлығынан да төмен болды. Орташа еңбек ақысы 24 долл. болды, бірақ олардың облыстардағы көрсеткіші төмен болды. 1997 жылы орташа еңбек ақының көлемі-8550 теңге, немесе 112 долл. бірақ ол күнделікті қажеттілікті толығымен өтеу алмады, әр облыста көлемі әртүрлі болды. КСРО ыдыраған жылдары өндіріс орындарында өнім өндіру нашарлады, ондағы өндірушілерді қанағаттандыра алмады. Мемлекеттік статбасқарманың есебі бойынша 1995 жылдың басында тұрғындардың негізгі табысы 1989 жылмен салыстырғанда 26 % болды. Тұрғындардың салық төлеу қабылетінің нашарлауы тұрмысқа қажетті заттардың құнының өсуіне алып келді. Егер 1989 жылы тамаққа жұмсалатын шығын барлық шығынның -39 %-не тең болса, ал 1995 жылы ол 45-70 %-ке тең болды. 1993 жылы ұлттық валютаның- теңгенің шығуымен тауарлар құны-35 есеге өсті, ал ақшаны реттеу реформасының алдында 1992 жылдың қаңтарында-18 есеге өсті.

Республикада өмір сүруге қажетті мөлшерден төмен тұрғындар үлесі өсті. 1992 жылы қарашада тұрғындардың осы тобына 11,9 %, 1993 ж. тамызда- 18,2 %, 1994 ж.тамызда-32 %, ал 1995 жылы маусымда-37 %, республиканың тұрғындарының үштен бір бөлігі кедейлікте өмір сүрді. Сол кездегі орташа өмір сүру көрсеткіші 2000 теңге болды. Мемлекеттік тұрғындардың 44 % кедейшілікте өмір сүрді[8].

Тұрғындардың табысының төмендеп кетуіне өндіріс орындары мен мекемелерде бірнеше ай бойы еңбек ақысын төлемеуден болды, жалақы көлемі төленбеген 1997 жылы 1 қаңтарда 47,9 млрд теңге болды, оның ішінде 90 % -і және одан көп айлар бойы төленбеген жалақы болды. Берешегі бар өндіріс орындарының үлесі 75 %-ке тең болды.

Экономика саласындағы дағдарыс еңбекке тартылудың азаюы мен жұмыссыздықтың өсуіне алып келді. 1996 жылы ресми тіркеуде тұрған жұмыссыздар саны 282,4 мың адам болды. Эксперттік бағалау орталығының есебі бойынша жұмыссыздар саны барлығына шаққанда -10 % ке тең болды.

Еркіндік үйінің есебі бойынша (АҚШ) барлық елдерді төмендегідей бөледі: еркін, жартылай еркін және саяси жағынан жартылай еркін және азаматтық құқықтары шектелген елдер деп. Қазақстан 1994-1995 жылдары еркін емес мемлекет қатарына жатқызылды. Саяси даму жағынан дамыған елдер қатарына алып санағанда Қазақстанның көрсеткіші 7 балл көрсеткішінің 5 тең болды.

1998 жылдың басына дейін Қазақстан адамдардың құқығына байланысты ешқандай халықаралық құжаттарды, адамдардың құқығы туралы Декларацияны қабылдамады. әлеуметтік және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге қол қоймады.

Кейінгі кездегі саяси жағдайларға қарағанда білім, саяси және әлеуметтік салалардағы қайта құруларға басқа этникалық ұлт өкілдері қарсылықтар да білдіре бастайды. Олар қазақ тілін білмегендіктен жоғары қызмет орындарын жергілікті ұлт өкілдеріне беруіне тура келеді.

1991-1994 жылдар аралығында сыртқа қоныс аударған қазақстандықтардан әлеуметтік сауалнама алған кезде олардың қоныс аударуына негізгі себеп болған факторлар қатарына жататын: әлеуметтік қорғалу-86 %, медициналық қызмет көрсету-84 %, қылмыскерлік-75 %, экономикалық реформа жүргізу темпінің баяулығы-72 %, мемлекетке ықпал ете алмау-66 %, адам құқығы-54 % ж.т.б[9].

Осының барлығы елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қиындығымен қоса адамдардың өз жерлерін тастап сыртқа қоныс аударуына алып келеді.

Эмиграцияның салдары: Миграциялық ағымның жылдан жылға өсуі ол елдегі қоғамдық дамуда тұрақсыздыққа алып келеді.

Эмиграцияның салдарына жататын жағдайларға сипаттама беру өте күрделі- өте көптеген жағдайларға сипаттам беру керек болады. Мысалы, елден 100 мың немістің кетуі ел экономикасына 4 млрд сом шығын әкеледі, 1991 жылғы есепбойынша, ал 100 неміс жанұясының кетуі 1994 жылмен санағанда мемлекетке 17 млрд теңге шығын алып келді.

Республиканың еңбек ресурсының потенциалы негізінен өндіріс орындарында жұмыс жасайды, ол еліміздің экономикасының индустриалды- аграрлық салада дамуына байланысты. Индустриалды салада жұмыс жасайтындардың 75% орыс тіліндегі тұрғындар, олар 1994 жылға дейін сыртқа көптеп келді. Қазақтардың демографиялық жағдайына олардың табиғи жолмен өсуі мен туудың өсуі және өлімнің кемуімен сипатталды. 16 жастағы балалар мен жасөспірімдер саны 90 жылдары жалпы тұрғындардың республикадағы 33 % -ін құрды, ал қазақтар арасында - 40 %. Осы жастардың еңбек ету жасына жетуімен елдегі экономиканың да тұрақтанатындығына ол кезде сенбеді.

XX ғ. 9 % жылдарында қазақтардың ірі өндіріс орындарында жұмысқа тартылуы төмен болды (1993 ж., -34 %), олардың үлесі индустриалды өндіріс салаларында барлығы -24 %, 45,1 % қазақтардың барлығы негізінен үш салада ғана топталды: жеңіл, тамақ және құрылыс өндіріс орындарында. Қара және түсті металлургия саласында, машина жасауда 3-5 тен 15 % (1993 ж.) болды[10].

Маман кадрлардың көптеп сыртқа қоныс аударуы республикадағы экономикалық саланы білікті мамандармен қамтамасыз етуде келешекте қиындық тудыраы белгілі болды, оны болдырмау үшін индустриалды салада қызмет жасайтын мамандарды даярлау қажеттілігін тездету керектігін көрсетіп берді. Елімізді маман кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі, әсіресе индустриалды салада сол кезде өзекті мәселе болды.

БҰҰ есебі бойынша жиырма жыл шамасында орталық азиялық аймақтағы тұрғындар саны 1,5 есеге өседі немесе 75 млн адамға өседі. Азиялық республикалардағы тұрғындар санының өсуі мен ондағы жұмыс күшінің артық болуы қосымша әлеуметтік және басқа да шиеленістерге алып келеді.

Эмиграцияның нәтижесінде Қазақстан халқының этникалық құрамы өзгере отырып тұрғындардың құрамында үлкен өзгерістер болды.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет болып табылады. 1997 жылы қаңтарда этникалық құрамы(15861 млн адам) төмендегідей болды: қазақтар-8033 мың адам (50,8 %), орыстар-5105 (32,2 %), украиндықтар-720 (4,5 %), немістер 303, өзбектер 359, татарлар-278, беларустар-147 мың адам. Ұйғырлар, көрейлер, азербайжандар, поляктар, түріктер және басқа этникалық ұлт өкілдері, олардың саны 130 дан астам[11].

КСРО ыдырағаннан кейін, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында 1991 жылы орыстар, сонымен бірге басқа да этникалық ұлт өкілдері басқа елде тұрып жатқандар қатарына түсті. Он жылдан соң елдегі этникалық қазақтардың үлесі орыстармен бірдей болды. Орыстар өздерін аз ұлт өкілдері ретінде санағысы келмеді.

1989 жылмен салыстырғанда 1996 жылы қазақтардың саны 1388 мыңға өсті, елдегі олардың үлесі 48,1 % болды, 1989 ж. 39,7 % орнына. Осы кезде орыстардың саны 606 мың адам, олардың үлесі 37,8 % тен 34,1 % түсті. Немістердің саны 2,2 есеге азайды (кестеге қараныз) [12].

1990 жылдары экономикалық дағдарыс пен нарықтық экономикаға өту кезінде елде әлеуметтік стратификация жүрді, жергілікті тұрғындардың саяси және бизнес –элитаға және қалғандары ауылдық тұрғындар, негізінен аграрлық сектормен, оның ішінде мал шаруашылығымен айналысатындар. Қазақтар негізінен республиканың оңтүстік пен оңтүстік-батыс бөлігінде тұрып жатты. Жоғарғы туушылық және әлеуметтік қорғалмаушылық басым болды: жұмыссыздық, кедейшілік-осы аймақтағы негізгі мәселе бола отырып сол кездегі шиеленістердің негізгі себебі еді.

Сырттан келген этникалық ұлт өкілдері, бірінші орында орыстар өздерінің білімдерінің жоғарылығын пайдалана отырып елдегі дәнекерлік рөл атқарды, қалалық жерлерде орналасқан ұлттық элита мен ауыл тұрғындары арасындағы буферлік қызметті атқарды. Елден орыстардың көптеп сыртқа көшуі осы екі топтың өзімен өзі қалуына алып келді.

Ел ішінде үш жүз адамдары арасындағы билік үшін тартыс күшейді, ірі территориялық рулық шиеленістер күшейе түсті, ол жылдары негізгі шиеленістер қазақтар мен орыстар арасында болды.

Көптеген эксперттердің айтуы бойынша орыстардың сыртқа көптеп кетуі елдегі саяси шиеленісті біраз болса да бәсеңдетті, жұмыс орындары мен үйлер босады. Сонымен қатар орыстардың сыртқа кетуі елдегі оларға байланысты әлеуметтік, экономикалық және саяси статусының төмендеуімен байланысты елдегі болатын шиеленістің болмауына да негіз болды.

Орыстардың елден сыртқа көптеп қоныс аударуы елдегі экономикалық тұрақтылықтың болмауынан және елдегі экономикалық дамудың бәсеңдеуінен болды. Олар өздерінің ертеңіне сенбеді, балаларының келешегін ойлады. Әлеуметтік зерттеулер орыс тілді халықтардың 45-47 % Қазақстаннан кеткілері келді. Мигранттардың тең жартысы елден кеткісі келетіндер, олардың саны 1,5 млн. адам.

Кетуге даярланғандардан алынған сұрақтар бойынша қандай жағдайда олар кетпейтіндіктерін айтқан:

- елдегі экономикалық жағдайдың жақсаруынан-48,6 %;
- өздерінің балаларының келешегіне сенсе-44,8 %;
- ұлттық белгісіне қарай бөлуді қойғанда-27,1 %;
- екі жақты азаматтылық енгізілсе-22,7 %;
- егер қазақ тілімен қатар орыс тілі мемлекеттік тіл болса -17,7 %;
- басқа себептермен-1,6 %.

Тек ғана 3,2% сұрағандар арасынан ешқандай жағдайда да өз пікірлерін өзгертпейтіндерін айтқан[13].

Миграцияны құқықтық реттеу.

Миграцияны құқықтық реттеудің негізі ол Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады, 1995 жылы 30 тамызда қабылданған. Конституцияда негізінен азаматтардың еркін көшіп жүру, республика ішінде, оның сыртында, қайтадан елге қайтып келуі мен еркін жүру құқығы берілген. Конституция бойынша оның азаматтары екі елдің азаматтығын ала алмайды. Ешқандай жағдайда да Қазақстан Республикасының азаматтығынан ешкім де, ешқандай жағдайда айырмайды.

Мигранттардың құқықтық жағдайын реттеуде 26 маусым 1992 жылы қабылданған «Иммиграция туралы» Заң қорғады. Заң негізінен сыртқа көшкен қазақтарды орналастыру мәселесімен айналысты.

Сыртқы және ішкі миграциялық процестерде шиеленіс пайда бола бастаған кезде 1994-1997 жылдары «Миграция туралы» Заң даярланып ол желтоқсан 1997 жылы қабылданды. Ол заңда бірақта елде қалыптасқан миграциялық мәселелердің барлығын реттейтіндей мүмкіндік толық қамтылмады. Негізгі миграциялық процестерге байланысты терминдердің түсінігін де жетілдіре түсуді қажет етті.

1997 жылы желтоқсанда Демография және миграция Агенттігі құрылды, онда еркімен қоныс аударуды жүзеге асыру және келген жанұяларды орналастыру және қазақтарға көмек беру жұмыстарын ұйымдастыратын болды. Агентство тіркеу жұмыстарын, республикаға келгісі келген жанұялар туралы мәліметтер жинау, көмек беру, облыстық миграциялық процестерді ұйымдастыру, мигранттарды әлеуметтік қорғау.

Қазақстандағы миграциялық процестерді реттеу негізінде төмендегідей нормативті-құқықтық актілер қабылданды:

-Президент Қаулысы «О порядке представления политического убежища иностранным гражданам и лицам без гражданства в Республике Казахстан» 15 шілде 1996 жылы;

- Конституцияға сай сыртқа кеткен азаматтарға саяси құқық бере отырып оларды қорғау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, халықаралық құқыққа байланысты қызмет ету;

- «Қазақстан Республикасының азаматтығын алу туралы мәселені қарау» тарулы 27 қыркүйек 1996 жылы қабылданған Президент Қаулысы;

- Азаматтықты қайтадан қалпына келтіру немесе оны алу істерін жүзеге асыру құқықтық нормаларын «Азаматтық туралы» Заңмен Конституция негізінде және Қазақстан қол қойған халықаралық келісімдер негізінде. Осы нормативті құқықтық актілердің субъектісі шет ел азаматтары мен Қазақстан Республикасының азаматтығын алушыларға арналған. Қазақстан азаматтығын оның территориясында 5 жыл тұрақты тұратындарға беріледі және ол мерзім үзіліссіз болуы керек;

- Қазақстан Республикасының Президентінің «Квота туралы» қаулылары.

Елдегі миграциялық процесті реттеу терең саяси және әлеуметтік реформалардың нәтижесінде, азаматтардың құқығын сақтай отырып олардың әлеуметтік тұрмысын жақсарту арқылы жүзеге асырылады.

Елдегі миграциялық процестің өрлеуіне әсер еткен жағдай ол астананың Алматыдан көшірілуі болды. Ақмола жерінде орыстар, немістер мен еврейлер көп тұратын. Астана қаласын мәдени және экономикалық жағынан дамыту ол жерде жаңа жұмыс орындарын ашады және мамандардың өз мамандығы бойынша қызмет етуіне мүмкіндік туады.

Елімізден сыртқа маман жергілікті қазақтардың қоныс аударуы ол елдегі саяси, әлеуметтік жағдайларға, демократиялық реформалардың толық жүзеге асырылмауына байланысты болды. Елдегі қазақтардан кейінгі көп этникалық ұлт өкілдері ұйғырлар мен көрейлердің сыртқа қоныс аударуы аса көп емес. Ұйғырлар Қазақстан жерінде бұрыннан тұрып келе жатыр. Олар мұсылман дінінде, білім мен қызметте қазақтармен бірдей сатыда пайдалана алады. Олар білім, ғылым және кәсіпкерлікпен айналысады және көпшілігі бұрыннан саудамен айналысады. Елдегі болған саяси шиеленістер кезінде сыртқа көшкен кездері де болды, бірақ қазір ондай болуы мүмкін емес. Кореялықтар де сыртқа көшуде көпшілік емес, Оңтүстік және Солтүстік Кореядан да корейлердің саяси репатрианттарының болмауы мен тілді де толық білмеуі олардың елден сыртқа көп қоныс аудармауына алып келді. 1996 жылы эмиграцияға ұшыраған корейлер саны 1063 ғана болды.

Сыртқы миграцияда Орталық Азия және Азиялық Тыңық Мұхит аймағындағы шиеленістер әсер етті. Ауғанстандағы мұсылман фундаментализмінің орнатылуы сырттан 100 мыңдаған босқындардың келуіне алып келді. Қытайдағы ұйғырлар мәселесі шиеленісті, Ұйғыр Автономиялық ауданынан ұйғырлар мен ол жердегі қазақтардың шекаралық аймақтарға көптеп келуіне алып келді. Қытай мен Қазақстан арасындағы шиеленістерді реттеу негізінде 1994 жылы көкекте Қазақ-Қытай келісіміне шекара туралы қол қойылды, 5 мемлекеттің басшылары Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан мен Тәжікстан Москвада шекаралық аймақтарда Шығыс Қазақстанда 370 кв. км. мен Талды-Қорған облысы аймағында 630 кв.км. жерде қару-жарақты азайту туралы келісімге келеді.

Келешекте миграциялық мәселеде негізгі орында демография мәселесі. БҰҰ есебі бойынша 2015

жылы орталықазия елдеріндегі тұрғындардың саны 1,5 есеге артады, 75 млн. адамға дейін өседі. Аймақтағы демографиялық жағдайдың тез өсуінен елдегі экономикалық жағдайдың артта қалуы жұмыспен қамту мәселесін шеше алмайды және осының нәтижесінде артық қалған жұмыс күші сыртқа қоныс аудару бастайды. Қазақстан арқылы орталықазиялық елдерден артық жұмыс күші мен тұрғылықты тұрғындардың қоныс аударуы жүзеге асады[14].

КСРО ыдырағаннан кейін және ТМД құрылған кезде миграцияға байланысты бірнеше жан-жақты келісімдерге қол қойылды. Мысалы «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық пен өзара көмектесу» (1992 ж. 25 мамыр; «ТМД елдері арасындағы еңбек, миграция және тұрғындарды әлеуметтік қорғау мәселесіндегі Ақылдасушы Кеңесі» (1992 ж. қарашада), «Қазақстан Республикасының Азаматтығы мен құқықтық статусы туралы Меморандум» (наурыз 1994 ж.).

1995 жылы қаңтарда Қазақстан мен Ресей арасында мигранттарға азаматтық беру жұмыстарын тез арада шешу туралы келісімге келеді, сонымен қатар екі ел азаматтарының басқа жерде құқықтарын қорғау.

1996 жылы Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастағы негізгі мәселенің бірі- 1996 жылы 24 мамырдағы миграциялық процесті реттеу туралы Келісімді РФ Мемлекеттік Думасының ратификациялауы болды, екінші жақта тұрып жатқан азаматтардың құқығын қорғау туралы. Осы Келісім бойынша Ресейдің немесе Қазақстан Республикасының азаматы ол жақта сайлауға қатыса алмады, сайлана алмады, жоғары мемлекеттік істерге араласа алмады және жоғары қызмет пен дипломатиялық қызмет жасамады. Референдумға қатыспады, ішкі істер мекемесінде жұмыс жасай алмады. Олар аудандық және жергілікті сайлау орындарында, мекемелерінде жұмыс жасай алды, жергілікті атқару орындарында жұмыс жасау мүмкіндігі болды. Осы меморандум екі жақтың да мигранттарының құқықтарын қорғау мүмкіндігін алды, екі елде де олардың саны көп еді. Осы келісім бойынша екі елде де азаматтық алу мәселесін тез арада шешуге келісілді.

Тәуелсіздігін алған 1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасы өзінің тұрғындарының ТМД елдерімен миграциялық процестерін реттеуде көптеген құқықтық нормативтік актілерді қабылдады және олардың күнделікті мәселелерін шешуде көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Елдегі миграциялық процестерді реттеуде жетістіктерге қол жеткізді.

Қорыта келгенде, еліміздің тәуелсіздігінің 22 жылдығы аралығында демографиялық дамуда да көптеген жетістіктерге қол жеткізілді. Соның ішіндегі ең ірісі еліміздегі көші-қонды реттеу, сырт жаққа еліміздің тұрғындарының қоныс аударуын азайту. Еліміздегі өтпелді кезең аяқталып нарықтық даму жолына түсе бастаған алғашқы кезден бастап –ақ бірінші кезек күттірмейтін шешімін күтіп тұрған мәселе көші-қон мәселесі болды. Еліміздің нарықтық даму жолына түсуі және экономикалық, әлеуметтік дамуда табыстарға жетуі елімізден сыртқа қоныс аударуды азайтты. Еліміздегі саяси жағдайлардың бірқалыптылығы мен экономикалық тұрақтылық халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруы енді сыртқа қоныс аудару қажеттілігін тудырмады. Еліміздегі этнодемографиялық дамуды жақсарту негізінде жанұя, неке қатынастарына ерекші көңіл бөліне басталды. Сонымен қатар жас сәбилердің өмірге келуі мен оны қағып-бағу үшін мемлекет тарапынан берілетін материалдық көмек көлемі өсірілді, аналар мен балалар денсаулығын сақтау, қорғауда еліміздегі демографиялық жаңдайға әсер етті. Осы ірі әлеуметтік өзгерістер миграциялық процестің тұрақталуына әкелді. Енді сыртқы миграция мен ішкі миграцияға әсер ететін факторлар реттелді, қала мен ауыл арасындағы айырмашылықтар мен ауылдық жерлердегі инфрақұрылымдардың дамытылуы ішкі облыс аралық миграция мен қала мен ауыл арасындағы миграцияны тұрақтандырды. Ал Қазақстан Республикасының саяси аренадағы рөлінің өсуі мен экономикалық тұрақтылық пен бейбіт қатар өмір сүру негізінде еліміздегі жүзден аса ұлт өкілдерінің өздерінің Отаны –Қазақстан үшін еңбек етуге құлшындырды.

Еліміздің тәуелсіздігінің 22 жылы ішінде қол жеткізген табыстарымыздың бірі елдегі миграциялық процесті реттеу болды. Оны реттеу жолында көптеген жетістіктер мен жеңілістерге де душар болды. Миграциялық процесс қазіргі уақытта мемлекет тарапынан реттеліп және халықаралық миграция мен ішкі миграцияны реттейтін заңдық актілер жұмыс жасайды. Еліміздегі саяси тұрақтылық пен экономикалық жетістіктер миграциялық процестердің тұрақтануына алып келді.

Токтамай жүріп отырған миграциялық процестер де еліміздегі этнодемографиялық жағдайға тікелей әсер етті. Ол әсіресе патша үкіметінің орыс шаруаларын күшпен жер аударуынан басталса одан кейінгі орыс мұжықтарының аймаққа өз бетімен келіп қоныс аударуы және жергілікті ұлт өкілдерінің жерін тартып ала бастауы, казактардың келуі болды. Одан кейінгі соғыс жылдарындағы миграциялық процестің дамуы да үлкен әсер етті. Сыртқы миграция мен қоса облыс аралық және ішкі миграциялық процестер де жиілеп кетті. Кейінгі кездердегі КСРО ыдыраған кездегі көптеген басқа ұлт өкілдерінің аймақты тастап кетуі де бұл жердегі этнодемографиялық жағдайға тікелей әсері болды.

Нарықтық экономика сатысына өткеннен бастап еліміздегі сыртқы және ішкі, облысаралық миграциялық қозғалыстар өсіп, ел халқының механикалық жолмен дамуына алып келді, жұмыссыздар, өз бетімен жұмыс іздеп келушілер елімізде көбеюі еліміздегі этнодемографиялық жағдайға көп әсер етті. Қазіргі кезде республикада қазақтар санының өскендігін көрсетіп отыр және сыртқа көшудің азаюы да көрініс беріп отыр.

Еліміздің жалпы әлеуметтік-демографиялық дамуға әсер еткен: сырттан қоныс аударғандар, 1916 жылғы көтеріліс, 1918-1920жж. азамат соғысы, 1921ж. аштық, 1928-1934жж. болған тағы аштық, 1937-1938жж. репрессия, 1941-1945жж. Ұлы Отан соғысы- қазақтардың демографиялық дамуындағы қайғылы кезеңдер болды. 1928-1934 жж. 610 мың адамның өмірі қиылды. Жүздеген мың адам РСФСР, Өзбекстан, Түрікменстан, Қытай жерлеріне қашты. Одан кейін 1936-1939жж. репрессия басталды. Нәтижесінде қазақтар өз республикасында азшылыққа айналды. 1939 жылы қазақтар өздерінің демографиялық дамуының бірқалыптылығын жойып алды және тың жерді игергеннен кейін олардың үлесі 30 пайызға дейін кеміді. Тек 1985 жылы ғана ол табиғи жолмен өзінің өсу деңгейіне жете алды. Ең жоғарғы көрсеткіш 1979 жылға сәйкес келді, ол сол жылғы табиғи жолмен өсу болса, екіншіден, өз жеріне бұрынғы қоныс аударған қазақтардың келуі, әсіресе Қытайдан. 1991 жылы қазақтардың үлесі 41,5, ал орыстар-38 пайыз болды[15].

- становление Казахстана как реально действующего актора на международной арене.

Не секрет, что по данным направлениям, равно как и по другим аспектам новейшей истории отечества ведется ожесточенная борьба мировоззрений не только среди радетелей и недоброжелателей, но и между настоящими патриотами страны. Во многом это обусловлено фрагментированным историческим знанием о недавнем прошлом. Поэтому задача официальной исторической науки видится в создании целостной картины отечественной истории конца прошлого и начала нынешнего столетия во всем ее многообразии. При этом необходимо выявление структурных моментов развития казахстанского общества. Это позволит представить историю как особую сферу, наделенную своей бытийной спецификой, а с другой – показать ее упорядоченность и, соответственно, изобразить ее как нечто понятное и рациональное.

В настоящее время подобный концептуальный анализ объективного исторического процесса невозможен без учета общемировой тенденции интернационализации всех сторон жизни. Для Казахстана в данном случае он обуславливается сопряжением двух составляющих: движения в сторону глобализации и приверженности Республики Казахстан идеям нового евразийства. Историческая наука в этом отношении уже сыграла важную роль в качестве мобилизующего общественное сознание фактора. Особенность момента состояла в том, что на вызовы современности по унификации социокультурных процессов она предложила парадигму вхождения в будущее общечеловеческой цивилизации на основе сохранения имманентных черт и национальной самобытности. Одновременно она выступила против цивилизационного противостояния Востока и Запада, континентализма и атлантизма.

В данном контексте задача историков состоит в модернизации этих двух понятий от уровня некоей «мессианской роли» и «особого мироощущения» до понятных всем сентенций полицентрического мира. В пространственно-временном измерении это означает, что глобализация в историческом измерении коррелирует не с новыми империями и мировыми жандармами, а с сухопутными торговыми маршрутами по странам-сателлитам Великого Шелкового пути, не с хронологией и картографией завоевательных походов, а с кросс-культурным взаимообогащением и культивацией общемировых гражданских ценностей. Методологические подходы здесь далеко не беспроблемны, особенно в вопросе о взаимоотношениях между восточной и западной цивилизациями. Роль историков в данном случае найти точки соприкосновения между социально-культурными реалиями, геополитическими интересами и современными ценностно-нормативными приоритетами на основе истории народов евразийского субконтинента. При этом следует учитывать и тот факт, что эскалация национальных и этнических проблем во многом явилась реакцией на тенденции нарастающей унификации духовной и материальной культуры в условиях глобализации. Историческая наука Казахстана в этом отношении может не противопоставить себя западной техногенной цивилизации, а выступить ее равным партнером, продолжая вносить, но уже в более интенсивном режиме, в копилку мировых ценностей веками копившийся духовно-культурный потенциал общежития и толерантности. Обуславливается это тем, что в глобальном знании не может быть объекта без субъекта познания и что целостность мира, человечества предполагает в своей основе взаимозависимость образов и сущностей этой целостности.

Историческое знание: звенья исследовательских новаций

Крушение советской системы, как никогда ранее, актуализировало потребность в ретроинформации как в силу необходимости лучше познать современность, так и как воплощение преемственности

исторического процесса. Понимание того, что история как прошлое находится в тесной связи с современностью, интегрирована и тесно переплетена с ней, находит отражение в общественных, экономических, социальных, культурных, политических процессах современности.

Приоритеты исследования при понимании исторических процессов определили два фундаментальных вектора исторической эпистемологии: принятие априори идеи обособленности гуманитарного знания и свойственных ему особой эмпирики как доказательной основы исследований с обязательными элементами визуализации результатов работы, и второе – использование методов точных наук как вероятностный подход объективности и научности исторического исследования.

Последнее часто связывают со сциентизацией истории, проведением междисциплинарных исследований и возникновением на этой основе новых исторических субдисциплин: психоистория, история ментальностей, гендерная история, клиометрия и т.д. «Методологическая революция» 60-70-х гг. XX века в западной историографии, в 1970-1980 годы получила продолжение в работах И.Д. Ковальченко, с именем которого заслуженно связывают становление советской школы квантитативной истории, активной интеграции исторических исследований в методологию естественнонаучных дисциплин.

Особенностью современного этапа истории выступает тесная интегрированность, а порой – зависимость протекания исторических процессов от информационных технологий как ключевого базиса поступательного развития общества. По выражению того же М. Кастельса, информационные технологии формируют не только образ современного общества, но определяют модели поведения и особенности его развития [14, с. 23-51]. Фундаментальная черта, которую привнесли в общество информационные технологии – интеграция как стирание физических границ и идеологических барьеров, привносит в исследование процессов современной истории целый комплекс несвойственных традиционной истории терминов, категорий и положений, без которых понимание современной истории порой становится невозможным.

Информационные процессы в историческом прошлом, как срез историко-тематического вектора исследований, получают ныне свое логическое развитие. При этом предлагают различные интерпретации самого исследовательского нарратива: от применимости теории информации в истории до использования синергетики как общей методологии исследований [15-16]. Гносеологический тезис выстроен на определении задач исторического исследования. Точнее, представления о том, что поскольку исследование прошлого базируется на информации как таковой, то и соответственно, данная категория должна выступать интегративной основой исследовательского посыла анализа исторических процессов. Все социальные процессы, связанные с хранением, передачей, переработкой социальной информации в прошлом, должны быть проанализированы с точки зрения их информационного содержания, материализации значения, знакового выражения, различий интерпретаций [17, с. 6].

Источниковедческая эвристика выстроена в рамках инновационных представлений о формах и возможностях анализа содержания источника исторической информации, которое материализовано в электронной форме. Рефлексия познания выражена как перенос акцентов на процессы функционирования, трансформации исторического источника в социокультурном контексте.

Эволюция машиночитаемых источников в новый, электронный формат и обособление последних как самостоятельной формы источников, расширяет информационные координаты исторических исследований в Казахстане. Пристальный интерес, проявляемый государством и обществом к своей истории, особенно актуализирует постановку вопроса анализа исторического процесса как многовариантной интерпретации исторической действительности. В этом контексте электронный источник отражает многообразие информационного потока о процессах и явлениях в современной истории Казахстана, выступает репродукцией состояния и динамики исторической компоненты, содержательно отраженной во множестве однопорядковых, взаимообусловленных векторов синергий посредством ее материализации через цифровую среду.

Информационное обеспечение гуманитарной науки Казахстана напрямую связано с исследованием специфики исторического мышления, поиском научных методов постижения исторического процесса в контексте философии истории. Не секрет, что до сегодняшнего времени специалисты-гуманитарии не в состоянии оперировать научным инструментарием, наработанным в мире за годы советской изоляции. И даже сегодня информация о мировых достижениях доходит до них опосредованно, порой через тенденциозно интерпретирующие каналы. Между тем, информационный ресурс общества наряду с природным и техногенным становится цивилизационнообразующим фактором.

Небывалый рост исторических источников массового характера, характеризующих массовые явления и процессы, содержат как качественную, но в большей степени, количественную информацию. Это статистические материалы и данные конкретно-социологических обследований, делопроизводствен-

ная документация различных учреждений и организаций, документы личного учета и многие другие. Многообразие таких источников, получивших название «массовые», поставило перед теоретическим и прикладным источниковедением проблему выработки комплексного, интегрального подхода к их изучению.

В качестве общенаучной методологии источниковедческого исследования в данном случае выступает теория информации, которая позволяет классифицировать исторические источники: по целям создания, по способам фиксации информации, по каналам передачи, по формам отражения информации, по объекту отражения информации, по целевому назначению информации, по методам и принципам фиксации информации, по содержанию и характеру информации. Информационная деятельность как процесс производства, распространения, хранения и использования информации реализуется через многообразие средств, способов, носителей социальной информации. Вкупе вся совокупность их представляет собой особый источник исторических данных, специфика появления и формирования которых обуславливает и соответствующие подходы и приемы исследования.

Вместе с тем, до сих пор в изучении информации преобладает технократический подход, сужающий понимание сущности информации, ее роли в развитии общества. Попытки синтеза представлений об информации, способах анализа ее жизнедеятельности, роли в системе коммуникаций требуют усиления междисциплинарности и поиска общенаучного метода. Подобный синтез подходов к изучению информации возможен лишь в гуманитарной сфере, в сфере исторического знания, что предполагает расширение объекта исследования и обновления методов источниковедческих, что в свою очередь, приводит к усложнению структуры источника, увеличению их количества и видов по мере развития общества и возникновения новых способов информации.

Научно-историческое описание новой формы информационной деятельности общества видится в двух исследовательских аспектах: в историко-описательном хронологическом срезе как социальной действительности; в источниковедческой традиции как предметного пространства способов объективации и приемов извлечения контекстных данных в динамике анализа коммуникативного воздействия на социальные процессы в истории.

Литература

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
2. Кунина А.Е. Проблемы методологии в журнале «История и теория» (США) // Новая и новейшая история. – 2001. – № 5. – С. 214-223.
3. Дройзен И.Г. Историка. Лекции об энциклопедии и методологии истории. – СПб.: Изд-во «Владимир Даль», 2004. – 579 с.
4. Медушевская О.М., Румянцева М.Ф. Методология истории: Учебное пособие. – М.: Изд-во РГГУ, 1997. – 72 с.
5. Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. – М.: Наука, 1987. – 438 с.
6. Блок М. Апология истории или ремесло историка. – М.: Наука, 1986. – 255 с.
7. Иванов В.В. Соотношение истории и современности как методологическая проблема. – М.: Наука, 1973. – 288 с.
8. Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники российской истории: Учебное пособие / И.Н. Данилевский, В.В. Кабанов, О.М. Медушевская, М.Ф. Румянцева. – М.: Изд-во РГГУ, 1998. – 701 с.
9. Савельева И. М., Полетаев А. В. История и время. В поисках утраченного. – М.: «Языки русской культуры», 1997. – 797 с.
10. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға: М. Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 504 б.
11. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана: Елорда, 2004. – 344 б.
12. Ермұқанов Б. Қазақстан: тарихи-публицистикалық көзқарас. – Алматы: Ғылым, 2000. – 248 б.
13. Современное состояние и перспективы развития исторической науки Казахстана и России: Сборник материалов международной научно-практической конференции / Под ред. С.Ф. Мажитова. – Алматы: Тарих тағылымы, 2008. – 424 с.
14. Кастельс М., Киселева Э. Россия и сетевое общество // Мир России. – 2000. – №1. – С. 23-51
15. Бевзенко Л.Д. Социальная самоорганизация. Синергетическая парадигма: возможности социальных интерпретаций. – Киев: Ин-т социологии НАН Украины, 2002. – 437 с.
16. Аршинов В.И. Синергетика как феномен постнеклассической науки. – М. ИФРАН, 1999. – 203 с.
17. Хвостова К.В., Бородкин Л.И. Роль информации в историческом прошлом // Роль информации в формировании и развитии социума в историческом прошлом. – М.: ИВИ РАН, 2004. – 326 с. – С. 5-8

«ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ» ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МЕМОРИАЛДЫҚ ҚОРЛАРЫ

XXI ғасырдың алғашқы он жылдығында мемлекеттік деңгейде ұлттық руханиятымызды түлеткен ерекше оқиғалар болғаны белгілі. Соның бірі де бірегейі «Мәңгілік ел» идеясының идеологиялық тұтқасына айналған Күлтегіннің көктасы көшірмесінің тарихи отанының төрінен, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінен (ол кезде университет мемлекеттік деп аталатын – Д.М.) орын алуы – үлкен оқиға болса, атақты Отырар кітапханасының қайта түлеуі соның заңды жалғасы болды. Қазақстан Республикасының ұлттық тәуелсіздік алуының 10 жылдығына орай Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінің кітапханасы негізінде «Республикалық ғылыми-көпшілік «Отырар кітапханасы» мемлекеттік мекемесін құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныс жасалды.

«Отырар кітапханасы» ғылыми орталығын құрудағы негізгі мақсат: Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениетіне қатысты рухани-тарихи жазба мұраларын сақтау, сирек қолжазбалар мен кітаптарды жинау, жүйелеу және кеңінен пайдалану, «Отырар кітапханасын» ұлттық рухани-мәдени орталыққа айналдыру болып табылды.

Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениетіне қатысты дүние жүзінің әр түкпіріндегі көне қолжазбалар мен сирек кітаптарды, заттай құндылықтарды, көне түрік жазбалары мен жазу үлгілерін (мысалы ұзын саны 16 мыңнан асатын көне түркі сына жазулары қай елде, қай қалада, қандай кітапхана мен мұражайларда сақтаулы тұр) анықтау, оларды бір орталыққа шоғырландыру, археографиялық экспедиция ұйымдастыру, қолжазбалардың түпнұсқасын немесе көшірмесін сатып алу, оны ғылыми негізге түсіру, жинақталған құнды мұраларды әлемдік стандартқа сай сақтау, кітапхана қорын байыту, ғылыми-зерттеу мен библиографиялық талдау, жүйелеу жұмыстарын жүргізу, электрондық байланыстар арқылы дүние жүзінің мәдени орталықтарымен байланыс жасау, соның негізінде қазақ жазуы тарихы мұражайы бөлімін (музей письменности) құру міндеттері қойылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001-жылғы 6 шілде күнгі № 924 Қаулысына сәйкес Л.Н. Гумилев атындағы мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасының негізінде «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы құрылды.

«Егеменді Қазақстан» газетінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы санында еліміздің бір топ зиялылары республика халқына үндеу жариялады. Онда: «Тарихтың талқысына түскен тағдырымыз кезінде өткенді ойлауға, өмір сүріп отырған кезенді талдауға, болашақты болжауға мүмкіндік бермеді. Бірақ «Ұлды ұл деп тәрбиелесең – ұл болады, құл деп тәрбиелесең – құл болады» деген Алаш даналығын ұстанып, ел басына түскен тауқыметке басымызды исек те, ақылымызды, игеміз жоқ. Сондай қасиетті қанымызға сіңірген және ділімізді сақтап қалған ұйықты – білім. Қазір сіз бен бізге ата-бабамыз аманаттап, тасқа қашап жазып кеткен 15 мың түркі жазуы төрткүл дүниенің бар түкпірінде елімізден тысқары жерлерде сақтаулы тұр.

Сол ұлы ескерткіштің заңды мұрагерінің бірі – Қазақ елі, Күлтегін мен Тоныкөктің тасқа қашалған дастанында айтылғандай, «Халқымыз қайтадан еңсе көтеріп, халық болды».

«Енді ұлт боп ұйып, ақыл, қайратты, ниетті бір жерге» біріктіретін кез келді.

Ұлтымыздың ұйытқысы – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей қолдауымен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті кітапханасының негізінде «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы ашылып отыр. Бұл – елдігімізге сын, азаматтығымызға таразы, парасаттылығымызға өлшем болатын тарихи шешім.

... Игілікті іске жұрт болып, жұмыла кірісейік!» [1]– делінген.

«Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы қоры өткен он жылда Әлкей Марғұлан, Сапарғали Бегалин, Мұхамеджан Қаратаев, Тұрсынбек Кәкішев, Оразкүл Нұрмағамбетова, Рабиға Сыздықова, Серік Қирабаев, Әлия Бейсенова, Ақселеу Сейдімбек қатарлы ғалымдардың жеке кітапханаларымен толықты. Ұлы ғалым Әлкей Марғұланның 100 жыл толу мерекесіне орай «Академик Ә.Марғұланның жеке кітапханасы» ашылды. Ғалымның қызы Дәнел Әлкейқызы кітаптары мен қолжазбаларын, тұтынған жеке заттарын ғылыми орталыққа өткізді. Қазақ ССР ҒА-ның академигі, аса көрнекті ғалым, археолог, шығыстанушы, этнограф, тарихшы, әрі әдебиетші Әлкей Хаканұлы Марғұланның жеке кітапханасында 700-ге тарта археология, этнография, шығыстану, тарих, өнертану кітаптары (қазақ, орыс, неміс, ағылшын, қытай, жапон тілдерінде), ғылыми зерттеу экспедицияларының қолжазбалары,

Қазақстанның археологиялық картасы және жеке пайдаланылған бұйымдары (компас, көзәйнек, үлкейткіш әйнек (лупа), фотоаппарат, әмияны, фото-суреттер сияқты жеке заттары да [2]қойылған. Ә.Марғұланның әр жылдардағы экспедицияларының бағыт схемасы жасалған. Ғалымның қоры жыл сайын толықтырылып келеді.

Ғылыми орталықта жазушы С. Бегалиннің 505 қолжазбасы, оның ішінде кезінде идеологиялық тұрғыдан басуға рұқсат етілмеген «Тасарал» атты Кенесары туралы дастаны және Төлеу Көбдіковтің қолжазбасы, Мәди Бапиұлы туралы көпшілікке белгісіз мағлұматтар, 1924 жылы ел аузынан жинаған Бұқар жырау, Қаздауысты Қазыбек би, Досбол би туралы тағы басқа қолжазбалары сақталған. Қолжазбалардың ішінен Л.Толстойдың «Түлкі мен құр» (1914 жылы), Пушкиннің «Қыс», «Қысқы жол», «Аңдар» (1916 жылы), Лермонтовтан «Тамара», «Демон», «Терек», «Үш пальма», «Қайыршы» сияқты туындыларды (1945-1946 жылдары) аударғандығы туралы [3]мәліметтер кездеседі. Қолжазбалардың ішінде латын әрпінде, араб әрпінде жазылған қолжазбалар бар. С.Бегалиннің «Тасарал» поэмасы «Жетінші қазына» (Алматы, «Алаш баспасы», 2004 ж.) атты дастандар жинағында басылып шықты. С. Бегалиннің әдеби мұрасын оның ұлы Хамит Бегалин 2001 жылы ғылыми орталыққа тапсырған.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті сыншы, ғалым-әдебиетші, академик Мұхаметжан Қожасбайұлы Қаратаевтың қорындағы кітаптың жалпы саны – 1060 дана. Олардың дені әдебиет саласына арналған, оның ішінде ғалымның өз еңбектері, басшылық жасаған «Қазақ совет энциклопедиясының» барлық томдары, қазақ кеңес ақын-жазушыларының еңбектері, орыс классиктері М.Горький, Л.Н. Толстойдың шығармаларының толық жинағы, қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың, өзбек жазушысы И.Солтонның, қырғыз ақыны А.Токомбаевтың, украин жазушысы Г.Довнардың қолтаңбамен берілген кітаптары, газетке жарияланған түрлі мақалалары, ескі газет киындылары, диссертациялық, дипломдық жұмыстарға жазған пікірлері, хаттары бар. Ғалымның көп жыл пайдаланған жеке заттары: жазу құралдары, әр түрлі медальдары, фотоальбомдары, медальондары, ескерткіш жазулары бар сувенирлері, алғыс хаттары, алған құттықтаулары, ұнтаспалары тағы басқа заттары [4]сақтаулы тұр. Академик Мұхаметжан Қаратаевтың артында қалған бай мұрасын ғылыми орталыққа әкеліп тапсырған оның балалары.

Белгілі абайтанушы ғалым, жазушы-драматург, аудармашы, сондай-ақ бірнеше буын өкілдерін, тәрбиелеген ұлағатты ұстаз, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қайым Мұхамедхановтың «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы қорында 12 бума қолжазбасы сақтаулы. Ғалым қолжазбаларының дені Абайдың ақындық мектебі аясындағы зерттеулері мен Алаш көсемдерінің қызметі мен мұрасына арналған. Сонымен бірге қорда «Майданнан майданға», «Комиссар Ғаббасов», «Ер Білісай», «Перне» шығармалары және басқа да өлеңдері сақтаулы. Ұстазы Мұхатр Омарханұлының кеңесімен жазған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы гимнінің 1945 жылғы түпнұсқасы, авторлық құқығын қалпына келтіруді өтініп жазған хаты, 1992 жылы жазған гимні де ғалымның ғылыми орталықтағы жеке қорында. 2009 жылы Қайым Мұхамедханов қоры 12 беттен тұратын «Абайдың досы Михаэлис» қолжазбасымен, «Шуро» журналының №19 және «Вакъ» газетінің қосымшасы (№1046), А4 форматты 8 дана фотосуретпен, «Мен Абайды әке деймін» 3 DVD дискімен [5]толықты. Қайым Мұхамедхановтың «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы қорындағы қолжазбалары негізінде шығармаларының он томы жарыққа шықты. Ғалымның артында қалған жазба мұраларын жинастырып орталықтың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырған оның ұрпақтары.

Археолог, қазақ археология ғылымының негізін қалаушылардың бірі –Кемел Ақышевтің мұражай-кабинеті де «Отырар кітапханасы» ғылыми кітапханасында орналасқан. Ғалымның жеке кітапханасында 615 кітап пен ғылыми зерттеу еңбектерінің қолжазбалары қойылған. 1955 жылдан бастап өмірінің соңғы жылдарына дейін тарих және археология саласында жұмыс істеген ғалымның қорында оның ғылыми жолымен, рухани мұрасымен кеңінен таныстыратын сызбалар мен археологиялық карталар, суреттер мен диафильмдер [6]қойылған.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ғалым-ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев өткізген кітапхана қоры 5600 дана, оның ішінде сирек кітаптар мен қолжазбалар, мерзімді басылымдар, жалпы 21 тілде (қазақ, орыс, араб, шағатай, парсы, қырғыз, өзбек т.б.) жазылған еңбектер бар. Қордың құрамында құнды кітаптар көптеп кездеседі. Мысалы: М. Қашқари «Түрік сөздігінің» үш томдығы (1997-1998 жж.), Б. Майлин шығармаларының 6 томдығы (1960-1964 жж.); «Манастың» 4 томы (1961-1962 жж.); С. Мұқановтың таңдамалы шығармаларының 5 томдығы (1955-1957 жж.), Ғ.Мүсіреповтың «Шығармалар жинағының» 5 томдығы (1976 ж.), М.Әуезов шығармаларының 20 томдығы (1979-1985 ж.), М.Әлімбаевтың 14 кітабы, «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» 6 том (1975-1989 жж.), «Қазақ халық әдебиеті» кітабының 6 томы (1986-1990

жж.), Ә.Тәжібаев «Шығармалар жинағының» 5 томдығы (1978-1981 жж.), Пекиннен шыққан «Қазақ хисалары» және 20 папкадай қолжазбалар (екеуі араб тілінде, Құранның тәбсірі (1930 ж.)) т.б.

2007 жылы 12 қаңтарда әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымының докторы, академик С.Қирабаев пен жаратылыстану ғылымдарының докторы, академик Ә.Бейсенованың «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығындағы мұражай-кітапханасы олардың сыйға берген кітаптары негізінде ашылды. Академиктер мұражай – кітапханасы қорында жаратылыстану, тарих, тіл білімі, ауыз әдебиеті үлгілері, қазақ тіліндегі және орыс, өзбек, ұйғыр, түрік тілдеріндегі көркем әдебиеттер мен газет-журналдар, ғалымның қолжазбалары, орыс және қазақ тілдеріндегі авторефераттар бар. Академиктер қорының бір ерекшелігі мұнда әдебиет мәселесіне қатысты республикалық, одақтық газет-журналдардың бірнеше жылғы басылымдары сақталған. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1953 жылдан бергі, «Ана тілі» газетінің 1990 жылдан бергі тігінділері, «Әдебиет және искусство» журналының 1953-57 жылдардағы нөмірлері, «Жалын» журналының 1969 жылдан 1998 жылдарға дейінгі нөмірлері, «Жұлдыз» журналының 1957-2005 жылдардағы нөмірлері бар. Сол кездегі Одақ көлеміндегі «Вопросы литературы» журналының 1957-1993 жылдардағы, «Дружба народов» журналының 1971-1989 жылдардағы, «Литературная учеба» журналының 1978-1990 жылдардағы нөмірлері, «Литературное обозрение», «Мысль», «Простор» журналдарының бірнеше жылғы нөмірлері жинақталған.

Сирек кездесетін құнды дүниелерді де осы қордан табуға болады. Қорда: «Қазақтың Біріккен Мемлекет Баспасынан» 1948 жылы шыққан Абай шығармаларының толық жинағы, 1933 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан Т.Жароковтың «Нептістан» поэмасы, «Қазақтың көркем әдебиет» баспасынан шыққан И. Байзақовтың шығармалар жинағы, Ә.Сәрсенбаевтың 1940 жылы шыққан «Ант» өлеңдер жинағы, Қ.Аманжоловтың 1948 жылы «Қазақтың Біріккен Мемлекеттік баспасынан» шыққан «Дауыл» өлеңдер жинағы мен 1949 жылы шыққан «Балбөбек» жыр жинағы, «Қазақтың Біріккен Мемлекеттік баспасынан» 1939 жылы шыққан «Батырлар» атты жинақ, Ғ.Мұстафиннің 1941 жылы «Қазақстан Біріккен Мемлекеттік баспасынан» шыққан «Өлім мен өмір» атты прозалық шығармасы бар. 1937 жылы «Қазақстан мемлекет баспасынан» шыққан 5-сыныпқа арналған «Әдебиет хрестоматиясы», 1940 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің хрестоматиясының» 1, 2 – бөлімі, 1935 жылы «Қазақ көркем әдебиет» баспасынан шыққан 217 беттен тұратын «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері», 1939 жылы «Қазақ көркем әдебиет» баспасынан шыққан 75 беттік Нарманбеттің өлеңдер жинағы, М.Әлімбаевтың «Қазақстан Біріккен Мемлекет баспасынан» 1941 жылы шыққан «Толғау» атты өлеңдер жинағы, «Ер Тарғын» жырының «Көркем әдебиет» баспасынан 1937 жылы шыққан нұсқасы да - қордың бағасыз байлығы. Сол сияқты 1948 жылы жалпы редакциясын С.Мұқановтың басқаруымен шыққан Қ.Жұмалиевтың «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» деген ғылыми еңбегінің орны ерекше. Сонымен қатар, мұнда С.Мұқановтың 1935 жылы «Көркем әдебиет» баспасынан шыққан «Теміртас» романы, 1936 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Айтыс» атты шығармасы, 1938 жылы «Қазақ көркем әдебиет» баспасынан шыққан «Жұмбақ жалау» атты 3 бөлімді романы, «Қазақ көркем әдебиет» баспасынан шыққан А.Тоқмағамбетовтың өлеңдер жинағы, 1940 жылы «Қазақ көркем әдебиет» баспасынан шыққан қазақ ақындарының «Тарту» атты жыр жинағы, орыс әдебиетінің классик жазушысы Н.А. Крыловтың қазақ тілінде «Қазақстан Мемлекеттік Біріккен Баспасынан» 1944 жылы шыққан «Мысалдар» жинағы, А.Бектің қазақ тілінде «Қазақтың Бірлескен Мемлекет Баспасынан» 1947 жылы шыққан «Арпалыс» романы, С.Сарғасқаевтың 1955 жылы шыққан «Сәуленің жаңа достары» шығармасы, 1949 жылы шыққан Ә.Сәрсенбаевтың «Төлдер айтысы», «Ақша бұлт», 1945 жылы шыққан Қ.Сатыбалдиннің «Әлия» атты шығармалары, М.Әуезовтің «Ертегілер» жинағы бар.

Мұражай - кітапханадағы С.Қирабаев қолжазбалары да құнды дүниелер. Мұнда ғалымның «С.Көбеевтің жазушылық қызметі» деген тақырыптағы филология ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін дайындаған диссертациясының қолжазбасы, авторефераты, докторлық диссертациясының қолжазбасы, сонымен бірге, Абай, Жамбыл, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытовтар туралы жазған зерттеу еңбектері, мақалалары мен баяндамаларының қолжазбалары бар. Әдебиет зерттеушілерінің кандидаттық, докторлық диссертацияларының орыс тілінде 420 және қазақ тілдерінде жазылған 161 авторефераты да осы қорда.

Ғалымның әр жылдары жазған оқулықтары мен ғылыми еңбектері де мұражай – кітапхананың төрінен орын алған. Олар: 1956 жылы жазылған «Ғ.Мұстафин» деген сын - библиографиялық очеркі, 1976 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Әдебиет және дәуір талабы», 1981 жылы шыққан «Шындық және шығарма», 1983 жылы шыққан «Шындық және шеберлік», «Уақыт және қаламгер», «Революция және әдебиет», «С.Сейфуллин», «Талантқа құрмет», «Тәуелсіздік рухымен», «Ұлт тәуелсіздігі және

әдебиет» атты зерттеу еңбектері, орта мектептің 9-10 сыныптарына арнап 1982 жылы жазған «Қазақ әдебиеті» оқулықтары мен хрестоматиялары бар.

«Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы құрылғанда өздерінің жеке кітапхана қорларындағы кітаптарын табыс еткен ғалымның бірі ҚР Ұлттық ғылым Академиясының академигі Өтелбаев Мұхтарбай. Ғалымның қорға тапсырған кітаптарының саны 147. Олардың дені математика ғылымы саласынан: «Математическая энциклопедия» 14 томдық, В.А. Стеклов атындағы математика институтының әр жылдары жарық көрген көп томдық, шетел математиктерінің кітаптары т.б. құнды еңбектер бар.

Көрнекті фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Болатжан Шайзадаұлы Әбілқасымов 2009 жылдың 9 мамырында «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығына өзінің жеке кітапхана қорларынан 147 кітабын (қолтаңбасымен) және 50ден аса авторефератты сыйға берді.

Жазушы Олжас Омарұлы Сүлейменов 1670 жылғы Қытайда басылған Шың Гу. Жоу Цзяның «Жоу дәуіріндегі даналардың шешендік сөздерінің түсіндірмесін» тапсырды. Еңбек Сұң дәуірінде ХІ ғасырда жазылған, көлемі 40 бет.

«Отырар кітапханасы» ғылыми орталығын ашу бастамасының жанашыры әрі ұйымдастырушыларының бірі Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов қорында 236 кітап пен 45 журнал бар. Жеке қордан халық даналығын, жыр-дастандарды, тарих, әдебиет, саясат және басқа да ғылым салаларынан ғылыми зерттеулерді, жоғары оқу орындарына, мектепке арналған оқулықтарды табуға болады.

Жазушы-ғалым, «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбайдың жеке кітапхана қорында мұрағаттардың көшірмелері, қолжазбалар, Египеттен, Ираннан, Түркиядан, Монғолиядан, Қытайдан т.б. шетелдерден әкелінген қазақ тарихына қатысты 700 данадан астам атаулы кітап бар. Солардың ішінде Әл-Фараби, Өт-Табари, Ғазали сынды ғұламалар еңбектері, «Түнектен кейін атқан таң», Доктор Мухәммәд Сүһәйл Тоққуштың һижри жыл санауы бойынша 648-928 жылдары жазылған «Мысыр және Шам елдеріндегі Мәмлүктер тарихы», әлемдегі ең ұлы 72 томнан тұратын, 26 мың жылдың тарихын қамтитын, оның ішінде көшпелі түрік жұртының да тарихтарынан мағлұматтар сақталған «24 тарихтың» толық басылымы яғни қытай тіліндегі 24 томдық «Чин дәуіріндегі (1616-1911 жж.) шекара өңіріне қатысты Мәнжу жазуындағы мұрағаттар тізбесі», профессордың шетелдерден алып келген сирек қолжазбалар мен құнды кітаптары [7]бар. Ғылыми орталықта осы қордағы бай материалдар негізінде түрлі гранттық тақырыптар бойынша іргелі зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Орталықтың он жыл бойы жарыққа шыққан кітаптарын дайындауда да қордағы деректер пайдаланылды және пайдаланылуда. Т.Қ. Жұртбайдың жеке кітапхана қоры жыл сайын жаңа кітап, қолжазба және авторефераттармен толықтырылып келеді.

«Алтын орда» газетінің тілшісі Әшеева Рәзиға өзінің жеке кітапхана қорынан ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, І.Есенберлин, Т.Ахтанов, Т.Айбергенов, М.Мақатаев, М.Шаханов, Ұ.Есдәулетов т.б. жазушылардың әр жылдары жарық көрген кітаптарын, 1966 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Қазақ совет поэзиясының антологиясының» 2 томдығын, діни тақырыпта жазылған түрік жазушысы Фетхуллах Гүленнің «Очерктер-Мақалалар-Пікірлер» (2008, 12 б.), Халифа Алтай Ғақыпұлының «Таңдамалы хадистер аудармасы» (1993, 112б.), «Ғибадатул-Ислам» (1994, 128б.) кітаптарын «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығына сыйға тартты. Сондай-ақ, металлургия өнеркәсібіне, математика, физика, астрономия, заң терминдерінің саласына арналған «Орысша-қазақша терминология сөздіктері» мен «Әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі» (Аманжолов К., 1982, 128 б.), З.Күзекова мен Т.Тұяқбаевтың «Қазақша-орысша дипломатиялық қысқаша сөздігі» сияқты еңбектер де бар.

«Отырар кітапханасының» сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында зерттеушілер мен ізденушілер үшін қажет ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында қағазға түскен төте жазумен жазылған (шағатайша, қадым, жадидше) құнды қолжазбалар сақтаулы. Қолжазбаларды мазмұнына қарай: әдеби, ғылыми, діни қолжазбалар деп бөлуге болады.

Әдеби қолжазбалар: шағатайша жазылған ғазалдар, рубайлар, хикметтер, қадымша және төте жазумен жазылған өлеңдер, діни өлеңдер, дастандар, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер.

Діни қолжазбалар: хадистер, діни кітаптардың түсіндірмелері, Құранның, Қалам шариғтің, Мұқтасардың аудармалары мен тәпсірлері.

Ғылыми қолжазбалар: жылнамалық және құқықтық тақырыптағы қолжазбалар мен сөздіктер, ғылыми танымдық еңбектер т.т. Қолжазбалардың тағдыры да ауыр, олардың дені қасіретке толы ХХ ғасырды сандық түбінде, үйлердің қабырғасында, қабір ішінде жасырынып жатып өткізген, көбі бұрын жарық көрмеген, зерттелмеген дүниелер. Қолжазбалар ел арасынан, жеке адамдардың қолынан

жиналған, шағатайша және қадымша қолжазбалар толық емес, кейбір беттері жыртылған, жоғалған. Сондай-ақ қалың қазақты қанға бөктірген кешегі тоталитарлық жүйе тарихын зерттеушілер, тарихтан тағылым алам деген қалың оқырман «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан, мемориалдық жеке қорлардан мәселеге қатысты деректермен, зерттеулермен, танымдық еңбектермен танысуына, қазақ зиялыларының артында қалдырған мол мұрасымен сусындауына әбден болады.

Университет ректорының 2009 жылдың 27 наурызындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығын қайта құру туралы» (№456 ж.) қаулысына сәйкес «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығынан студенттер кітапханасы жеке бөлініп, «Университет кітапханасы» болып қайта құрылды. «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы өз алдына ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын орталық болып қалдырылды. Ғылыми орталық бүгінгі күні осы бағытта жұмыс атқаруда.

Әдебиеттер

1. Ұлы отырар кітапханасын қалпына келтірейік! Қазақстан жұртшылығына үндеу //«Егеменді Қазақстан». - 2001 жыл. - 4 желтоқсан.
2. «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығындағы академик Әлкей Марғұланның қоры.
3. «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығындағы жазушы Сапарғали Бегалиннің қоры.
4. «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығындағы академик Мұхаметжан Қожасбайұлы Қаратаевтың қоры
5. Отырар кітапханасы» ғылыми орталығындағы филология ғылымдарының докторы, профессор Қайым Мұхамедхановтың қоры.
6. Отырар кітапханасы» ғылыми орталығындағы тарих ғылымдарының докторы, профессор Кемел Ақышевтің мұражай-кабинеті.
7. «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығындағы филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбайдың жеке кітапхана қоры.

МҰХАМЕДХАНҰЛЫ Н.

т.ғ.д., проф.,
әл-Фараби ат. ҚазҰУ

ШЕТ ЕЛДЕРДЕ ҚАЗАҚ ҚАУЫМДАСТЫ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ СЕБЕПТЕРІНЕ ТАЛДАУ

Қазіргі таңда шетелде қазақ қауымдастығының сақталып отыруы - әлемдік саяси тарихи процесстер салдарының көрінісі. Дегенмен ол бір мезетте бола қалған кездейсоқ құбылыс емес, керісінше ХҮІІІ ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейінгі мезгілде қазақ және әлем тарихында орын алған аса зор саяси өзгерістердің салдарынан пайда болған күрделі қоғамдық құбылыс. Бұл қоғамдық құбылыстың қайдан пайда болғанын анықтау үшін алдымен оның тарихи себептерін қарастыруға тура келеді.

ХҮІІІ ғасырда қазақ халқы өзінің ертеден қалыптастырған кең-байтақ этнотерриториясында, өз мемлекетінің - Қазақ хандығының басқаруында біртұтас ел ретінде өзінің дәстүрлі тіршілік формасында өмір сүретін. Ол кезде қазақ халқы Жүздік әкімшілік аумақтар бойынша орналасқан және бір-бірімен байланысты біртұтас ел болатын. Ендеше қазақ халқының жүздер бойынша географиялық орналасуларын еске түсіріп көрейік.

Ұлы жүз қазақтарының қысқы жайылымдары – Оңтүстік Балқаш өңірі, Мойынқұм, Іле, Шу және Талас өзендерінің аңғарлары; ал жазғы жайлаулары – Тянь-шань мен Қаратау жотасының солтүстік сілемдері. Аймақтың оңтүстігіндегі Ұлы жүздің көшіп-қонатын өңірі - Ташкент қаласы мен оған жапсарласып жатқан қалалар және отырықшылық – егіншілік қыстақтар, Ферғана алқабының солтүстік-батыс бөліктері, Шыршық және Арыс өзендерінің аңғарларына дейін созылып жатты және Сырдария маңында Бұқара хандығымен шектесті, Жетсу жеріндегі солтүстік шегі Орта жүз қазақтары қоныстанған ауданмен тікелей ұласты.

Орта жүз қазақтары – Солтүстік-шығыс, Орталық, ішінара Оңтүстік-шығыс Қазақстанның кең-байтақ кеңістігін алып жатты, оңтүстігі Сарысу өзені және Шу өзенінің төменгі ағысын бойлай Сырдарияның төменгі ағысына қарай көлбейді, Арал теңізі – Ырғыз, Торғай шебі арқылы солтүстікке қарай созылып, Кіші жүздің шығыс қонысымен ұштасты; одан әрі Тобыл өзеннен Торғайдың жоғарғы жағасымен Сібірдегі башқұрттардың қоныстарымен шектесті; Солтүстігінде Нұра мен Есілдің жоғары ағысына қарай созылып, Ертіс бағытымен шығысқа созылып жоңғарлардың жайылымдарына барып тіреліп жатты.

Кіші жүздің жері – қазіргі батыс Қазақстан аумағын алып жатты. Шығысы Орта жүздің қоныстарына ұласты, оңтүстігі Қарақұм құмдарына қарай және Сырдарияның төменгі ағысына дейін қарақалпақтардың қоныстарына, Түркістан аймағына жетіп, ондағы Ұлы жүз бен Орта жүз тайпаларының жайылымдарымен тұтасты. Оның жазғы жайлаулары – Үстіріт жазығы, Ор, Жайық, Елек, Жем, Темір өзендерінің салалары бойында, Мұғалжар тауы аймағы болды; ал қыстаулары – Ырғыз өзендері, Сырдарияның төменгі ағысы, Арал теңізінен оңтүстікке қарай созылды, Маңғыстау түбегі, Атрау алқабы мен Нарын құмдарында болды [1, 96-97-б.].

XVIII ғасырдың басындағы қазақ ханқының жалпы саны 2-3 миллиондай адам болған деген зерттеулер бар [2, 21-б.]. Ол тұста қазақ халқын Тауке хан біртұтас билеп тұрған еді. Тәуке хан өзі түзген «Жеті жарғы» арқылы ел іші берке-бірлігін нығайтып, қоғамдық қатынастарды реттеп, мемлекет қуатын артырып, сырттан келетін шабуылдарды тойтарып, «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейбіт заман орнатқандай болған еді. Бірақ мұндай бейбіт заман көпке сөзылмады, 1718 жылы Тауке хан өмірден өтісімен-ақ қазақ қоғамында бүркемеленіп жатқан қайшылықтар жарыққа шыға бастады. Сұлтандардың билік үшін күресі үдей түсті. Олардың күресі Орталық – мемлекет билігін нығайту үшін емес, өздерінің ықпалындағы ру-тайпалардың шағын бірлестіктер немесе одақтастықтар сипатындағы аумақтық әкімдіктер құруға көбірек бой ұрды. Тәуке хан тағына «Болат отырды дегенмен де, нақты өмірде билікке Қайып хан ие болған» [3, 282 -б.] екен. Міне, бұдан қазақ қоғамында тақ күресінің қаншалықты шиленісті болғанын көруге болады. Бұл ғана емес, ішкі берекесіздіктен әр жүздің ру-тайпалары алды-алдына хан көтерген қалың билеушілер бір мезетте саяси саханаға келді. Мысалы, Тұрсын хан, Әбілхайыр хан, Рустем хан, Абдолла хан және оның ұлы Жолбарыс хан, Болат хан, Сәмеке хан, Әбілмәмбет ханнан Абылай ханға барғанда ғана елдің біртұтастығы қайта қалпына келе бастады.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында Қазақ хандығы ішкі алауыздықтан әлсіреуге, бөлшектеніп майдалануға бет алған кезде, онымен тарихы тамырлас өзбек хандықтары (Бұқара, Хиуа және Қоқанд) да «өзара кикілжіндері мен бүліктері аса ұшығып тұрған, өте ауыр күйзелісті бастан кешіріп жатқан болатын» [4, 74 -б.]. Солайда олар қазақтарға қысым көрсетіп ығыстырып отырды. Еділ жақтан қалмақтар шабуыл жасады, Жайықтың арғы бетіндегі башқұрттар да қазақ жеріне баса-көктеп келіп барымталап жатты, Солтүстік Сібірдегі казактар сұғанақтық жасап елдің шырқын бұзып, мазасын кетіре бастады.

Ал қазақтардың шығысындағы Жоңғар хандығының жағдайы Қазақ хандығынан өзгеше бағытта дами бастады. Олар 1640 жылы қабылдаған «Халқа ойраттар Заңы» арқылы өздерінің ішкі береке-бірлігін нығайтып, шаруашылығын дамытып, әскери қару-жарағын жаңартып, елдің жалпы күш-қуатын мығымдай бастаған-ды. Содан бері жоңғарлар қазақ даласын және сауда қалаларын ауық-ауық шауып кетіп отырды. Әрине, оған жауап ретінде қазақтар да оларға соққы беріп тұрды. Жоңғар ханық тағына Цэван-Работанның (1697-1727 ж. билік басында болған) келуімен олардың сыртқы шабуылының мақсаты өзгерді. Ол өзінің қазақтардан кек қайтару үшін қырғындау жорықтарын ұйымдастырды. Ол өзінің бұл мақсатын Цин (Чин) империясына ашық атқан болатын [5, 54-б.]. Бірақ оның 1710 және 1718 жылдары қазақ еліне жасаған шабуылдары оның ойлаған мақсатына жетпеді. Сонан соң ол көп дайындалып, қалың қол топтап 1723 жылы ерте көктемде қазақтарға кенеттен сұрапыл шабуыл жасады. Жоңғарлардың осы шабуылы қазақ халқын өте ауыр күйзеліске ұшыратты. Ол оқиға «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен ұлттық трагедия ретінде ел жадында мәңгілікке сақталып қалды. Осы шабуылының нәтижесінде «ойраттар Ташент, Түркістан, Сайрам қалаларын басып алды, ауылдарды және бірқаншалаған Орта жүз бен Ұлы жүз руларын қырғындады. Ендігі жерде тұқымымен құрып кепеу үшін қазақтар көше бастады, өздеріне жақынырақ маңдағы басқа Орталық Азиядағы халықтар арасына бытырап кеттіп, Ортазиялық хандықтары жерлеріне барып қоныстанды» [6, 94-б.]. Міне, осылайша қазақта ел бытырап, мал жамырап кеткен тарихта болмаған ауыр жағдай орын алып, бір мезет ел есенгіреп қалған-тұғын. Бірақ ел билеушілері естерін тез жинады. Олар жаудан ырықсыз ықтай беруден гөрі белсенді түрде қайтарма шабуылға өту – ең жақсы қорғану деп білді де, бүкіл халықты береке-бірлікке шақырып, жұдырықтай жұмылып жоңғар басқыншыларына қайтарма соққы беруге бел байлады. Сонымен 1726 жылы үш жүздің игі жақсылары Ордабасында бас қосып, зор кеңес мәжілісін өткізді. Ол мәжілісті «Болат хан ашқан. Бірақ кездесу барысындағы сөз де, билік те, байлам да қазақтың үш жүзінен келген билерде болған» [7, 35-б.] дейді профессор Сәбит Жолдасов. Айтса айтқандай, Қаз дауысты Қазыбек бидің ұсынысымен Кіші жүздің ханы Әбілқайыр үш жүздің қарулы күштерінің бас сардары – қолбасшысы болып сайланды. Сонымен Әбілқайырдың қолбасшылығымен қазақ жасақтары 1726 жылдың соғы мен 1727 жылдың басында жоғарларға қайтарма шабуыл жасап, жеңіске жетеді. Жеңіле бастаған жауды жермен жексен етіп талқандау үшін қазақ жасақтары 1728 жылы Арқада, Сарысудың батысындағы Бұланты бойында соғыс жүргізіп, жауды ауыр шығынға ұшыратты, 1729 (1730 ж.) жылы Балқашкөлінің оңтүстігіндегі Итішпес көлінің маңында жоңғарларға қарсы ұрыс

ашып, толық жеңіске жетті. Бұл жеңістер қазақ жасақтарының жауынгерлік күш-жігерін арындатып, елдің еңсесін көтере түскен кезде, қазақтың ұлы ханы Болат хан қайтыс болды. Сонымен ұлы хандық таққа Әбілқайыр мен Сәмеке таласып, жаңадан ел болып топтасқан халықтың бірлігіне нұқсан келтірді. Соған байланысты билер бас хандықты ол екеуіне де бермей, хандық мәртебені Әбілмәмбетке ұйғарды. Сонымен билікке өкпелеген ол екеуі де өз жасақтарын ертіп соғыс шебінен шегініп кетті.

Әбілқайыр ендігі жерде сыртқы күштердің қолдауы арқылы бас хандық билікке қол жеткізу үшін Ресей империясына байланысқа шықты. Қазақстан, Орталық Азия арқылы Үнді теңізіне шығу орыстардың ойындағы, жоспарындағы стратегия болатын. Енді міне, сол мақсатын жүзеге асырудың орайын қазақтардың өздері әзірлеп берді. Әрине бұл Ресей империясы үшін Көктен сұрағанын жерден тапқандай іс болды. Сонымен Ресей империясы Қазақ даласын отарлауды Әбілқайыр арқылы Кіші жүзден бастауды жоспарлап, 1731 жылы алғашқы ресми елшісін жіберді. «Әбілқайыр 1731 жылы Тевкелев елші болып келгенде кездесуге түнде шақырған. Ру басылары біліп қоймасын деп елшіге қазақи жұпыны киім кигіздірген»[8, 82-б.] екен. Осының өзінен-ақ Кіші жүз элитасының Ресей империясының уысына түсуге қарсы екендігін білдіреді. Бірақ орыс отаршылары бәрібір орайды қолдан жібермей Кіші жүз жеріне ене бастады, бірақ олар алғашқы кезде экспанциясын дипломатиялық тәсілдер арқылы жүргізді. Сонымен ХҮІІІ ғасырдың 30- жылдары қазақ қоғамының саяси өміріне Ресейдің отарлық саясты кимелеп кірді.

Ол тұста қазақтың Орта жүзі мен Ұлы жүзінде де қайтадан берекесіздік етек алып, қазақ жасақтарының жауынгерлік қуаты әлсіреген еді. Осы жағдайды жақсы біліп отырған жоңғарлар қазақтарды келе-междеп, намысын тапта, елін жасыту үшін ашық жекпе-жектерге қазақ жігіттерін шақыратын болған. Сондай жекпе-жектердің бірінде, 1731 жылы Әбілмансұр жоңғар батыры Шарышты мерт қылып, елінің намысын тіктеп, Аылайлап жауға шауып, көптік көзіне түсеіп танылды. Сондан бастап Әбілмансұр «Абылай» деген атпен қазақтың саяси саханасына көтерілді. Жас та жігерлі Абылай алғашқы кезде Орта жүздің сұлтаны және әскери қолбасы ретінде, қазақ халқының жоңғар шапқыншыларына қарсы күресіне жетекшілік етіп, ат үстінен түспей алдыңғы шептегі шайқастарға қолбасшылық жасады және жеңістен жеңіске жетіп, атақ даңқы алысқа тарап, саяси беделі өсті. Соған байланысты Ресей империясы да оған назар аудары бастады. Мысалы, 1740 жылы 19 тамыз – 1 қыркүйекте Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының Орынбор қаласына келген өкілдерімен В.Урусов жүргізген хаттамасында: «Кешке қарай генерал В.Урусов Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға тілмаш Мақсұтов арқылы бір үлкен шатыр жіберді»[9, 81-б.] –деген дерек, Абылайдың қазақ саяси элитасындағы аса салмақты тұлға болғанын көрсетсе керек.

Ал жоңғарлардың алдында Абылай асу бермейтін алып тұлға еді. Сонықтан олар 1741 жылы ебін тауып Абылайды тұтқындап, бір жылдан артық қамауда ұстап тұрып, оны қалыптасқан жағдайды (жоңғарлардың үстемдігін) мойындауға көндірмек болған еді. Алайда Абылай жоңғарлардың қазақтарға өктемдік көрсетіп, атажұртын алып жатуын мүлде қабылдай алмайтыны ақиқат еді. 1742 жылы Абылай жоңғарлардан елге оралғанда, Әбілмәмбет салтанатты түрде өзінің хандық билігін оған сеніп тапсырады»[10,95-б.]. Сонымен Абылай хан қазақ халқын жоңғар басқыншыларынан азат ету, этнотерриториясын қалыпына келтіру және елді біртұтастандып, мемлекеттілікті нығайту жолындағы машақатты күресін бастап кетті және одан зор нәтижеге қол жеткізді. Сөтіп қазақ елі күшеюге бет алды. Ал жоңғарлар болса, 1745 жылы Қалдан Сереннің қайтыс болуына байланысты хандыққа таласқан күреске түсті, оның арты қырғын соғысқа апарып соғып, іштей бөлшектеніп, Жоңғар хандығы құлдырауға бет алды. Демек, Қазақ хандығының күшеюімен бараллель Жоңғар хандығының әлсіреу процесі басталып кетті. Сонымен жоғарлардың қазақтарға өктемдігі аяқтады, Абылай хан билікке таласқан жоңғар нояндарының кезек-кезегімен келіп көмек сұрайтын адамына айналды. Абылай хан бұл жағдайды өзіне өте ұтымды пайдаланып, карама-қарсы топтардың әлсіздерін әдейі қолдау арқылы күштілерін әлсірету немесе өзін-өзімен күйрету тәсілін қолданып, өз күшін барынша нығайтты. Бұл туралы жазылған Ресей деректерін келтірейік. 1753 жылы желтоқсан айында Ресей барлаушыларының алған ақпарында: «Бұл қырғыздар (қазақтар –Н.М.) Давациға (қазақша да Дауаш –Н.М.) көмек көрсеткен, олардың көмегі арқылы ол көптеген қалмақтардың ұлыстарын талқандап, тұтқындар алып келген. ... Абылай сұлтан өз ұлысын бастап барып, оларға осындай көмек көрсеткен» [11, 438-б.]; 1754 жылы 4 қаңтардағы Вилепкиннің мәліметінде: «1753 жылдың қаңтар айында қырғыздардың (қазақтардың) ұлыстарынан 5 мың әскер шығарып Давациге көмектесіп, Дорботты жойған. Себебі, Дорбот Давациға бағынғысы келмей, Намукужирарды хан сайламақ болған. ... Уранхайлықтар Даваци жағында болған. Көмекке барған қырғыз (қазақ) әскерлері қалмақтардың екі өңірін тас-талқан еткен»; «Содан олжалаған қыздарды қырғыздарға (қазақтарға) берді. Күйретілген екі ұлыстың малдарының азырағын қырғыздарға (қазақтарға) берді, тек олардың азығына ғана жететіндей бөлігін, қалғандарын

Давақи бір өзі иемденді»; 1753 жылы 31 желтоқсан күні Вейлепкин «бір мың адамнан ұйымдасқан Әмірсаңа көмектеспекші екен» [12-438-б.] деп мәлімдеген. Абылайдың әскери күші әлсіздеу Әмірсананы қолдауының себебі – ол Абылайға «не сұраса соны беретін болған» [13-400-б.] екен. 1754 жылғы Қытай Цин империясының орда хаттамасында да: «Абылай Батымашылин, Есендермен бірге, ойрат, қалмақ әскерлерінен он мың қолды бастап, Бұратала қатарлы жерлердегі жоңғар малшыларын талан-таражылап, қолға түсірген малшыларды алып қайтты» [14-29-б.] деген мәлімет жазылған. Осы оқиғаны анықтаған қытай шонжарларының патша ордасына жолдаған мәліметінде: «1755 жылы ақаның 6 күні Бан Ди Іледегі Махмұт деген адамнан сұрағанда, ол: қазақ әскерелрі Ілеге келіп ұйғырлардың астығын талан-таражылап кетті. Олар қазір Сағансу белінде жатыр – дейді. Жағдайға қарағанда, қазақ әскерлері Ілеге жақын жерде тұр екен» [15, 15-16-б.] - деп жазылған. Міне, бұл деректер Абылай ханның жоңғарларға қолданған әлсірету саясатының нақтылы тәжірибесін көрсетеді.

Әмірсаңа Абылай хан арқылы өз мақсатын іске асыра алмайтынын сезген соң, ол Цин империясының қолдауы арқылы Жоңғар ханы болуды көздеп, өзің 20 мың жасағын ертіп, Цин патшалығына көмек сұрап барады. Онысыз да жоңғарларға жорық жасауға дайындалып жатқан Цин патшалығы Әмірсананы құшақ жая қарсы алады. Оған тілегің орындалады деп алдауратып, «шекараны тыныштандыру сол қанат генералы» деген шен беріп, жоңғарларды алдын ала барлау жасауға аттандырып жеберді. Әмірсананың 1755 жылы ақпанның 1 күні барлаудан жіберне мәлімдеінде: «Ақжолдың айтуынша, Батымашылин (Батыма-Церен деп те жазылады –Н.М.) мен Абылай Дауашқа жорық жасап, Бұраталаның сырт жағындағы елді талан-таражылап кетіпті»-делінген. Осы ақпарға талдау жасаған патша ордасы әскери басқармасы: «Дауаштың күші әлсіреп, жоңғарлар күйрейін деген екен. Егер біз [жоңғарларға] жедел әскер аттандырмасақ, қазақтардың көлденең олжаға ие болып кетуі сөзсіз» [16,7-8 б.] генен көзқарасын патша Цияньлунға (Чиянлунға) ұсынады.

Міне, осындай тексеріп-зерттеулердің негізінде Цин империясы ордасы Жоңғар хандығын әскери күшпен жоюға шешім қабылдады. 1755 жылдың ақпан айында Цин империясы Жоңғарияға екі бағытпен екі жүз мың қалың қолын аттандырды. Олар Баркөл және Улиастай бағытымен шеру тартып, қарсы келгендерді апырып-жапырып, сәуір айында Бұраталаға жетіп тоғысты. Одан соң екі бағыттағы әскерлер бірігіп, Дауаш тұрған Іленнің Моңғолкүре ауданына (Өртекеске) қаптап барып, Дауашты тірідей қолға түсіріп, Жоңғар хандығын түбегейлі жойды. Сонымен Цин патшалығы жоңғарлардың жері мен аман қалған халқына төрт ноян тағайындап, оларды өзі тікелей басқаруға алғандығын мәлімдеді. Цин империясына сүйеніп хан болуды армандап алдына барған Әмірсаңаға тек бір тайпа елдің нояндық билігін ғана берілді. Бұған нарасы болған Әмірсаңа 1755 жылдың күзінде Цин әскерлері кері қайта бастағанда, оларға қарсы қарулы көтеріліс жасады. Бірақ ол соғыста жеңіліп, қазақ даласына қашып барып Абылай ханды паналады. Жыл өткен соң ол әскерін қайта жинап және де Цин әскерелеріне қарсы соғыс ашты. Бірақ ол бұл жолы тағы да жеңіліп, Орта жүз жеріне қашып келіп ізін жасырды. Бұл рет Цин империясы Әмірсананы өкшелей қуып ұстауға бел байлады.

Цин патшалығы Жоңғарларға жорық жасау қарсаңында қазақтарға елші жіберіп байланыс жасаған болып, олардың райын – рақиясын барлап баққан болатын. Енді Әмірсаңа мәселесі бойынша Абылай ханға арнайы хат жолдап, елші жіберіп, Әмірсананы тұтқындап беруді сұрады. Бірақ Абылай хан оған орай ешқандай әрекет жасамады. Сонымен Цин империясы Әмірсананы тұтқындап келу үшін үш бағытпен үш түмендей әскерін қазақ жеріне аттандырады, бірақ қолбастаған сардарларына: «Біз тек сұмырай Әмірсананы ғана тұтқындауға кетіп барамыз, сендерге мүлде шабуыл жасамаймыз, сендер жайбарақат отыра беріңдер – деп айтыңдар. Егер оларда қарсылық болмаса, біздің әскерлердің бүлік шығаруына қатаң тиім салыңдар»[17, 22-23-б.]-деген тапсырма береді. Алайда Абылай хан қазақ жеріне баса-кектеп келген Цин қалың қолына қарсылық көрсетіп үш жерден тойтарыс шабуыл жасайды. Бірақ ол мәселені соғыспен емес, дипломатиялық тәсілмен шешуді жөн көріп, Цин әскерлерінің қолбасына елші жіберіп, ат тарту етіп, бейбіт мәмілеге келіп, өзара сауда жасауға уғыдаласады. Осылайша Қазақ ханды мен Қытай – Цин патшалығы арасында тікелей байланыс орнайды. Содан бастап қазақтың қоғамдық саяси өміріне қытай факторы де келіп қосылды. Сонымен қазақ қоғамында Батыс-солтүстігінен патшалық Ресей сұғынып керген, Шығысынан Цин империясы қысқан жағдай қалыптасты.

Алайда ХУІІІ ғасырдың ортасындағы Ресей империясы мен Цин империясының сипатында айтарлықтай айырмашылықтар сақталған еді. Ол кезде патшалық Ресейде капитализмдік өндірістің дами бастауына байланысты, оларға шикізат көздері және одан өндірілген өнімдерді өткізетін рынок қажет еді. Сондықтан олардың экспанциялық бір бағыты - Қазақстан, Орталық Азия, одан әрі Үнді мұхиты болып анықталған. Бұл мақсатын іске асыру үшін орыс үкіметі әскерилегнен қоғамдық күшті, яғни бауқеспе казактарды алдыға салып пайдалану саясатын қолданды. Қазақ мемлекет шекарасын

зерттеген Нұрлан Сейдиннің «Қазақ елін отарлауда Ресей империясы казачествоны негізгі соққы беретін күш ретінде пайдаланды» [18, 10-б.] – деген тұжырымы негізсіз емес. Белгілі тарихшы ғалым Зардыхан Қианятұлының зерттеуінше: «Орыстар 1690-1830 жылдар аралығында қазақ жеріне казак, орыс аралас 1 миллион 350 мың адам, 100 мың әскерилер әкелген. Және оларға 150 мың кережақтар мен баптистер келіп қосылған» [19, 5—б.]. Олар қазақ даласын қоршай әскери бекіністер салып қусырып отырды. Мысалы, «Есіл өзенімен қиылысатын тұста, Қызылжар деген жерге 1752 жылдан бастап бас бекініс сала бастады да, оған Петр мен Павл әулиелерінің атын қойды» [20, 342-б.]. «ХУІІІ ғасырдың бірінші жартысында Жайық казачествосының шекара шебі Гурьев (қазіргі Атырау) қаласынан бастап Орал өзенінің бойындағы толып жатқан бекіністер арқылы өтіп, Алабота (Солтүстік Қазақстан облысы) отряды орналасқан жерге дейін созылды. Алаботадан Шығысқа қарай Орынбор казачествосының шекара шебі, ал оның шығысына қарай шығыс бойлықтың 83-ші градусындағы «Сибирский» поселкесінен бастап Омбы казачествосының шекара шебі жалғасып жатты. Соңғысы Обыға жетіп, одан соң Ертіс өзенінің бойымен оңтүстік-шығысқа қарай күрт бұрылып, алты географиялық ендікті басып өтіп, Қытаймен шекаралас аймақта қазақтар көшіп-қонып жүретін Бұқтырма өзеніне дейін жетті. Осылайша Ресей империясы Қазақстанды солтүстік-батысынан, солтүстігінен және шығысынан құрсаулы шеңберге алды» [21, 10-б.]. Міне, бұдан патшалық сол кезде Ресейден Қазақстанды отарлау қауіпінің төніп келе жатқанын байқау қиын емес.

Ал шығыстағы Цин империясы ол кезде шарықтап даму үдерісінде болғанымен, олар әлі де натуралды экономикадағы абсалютты феодалды патшалық еді. Олар өздеріне қауіпті деп санаған Жоңғар хандығын қырып-жойды да, одан қалған ел мен жерді өзіне тәуелдеумен шектелді. Ендігі жерде сол тұста иелеген жерлерінің және оның шекарасының тыныштығын сақтауды бастды мақсат етіп қойған еді. Сондықтан Цин империясының императоры Цяньлун 1757 жылы 31 қыркүйекте Абылай ханға жолдаған грамотасында: «...Өзің хан екенсің патша хандығыңды бекітті. Бұл артық емес, егер өзің тілеген мансап-шенің болса, хат жолда, патша оны да бекітіп береді. Патша сендердің жайлы қоныстанып, көңілді тіршілік етулеріңе тілектес. Сендер әлі де бұрынғы салттарыңда (қоғамдық салт, - жүйеде) бола беріңдер. Алым-салық беру-бермеу еркі өздеріңде. Егер елші жіберіп патшаға сәлем беретін болсаңдар, патша сендерге ерекше сый көрсетеді» [22, 22-б.] деген. Бірақ олар «жерімізге қазақтар кимелеп кіріп кетпейді деуге болмайды» деп, қазақтардан қорғану саясатын қолданды. Соған орай шығарған жарлығында Цяньлун патша: «Іле бұрыннан жоңғар бұратаналарының кіндік жері болып келген. Егер онда әскер ұстап, тың игермесек, жақын жерде тұрған қазақтар мен бұраттар (қырғыздар –Н.М.) орайдан пайдаланып онда келіп мал бағатын болады, онда біз оларды қуып әуіре боламыз» [23, 17-18-б.] деген болатын. Сонымен Цин патшалығының шекара қорғаныс әскерлері өздерінің білгендерінше Ертістен көлденеңдетіп Қытайдың батыс шекара шебін белгілеп, оған жағалатып қарауыл обалар тұрғызып, күзетке әскер қояды. Сондай-ақ шекара щонжарларына: «Егер Абылай ойраттар жеріне еніп келіп мал бағуды талап ететін болса, онда оған олардың шекарадан асып келулеріне болмайды деп айтыңдар» [24, 9-10-б.] деп ескертеді.

Бұл кезде Қазақ хандығы даму, өрлеуге бет алған болатын. Абылай ханның да өз алдына қойған саяси мақсаты болды. Ол екі империямен де қалыпты қатынасты сақтай отырып, қазақ халқының этно-территориясын қалпына келтіріп, мемлекеттілікті нығайтуды көздеді. Сондықтан ол Цин империясымен белсенді түрде дипломатиялық қатынасты дамытып, жоңғарлар шапқыншылығы кезінде қолдан кеткен атажұртқа елін қайта оралту саясатын жүргізді.

Абылай хан Цин империясына алғаш жіберген елшілігінен территориялық талабын қойған болатын. Соған қайтарған жауабында Цин империясы: «... Ал сен (Абылайды меңзеп отыр – Н.М.) талап қойып отырған Тарбағатайға келсек, сен ол жерді бұрынғы біздің ата жұртымыз – мал бағатын жеріміз еді, ол жерді патша мейірімділікпен жарылқап бізге беруін өтінемін – деген екенсің. Ол өңір енді ғана тыныштандырылды. Қазір иен жатыр. Патша ол жерді сендерге қиып бере салушы еді, бірақ сендер бізге еңбек сіңірген жоқсыңдар. Сондықтан ол жерді сендерге жарылқап беріп жіберу – мемлекеттің жүйесіне қайшы келеді [25, 9-010-б.]-деп жауап қайтарды. Алайда Абылай хан онымен тоқтамайды. Ол Цин империясына жіберген және бір елшісінен Іле аймағын талап етеді, әрине дипломатиялық сыпайы сөзбен. Соған орай 1760 жылы 8-маусымда Цин патшалығының Абылай ханға жолдаған хатында: «Сенің елшілерінің айтуынша, ойрат жері қазір иен жатыр екен... Сен және де патша жарылқағанның үстіне жарылқай түсіп, қазақтардың Ілеге барып мал бағуына рұхсат берсе – депсің. Тарбағатай қатарлы жерлер ежелден жоңғарлардың жайылым жері, патша қалың қолмен ол жерді тыныштандырған. Сен қазақтар, бұраттар (қырғыздар – Н.М.) ташкентдіктер, әндіжандықтар, бадақшандықтар барлықтардың өз ықыластарыңмен ішке (бізге – демекші – Н.М.) қарадыңдар. Қазақтар сендердің жерлерің ұлан-қайыр кең дала. ... Қазір Іле және басқа жерлерге ішкеріден әскерлер бірінен соң бірі келіп тың жер

игеріп жатыр. Абылай хан сен бұрын Тарбағатай қатарлы жерлерді сұрап мал бақсақ – деп өтінген едің, патша оған да рухсан бермеген болатын. Бүгінгі талабың тіпті артық» [26, 9-10-б.] - деп, Цин империясы қазақтардың ежелгі ата мекенін өзіне қайтарып беруден бастартады. Алайда Абылай ханның аумақтық ұғымының тарихи негізі бар. Ш. Уәлихановтың «Бұл өлкеде (Іле) үйсін, ұйғыр, жоңғар хандықтарының билігі бірін-бірі алмастырып отырған. Жоңғар хандығын 1755 жылы қытайлар жауалап алған» [27, 92-б.] - деп жазуы – Іле аймағының ерте замандағы Үйсін елінің аумағы болғанын аңғартады. Содан бергі тарихи жадының ХУІІІ ғасырға дейін жалғасуы заңдылық. Сондықтан Абылай хан Ұлы жүзбен Орта жүздің бірқатар руларының шығысқа қарай жылжып көшіп өздерінің байырғы атажұртына қайта қоныстандыру саясатын қолданды. Абылай хан бұл саясатын іске асыру үшін (әрине қоғамдық қажеттіліктен де) Цин патшалығымен «малға мата айырбастау» формасындағы сауда-экономикалық байланысты өрістетті.

Абылай хан мен Цин империясы арасында сауда жасау туралы алғашқы келісім 1757 жылы жасалған. Сол жылдың 15 желтоқсанда Цин империясы Орда күнделігінде хатталған мәліметте: «Қазақтар мен Үрімжі де сауда жасауды Абылаймен келісілген, патша өз жарлығымен бекітті» [28, 10 б.] - деп жазылған. Сол келісімге сай Цин патшалығы үкіметі Үрімжі қаласынан арнаулы түрде қазақтармен «Жылқыға жібек айырбастайтын» бар ашты. 1758 жылдың күзінде Абылай ханның алғашқы сауда делегациясын бастап барған Қабанбай батыр, сол жолы 300-ден аса жылқыны айырбастап қайтқаны туралы нақтылы құжат жазылған болатын [29, 54-б.]. Міне, бұл қазақ-қытай арасында сауда байланысының ресми басталуы еді. Содан бастап Үрімжіде қазақтар мен қытайлар арасында айырбас сауда мерзімді түрде жүріп тұрды. Кейін Цин империясының Шығыс-Түркістанды басқару орталығының Ілеге орналасуына байланысты, Цин үкіметі Іле мен Тарбағатайдан тың жер игеруді бастады. Шекара маңынан тың жер игеруге және әскерлерге қажетті көліктерді қазақтардан шешу үшін, 1760 жылы Іледен, 1763 жылы Тарбағатайдан қазақтармен ғана сауда жасайтын арнаулы базарлар ашып, екі ел арасындағы сауда-саттық көлемін үлғайта түсті. Сөйтіп шекара қарауылының арғы жағына барып-келіп сауда жасайтын қазақтар көбейе түсті.

Екі жақты экономикалық сауданың айтарлықтай дамуы қазақ-қытай арасындағы саяси дипломатиялық байланыстың да өріс алуына мұрындық болды. Қазақ хандарының елшілік делегациялары шамамен әрбір екі жыл сайын Цин патшалығының ордасына барып, императорға тарту-таралғы ұсынып, оған орай мол кәде-сыйлықтар алып қайтып тұрды. Сонымен қатар Цин патшалығы қазақ өкілдерінің өтініші бойынша олардың хан көтерген адамдарын өзінің грамотасымен бекітіп отырды. Бірақ Цин империясы қазақ елінің ішкі-сыртқы істеріне қол сұғып, билік жүргізуге ұмтылған жоқ. Керісінше олар қазақтың хандық жүйесінің мығым болуын қолдады және сол арқылы қазақтарды өз шекарасының сыртындағы қамал-қорғаны ретінде пайдалануы көздеді.

Ал қазақ ханы Абылай болса, Алтай мен Тарбағатай және Іле аймақтарын қазақтардың атажұрты, «жоңғарлар жойылды, енді қазақтар сондағы көне жұртына қайтып баруы керек» деген танымда болды. Бірақ оны Цин патшалығынан сұрап ала алмайтын болған соң, ол елді біртіндеп шығыстағы атажұртына қарай жылжып көшіп отыру әдісі арқылы мақсатты іске асыру саясатын қолданды. Сөйтіп, шығыстағы ескі жұртқа өрлей көшкен қазақ шаруалары, Цин патшалығының Ертістен Ілеге дейін көлденеңдетіп тартқан шекара обаларын қусыра қоныстанып мал бақты. Кейбір рулар ол шекара обаларының арғы бетіне асып барып қыстап жүрді. Бірақ Цин патшалығы қазақтарды шекараның шығысна өткізбеу саясатын қолданып, қарауылдан ары асқан қазақтарды шекара қорғаныс әскерлері арқылы кері қуып қайтарып тұрды. Бірақ Цин патшалығы шығысқа беттеген қазақтардың барлығын түгелдей қуғып отыруға шамалары келмеді. Сонымен олар ендігі жерде Абылай хан арқылы арғы бетке асқан қазақтарды кері қайтармақ болады. Цин патша ордасының шекара қорғаныс шонжары А-Гуйге түсірген жарлығында: «Дереу әскер жіберіп Тарбағатайдан кірген қазақ малшыларды қуғындап шекарадан шығарып жібер. Абылайға адамдарын кері қайтарып әкетуді айт!» [30, 18-б.] - деп бұйырады. Абылай хан ол кезде шығысқа беттеген халқын кері қайтару емес, керісінше оның ежелгі атамекеніне қарай бет алған көшін қолдап отырды.

Цин патшалығының алғашқы кезде өздері орнатқан шекара қарауыл обаларының орны тұрақсыз, әрдайым қозғалыста болды. Оны өздері «Yi dong ka lun» («жылымалы қарауыл») - деп атаған. Өйткені, Цин патшалығының шекара әскерлері қарауыл обаларын жазда сыртқа қарай жылжытып апарып қояды да, қыста оны ішкі жағына қарай ондаған шақырым жерлерге тартып орнатып қояды. Себебі шекара белгісіз болғандықтан қарауылын күзетін әскерлер өздеріне қолайлы болу үшін солай істейтін. Сол шекара қарауыл обаларының төңірегінде мал бағып жүрген қазақтар қарауыл белгісіне ілесе шығысқа қарай жылжып көшіп отырады. Қар қалың жауған кейбір қатты қыстарда қазақ шаруалары Цин патшалығының шекара қарауылдарының тұс-тұсынан ары өтіп барып қыстап, жазда бері қайтып

келеді. Кейбір рулар тіпті жазда да сонда жайлап қалып қойып отырады. Олардың бәрін кері қайтарып отыруға Цин патшалығының шекара қорғаныс әскерлерінің күші жетпейді. Бара-бара Цин патшалығы шекара өңірінде қалыптасқан осы жағдайды мойындауға мәжбүр болады да, өз карамағындағы шекара маңындағы жерлерге келіп мал баққан қазақтардан тиісті жер төлемін (салығын) алып, олардың сонда малдарын бағып тұра берулеріне жол қояды. Сонымен Цин патшалығы ордасының қазақтарға жолдаған хатында: «малдарың жұтап, жайлы қыстау іздеп, біздің қарауылдан өтіп келіп мал бақпақ болсандар, сендер әуелі біздің жергілікті әмбілерге (уәзірлерге) хабарлап, оларға жер салығын төлеулерің керек»[31, 20-б.]-дейді. Бұған қазақтар келіседі де, жер төлемі үшін әрбір жүз бас малға бір бас малды (жылқыны) Цин патшалығының жергілікті әкімдеріне тапсырып тұруа береді. Осыған орай Цин патшалығының қазақтарға жолдаған жарлығында: «сендер бірнеше ондаған жылдардан бері ептеп ішкерілеп жылжып еніп келесіңдер. Біздің генерал уәзірлердің айтуы бойынша әсілі сендерді жазаға тарту керек еді. Бірақ патша сендерге кеңшілік жасады, сендердің шекара қарауылымыздың бер жағындағы иен жатқан жерлерге келіп мал бағуларыңа рұқсат берген Жарлығын жариялады. Бұның бәрі сендердің бізбен елдескендіктерің үшін патшаның сендерге жасаған шапағаты. Өздерің өсіп-өркендеумен қатар, көршілес елдеріңмен де тату тұрып, патшаның мейір-шапағатына мәңгі бөлене беріңдер»[32, 8-б.] - делінген. Демек, бұл деректен қазақтардың шығысқа жылжып көшіп ежелге атамекеніне оралуы, іс жүзінде Цин патшалығының оларды мойындауы еді. Бұл іс жүзінде Цин патшалығының тарихи шындықты мойындағандығы болып табылады. Солайда Цин патшалығы шығысқа беттеген қазақтарды шектеу және оларды тым ары жібермеу саясатын қолданып отырды.

Патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау әрекеті күшейген кезде, яғни XIX ғасырдың орта шенінде орыстың отарына айналуға ат-тонын ала қашқан қазақ шаруалары шығысқа қарай көшіп, Цин патшалығының карамағындағы жерлерге барып жатты. Олар Қытайдың қорғаныс әскерлерінің жолкесуіне де бой бермей, шекара қарауыл обаларының тұс-тұсынан ары асып кете берді. Сондай-ақ олар өздерін кері қайтармақ болған Цин патшалығы әскерлеріне қарумен қарсылық көрсетті. Тіпті, қан төгіп құрбандық берсе де, барған жерлерінен кері қайтпады. Сөйтіп, XVIII ғасырдың орта шенінде Тянь-Шань тауының батыс солтүстігіндегі атамекеніне қарай жылжып көше бастаған қазақтар, XIX ғасырдың орта шенінде Цин патшалығының карамағындағы Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтарының бірқатар аудандарына барып қоныс тепті. Шоқан Уәлиханов бұл туралы былай деп жазды: «Абылай ханның қармағындағы, Талас жағасы мен Ташкентке дейін көшіп-қонып жүрген Ұлы жүз шығысқа қарай жылжып, қытайларды Кіші Алатаудан асыра қуып, өздерінің байырғы мекендеріне оралды. Сонымен, қазақтардың айтуынша Ұлы жүз осы өңірді қалмақтардан қайтарып алған, сондықтанда қытайлардың бұл жерлерге көзалартуы дұрыс емес» [33, 92-93-б.].

Патшалық Ресей отаршылдары XIX ғасырдың 60-жылдарында Қазақстанды толық жаулап алып, өзінің отарлаған территориясының шығыс жақ іргесін Цин патшалығының карамағындағы жерлерге апарып тіреді. Сонымен патшалық Ресей мен Қытайдың Цин патшалығы арасында мемлекеттік шекара мәселесі туындап, екі империяның қазақ даласына таласуы басталды.

Патшалық Ресей мен Қытай арасында мемлекеттік шекара мәселесі XIX ғасырдың орта шенінде көтерілген. Алғаш рет шекара мәселесі жөнінде 1856 жылы 1 маусымда қол қойылған «Қытай-Ресей Тяньцзин келісімінің» 9-бабында: «Ресей мен Қытай арасындағы шекараның белгіленбеген бөліктері осы екі үкіметтің сенімді өкілдері арқылы сол жерде анықталған соң, олардың шекара сызығы туралы шарттары осы келісімге қосымша бап болып қосылады. Шекара белгіленгеннен кейін, оның толық суреттемесі мен картасы жасалынып, болашақта екі мемлекет үшін шекара туралы талассыз құжат болып табылады»; «Қытай мен Ресей бұрыннан бері шекара белгіленбеген жерлерді, екі мемлекет өздерінің сенімді адамдарын жіберіп әділдікпен тексеріп айырып шығатын болады» - деген ерекше белгілеме жасаған. Ресей мен Қытай арасында жасалынған бұл келісімшартқа ресейлік комиссар Путятин мен Қытайдың өкілі Хуа Шан қол қойған [34,382- б.]. Осы құжатта мемлекеттік шекараның маңызды мәселелері де анық көрсетілген. Атап айтқанда, «Шекара сызығының белгіленуі бойынша болашақта екі мемлекетке шекара мәселелері жайында даусыз құжаттармен қамтамасыз ететін карталар мен анықтамалар белгіленетін болады»[35, 260-б.] - деп көрсетілген. Сонымен Ресей үкіметінің Ерекше комитеттің 1862 жылы қаңтарда мәжілісінде талқыланған жоба бекітіліп, Бабков пен Захаров Шәуешекте келіссөз жүргізу үшін комиссарлар болып бекітіледі [36,152-б.]. Сонымен Қытай Цин патшалығы үкіметі мен патшалық Ресей үкіметінің өкілдері 1862 жылы Қытайдың батыс солтүстік шекарасын белгілеу мәселесі бойынша келіссөздерін бастады. Олар қазақ жеріндегі мемлекеттік шекарасын делимитациялау принципіне көп таласты, Қытайдың Цин патшалығы үкіметі ол жерлер жоңғарлардың жері, ал жоңғарлар қытайдың құрамындағы ел, сондықтан олардың аяқ басқан жерлері Қытайға тән болуы керек-десе, патшалық Ресей үкіметінің өкілдері, ол «жерлер қазақтардың ежелгі атамекені екенін»

дәлелдеп дауласты. «Біз ақыры бұл өңірлердің қырғыз (қазақ) даласы екендігін тұрақтандырдық, ол өңірлер қырғыздарға тән болуы керек, әсте Цин патшалығына тән жер емес деген тұжырым жасадық» [37] - дейді, Ресей үкіметінің өкілі. Ресейліктер осы негізге сүйене отырып және өздерінің әскери басымдылығын байқату арқылы, Цин патшалығы үкіметінің өкіліне өз уәждерін қабылдады. 1864 жылы 7 қазан күні Қытайдың Шәуешек (Чугушак) қаласында екі үкімет өкілдері «Қытай-Ресей ба-тыс-солтүстік шекараны делимитациялау келісімі» деген құжатқа қол қойды. Бұл он тараудан тұратын келісімнің бесінші тарауында: «Қазір шекараны ақылдасып бекіттік. Екі ел мәңгі тату болады. Осыдан кейін екі мемлекет осы белгіленген шекара маңы өңіріндегі малшыларға таласпау үшін, осы келісім құжаттар бір-біріне тапсырылған күннен бастап (күшіне енгеннен бастап – Н.М.), олар бұрыннан бері қай жерде мал бағып отырған болса, және де сол жерлерінде малдарын бағып отыра берулері керек. Олар сол ежелгі қоныстарында орнығып отырып, бұрынғы шаруашылығымен шұғылдана беруі үшін, жер қайсы мемлекетке бөлінсе, онда отырған адамдар сол жермен бірге сол мемлекеттің басқаруында болады. Бұдан былай егер олардың ішінде бұрынғы отырған жерлерінен көшіп басқа жаққа кетушілер болса, оларды кері қайтарып жіберу арқылы арада былықпалық болғызбайды» [38, 99-б.] - деп жазылған. Осы келісім бойынша Қытай мен Ресейдің мемлекеттік шекарасының қазақ жеріндегі алғашқы ли-ниясы белгіленді. Сөйтіп, қазақ жерінің Қытайға тиген бөлігіндегі қазақтар отырған жерімен бірге Қытайға, ал Ресейге тән болған өңірдегі қазақтар тұрған жерімен бірге Ресейдің құрамына енді. 1864 жылғы «Қытай-Ресейдің Шәуешек келісімі», іс жүзінде біртұтас қазақ халқының және оның жерінің екі мемлекетке - Қытай мен Ресейге тәуелді болғандығын алғаш рет құжат жүзінде анықтады. Сөйтіп, бір тұтас қазақ халқы және оның этнотерриториясы екі ұлы империяға бөлініп-жарылды. Бұл қазақ халқы үшін айтқанда үлкен тарихи трагедия. Осыдан кейін Цин патшалығы өзінің қарамағына өткен жердегі қазақтарды шын мәніндегі «қытай азаматы» деп таныды. Содан кейінгі жылдарда қытайдың ресми құжаттарында «Ресей қазақтары» немесе «Ресейге қараған қазақтар» және «Қытайға қараған қазақтар» деп анықтап жазатын болды. Біз осы негізде ХІХ ғасырдың 60-жылдары Қытайда этникалық қазақ қауымы, яғни «Қытай қазақтары» деген қоғамдық құбылыс пайда болды деп санаймыз. Бірақ 1864 жылғы «Қытай-Ресейдің Шәуешек келісімі» қазақтардың Қытай мен Ресейге қарайтын жері мен елін толық анықтай алған жоқ. Өйткені аймақтағы саяси жағдайдың өзгерісіне байланысты Ресей мен Қытай қатынастары тіпті де күрделіне түсті.

Патшалық Ресейдің Алматы өңіріне отарлық басқару жүйесін орнатуына осы өңірдің тұрғыны Албан руының басшысы Тазабек қарсылық көрсетті. Ол елін орыс отаршылдарының қырғынан сақтап қалу үшін, бас көтерген мыңдаған отбасын бастап, орыс әскерлерімен соғыса көшіп, Шонжыны басып, өр Ілеге өтіп барады. Сол кездегі Іле сұлтаны Әлихан олармен саяси одақтастық құру үшін, олардың Құлжаның шығысындағы Тоғызтарау ауданына барып орын тебуіне жол қояды. Бұл оқиға патшалық Ресейдің Құлжаны аккупациялауына сылтау бола кетті. Олар Әлиханға хат жолдап, Тазабекті тұтқындап әкеліп беруді талап етумен қатар, қарулы күштерін аттандырып, соғыс арқылы Құлжаны басып алды. Бұл арада Ресейдің көздегені тек Тазабекті жазалау ғана емес, ең маңыздысы Англияның Үндістан арқылы Қашқарияға енген күштерін Тяньшанның солтүстігіне асырмау еді. Бұл Ресей үшін стратегиялық маңы зор қимыл болатын. Сондықтан орыс ортаршылдарды Тазабекті темір шынжыр-мен матап Алматыға әкеліп, азаптап өлтіргеннен кейін де Құлжаны, тіпті Іле аймағын он жыл бойы отарында ұстады.

1878 жылы Цин империясы Қоқан генералы Жақыпбектің (Якуббектің) Қашқарияда құрған «Алты шаһар мемлекетін» тас-талқан етіп жойғаннан кейін, Ресей үкіметіне Ілені қайтарып беру туралы қатаң талап қойды. Ресей тарапы Ілені қайтарып беруге келісті, сонымен екі үкімет өкілдері Санкт-Петербург қаласында келіссөз жүргізді. Тараптар бір мәмілеге келіп, 1881 жылы шілде айында «Қытай-Ресей Іле келісіміне» қол қойып, тоқтам жасады. Бұл келісімді «Қытай-Ресей Санкт-Петербург келісімі» деп те атайды, оған Ресей тарапынан Н.К.Гирс пен А.Г.Влангали, ал Қытай жағынан Цзэн Цзицзэ қол қойды [39, 127-б.].

Бұл келісімінің 1-бабы бойынша, Ресей Іле аймағында қытай билігінің орнауына келіседі, ал осы өлкенің батыс бөлігі 7-бапта көрсетілген шамада Ресей құрамында қалатын болды. 7-бапта бұл тер-ритория Ресей бодандығын алған халықтардың тұруы үшін деп көрсетілген. Сондай-ақ осы бапта екі мемлекеттің Іле аймағындағы жаңа шекаралық сызығының сипаттамасы берілген. Ол бойынша Іле жерінің сызығы 1864 жылы Шәуешекте қол қойылған протоколда көрсетілген сызыққа жалғасады – делінген [40]. Келісімнің 9-бапта шекараны делимитациялау және демаркациялау мәселелері қарастырылды.

Қытай мен Ресей Іле мәселесі бойынша 1882 жылы және «Қытай-Ресей Іле шекара келісімі-не» қол қойып, тараптар Іле жөніндегі мәселені толық шешкенін мәлімдеген-ді. Ал Іледегі Ресей

азаматтарының еліне қайтуына және Іле тұрғындарының да Ресейге көшіп кетуіне, олардың үй-мүліктерін алып кетуіне қытай тарапы кедергі келтірмеуге келісті. Сонымен Іледен албан суан рулары кері көшті және жергілікті ұйғыр мен дүнген тұрғындары да ресейліктердің үгіт-насихатымен Қазақстанға қоныс аударады. Олардың жалпы саны 70 мыңдай адам деген дерек бар [41,127-б.]. Міне, бұл ұйғырлар мен дүнгендердің Қазақстан жеріне алғаш қоныстануы.

Ресей мен Қытай Қазақстан жерінен тартқан мемлекеттік шекараның кейбір нақтылы бөліктеріндегі сызықтарды және онда тұратын қазақтардың қайсы мемлекетке тәуелділігін анықтау үшін және де бірнеше келісімдерге қол қойды. Ол келісімдер: 1883 жылы тамыздың 12 күні қол қойған «Қытай-Ресей Қобда-Тарбағатай шекара келісімі»; 1883 жылы қазанның 3 күні қол қойған «Қытай-Ресей Тарбағатайдың Батыс оңтүстік шекарасын белгілеу келісімі»; 1885 жылы қаңтардың 9 күні қол қойған «Қытай-Ресей бірлесіп белгілеген Тарбағатай қазақтарының тәуелділігі туралы келісім».

Жоғарыда келтірілген Ресей мен Қытайдың Қазақстан территориясынан мемлекеттік шекарасын белгілеу келісімдері мен сол шекара сызығындағы қазақ тұрғындардың мемлекеттік тәуелділігін анықтаған шарттары, қазақ елінің жері мен халқын екіге бөліп жіберді. Бұл қазақ халқының ұлттық трагедиясы және бақытсыздығы. Қазақ халқының осындай күйге түсуіне тарихи ішкі және сыртқы факторлар себеп болды. Атап айтқанда, қазақ қоғамының даму деңгейінің замана көшінен артта қалуы және Ресей империясының барынша күшеюі мен отарлық экспанциясының етек алуының ақыры қазақ халқын бодандық күйге түсірді.

Ресей мен Қытай үкіметтері қол қойған жоғарыдағы келісімдер бойынша, шығыстағы атамекніне оралып шекара сызығының шығысында қалған қазақтар, отырған жерімен бірге Қытайға тәуелді болды. Содан кейін ғана Цин патшалығы өзінің қарамағына өткен қазақтарды шын мәніндегі «қытай азаматы» деп таныды. Содан кейінгі кезде қазақтар туралы жазылған құжаттарда «Ресей қазақтары» немесе «Ресейге қараған қазақтар» және «Қытай қазақтары» немесе «Қытайға қараған қазақтар» деп анықтап жазатын болды. Міне, осы негізде XIX ғасырдың 60-жылдары Қытайда «Қытай қазақтары» деген қоғамдық құбылыс пайда болды.

Қытайға «отырған жерлерімен бірге» қараған қазақтардың алғашқы кезде қоныстары тек шекараның арғы бетінің төңірегімен шектелген еді. Бірақ олар қытай қоғамындағы саяси-қоғамдық жағдайды пайдалана отырып Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтарына өрлеп қоныстанып отырды да, 1860-жылдардың соңында өздерінің қоныстану аумағын қалыптастырды.

Қытай Цин патшалығы өзінің басқаруында ұстаған шеткері өлкелерді –провинцияларды әскери-әкімшілік жүйе арқылы билеп-төстеген болатын. Сондықтан Іле мен Тарбағатай аймағына орналасқан қазақтарды Іле генерал-губернаторының басқаруында, Алтай аймағындағы қазақтарды Моңғолиядағы Улиастай генерал-губернаторының билігінде ұстады. Бірақ қазақтардың дәстүрлі қоғамдық басқару құрылымын бірден өзгертпеді. Қазақтардың өздерінде сақталып келген билік түзімі (режимі) бойынша олардың өз билеушілерін өздеріне басшы етіп тағайындап, солар арқылы өз саясатын жүреге асырды. Анығырақ айтқанда, Іле, Тарбағатай және Алтайдағы қазақтарды осы үш аймақ бойынша бөлшектеп ұстап, олардың жоғары жік билеушілеріне Ақалақшы (Болыс), Мыңбасы, Үкіртай, Гун, Тайжі деп аталатын көптеген тең дәрежелі мансапқа тағайындап, солар арқылы қазақтарды басқарды.

Қытайға қараған қазақтардың орналасқан аймақтары бойынша рулық құрылымы негізінен мынадай болды: Іле аймағына қоныс тепкендер Ұлы жүздің Албан, Суан рулары мен Орта жүздің Найман ұлысының Матай әулетінен тарайтын Қызай рулары; Тарбағатайға орналасқандар - Орта жүз Найманнан тараған Қаракерейдің бірнеше рулары, Уақ рулары және Абақ Керейдің ішінара рулары; Алтай аймағына қоныстанғандар - Орта жүздің Абақ Керей рулары (Он екі Абақ керей) мен Найманның кейбір рулары.

Қазақ халқының бұл бөлігі Қытайда қазақ қауымдастығын қалыптастырды. Одан кейінгі кездердегі тарихи саяси оқиғаларға байланысты, мысалы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының жанышталуынан Қытайға босып барған қазақтар (бұлардың көбі кері қайтарылса да) және 1931-1932 жылғы ашаршылықтан ауып барған қазақтар сондағы қазақтарды паналап, олардың қатарын көбейтті, негізін нығайтты.

Қытайдың Алтай аймағындағы ежелгі қонысына барып орын тепкен қазақтардың біраз бөлігі тіпті де жайлы жайлым жер іздеп, Алтай тауының теріскей бетіндегі моңғол жеріне барып тұрақтап, қазіргі Моңғол еліндегі қазақ қоғамдастығының негізін қалады.

Моңғол тарихын және Моңғолиядағы қазақтардың тарихын терең зеттеген, көрнекті ғалым Зардыхан Қинаятұлының пайымдауынша, «Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы Түрік тайпалары XIII ғасырдың басында Моңғол жотасын артқа тастап Қазақ даласына қоныс аударған кезеңнен бастап, XIX ғасырдың орта шеніне дейін бұл өлкеде қазақтар болмаған»[42,92-93-б.] екен. Ал Ресей ғалымы Г.Е.Грум-

Гржимайлоның тексеріп-зерттеген еңбегінде: «Керейлер қазақтың Орта жүзінің бір тайпасы, 1881 жылғы Петербург келісімі негізінде (Абақ керей, Ашамайлы керейлерінің) көлемді бір бөлігі Қытайдың батысында қалып қойды. Олар Урианхайларды ығыстыра отырып, Ертіс өлкесінен мұнда жуықта қана келген. Олар өткен ғасырдың алпысыншы жылдардың соңына қарай Алтай тауының бөктеріне жетіп, қазір олардың көшінің алды шығысындағы Буянты және Қобда өзеніне дейін жетіпті. Олардың табындары шашырай жайылып, Қобда қойнауына жетіп қана қоймай, Жоңғар құмынан өтіріп Қытай үкіметінің рұхсатымен Үрімжі қаласының батысы, шығысындағы иен-тегін қалған тау жайылымдарын игере бастады»[43, 12-б.]-деп жазылған. Ресей патшасының географиялық қоғамының тапсырмасымен экспедиция жүргізген Г.П. Потанин 1876 жылдың тамыз айында Алтайда болады. Ол «Қырғыздардың (қазақтардың) бір тобы Алтай жотасының теріскей бетіне өтіп, Қобда бойын мекендепті. Олар (керейлер) біздің Қобдаға келуімізден 6-7 жыл бұрын Алтай жотасының күнгей бетінде еді, бұрын біз сонда кездестірген Көбеш ауылы қазір осында (Қобда бетінде) көшіп келген екен»[44, 50-б.] – деп жазған екен. Осындай көштер өз жалғасын тауып отырғаны тарихи деректерден байқалады. «Абақ керей» атты еңбекте: Елеш, Көбеш, Самырхан, Кәрібай ауылдары 1879 жылы, жылқышы, Бардам ауылдары 1880 жылдары Қобдаға қоныстанып қалды»[45, 92-б.] – деген мәлімет бар. Бұл деректер бірін-бірі толықтырып, тарихи шындықты аңғартады.

Моңғолиялық қазақ тарихшылары Ә.Мініс, А.Сарай Абақ керейлердің бір топ ауылдары алғаш Алтайдың теріскей бетіне мал отарлата келіп жүріп, соңынан 1868-1869 жылдардан бастап біржолата қоныс теуіп қалған – деп санайды. Бұл көзқарасты Зардыхан Қинаятұлы қолдайды. Бірақ ол «Алтайдан Қобда асқан қазақ көші бір жылдық немесе бір жолғы оқиға емес. Көш 1860-1870 жылдардан 1930 жылдарға дейін жалғасты» деп санайды. Сондай-ақ ол саяси жағдайға байланысты Қобдадан Алтайға қайта көшу оқиғасы да орын алып отырған. Дамбийжанцан лаңы кезінде қазақтың 1270 отбасы Алтайға қайтып көшіп барған. 1932 жылы Кенжебек лаңы кезінде Ителі ауылдары, 1943 жылы Хужирт сомонының Секел, Ботақара ауылдары Алтай асқаны белгілі» дейді. Алайда ол «... XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында «Моңғол қазақтары» деген қоғамдық құбылыс пайда болды»[46,53-54-б.] – деп тұжырымдайды.

Моңғол жеріне Алтайдағы бір бөлім қазақтардың көшіп барып қоныстануы және олардың үкімет тарапынан мойындалуы салыстырмалы түрде біршама жеңілдеу болды. Өйткені Моңғолдардың да Цин империясының боданында болуы және моңғол халық санының өте аз болуы мен жайылым жердің аса кең болуы сияқты факторлардың септігі тиді деуге болады. Цин империясы Алтайдағы және Қобдадағы қазақтарды бірдей өзінің Урианхай генерал мекемесінің Қобда амбаны (уәзірі) арқылы бақылауында ұстады. Сондықтан олар үшін қоластындағы қазақтардың Алтай тауының күнгейі мен теріскейіне көшіп-қонып жүруі маңызды емес, маңыздысы - қазақтардың қоғамдық тыныштықты сақтап, міндеттеген салығын тапсырып тұрғаны. Сондықтан Цин империясы Моңғол жеріндегі қазақтарды да өздерінің дәстүрлі басқару жүйесі арқылы билеп-төстеп тұрды.

Моңғолиядағы «Қазақ қауымдастығының» негізін Алтайдан асып барған Абақ керей рулары құрады десек, оны толықтырғандар 1914-1917 жылдары Қазіргі Шығыс Қазақстанның Марқакөл, Зайсан қатарлы аудандарынан ары асып барған наймандар болды. Қазақстандағы күрделі саяси жағдайдың қысымынан бір бөлім найман, арғын руларының (саны аз болса да) Моңғол жеріне көшуі 1930 жылдың басында біржолата аяқталады[47, 97-б.]. Сонымен Моңғол жеріне орныққан қазақтардың саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірі сол мемлекеттің сипаты және тарихи даму үдерісімен өріліп өзгеріп отырды.

Ресейде қазақ қауымдастығының қалыптасуы – Патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлауы және оның жүргізген әкімшілік реформалары мен Кеңес Одағының ұлттық автономиялы әкімшілік территорияларды анықтауының нәтижесімен тікелей байланысты орын алған қоғамдық құбылыс.

Қазақстан ХҮІІІ ғасырдың 20- жылдарынан бастап Патшалық Ресейдің классикалық отарына айналды. ХХ ғасырдың басында, яғни 1917 жылғы ақпан және қазан айларында Ресейде орын алған революциялар, Ресейдің де және оның отарындағы елдер мен ұлттардың да қоғамдық өмірін түбегейлі өзгертіп жіберді. Өйткені Қазан төңкерісі орыстың монархиялық билік жүйесін жойып, оның орнына В.И.Ленин басшылық еткен Большевиктер партиясын билік басына әкелді. Бұл партияның түп мақсаты - Ресейде және әлемде езілген ұлттыр мен халықтарды азат етіп социалистік қоғам құру деп насихатталды.

Ресейдегі тарихи өзгерістер қазақтардың орыстың отарлық езгісінен азат болып, өзін-өзі басқару құқығына қол жеткізуге мүмкіндік тудырды. Сонымен қазақ элитасы 1917 жылдың шілде айында Орынбор қаласында Жалпы қазақтардың бірінші съезін өткізіп, Ресей құрамында ұлттық автономия құруды күн тәртібіне қойды. Сондай-ақ осы мақсаты жүзеге асыратын «Алаш» саяси партиясын және

«Алашордасы» үкіметін құрылып, қоғамдық саяси қимылға белсене араласты. Ол кезде «Ақпан революциясынан кейінгі кезеңде өз бостандығы үшін күреске шыққан отарлық езгідегі халықтарға большевиктер партиясы тек кеңестік негіздегі автономия беретіндігін мәлімдеген»[48, 458-б.] еді. Бірақ большевиктік билік қазақ өкілдері құрған саяси партия мен атқарушы үкіметті және олардың саяси-әкімшілік ұстанымдарын мүлде қабылдай алмады, екі жақтың ұлттық құқық пен мүдде мәселесінде ұстанымдары алшақтау болғандықтан, олар саяси келіссөздерде бір мәмілеге келе алмайтындығын байқайтты. Сонымен Сібірдегі Уақытша Бүкілресейлік үкімет 1918 жылдың қазан айында Алашорда Халық Кеңесі үкіметін таратып жіберді. Бірақ қазақ жерінің шекара-шебін анықтау ісін Кеңестік қазақ билігіндегі ұлт өкілдері жалғастырып отырды.

Жалпы алып айтқанда, қазақ халқы және оның орналасқан өлкелерін әкімшілік басқару аумағына бөлу және оны басқару формасын Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссары Кеңесі өздерінің қабылдаған Декреттерімен анықтап отырды. Мсыалы, Бүкілресейлік Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы В.И.Ленин 1919 жылдың 10 шілдесінде «Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқаратын төңкеріс комитеті туралы уақытша Ережеге» қол қояды. 1920 жылдың 24 тамыз күні оның қол қоюымен Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Сотциалистік Республика (АКСР) құру туралы Декрет жарияланады. Содан кейін Бүкілресейлік Орталық Атқару Кеңесі және Халық Комиссары Кеңесі декретті жүзеге асыру барысында №354 қаулысы шықты. Бұл қаулы бойынша Қазақ автономиясының құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары мен Закаспий облысының Маңғышлақ уезі, Астрахан губерниясынан Синемор болысы, Бөкей ордасы және тағы біраз жер берілді. Декретте Түркістан құрамындағы қазақ жерлерінің тағдыры ондағы халықтың қаулысы бойынша шешіледі деген көрсетілді[49, 385-б.].

1920 жылы 16 тамызда Қырғыз (Қазақ) әскери төңкеріс комитетінің Қазақ АКСР-і шекарасын анықтау комиссиясын бекіту жөніндегі № 128 қаулысы шықты. Комиссияның міндеті тарихи, экономикалық және саяси жақтардан Қазақ республикасына тән жерлерді және республиканың шекарасын анықтау болды. 1920 жылы 22-қыркүйекте Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің қаулысы бойынша ҚАКСР құрамына Орынбор губерниясы кірді, сондай-ақ Орынбор қаласы Республиканың астанасы болып белгіленді. Сонымен сол жылдың 4-12 қазан күндері Орынбор қаласында өткен Автономиялы Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Сотциалистік Республикасының бірінші съезі өтті. Съезде қабылдаған алда атқаруға тиісті басты міндеттер ретінде, АҚКСР территориясын анықтау; Көршілес республикалармен шекараны белгілеу мәселелері алдыңғы орынға қойылды. Жұмыс барысында Қырғыз (қазақ) Революциялық Комитет пен Сібір Революциялық Комитет арасында қазақ жеріне қатысты күрес күрделі жүргізілді. Ақыры Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті 1922 жылдың 26 қаңтарында «Қырғыз (Қазақ) Республикасының шекарасы туралы» қаулы қабылдап, тарихи негізге сүйене отырып, орыстар таласқан солтүстік-шығыстағы ұлан-байтақ жерді Қазақстан құрамына беруге шешіп қабылдады. Бірақ сонда да қазақ жерінің толық қайтарылмағанын соңғы кездегі зерттеушілер салыстырып зерттеу арқылы анықтап отыр. Қазан төңкерісіне дейін қазақ аймақтарының көлемін одан кейін ҚазАКСР-і кезеңіндегі жер көлемімен салыстырғанда, Орал, Орынбор, Қостанай және Ақмола облысарынан 11%-ға азайған[50, 24-25-б.]. Демек, біршама қазақтар отырған жерлерімен бірге Ресей құрамында қалып қойғанын байқаймыз.

Кеңес Одағы бойынша жүргізілген Ұлттық-территориялық межелеу науқаны барысында, қазақтың билік басындағы ұлтжанды азаматтардың қатты қарсылығына қарамастан, шекараны ректификациялау деген желеумен, кеңестік билік 1925 жылы Орынбор губерниясы мен Орынбор қаласын және Торғай облысының бір аз жерін РКФСР құрамына өткізіп берді. Онда отырған қазақтар отырған жерімен бірге Ресейдің қарамағында қалып қойды. Сондай-ақ қазақтың шекара маңындағы кең-байтақ шұрайлы, қазба байлығы мол, өмір сүруге ыңғайлы жерлеріне Ресейден қара шекпенділер мен мұжықтарды қоныстандырып, орыс тұрғындарының санының жергілікті қазақтардан артуына байланысты, ол жерлерді әртүрлі сылтаумен Ресей құрамына қосып отырды. Биліктің бұл тәсілі өте ұтымды түрде шекара өңіріндегі қазақ жерлері мен тұрғындарын Ресей құрамына біртіндеп қосып отырды.

Орынбор губерниясының Ресей құрамына өтуіне байланысты, ҚазАКСР-ның әкімшілік астанасы 1925 жылы Орынбор қаласынан Ақмешіт қаласына көшті. Сөйтіп, Қазақ автономиясының алғашқы астанасы – Орынбор осылайша орыстардың аумағын айналды. Бұнымен де қазақ жерінің әкімшілік шебін анықтау толық анықалған жоқ. Содан кейін 1939 жылға дейін Қазақстанның Солтүстік-батыс шекара өңіріндегі жерлердің әкімшілік иелігі біресе Ресейге, біресе Қазақстанға тән болып, ақыры Ресейге өтіп кетіп отырған.

Демек, Ресейде қазақ қауымдастығының қалыптасуы ерекше тарихи үдерісті бастап кешті деуге болады. Яғни патшалық Ресей заманында жалпы қазақ жері орыс билігі тарапына отарланды. Ал КСРО кезінде ұлттық автономиялы әкімшілік аумақтардың анықталуына байланысты, РКФСР-дің құрамында

түрлі себептермен жерімен бірге қалып қойған қазақтар – өздерінің атамекенінде отырып-ақ өзге елдің қоғамдық ортасында қазақ қауымдастығын қалыптастырды.

Жалпы алып қарағанда, Ресейдегі қазақтар Қазақстанмен шекаралас обылыстарда шоғырлы қоныстанған. Белгілі ғалым А.Айталының зерттеуінше, Ресейдегі қазақтардың орналасуы мен демографиялық жағдайы төмендегідей: Астрахан облысында -140 мың, Обы облысында – 86 мың, Орынборда 11 мың, Волгоград та – 41 мың, Саратовта – 74 мың, Түменде – 30 мың, Челябинде - 34 мың, Кемеровада - 4 мың, Алтай өлкесінде – 11 мың, Башкұртстанда – 7 мың, Мәскеуде – 9 мыңға жуық[51, 77-б.] қазақ өмір сүреді. Бұл ХХ ғасырдың соңындағы санаққа негізделген мәлімет. Осы деректің өзінен-ақ қазіргі Ресей Федерациясында үлкен бір қазақ қауымдастығының өмір сүріп отырғандығын көруге болады.

Қазіргі Орталық Азия республикаларында қазақ қауымдастығының өмір сүріп отыруы – аймақтағы тарихи дамудың және саяси-әлеуметтік өзгерістердің нәтижесі. Орталық Азиядағы жергілікті байырғы халықтар - қазақ, өзбек, түркімен, қарақалпақ және қырғыз халықтарының этногенезі мен өсіп-өнген ортасы ұқсас. Сондықтан олардың тарихи мәдени дәстүрі ұқсас, тұрмыстық әдет-ғұрыптары, тілі мен ділі өте жақын бір типтес ұлттар болып саналады. Тіпті, олардың тарихи тағдыры мен қазіргі талайлары да бірдей. Олар осынау кең-байтақ Орталық Азия кеңістігінде ертеден аралас-құралас өмір сүрді, өсті, өркен жайды, ұлт болып қалыптасты, ел болып мемлекет құрды, тарих саханасына көтерілді, этнотерриториялық аумақтарын қалыптастырды. Бірақ олар ХІХ ғасырда ілгерінді-кейінде патшалы Ресейдің отарына айналып, мемлекеттілігінен айырылды. Сондан кейін Ресей империясы Орталық Азия аймағын Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарханд және Закаспий сынды бес үлкен облысқа бөліп, отарлық басқару құрылымын орнатып, губернаторлық жүйемен билеп-төстеді. Ресейдің әкімшілік басқару бөліктері (аудандарға дейінгі) халықтардың этникалық аумақтары негізінде емес, географиялық бақылауға қолайлығы бойынша жасалған. Бұл туралы отандық ғалымдарымыздың «Патшалық Ресейдің халықтарды бір-біріне айдап салу мақсатымен құрылған әкімшілік басқару аудандары қазақтардың ежелден мекендеп отырған қоныстарымен сәйкес келмейді»[52, 14-б.] - деген тұжырымында ғылыми негіз бар деп санаймыз.

Патшалық Ресей билігі және оның Орталық Азиядағы үстемдігі 1917 жылғы Қазан төңкерісінің жеңісімен біржолата жойылды. Орталық Азия тұтастай Ресейдің құрамындағы аймақ ретінде бұрынғы әкімшілік басқару жүйесі бойынша жаңа сипатта құрылған Кеңес үкіметінің басқаруына өтті. Кеңестік билігінің құрылымдары алдымен Ташкентте 1917 жылдың 28 қазан күні орнады. Содан соң Қазақстан және басқада Орталық Азия аймақтарында ұйымдастырылды. Кеңес билігінің ұлттық аймақтарды басқаруындағы басты ерекшелігі – ұлттық өңірлік автономиялы әкімшіліктерге бөліп басқаруы болды. Ал Орталық Азиядағы ұлттық әкімшілік аумақтарды, Кеңес өкіметі 1924 жылы жүргізген зор көлемдегі этникалық территорияларды анықтау науқаны арқылы анықтады. Соның нәтижесінде қазіргі Орталық Азиядағы елдердің этникалық территориялық шекара-шептерінің негізі анықталып, аумақтық көлемі тұрақтады. «Бірақ ХХ ғасыр бойы Қазақтан жері шекаралық және әкімшілік-аумақтық өзгерістерге ұшырап отырды»[53,107-б.]. Бұл жағдайдан қазақ халқының құрамдас бөліктерінің бақа елдің азаматына айналып отырғанын көруге болады.

Орталық Азия елдерінде қазақ қауымдастығының үлкен шоғыры Өзбекстанға орналасқан. Нақтылап айтқанда олар Өзбекстанның шығыс солтүстігіндегі Ташкент, Сырдария және Жызақ обылыстарын өмір сүреді. Бұл өңір - қазақардың тарихи тал бесігі болып табылады. Осы өңірде қазақтардың (әрине, өзбектердің де) ұлттық құрамын қалыптастырған ежелгі үйсін, қаңлы, жалайыр, қыпшақ, қоңырат т.б. рулардың қазақ халқы ретінде өмір сүріп отыруының тарихи негізі бар.

Б.з.д. II-I ғасырларда Қаңлы мемлекеті Орталық Азиядағы ірі мемлекеттердің бірі болды. «Атап айтқанда, қаңлы мемлекетінің иелік жері Талас өзеннің батысы мен оңтүстігіндегі Сырдария өңірін толық қамтыған. Сондықтан қаңлы патшасы өзінің иелік ететін аумағының барынша кеңеюіне байланысты, аймақтық басқару құрылымына өзгеріс жасаған. Ол өзінің оңтүстігіндегі жазиралы аумақтарда қалыптасқан қала-қыстақтарды сол аймақтардың табиғи шекаралары бойынша жеке-жеке иеліктерге бөліп, оларды өзінің тағайындаған князьдары арқылы басқару жүйесін орнатқан. Сонымен қаңлы мемлекетінің аумағы оңтүстіктегі бес иелік аймақ пен патша өзі тікелей басқаратын солтүстік өлкені қамтыды. Сондықтан қытай жазбаларында бес князь түгелдей қаңлы патшасына бағынады – деп жазған»[54, 53-б.]. Өзбек тарихшысы К.Шаниязов: «ҮІІІ ғасырдың 70-жылдарында қарлұқ және оғыз тайпалары мен арабтардың тегеуірінен Сырдарияның орта ағысындағы қаңлылардың тәуелсіз бірігуі өзінің өмір сүруін тоқтатты. Олардың бір бөлігі Сырдарияның орта ағысының оң жақ жағалауында көшіп-қонын жалғастырып, қазақ, қарақалпақ халықтарының құрамына кірсе, енді бір тобы өзбектердің құрамына енді»[55] – деп санайды. Академик Әбдуәли Қайдар: « Қытай деректерінде көп айтылатын 5

иеліктің өздерін сипаттайтын кейбір деректер олардың өздері де қала маңына шоғырланған кішікірім патшалықтар мен далада қалыптасқан хандықтар болғандығын көрсетеді» [56,100-б.] - деп санайды. Тек қаңлылар ғана емес, ерте-орта ғасырларда Орталық Азиядағы ру-тайпалар тарихи этникалық даму барысында өздерінің өмір сүру салты мен тіршілік формасына қарай ұлт болып ұйысу үдерісін бастарынан кешіріп барып жеке дара халық болып қалыптасып кеткен. Бірақ олардың байырғы қоныстарында аса үлкен өзгеріс бола қойған жоқ, бәрі де аралас немесе іргелес отырған жерінде өмір сүрді. Бірақ қоғамдық саяси билік күштеріндегі өзгерістерге байланысты, атажұртында отырған қазақтардың өзбек билігіне тәуелді болған кездері болды. Атап айтқанда, қазақ халқының кейбір ру-тайпалары Хиуа, Бұқара хандықтарына бағынышты болып, солардың құрамымен өзбек немесе түркімен жерінде тұрып қалған жайы бар. Тарихи деректерде: «Хиуа ханы Мұқамед-Рахымның кезінде 27 мың қазақ отбасын бағындырды. Оның 10 мыңы әлімұлы, 7 мыңы жетру, 8 мыңы байұлы қазақтары болған» екен. Ал шұрайлы жайлымдарынан айырылып, ашаршылыққа ұшыраған қазақтардың бір тобы Қоқан, Әдіжан, Бұқара аймағына да қоныс аударғанын айғақтайтын құжаттар жетерлік[57, 15-б.].

XX ғасырдың 20- жылдары Хорезм қазақтары мен қарақалпақтары Шөл-дала (Мырзашөл) ауданына беңбек миграциясымен барып, Хорезм облысының солтүстік батысына, Қызылқұм қазақтары Қаракөл және Бұқраның далалы аудандарына барады, тіпті оңтүстік Тажікстандағы Қорған төбе уәлаяты жерлеріне дейін жылжыпкөшіп барған. Осы кезеңдерде Керемин уәлаятында – 160 мың, Қаршыда – 100 мың, Гузарда – 100 мың, Бұқарада – 80 мың, Нұртаста – 5 мың қазақ болған[58].

1924-1926 жылдары Орта Азия халықтарының этникалық-территориялық шекараларын межелеу барысында Шырышқ өзеннің батысында Ташкент уезінде орналасқан алты отырышқы қазақ болыстарын қазақтардың наразылығына қарамастан Өзбекстан территориясына енгізген. Ол кезде Ташкенттің шығыс солтүстігінде қазақтар шоғырлы тұратығын отырған. Ал Бұқара аумағындағы қазақтардың құқықтық мәртебесе жөнінде, яғни автономия бер туралы мәселе көтеріліп, тек бір ғана Кенимах ауданын құрылумен шектелген.

XX ғасырдың бірінші жартысында Өзбекстанда демографиялық өсімнің қарқынды болуы және өзбектердің отырықшы егінші ел болуына байланысты, олардың жерге деген көзқарасы қазақтардан өзгеше еді. Олар жердің мәңгілік құндылығын терең түсетін-ді. Сондықтан болар, өзбектер Қазақстаннан жерді жалға алу немесе еншісіне алуға түрлі тәсілдермен тырысып бақты және айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Осы жөніндегі деректерге жүгінер болсақ, «Жалпы 1924-1971 жылдары Қазақстанна Өзбекстанға 5,1 млн га жер (Қарақалпақстанды қоспағанда) өткен. 1963 жылы қаңтарда Қазақ КСР Жоғары Советінің Жарғысымен Өзбек КСР-на Қызылорда облысы жерінен 1150,0 мың га жер беріледі. 1963 жылы 19 қыркүйектегі қазақ КСР мен Өзбек КСР-нің шекарасына кейбір өзгертулер енгізу жөніндегі жарлығымен Мырзашөл, Арнасай, Достық аудандары Өзбекстанға өтеді»[59]. Кеңестік кезеңде, яғни 1924 жылғы этникалық-территорияны межелеу барысында құрылған Қарақалпақ Автономиялы облысы, 1925 жылы сәуірде Қазақ АКСР-ның құрамына қабылданады. Ал «1926 жылғы санақ бойынша облыс тұрғындарының 38,1% - қарақалпақтар, 28,5% - қазақтар, 27,6% - өзбектер, 3,2% - түркімендер, 2,7% - өзге ұлттар құрайды»[60] екен. Осы мәліметтер Қарақалпақ облысындағы қазақтардың салмақты болғанын байқауға болады. Алайда Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті Төралқасының 1930 жылы 20 шілде күні қабылдаған «Қарақалпақ Автономиялы облысының бұрынғы аумағын сақтай отырып, Қазақ КАСР-і құрамынан шығару және оны РСФСР Орталық органның тікелей қарамағына беру жөніндегі» қаулысы атқарылады. 1932 жылдың наурыз айында Қарақалпақ Автономиялы Кеңестік социалистік Республика болып құрылды да, 1936 жылы Өзбекстан КСР-ның құрамына кірді.

Қорытып айтқанда, Өзбекстанда қазақ қауымдастығы, өздерінің тарихи атамекенінде отырған қазақтардан және кеңестік кезеңде әкімшілік-территорияларды айыру және оған өзгерістер енгізу барысында ежелден бері отырған жерлерімен бірге Өзбекстан басқаруына өткен қазақтардан құралған.

Түркіменстандағы қазақтар ежелден түркімендіктермен аралас-құралас отырып, тарихи мекенінде қалыптасқан қауымдастық. 1851 жылы Хиуа хандығында 1000 үйдей адайлардың болғаны белгілі. XX ғасырдың 20 жылдары жүргізілген этникалық-территорияларды анықтау кезінде Красноводск уезінде адайлардың 200 қожалығы ұрақты мекендегені анықталады. Сондай-ақ 7- Адай болысындағы Сүйіндік, Қосай руларынан тұратын 5 әкімшілік ауылдың 773 қожалығы да Красноводск уезінің бір шетінде тұрақты тұрған. Міне, бұлар өздерінің ертеден қоныс тепкен атажұртында орнығып отырып қалған қазақтар. Оларға XX ғасырдың 50-60 жылдары еңбек миграциясымен барған қазақтар қосылып, Түркіменстандағы қазақ қауымдастығының қарасын көбейте түсті.

Қырғызстанда қазақ қауымдастығының қалыптасуы тарихи саяси оқиғаларға тікелей байланысты болды. 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде, патша үкіметінің қарапайым қазақ халқын да аяусыз жаныштауынан Жетісудағы қазақтар Қырғызстанға және Қытайға жансауғалап кетті.

Тарихи деректерде 1916 жылы Қырғызстанға қашып барған қазақтардың саны 100 мыңға жеткен[61]. Ал Қазақстаннан Қытайға ауған босқын қазақтардың жалпы саны 250 мың болған[62, 225-б.]. Ресейдегі саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты 1918-1922 жылдары бұл қазақтарды елге қайтару қызметі жүргізілді. Бірақ сол қазақтардың бір бөлігі бойды билеген үрейдің салдарынан кері қайтқысы келмеді. Олар қазіргі Бішкектің төңірегінде, Ыстықкөл атырабында қалып қойды. Өйткені XIX ғасырдың соңында Ақмола және Қарқара уезінен жайлы қоныс іздеп, Бішкек маңына көшіп келіп орынтөпкен арғындар болған. Соларды қара тартып баған бір бөлім албандар да сол орында тұрақтап қалуды жөн көрген екен. Қазіргі таңда олар Бішкек қаласының маңындағы «Манас», «Алтыбарақ» «Приозерное», «Раздольное» және басқа да елді мекендерде өмір сүреді. Демек, Қырғызстандағы қазақтар тарихи әлеуметтік және саяси жағдайларға байланысты қоныс аударып барып, өз еріктерімен сонда тұрақтап құрып қалғандардың үрім-бұтақтары.

Ал Тәжікстандағы қазақ қауымдастығының негізін Кеңес өкіметінің өктемдікпен жүргізген ұжымдастыру науқанынан жалтарған қазақтар құраған екен. Олардың алды 1928 жылы Өзбекстанның гали (Бұқара) жеріне келіп, ол жерде және қоныс аударып, бір бөлімі Ауғанстанға асып кетсе, бір бөлімі Тәжікстанның Қорғантөбе облысының Пашрабад деген ауылды мекендеп қалады. Олардың қатарын 1960 жылдары еңбек миграциясымен барған қазақтар толықтырған.

Жоғарыдағы пайымдауымыздан, шетелдегі қазақ қауымдастықтарының ұзақ тарихи үдерістегі күрделі саяси және әлеуметтік жағдайлардың салдарынан қалыптасқандығын айқын аңғаруа болады. Қазақ халқы Еуразиядағы соңғы ұлы көшпенді ұлт болғандтан, оның иеленген этникалық аумағы да ұлан-қайыр кеңістікті қатып жатты. Алайда таяу заманда, жалпы тарихтың алға басуы мен қоғамның ілгерлеуі Еуроазияның саяси жағдайды өзгерте бастады. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан алдымен Ресей мен Қытайдың мемлекеттік шекарасы белгіленді. XX ғасырдың басында Ресейде Кеңестік социалистік өкімет құрылып, құамындағы тарихи этностардың аумақтық территорияларын анықтады. Осы барыста Қазақстанның шет аймақтарын мекендеген қазақтар, өздерінің отырған жерлерімен бірге басқа елдің құрамындағы этникалық топқа айналды. Сондықтан Қазақстанның төңірегіндегі шекаралас мемлекеттерде өмір сүріп отырған қазақтардың қай-қайсының да «өз атамекенімізде отырмыз» деуінде терең тарихи шындық бар. Дейтұрғанмен ол жерлер кезінде сол елдің территориясына айналып кеткендіктен, олар да сол өздері тұрған мемлекеттің азаматтары. Бірақ олар қазақ ұлтының құрамдас бөлігтері. Қазақстан Республикасы «Халықтың көші-қон Заңының» анықтамасы бойынша айтқанда, олар «этникалық қазақтар» болып табылады. Демек, шетелдердегі қазақ қауымдастығының негізін отырған жерімен бірге өзге елдің құрамына қосылған қазақтар құрады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этология институты, Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты. Қазақстан тарихы. – Алматы: Атамұра. – 2002. - 96-97 бб.
2. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. –Алма-Ата. – 1958. - 21 б.
3. Артықбаев ж.О. Қоғам және этнос (XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы).- Павлодар. -2004, 282 б.
4. Қобладин Қ.И., Мендіқұлова Г.М. Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. –Алматы: «Атажұрт». – 2009. - 74 б.
5. Чиң (Цин) патшалығы Чэнзун патшаның орда естелігі. Қолжазба. -183 т., 54 б.
6. Мендиқұлова Гурнара. Казахская диаспора: история и современность. – Алматы: Атажұрт. -2006. - С. 94.
7. Жолдасов Сәбит. Бірліктің басы болған – Ордабасы. –Шымкент: «Жібек жолы». -1996. -35 б.
8. Қоғам және этнос (XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы). 82 б.
9. Казахско-русские отношения в XVI-XVII веках (Сборник-документов и материалов). -1961. - № 79. - С. 186; Абылай хан (өмірі мен қызметіне қажетті құжаттар мен материалдар).-Астана: Астана баспасы. -2005. -81 б.
10. Мұқаметханұлы Нәбижан. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. –Алматы: Тарих тағылымы. -2010. -95 б.
11. Златкин И.Я. История джунгарского ханства (1635-1758). –М., 1964. - С.438.
12. Бұл да сонда.
13. Бұл да сонда. - С.400.
14. Фу Хың. Жоңғарды тыныштандырудың жалпы жобасы (Қолжазба). 1777, 9 т., 29 б.
15. Цин (Чиң) Гаозун патшаның орда естелігі (қолжазба бойынша). - 481 т., 15-16 б.
16. Бұл да сонда. 7-8 б.
17. Бұл да сонда. 512 т., 22-23 б.
18. Сейдін Н.Б. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындау барысы. –Алматы: Школа XXI века. -2006, 10 б.

19. Зардыхан Қинаятұлы «Кенесары ханды екінші рет өлтіруге болмайды//Жас Алаш. -2012 ж. - 20 қыркүйек. - № 75 (15741). - 5 б.
20. Бекмаханов Е.Б.Присоединение Казахстана к России. –М.: АН ССР. -1957. - С. 342.
21. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындау барысы. 10 б.
22. Цин (Чиң) Гаозун патшаның орда естелігі (қолжазба бойынша). - 543 т. 11 б.
23. Чиң (Цин) Гаозун патшаның орда естелігі (қолжазба бойынша). - 606 т. - 17-18 бб.
24. Бұл да сонда. - 548 т., 9-10 бб.
25. Бұл да сонда.
26. Бұл да сонда. - 543 т. - 17 б.
27. Ш.Ш.Уәлиханов.Ұлы жүз туралы. Шоқан Уәлиханов таңдамалы.-Алматы: Жалын.-1985. 92 б.
28. Чиң (Цин) Гаозун патшаның орда естелігі (қолжазба бойынша). -.550 т. - 10 б.
29. Мұқаметханұлы Нәбижан. Қытай қазақтарының қоғамдық тарихы (1860-1920).- Алматы: ҚАЗАқпарат. - 2000, 54 б.
30. Цин (Чиң) Гаозун патшаның орда естелігі (қолжазба бойынша). -609 - 18 б..
31. Бұл да сонда. - 793 т. - 20 б.
32. Бұл да сонда. - 777 т. - 8 б.
33. Шоқан Уәлиханов таңдамалы. - 92-93 бб.
- 34.Международные отношения в центральной Азии. События и документы. - М.,2011.- 378 б; 382 б.
- 35.Воскресенский А.Д. Дипломатическая история русско-китайского Санкт-Петербургского договора 1881 года. - М.,1981. - С.260.
- 36.Дипломатическая история русско-китайского Санкт-Петербургского договора 1881 года. 152 б.
37. Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. 1906//Қытайша аудармасы. - Пекин. 1986.
38. Қытай-ресей шекара келісімдер жинағы. - Пеккин.-1973// Қытай қазақтарының қоғамдық тарихы (1860-1920). - 99 б.
39. Дипломатическая история русско-китайского Санкт-Петербургского договора 1881 года. - С.127.
40. Бұл да сонда.
- 41.Баранова Ю.Г. К вопросу о переселении мусльманского населения Из Илийского края в Семиречье в 1881-1883 гг. (1881-1883 жылдары мұсылман тұрғындарының Іледен жетісуға көшу проблемасы)//Қазақ ССР ҒА шығыстану бөлімінің еңбектер жинағы. – Алма-Ата. 1959. Бірінші кітап.
42. Зардыхан Қинаятұлы. Моңғолия қазақтары //Қазақ диаспорасы: Бүгін мен ертеңі. - Астана: «Елорда». -2005. -92-93 б.
43. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урианхайский край. -Л., т.3. – 1930; Зардыхан Қинаятұлы. Моңғолия қазақтары, 2- кітап. - Алматы. -2007. - 12 б.
44. Потанин Г.Н. Щчерики Северно-Запальной Монголии (Путешествие по Монголии). – М.; 1948. - С 38-39. - Моңғолиялық қазақтар. 3 кітап, Қобдалық қазақтар. –Алматы: Тарихи тағылым. -2012. - 50 б.
45. Абақ керей. –Күйтүн: Іле халық баспасы. -1994. - 92 б.
46. Зардыхан Қинаятұлы, Шілдебай Қыланбайұлы. Моңғолдағы қазақтар 3- кітап Қобдалық қазақтар. – Алматы: Тарихи тағылымы.-2012. - 53-54 бб.
47. Зардыхан Қинаятұлы Моңғолия қазақтары //Қазақ диаспорасы: Бүгін мен ертеңі. –Астана: Елорда. - 2005. -97 б.
48. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы: Мектеп. -2008. - 458 б.
49. Покровский С.Н. Образование Казахской АССР: Сборник документов и материалов. - Алма-ата: Изд.АН КазССР. - С. 385.
50. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындау барысы. 24-25 б.
51. Айталы.А. Ресей қазақтары//Қазақ диаспорасы: Бүгін мен ертеңі. - Астана: «Елорда». -2005. -77 б.
52. Қалшабаева Бибизия. Орта Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу) докторлық ғылыми диссертацияның Авторефераты. –Алматы. 2010. - 14 б.
53. Құдайбергенова Айжамал. Қазақстандағы көші-кон үдерісінің тарихи демографиялық қыры (1917-1991 жж.). –Алматы: Елтанм баспасы. -2011. - 107 б.
54. Мұқаметханұлы. Нәбижан Қаңлы мемлекет – Қазақ тарихының өзекті мәселелері. – Павлодар: «Brand Print». -2010.53 б.
55. Шаниязов К. К этнической истории узбекского народа. – Ташкент: Фан.-1972. - С.92.
56. Әбдуәли Қайдар. Қаңлы. –Алматы: Дайк-Пресс. -2004. -100 б.
57. Орта Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу): Автореферат ... т.ғ.д. - 15 б.
58. ОРОМА.Р-1- тізбе, 721 іс, 314-315, 349-пп.
60. Әділ Бек қаба. Қазақ-Өзбек шекарасын айқындауда қай жылғы құжаттар негізге алынады // Жас Алаш. -200. -28 науырыз. № 38.
61. ҚырРОМА. 847-қор, 1- тізбе, 27 іс, 135-136 –пп.
62. Қытай қазақтарының қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.). –Алматы: ҚАЗАқпарат. – 2000. – 225 б.

ОМАРОВА Б.Қ.
ДҮКЕНБАЕВА З.О.
ТАЛҒАТБЕК М.
т.ғ.к., проф., ЕҰУ
т.ғ.д., проф. МТИ
студент

ӘЛ-МАШАНИ – ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛЫ ТҰЛҒА

«... Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде... дәл Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш ғылым саласына бірдей ұлы үлес қосқан... аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын... Платон, Аристотель, Птоломей сияқты ғұламалар музыканы жөнді меңгере алмағанын өздері жазып кеткен...» Бұл жарты ғасырдай уақыт бойы үзбей әл-Фараби мұрасын зерттеумен шұғылданып келе жатқан ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың тұжырымы [1].

Қазақстан республикасының дамуы ұлттық, жалпыадамзаттық және демократиялық құндылықтар мен ұстанымдар негізінде биік мұраттарға бағыт түзеп келеді. Тәуелсіздік жағдайында әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық реформалардың іске асырылуы еліміздің мәдени-рухани өміріне жаңа сипат, тың мазмұн беруде. Осындай реформалық өзгерістер отандық тарих ғылымының мазмұны және құрылымымен бірге оның әлеуметтік қызметіне де жаңартушылық ықпал жасады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Тарих дегеніміз өткеннің ғана сабағы емес, ол едәуір дәрежеде болашақтың да көрінісі», «қазақ тарихы фактілердің өлі қоймасы емес, бұл өзі орасан зор дәйектеуші және дәлелдеуші күш»деп атап көрсеткен болатын [2]. Республиканың тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, егемен ел болуы төл тарихымызды жаңаша зерделеуге мүмкіндік берді. Осыған орай, бүгінде еліміздің тарихында өзіндік терең із қалдырған тарихи тұлғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан лайықты баға беру жолында көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, тарихымыздың ақтаңдақ беттері ашыла түсуде. Себебі кез-келген өркениетті елде тарих ғылымы сол елдік жолындағы халықтың жүріп өткен жолын, әсіресе күрделі тарихи сүрендер кезеңінде еліне тағлымы мен танымдығы мол парасат иелерінің қоғамдық-ғылыми қызметімен қатар тарихта терең із қалдырған жеке тарихи тұлғалардың өмір жолын зерттеу арқылы өзінің гуманистік міндетін орындап отырған. Оның үстіне әр кезеңде тарихи тағдырлары бұрмаланып келген жеке тұлғалар туралы тарихи шындықты қалпына келтіру бүгінгі ұлттық тарихымыздың қалпына келуі үшін де аса қажет. Өйткені, тарихи тұлғаларға ұлттық көзқарас ұстану жас ұрпақтың бойында отаншылдық сезімді қалыптастыратыны белгілі. Кез-келген дәуірдің ерекшелігі де, мәні де жеке тұлғалар арқылы анықталады. Тарихи тұлғаны заманы тудырып, халық құрметіне бөлейді. «Ер сын сағатта танылады» деген халық даналығының ақиқатын ұлтымыздың тарихы талай рет дәлелдеген. Елдің елдігі, ердің ерлігі сыналар кезде өмір сынағынан сүрінбей өткен тұлғаның есімін халқы ұмытпайды. Құбыла соққан саясат желі қаншалықты құйтырқы мінез танытқанымен, тұлғалар тағдырын талқыға салып, ұрпақ жадына салмақ салғанымен, бәрібір халық сүйікті перзентінің есімін жадында сақтап, түптің түбінде тиісті бағасын беріп, құрмет төріне шығарады [3].

Кәрі тарихтың еншісіне айналған өткен ХХ ғасыр, дәлірек айтсақ, 20 ғасырдың бас кезінен 90-жылдарға дейінгі бөлігі Қазақ елінің тарихында қайғылы да, қиыншылығы мол, әлеуметтік-рухани салада елеулі жетістіктерге қол жеткізген кезең болды. Дәл сол қоғамда өмір сүріп, қызмет еткен, оның жағымды және келеңсіз тұстарын көрген, сезінген және жүрек сүзгісінен өткізген, оның адамгершілікке жат, алаш ұлтына қауіпті тұстарына терең ойлы ұлылығымен танылған тұлғалары болды. Кемел оймен түбегейлі ұлы істің пайдасы, жегізер жемісі, ұрпақ парасаты тек ғана ұлы ұстаз тағлымына байланысты. Мақтаныш сезіммен айтылатын, Ұлан-ғайыр еңбегі көрсетілген, Орта Азия мен Қазақстандағы Фарабитанудың көшбастаушысы, бас ұйтқысы, мәшһүр ғалым, есімі әлемге әйгілі, Ғылым Академиясының негізін қалаушылардың бірі емес, бірегейі, ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидың есімі, сөз жоқ, ерекше. Әл-Машанидың халқына қалдырып кеткен мұраларына ғажап сезіммен толғана отырып, мәңгі өшпес ұлы істеріне үлкен сезіммен қарайсын. Көзінің тірісінде аты аңызға айналған тұлғалар тарихта көп кездесе бермейді. Олар ғылым саласында мейлінше аз. Бұл түсінікті де. Ғалымдар әр заманда болған, ал, ғұламалар қатарына кіру – қоғамда сирек кездесетін құбылыстың бірі. Ғұламаның жарқ ете қалуы – замана сұранысынан. Қоғамның тұрмыс-тіршілігі күрделенген сайын еңбектің жаңа салалары пайда болып, оның әрқайсына басие боларлық тұлғаларға қажеттілік туындайды. Тарих шығыршығын айналдыруға екпін беретін тұлғалар әрекетінің болмысын дөп басып ұғыну оңай емес. Әсіресе рухани саладағы ізашарлық миссияның жөні мүлде өзгеше. Оқу-білімнің,

ғылымның табыстары қандай қиыншылықпен келетінін дана халқымыз ежелден білген ғой. Әйтпесе «Білекті бірді жеңеді, білімді мыңды жеңеді», «Оқу инемен құдық қазғандай» деген ұлағатты сөздері бүгінгі күнге дейін жетер ме еді. Қазақ менталитетінде оқу-білімнің қаншалықты жоғары бағаланғанын Абай, Шәкәрім, Шоқан, Ыбырай, Ахмет, Әлихан, Міржақып мұраларынан айқын көруге болады. Олар отарланған, әлемдік бәсекелен шет қала бастаған қазақ қоғамының тағдыры, болашағы, өркендеуі немесе өшуі ендігі жерде тек білімге, ғылымға, өнерге тіреліп тұрғанын айтудан еш жалықпаған ойшылдар. Тұтастай алар болсақ, XX ғасырды қазақ баласының білім-ғылым үшін жанталасқан ғасыры деп пайымдауға толық негіз бар. Қалай болғанда да, социалистік қоғам ұлт республикаларының мәдени дамуына соны серпін бере алды. Жаппай сауатсыздықты жоюмен, алғашқы университет пен техникумдарды ұйымдастырумен басталған жорық Қазақстанда тарих сахнасына Мұхтар мен Қанышты, Әміре мен Күләшті, Кенен мен Исаны шығарды. Алыптар шоғырында 100 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО деңгейінде тойланған ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани тұр.

Мәңгі тарихта қалатын оқиға – Юнесконның шешімімен 2006 жылдың әл-Машани жылы деп жариялануы. Осылайша дүниежүзіне аты әйгілі фарабитанудың Көшбастаушысы, біртуар ғұлама ғалымның өз отанына, халқына, әлемге және білім мен ғылымды дамытуға сіңірген зор еңбегі бағаланып отыр. Артына асыл мұра қалдырған абзал жан Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің жарқын да сүйкімді бейнесі оның жаратылысына тән табиғи нәрсе. Уақыт өткен сайын Республика ғылым Академиясының іргетасын қалаушылардың бірі емес бірегей құрылтайшысы атанған, қазақстандағы ғылым дәрежесін дүниежүзілік деңгейге көтерген батыр тұлға – әл-Машанидің қадірлі есімі шоқ жұлдыздай жарқырап ел есінде мәңгі қалады. Әр нәрсенің қайнар бұлағы бар. Сол бұлақ өрістейді, қанат жаяды, кеңейеді. Алайда, сол нәрсенің түү басындағысы – алтын бастауы ұмытылмайды. «Тұңғыш» деген анықтауышпен тарих беттеріне таңбалана береді. Мәселен, адамзаттың бастауы – Адам ата мен Хауа ана. Олардың есімі заманалар санасынан жоғалмақ емес. Айтпағымыз бүкіл мағыналы өмірін халқының ұлы мақсатты жолына, өресі биік жас ұландарына ұлтжандылықтың ұшқыр үлгісін танытқан абыз ғалым - азаматтың тоқсанның сеңгірінен асса да, соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. Сол сан қилы тағдырды Алла тағала әл-Машанидің пешенесіне жазыпты. Негізгі мамандығы тау-кен инженері, атақты геолог-ғалым жер қойнауындағы үнсіз тұнба болып жатқан сан алуан қазба байлықтарды әр жақты зерттеп-игеру, оларды халықтың игілігіне толық пайдалану, асыл қазыналардың ғаламат бай кен көздерін табу, әсіресе болашағы зор мұнай, алтын, түсті және сирек кездесетін металдардың кен орындарын ашу сияқты күрделі проблемаларды шешу үшін еңбектенді.

1971 жылы Мәскеуде өткен халықаралық конгрестің мәжілісінде әл-Фарабидің ЮНЕСКО ауқымында 1100 жылдық мерейтойын өткізу мәселесі қозғалған кезде бүкіл әлем ғалымдарын таңдандырған оқиға болды. Батыс пен Шығыс ғалымдарының бәрі араб ғалымы деп білетін әйгілі Әбу Насыр әл-Фараби арабтың да, түріктің де ғалымы емес, қазақтың тікелей бабасы болғаны бұлтартпастай дәлелденген еді. Бұл оқиға тек ұлы ғұламаның өмірі мен еңбегін тереңдеп білумен қатар, дүниежүзі зерттеушілері әлемде қазақ деген ұлт бар екенін, тіпті бүкіл адамзат өркениетінің бір бастауы көне қазақ жерінен таралғанын мойындап, таңғалысты. Сонда әл-Фарабидің қазақ бабасы екенін әлем ғалымдарына мойындатқан кім болды? Қазақ жұрты ғана емес, сол кезеңдегі Кеңес Одағы ғалымдары мұндай ірі зерттеуді жүргізген тарихшы да, рухани саланың ғалымдары емес, құжат бойынша геолог ғалым Ақжан Машани екеніне қанығып таңырқасумен болды. Ал осы айтулы тұлға Ақжан Машани деген кім? Бұл жөніндегі сауалға қазіргі кезде қазақтың көптеген жастары тұрмақ ғылыми ортаның өзі де сараңшылдық танытатындығы байқалады. «Су түбінен асыл тас су толқыса шығады, ой түбінен асыл сөз ой толқыса шығады,» - дейді халықтың даналық мақалы. Сол шындық әл-Фарабидің ізіне түсуге себеп болды. Ел басына күн туған кезде өткен заманның ерлері еріксіз еске түседі екен. Ұлы Отан соғысының қызған кезі болатын. Соғыс жабдығын жасайтын Алтайдағы өндіріс орындарының бірінде болып қайтқан кезім еді... Батыс елдерінен соғыстан ығысып келген ғалымдар Алматыда ол жылдары көп болатын. Әсіресе олар Ғылым академиясының қазақстандық филиалы маңында шоғырланды. Сол кезде филиалдың бастығы болып Қаныш Имантайұлы Сәтбаев келген-ді. Батыс жақтан келуші ғалымдардың бәрі де сол Қанышпен байланысты жұмыстар атқаратын. Чехословакиядан келген Э.Я. Кольман деген математика ғылымының тарихын жақсы білетін ірі ғалым, профессор филиалда біздерге баяндама жасады. Сол баяндама маған зор әсер етті. Ол 1943 жылдың басы болатын Баяндаманың негізгі мазмұны Орта Азия мен Қазақстан ғалымдарының орта ғасырлардығы ғылымға қосқан үлесі туралы еді. Ақжан әл-Машанидің тұлғасын толыққанды тану үшін, әуелі ғұлама ғалымның әлемдік деңгейдегі ғылыми танымдық зерттеу мәйегі болған әл-Фараби туралы тарихи құжаттар дерегіне тоқталайық. Ислам діні тарамай тұрған кезде Отырар өңірінің, Тұранның-Сарматтың көне мәдениеті жоғары болған. Ертедегі мәліметтерде Отырар жоғары мәдениетті, оның кітапханасы дүние жүзіндегі кітапқа бай орын болған. Осы жағынан ол

Александриядан кейінгі екінші орын алады деп жазған Александрия ғалымы Птоломей. Әл-Фараби бала кезінде Отырарда туған. Оның әкесі атақты, ауқатты, қолында билігі болған. Әл-Фараби сауатын балалық шағында өзінің елінде, өзінің ана тілінде алған. Ол 16 жасында (кейбір мәлімет бойынша 12 жасында) керуенге ілесіп Бағдатқа оқуға келген. Ол кезде Бағдат халифасының сенімді сарбаздарының көбі түркістандықтар-мамлюктер, яғни әл-Фараби елінен болған. Сол себепті әл-Фарабидің бұл жерден ғылым үйренуіне жағдай болды деп білеміз. Оның үстіне Бағдат Арун Рашид кезінен бастап ғылым, өнер қуған адамдарға қақпасын кең ашқан. Алғашқы кезде әл-Фараби өзін ақын, әнші, күйші, музыкант ретінде танытқан. Кейін ол ірі ғалымдардан дәріс тындап, сабақ алған. Оның алғашқы ұстаздары Александриядан, Византиядан ығысып келген ғалымдар болған. Грек, араб тілдерін меңгерген соң, басқа шаһарларда тұратын ғалымдардан дәріс алады. Содан ол араб елдеріне келіп, еңбектерін араб тілдерінде жазып мәшһүр болды. Әл-Фараби ғұмырының соңын Сирия-Шам елінде өткізген. Өйткені, сол кезде Сирияның мәдени өркендеу деңгейі басқа араб елдеріне қарағанда жоғары болған. Әл-Фарабидай ұлы дананы атақты әмір Сайф ад-Даула Хамдани құрмет тұтқан. Мұның бір себебі, қыпшақ батырлары Бағдат әмірлері болған. Олармен жақсы қарым-қатынаста болу үшін, олардың ағалары қыпшақ ғұламасына ерекше қасиет көрсетуді мақсат етеді. Сөйтіп, әл-Фарабиді арнайы шақыртады. Салтанатты кешке келген ғалымның сәлемін ерекше ілтипатпен қабылдаған әмірге әл-Фараби: «Тақсыр сіздің көрсеткен жеріңізге отырайын ба, әлде өзімнің қалаған жеріме барып отырайын ба?» дейді. Оны сынамақ болып: «Қалауыңыз білсін» дейді әмір. Әл-Фараби жұртты айналып өтіп, тақтың қасынан әмірмен тізерлей келіп жайғасады. Мұндайды ұната қоймаған әмір, тақ күзетшісіне тек қана өздері түсінетін тілде: «Мына қарт әдепсіздік көрсетті. Егер мәжілісті гүлдендіре алмаса оны қалай жазалауды ұмытпаңдар» дейді. «Әлбетте тақсыр» дейді олар. Әл-Фараби сол тілде: «Сабыр түбі сары алтын, істің ақырын күткен дұрыс» дейді. Патша сасып қалады: «Бұл тілді сіз де білетін бе едіңіз?» дейді. «Танданбаңыз, мен жетпіс тіл білемін» дейді баба. Отырғандар ғұламаға бірінен соң бірі сұрақ қойып, көп жайттан қанығады. Араларынан қыңыр сұрақ қойып, ғалымды сүріндірмекшілер де табылады. Бірақ ғұлама бәріне дұрыс жауабын беріп, жөнін айтып отырады. Сол кездегі әдет бойынша, яғни қазіргі кезде келелі кеңесте жүргізілетін стенограмма тәрізді сол әмір мәжілісінде әл-Фарабиға қойылған 46 сұрақ пен оған берілген жауаптары сақталғанын әл-Машани нақты білген[4]. Әл-Машани 1970 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «әл-Фараби» тарихи романында сол әмір өткізген мәжілістегі оқиғаны нанымды түрде көркем тілмен жазып қалдырған. Әл-Фарабидің қыпшақ перзенті екендігін замандастар арасында алғаш әйгілеген құжат А. Машанидың Қазақ ҚСР ҒА президенті Қаныш Сәтбаевқа жазған хат, бұл күндері мәшһүр ғалымның жеке отбасылық мұрағат қорында сақталынған. Әл-Машани сөзімен айтсақ, бұл ҒА-да әл-Фараби еңбегін кеңінен баяндаған құжат. Сонан соң Ақаңның 1961 жылы Академияның №5 хабаршысында жарияланған «әл-Фараби еңбектері туралы» мақаласы болды. Мақалада әл-Фарабидің 1100 жылдығын атап өту жөнінде мәселе қозғағанда, оның қолында сол кезде-ақ көптеген деректер жинақталғанын көрсетеді. Сол мәліметтерге қарағанда әл-Фараби еңбектерінің жалпы саны жүзден асқан. Зерттеушілердің айтуынша әл-Машани өзінің әл-Фараби еңбектерін бөлек-бөлек қағаздарға жазып, көрінген шәкірттеріне бере салады екен. Соның салдарынан оның еңбектерінің арабша көп нұсқасы жоғалып кеткен. Бірақ арабша нұсқасы жоғалып кеткен еңбектерінің біразы латынша, еврейше аудармаларда сақталған. Оның бұл еңбектерін Еуропа ғалымдары кең түрде пайдаланған. Ал араб ғалымдары әл-Фараби тірі кезінде де, өлгеннен кейін де оны өздерінің ұстазы деп білген. Әсіресе, оның еңбектерін Орта Азия ғалымдары жоғары бағалаған. Әл-Фараби еңбектерінің кейбіреулері неміс, ағылшын, француз тілдеріне аударылған. Шығыс елдерінде әл-Фараби туралы жазылған еңбектер көп. Солармен бірге «Айқап», «Шора» журналдарында әл-Фараби жөнінде аздаған мәліметтерге дейін әл-Машани жинастырып зерттеу нысаны ретінде пайдаланған. Әл-Фараби мұрасын іздестіру әл-Машани ұстанған ұлы жол болды. Ізденістің бастауы – кітапхана аралық абоненттік байланыс арқылы әлемнің ірі-ірі қалаларындағы кітапханаларға хат жолдау. Екіншісі – шетелге шығу. Үшіншісі – өз елінен табылар-ау деген қалаларға бару. Лондон, Каир, Париж, Берлин, Лиссабон, Бейрут тәрізді, қалалардағы ірі деген кітапханаларға жолданған хаттар сол 1958 жылдары басталып, үзіліссіз жалғасып жатты. Осындай қажырлылықтың арқасында, хаттар жазудың нәтижесінде әл-Машанидың қолына әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» («Китаб әл-мусихи аль-Кабир») тиеді. Кітап 1930 жылы үлкен том болып, француз тіліне аударылып Парижде басылған. Шет жұрттарға баруға қаражат та, уақыт та көтермейтіндігі белгілі. Мұның алдында Мәскеу, Ленинград кітапханаларынан табылған баба жайлы аздаған деректердің ішінде неміс тіліндегі екі, ағылшын және түрік тілдеріндегі бір-бірден табылған әл-Фараби еңбектерінің библиографиялық тізімі шетел кітапханаларынан баба мұрасының көшірмесін сұратып алуға түрткі болады. Сөйтіп, әл-Машанидың қолында 1958-1960 жылдары әл-Фарабидің оншақты шығармасы және оның еңбегін зерттеушілердің дүниелері жинақталады. Осы

жинақталған құжаттарды мына деректерден көруге болады: «СССР – Қазақстан, Алматы. Профессор Машанов А.Ж. 14 ноябрь, 1962 ж.»

Мырза (Мсье) !

Сіздің хат жазып сұраған музыка кітабының микрофильмін жібердім, сол үшін өзімді бақытты санаймын. Ол еңбек біздің Шығыс қолжазбалар жинағының ішінен 1423 нөмірден табылды. Сіз хатыңызда ол еңбек 1427 нөмірде деген екенсіз. (II/X-62 жазылған хат). Онда басқа шығырма жатыр.

Өзі тарапымнан сіздің назарыңызды біздің Лейден университет кітапханасындағы «Араб қол жазбаларына» және барлық Нидерландағы сол сияқты қол жазбаларға да аударсам деген ниетім бар, өйткені солардың ішінен де сізге жарарлық нәрселер табылуы мүмкін.

Қазақ халқының әдебиеті мен өнеріне арналған бізге сыйлыққа жіберген үш кітап бәлки, кейін келетін шығар.

Біз жіберіп отырған микрофильм сізге пайдалы болар деп сенемін, және сіздің әл-Фараби жөніндегі табыстарыңыздың тез жарық көруін күтемін.

Менің сізге ең жақсы таза сезіммен тілектес екеніме сеніңіз, Мырза (Мсье).

Лейден университетінің директоры

Шығыс қорының сақтаушысы Т.Г. Пигеауд.

Голландия, г. Лейден, Рапенбург, 70-74

14. XI. 1972. (01710) 21465 немесе 20741[5].

Осы сияқты олжалы хаттармен қатар, «Сіздің сұраған кітабыңыз бізде жоқ болды, немесе бұрын болған еді қазір жоқ», деп келген хаттар да баршалық болатын. Мысалы, Миланнан, Бейруттан сондай хаттар алынған. Сол жылдары әл-Фарабиді өзбек ғалымдары өздерінің бабасы етуге тырысып, әл-Машанимен айтысып-тартысқандығы сол кезеңдер тарихында айғақталынады. Оны мәшһүр ғалымның зерттеу еңбектерінен білуге болады. Түркі тарихын өзіне меншіктеп алуда алдына жан салмайтын өзбек ағайындарының әдеті әл-Машаниге өте таныс болған. Абыз ғалым әл-Фарабиді қазақ етер қазықты қағып алғаннан кейін де ташкенттік әріптестерінің әрекетінен қорғану да оңайға түскен жоқ. Әл-Машани Ташкентте Бируни атындағы Шығыстану институтына әдейі барып, әл-Фараби туралы ешқандай деректің жоқ екендігіне көзін жеткізеді. Өзбек ағайындары әл-Фараби есімін мүлде естімеген болып шықты. Институт директорының орынбасары Мұзафар Хайруллаевтың әл-Машани жинаған әл-Фараби тұрғысындағы азды-көпті мәліметтеріне таңырқауында шек болмаған. Оның болашақ докторлық диссертация тақырыбының тағдырын да сол жолы анықтауға әл-Машани себепкер болады. Баба хақындағы қолындағы материалмен бөлісе отыра, «әл-Фарабиге көз алартпаңдар» дегендей өзінің мақаласы жарияланған «Академия хабаршысы» мен «Білім және еңбек» журналдарын сыйға тартады. Әйтсе де, әл-Машанидың бұлтартпас дәлелді құжаттарын көре тұрса да, өткен ғасырдың алпысыншы жыдарының басында: «Мына сәлде киген молда кім өзі, қазақ болса руы кім екен, еңбегін неге арабша жазған?» деп қазақ ғалымдары жаппай қарсы шығып мойындамай жүргенде ит-тартыспен 3-4 жылы өтеді. Әл-Фарабидің өзбек тілінде бірнеше мұрасы жарық көріп, бұл кезде Хайруллаев әл-Машани ақыл берген тақырыпты игеріп, әл-Фараби философиясынан докторлық диссертация қорғап алып, енді ұлы бабаны өздеріне еншілей бастағандығын әл-Машани әл-Бирунидің 1000 жылдық мерейтойына барған жолы естиді: «Ақжан-ака, әл-Фараби заманында қазақ-өзбек еншісі бөлінбеген ел еді ғой, оны қазақ тумасы деп бөле тартпай, өзбек халқына да ортақтастыра бермейміз бе?» –дегенде, әл-Машани: «Түрік тумаларын бөліп-жару қазақтан басталған жоқ еді ғой, ағайын. Науаи, әл-Бируни, әл-Хорезми туған кездерде де қазақ пен өзбек еншісі ортақ емес пе еді? Қазақ жері Отырарда туған әл-Фарабиді ортақ еткілеріңіз келсе, онда өздеріңіз жеріне қарай еншілеп алған өзге даналарды да ортақтастырайық» деген-ді... Сол кезде Қазақстандағы фарабитану жөнінде Машани бастамасынан хабардар Мұзафар: «Хуп, әл-Фараби қазақ болсын, Ақжан-ака. Бірақ сіз Ташкентке келіңіз, бабаңды тануға сізге барлық мүмкіншілік тудырылады» деп қазақ ғалымдарының арасындағы баба мұрасына қарсы көзқарастан хабардар Мұзафар әл-Фарабиді өзбек етудің енді басқа бір айласын ұсынған болатын. М.Хайруллаевтың әл-Фарабиді ташкенттік еткісі келген пиғылы 1971 жылы Мәскеуде өткен халықаралық конгрестің 13-ші мәжілісінде, ұлы бабаның ЮНЕСКО тарапынан 1100 жылдық мерейтойын өткізу мәселесі сөз болғанда айқындалған болатын. Осының кесірінен ұлы бабаның мерейтойын өткізу мәселесі қыл үстінде қалып тұрғанын да шешкен патриот ғалым әл-Машани еді. Оқиға былай болды: М. Хайруллаев сөз алып: «әл-Фарабидің мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция тек Ташкентте өткізілуге тиісті, әрі баба мұрасы марксизм тұрғысынан әділ бағаланды» дегенде, мәжілісті басқарушы Египет ғалымы үстелді қойып қалып, орнынан атып тұрған-ды: «Ислам ғылымының алыбы әл-Фарабиді марксизмге жүндетуге бере алмаймыз. Ғұламаның мерейтойы өзі ғұмыр кешкен араб елінде өтеді» дейді. Осындай сәтте Алланың құдіретін мойындатар сөзді араб тілінде айтып, әл-Машани төрағадан

сөз сұрайды. Өз тілінде тілек еткендігінен бе, төраға сабасына түскендей болып, ғұлама ғалымға сөз береді. Әл-Фарабидің туған қаласы Фараб-Отырар, елі Қазақстан екенін терең ғылыми дәлелдермен дәлелдеп, қазақ ғалымдарының баба мұрасын игерудегі жұмыстарын баян етеді. Сөйтіп, ұлы ғұламаның отаны Қазақстан екені нақты айқындалады. Көне заманда әйгілі ғұлама Птоломей мұны нақты жазып, карта жасап, Отырарды әл-Фарабидің туған жері деп бұлтартпай кеңінен дәлелдегені мәлім болады.[6] «Әл-Фараби ұлы ғалымдар қатарында халықаралық тізімге кіргізілсін, оның 1100 жылдық мерейтойы КСРО-да, отаны Қазақстанда тойлансын» деген қаулы қабылданады. Сөйтіп, әл-Фарабиге арналған халықаралық форум 1975 жылы 8-13 қыркүйекте Мәскеуде басталып, Алматыда аяқталды. Бұл қазақ ғылымындағы ұлы жеңіс, бүкіл әлем жұрты қазақ өркениеті, ғылымы мың жылдан ары басталғанын мойындады. Әл-Машани әл-Фараби еңбектерімен таныса отыра Абаймен екі ұлының ортасындағы дүниетанымдық байланысты аңғарады. Кезінде қазақ зиялылары білім алған Ғалия медресесінің кітапханасы Уфа мешітінің қарамағында сақталған, әл-Машани сол медреседен әл-Фарабидің үш кітабын бірден тапқан. Оның бірі неміс аудармасы болған. Ал 1907 жылы Каирде шыққан екі кітапта ұлы бабаның он екі еңбегі және өмірбаяны жинақталынған. Мешіттің имамы Камал Башари қазі әл-Фарабидің қазақ-қыпшақ тумасы екендігін естіп қуанып, сол кітаптың бірін әл-Машаниға сыйға тартып, Қазандағы Маржани медресесінде, кезінде әл-Фараби логикасы (мантих) жеке дәріс ретінде оқытылғандығы туралы айтады. Шынында да Шоқанның замандасы әрі досы Шағабутдин әл-Маржани әл-Фараби еңбегін жоғары бағалап, медреседе оның мұрасынан арнаулы дәріс оқытқан-ды. Соның арқасында әл-Фараби есімі Қазан-Уфа ғалымдарына мәлім болған. Ендеше Ш.Маржани арқылы Абай мен Шәкәрім әл-Фарабиді білгені анық. Сол жолы Қазаннан іздегенін тауып, ең бастысы кезінде Құнанбай салдырған Қарқаралы мен Семейдегі мешіттерде Қазан-Уфа медресесін бітірген имамдар ұстаздық еткендігін білетін әл-Машани сол молдалардан тәлім алған Абайдың әл-Фараби есіміне де, еңбегіне де қанық болғанына көзі жетеді. Бұған Шәкәрім қажының ұлы Ахаттың әл-Машаниға арнаған мынандай хаты да нақты дәлел. «Ақжан! әл-Фарабиді еңбек етіп, ол діншіл еді деп, оның ғалымдығы күшті деп ақтап түріктің, оның ішінде қазақтың әл-Фарабиін тірілттің. Әл-Фарабиді оқыған, тағлым алған Абай мен Шәкәрім туралы үн қатпай кеттің. Бұл қалай? 8/УІ-1976»[7]. Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиев ақсақал бұл тілдей хатты Ақжан ағаға Алматыда өткен «Мәдени мұраларды қорғау» мәжілісі кезінде берген. Бұл кезде ол кісі Абай музейінің директоры болатын. Әл-Фараби есімін ол кісі шамасы әкесінен естіген болу керек. Әл-Фараби есімін ұлы ақын Мағжан Жұмабайұлы «Түркістан» поэмасында былай келтірген: «Тұранның кім кеміткен музыкасын, Фараби тоғыз шекті домбырасын, Күнірентіп тоқсан тоғыз күй тартқанда, Тебіреніп кім төкпеген көздің жасын». Мағжанның Уфадағы медресе Ғалияда оқығаны мәлім. Онда әл-Фараби еңбектері және баба туралы Ш.Маржани еңбектері де болған. Әл-Машанидың пайымдауынша, Абайдың даналық бастауы – қазақ халқының және Шығыстың көне мәдениеті мен өнерінде. Бұған әл-Машани күмән келтірмейді. Себебі, Абайдың даналық дариясы Еуропа мәдениетінен бастау алады деген пікірге әл-Машани үзілді-кесілді қарсы болып келген. Абайды орыс мәдениетіне қарыздар ететін пікірді қалыптастырған Мұхтар Әуезов деген пікірін әл-Машани М.Әуезовқа жасырмай айтқандығына көз жүгіртейік. Мұхтар Әуезов: «Ақжан, сен осы менің «Абай жолымды» оқыдың ба?» деп сұраған бірде. «Мұқа, «Абайдың» бірінші томын оқып шықтым, ал екінші кітапты бастадым да, жауып тастадым» дейді әл-Машани. «Неге?» деген жазушы сауалына: «Мұқа, сіз Абайға қазақ даласына айдалып келген орыстарды ұстаз етіпсіз, сондықтан әрі қарай оқуға зауқым соқпады» дегенде, — «Абайды мен бір тұстан қарастырдым, кейінгі ұрпақ басқа қырынан келер», — деп Мұқаң ойланып қалып еді» деп әңгімелеген абыз ғалым[8]. Батыс ғылымының, әсіресе мәдениетінің бастауы орта ғасырдағы араб елдерінде жатқандығын, ал Шығыстың даму ерекшелігін қарастырғанда араб елдерін айналып өтуге болмайтындығын зерттеп, көз жеткізген әл-Машани араб мәдениетін екі данаға да ортақтастыра отырып, Абай дүниетанымындағы араб ғылымының ықпалына үңіледі. Сол көне ғасыр ғұламаларының көшін бастаушылардың бірі де, бірегейі де Әбу Насыр әл-Фараби болғандығын білетін әл-Машани, екі дана арасын жалғастырар желіні де тауып дәлелдейді. Әл-Фарабидің ұлылығын тек ғалымдығымен ғана емес, көп қырлы ғұлама, ерен өнершіл, әрі ақындығымен ұштастыра зерттеген Ақан: «...Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болған. Бірақ олардың ішінде дәл әл-Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш салаға бірдей ұлы үлес қосқан, аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын. Платон, Аристотель, Птоломей музыканы жөнді меңгере алмағандығын өздері жазып кеткен» деп тұжырымдап Ақжан қазақ топырағында ұлы бабаға жақын, рухани сабақтас адамды іздестіргенде Абайды айналып өте алмаған. Әл-Машани тоқсанның сеңгіріне аяқ басқан шағында Абай тақырыбына қалам тартып осындай ой-толғаммен «Әл-Фараби және Абай» зерттеу еңбегін туындатқан. 1994 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңына тарту еткен. Сөйтіп, әл-Машани әл-Фараби мұрасын зерттеуде теңдесі жоқ мұра қалдырды және әл-Фараби

қағидаларының бүгінгі ғылымдағы көріністері мен қазақтың дүниетанымдық пайымдауларын зерделеуде фарабитану методологиясының ғылыми-ислами негізінің концепциясын жасаған ұлы ғұлама ғалым десек артық айтпаған болар едік. Ұлы ғұлама әл-Машани – Илияс Есенберлиннің «Қаһар» романында есімі Масанби деп ілтипатпен аталатын Машан бидің ұрпағы. Осы Машан би Құнанбай қажымен таныс, біліс, сыйлас, құдандал адам болған. Қарқарлы өңірінің игі жақсылары болған аға сұлтан Құспек пен Жамантай төреге дейін Машан биді құрмет тұтыпты. Машан би қайтыс болғанда қалың ел «Машан, Машандай ұл туғанша қашан?» деп күйзелгені жұрттың аузында жүретін сөзге айналған. Ал осы Машанбидің кенже ұлы Жақсыбектің баласы Ақжан Машан бидің немересі. Ақжан 1906 жылы 2 қарашада Қарағанды облысы, Қарқаралы өңірінде дүниеге келген. 1939 жылы қазақтың тау-кен институтын бітірген. 1960 жылдан бастап осында кафедра меңгерушісі болған. Геология саласында 200-ден астам ғылыми еңбек жазып жариялаған. Қазақстанда геомеханика мектебінің негізін қалаған. Абастау-Құсмұрын, Жосалы кен көздерін ашқан. Геология саласында қазақ тілінде алғашқы оқулықтар жазған. Геология тақырыбында жазған еңбектері Кеңес Одағы көлемінде жоғары бағаланған. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен бірге Қазақ КСР Ғылымдар академиясының іргетасын қаласып, оның тұңғыш мүше-корреспонденті болған. әл-Машанидің «Жерастына саяхат» (1957) романы қазақ әдебиетіндегі ғылыми-фантастика жанрының тұңғыш туындысын жасаған мәшһүр ғалым болды. Сөйтіп, әл-Машани қазақ әдебиетіндегі ғылыми-көпшілік, фантастика жанрларын дамытты, оның тұңғыш қазығын қаққан классигі болып төл тарихымызға енді. әл-Машани алпыс жылдай үзіліссіз ұстаздық етіп, мыңдаған кен инженерлерін даярлады. Тұңғыш рет қазақ тілінде жазылған «Кристаллография, минералогия және петрография» (1969), «Геомеханика» (1995) оқулықтары бүгінгі күнге дейін құнын жоя қойған жоқ. Ендеше, әл-Машаниды марапаттаған Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендері тындырған ұланғайыр азаматтық ісінің, толық бағасы дей алмаймыз. А.Машаниді өзі құрылтайшы болған ҰҒА-ның толық мүшесіне өткізбей «Ғылым мен техникаға еңбек сіңірген қайраткер» атағымен шектеуі оған жасаған моральдық репрессия деп қарау керек және 1946 жылы қорғаған докторлық диссертациясының Мәскеуде хабар-ошарсыз кетуі де ұлтжанды азаматтың тартқан жазасы деп білеміз. Басқаша айтқанда, оның қазақтың ғылымы мен мәдениетін көтеріп, ұлылығын танытқаны отаршыл империяға ұнамағанын аңғартса керек. Әйтпесе оның ұланғайыр еңбегі Кеңес Одағының ең жоғары атақтары мен марапаттарына лайық екенін түсіну қиын болмас. Бір өкініштісі, ғұлама ғалымның еңбегіне деген селқос қараушылық әлі күнге дейін жойылмай келеді. Бүгінгі күннің марқасқа ғалым ағаларының есіне сала кетуді жөн көріп отырмыз... Әл-Машанидай ғұламаның көзін көріп, ұлағатын өз құлағыңызбен тыңдағаныңыздың өзі бір мектеп екені даусыз. Абыз ғалымның шәкірті, бүгінгі күні Машанитанудың ілімін жалғастырып жүрген үлкен ғалым Шәмшиден ағамыздың сөзіне келсек: «Мен Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-да оқып жүргенде Ақжанның дәрісін тыңдап, кейін «Білім және еңбек» журналында бөлім меңгерушісі болып мақалаларын бастырып, әңгімелерін тыңдай жүріп оның әл-Фараби секілді сегіз қырлы ғалым, ойы мен білімі терең ғұлама екеніне көзім жеткендей болды. Одан алған тәлім-тәрбием мен білімімді күнделікті еңбегімде пайдаланып-ақ келемін Сонымен қатар, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ жанынан А.Машани Орталығын құрып, 2003 жылдан бастап, ғалымның 16 томдық фарабитану еңбектерін жинақтадым. 100 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО аясында атап өтуге атсалыстым. Әл-Фарабидің де еңбектерін жұрттың игілігіне айналдыру үшін «Әл-Машани» Халықаралық қоғамдық қорын ұйымдастырып, оған баскөз болып келе жатырмын. 2007 жылы «Фибратты ғұмыр» сериясы аясында «Ақжан Машани» деген роман жазып, жарыққа шығардым. Ал, түрлі жиындарда, халықаралық ғылыми конференцияларда баяндамалар жасау, мұндай шараларға ұйытқы болу да міндетіме айналды. 2009 жылы шыққан «Машанинама» зерттеуім осының бір парасы. 2006жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Ғұлама А.Машанидің 100 жылдық мерейтойын қалай өткіземіз?» деген тақырыпта дөңгелек үстелді ұйымдастыруға мұрындық болдым. Сөйтіп Х.Алтай, Р.Бердібай, М.Мағауин, С.Қирабаев, С.Зиманов, К.Смайлов, Қ.Қайсенов тәрізді ғалымдар мен қоғам қайраткерлері дөңгелек үстелге қатысып, қорытындысында сол кездегі Үкімет басшысы И.Тасмағамбетовке А.Машани мерейтойы ЮНЕСКО деңгейіне лайық деген ұсыныс жасады. Ғалым А.Машанидің 100 жылдық тойы ЮНЕСКО-ның айтулы күнтізбесіне енгені туралы және сол мерейтойдың 2007 жылға белгіленген тұрғысындағы алғашқы ақпарат маған жолданды. Алайда бұл жөнінен Қазақстанда ауқымды шаралар жасала қоймады. Соның салдарынан Ақжан Машаниді жұртшылық жете танымайтындай болып ұғылатынын байқадым. Ақжан Машанидің еңбектері тек әл-Фараби емес, тек рухани тақырып емес, ғылыми-техникалық салада да ашқан жаңалықтары, зерттеулері қаншама десеңізші! Тіпті бүкіл Қазақстанда Ақжан Машани тұлғасына теңесерліктей ұлы ғалымдар кем де кем» деуінің өзі ащы шындықты топшылағандай болады[9]. әл-Машани еңбектері бүгінгі заманда дінтанудың, ғылымтанудың өзегі деп білуге болады. Солай болса да, абайтану, фарабитану, секілді машанитану пәндері оқу орындарына енгізіліссе нұр үстіне нұр бо-

лары даусыз. Кез - келген өркениетті елде тарих ғылымы сол елдік жолындағы халықтың жүріп өткен жолын, әсіресе күрделі тарихи сүреңдер кезеңінде еліне тағлымы мен танымдығы мол парасат иелерінің қоғамдық-ғылыми қызметімен қатар тарихта терең із қалдырған жеке тарихи тұлғалардың өмір жолын зерттеу арқылы өзінің гуманистік міндетін орындап отырған. Оның үстіне әр кезеңде тарихи тағдырлары бұрмаланып келген жеке тұлғалар туралы тарихи шындықты қалпына келтіру бүгінгі ұлттық тарихымыздың қалпына келуі үшін де аса қажет. Өйткені, тарихи тұлғаларға ұлттық көзқарас ұстану жас ұрпақтың бойында отаншылдық сезімді қалыптастыратыны белгілі. Айтылған ойымыздың дәлелдігіне Қазақстан ҰҒА-ның академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Досмұхамед Кішібеков ағамыздың: «Патриот - ғалым» деген еңбегінде: «Ақжан Жақсыбекұлы Машани (Машанов) Қазақ ұлттық техникалық университетінің көрнекті ұстаздарының бірегейі еді. Және ол осы оқу орнын бітірген алғашқы студенттерінің бірі. Кейін қалған өмірін осы университетте жұмыс істеуге арнады. Мен 1964 жылдан бастап, ол кісінің өмірінің соңғы күндеріне дейін бір ғимаратта – Қазақ ҰТУ-де (бұрынғы Қазақ политехникалық институтында) бірге жұмыс істедім. Ол кісі де, мен де кафедра меңгердік, ғылыми кеңестерде, түрлі жиындарда, студенттермен кездесулерде бірге болып жүрдік. Сонымен қатар 17 жылдай бір үйде көрші болып тұрдық. Ақжан ағамыз атқарған ісіне риза болса: «Бабамыз әл-Фараби аруағы қолдасын» деп бата беруші еді. Ақаң нағыз ғалым еді. Әлі есімде, институт ұжымы қызметкерлері ішінен 4-5 қызметкерлерді орденмен марапаттайтын болыпты. Ішінде бір Ленин ордені болған. Институт сол орденді А.Ж.Машановқа беру керек деп ұйғарды. Бірақ жоғары орындағылар, ол кісіге «Еңбек Қызыл ту» ордені лайықты деген болар, шешім солай болып шықты. Марапатталғандардың омырауына орден тағылып жатты. Рәсімді Қазақстан Жоғарғы кеңесінің төрағасы С.Н.Имашев атқарып тұрды. Ақаңның аты аталғанда, ол кісі де орнынан тұрып төрағаға жақындады. Орденді тағып жатқанда, төраға мен Ақаң арасында жылы әңгіме болғанын байқадым. Кейін Ақаң не жайында сөйлестіңдер дегенімізде Ақаңның айтқаны: С.Н.Имашев орденді омырауыма тағып жатып, «Құдайдың үйіне барып тұрасыз ба?» деп сұрады, сонда мен «Барып тұрамын, бармағанда ше! Міндет қылып тұрғаның мынауың ба, алмаймын теміріңді» дедім. Сонда С.Н.Имашев өздерің естіген «Қалжың ғой» деген сөзді айтты деген бар-тын. Солай бола тұрса да, 1953 жылдың сәуірі ме, әлде мамыр айының бір жұлдызында шыққан «Правда» газетінде Қазақстан Ғылым академиясында Сәтбаев қолдайтын Машанов деген «шарлатан» жүр деп жазды. Бірақ, артынша елдегі саяси жағдай күрт өзгеріп, Қаныш президенттік өз орнына қайта барып, Машанов мәселесі де ұмытылғандай болды. Өйтпесе «Правда» газеті сынынан Сәтбаев үшін де, Машанов үшін де немен бітерін кім білсін?! Сонда, А.Ж.Машановтың «шарлатандығы» неде еді? Айыбы елінің руханияттығын өрбіту, дүниетанымдығын кеңейту емес пе еді?. Оның үстіне сын ұлы ғұламаның мамандығына қатысты емес, өз ағаның сол кездегі үстемдік алған ұлтсыздану идеологиясына томпақтау келетін әрекетіне тиым салса керек. Аристотельден кейінгі әлемдегі екінші ұстаз аталған әл-Фарабиді өз Отанына қайтару үшін радиодан сөйлеген сөздері мен көпшілікке арналған ғылыми еңбектері үшін екен-ау! Ол кезде әл-Фарабиді арабтар - араб деп, ирандықтар - иран деп, түркімендер - түркімен деп, өзбектер - өзбек деп таласып жатқан кезде А.Ж.Машанов әл-Фараби қыпшақ милатының перзенті, дүниеге келген, өскен жері - Сыр бойындағы, кейін Фараб аталған - Отырар қаласы екендігін дәлелдеуге жан-тәнін салды. Сөйтіп, А.Ж.Машановтың патриоттық еңбегі жанды, қанша қиындықтардан соң бабамыз рухы өз еліне, туған топырағына оралды. Әл-Фараби дана бабамыз болғаны белгілі, оны танып, тауып, рухын елге жеткізген әл-Машанидың қандай зиялы адам екендігін айтпасақ та түсінікті. Егер бәрімізде Ақжан атадай ұлтжанды болсақ, қазақ халқының жұлдызы әлдеқашан жарқырап кетер ме еді?! [10].

Қазіргі кезде елімізде әр кезеңде тарихта орын алған оқиғалар мен құбылыстарға жан-жақты, объективті баға беретін жаңа зерттеулер жазуына мол мүмкіншіліктер жасалуда. Бұрын ақтандақтар болып келген тақырыптардың беті ашылып, құпия мұрағат қорларының материалдарын қолдануға қойылған шектеулердің алынып тасталуы тың тұрпаттағы, соңғы ғылыми еңбектердің жариялануына жол ашты. Сол себептен соңғы зерттеулерде: «Тарих жеке тұлғада, жеке тұлға тарихта» деген тұжырым басымдығы байқалады [11]. Қазіргі таңда тәуелсіз Қазақстан бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде жарқын болашаққа бет алған уақытта өзінің төл тарихын қастерлеп те ардақтап, еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде басты құрал ретінде сақтап қалуы қажет. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр. Нақыл сөздің ұстасы халқымыз «Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел жетесіз» демекші әрбір саналы азамат, ең алдымен өзінің туған жерінің төл тарихын, оны жасауда белгілі із қалдырған кемеңгер тұлғалардың өмірбаянын, атқарған қызметін жақсы білуі қажет. Өйткені тек тарихи білім ғана қарапайым адамның санасын шыңдап, оның бойында азаматтық қасиеттерді тәрбиелеп қалыптастырады. Өткенді жеке тұлғалардың, кемеңгер қайраткерлердің өмірбаяны арқылы қарастыра отырып, тарихты жасаушы халық екенін ұмытпаған жөн. Өйткені, жеке тұлғаны елі-жұрты, халқы

қолдамаса, оның аты аталып, тарих сахнасына шығар-шықпасы екі талай. Атақты философ Гегельдің айтуынша ұлы істі атқару үшін ұлы тұлға қажет [12]. Қазақ тарихында дәл осындай талаптарға сай кемеңгер ғұлама ғалымдарының бірі де, бірегейі де әл-Машани десек артық айтқандық болмас. Әл-Машанидың халқына жасаған ұлы еңбегінің нәтижесінде әл-Фарабидің көшбастаушысы мәшһүр ғалым әл-Машани деп танылуының өзі кейінгі ұрпақтарына патриоттық сезім ұялатары даусыз. Заманымыздың заңғар жазушысы М.О. Әуезовтың: «Тұлғаны ақ алмастай заманда шыңдайды, ақ алмас, қаттыны жарады, жұмсақты тіледі, замана талабы туған кезде оттан шығып, жалын құшқан ақ алмас қынабынан жарқ етіп қадір-қасиетімен халқына танылады, «тарих» деген дарияны еркін малтып өтіп, өз тұғырына, ұлылық тұғырына қонады» деген сөзінің жандылығын, барлығын айта отырып, тұлғалар тарихта күнде тумайтындығын, табиғат адам баласына тұлғаны анда – санда сыйлайтындығын айтады[13]. Бұл түсінікті де. Ғалымдар әр заманда болған, ал ғұламалар қатарына кіру – қоғамда сирек кездесетін құбылыстың бірі. Ғұламаның жарқ ете қалуы – замана сұранысынан. Айтылған ойымызды ұтымды тарқату үшін белгілі тарихшы ғалым Х.М. Әбжанов пен Г. Назарбаеваның: «Қазақстан: тарих тұлға теория» деген бірлескен ғылыми еңбектерінде Қазақстан тарихы мен мәдениетінің өзекті мәселелері, ұлт зиялыларының қалыптасу үрдісін ашатын теориялық пайымдауларында: «Көзінің тірісінде аты аңызға айналған тұлғалар тарихта өте көп кездесе бермейді. Олар ғылым саласында мейлінше аз. Қоғамның тұрмыс-тіршілігі күрделенген сайын еңбектің жаңа салалары пайда болып, оның әрқайсысына басие боларлық тұлғаларға қажеттілік туындайды... деген ғылыми ойларын алға тартады[14]. Тарихшы әріптестерімнің пікірлерін құптай отыра, рухани саладағы білім мен ғылымның табыстары қандай қиыншылықпен келетіндігін әл-Машани ғұламаның: «...Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болған. Бірақ, олардың ішінде дәл Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш салаға бірдей ұлы үлес қосқан... аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын... Платон, Аристотель, Птоломей... музыканы жөнді меңгере алмағандықтарын өздері жазып кеткен»[15]. Ал, «әр халықтың музыкасы сол ұлттың болмысын аңғартады» деген баба қағидасына қанық ұлы ғалым әл-Машани қазақ топырағында ұлы бабаға жақын, рухани сабақтас адамды іздестіргенде ұлы Абайды айналып өте алмады. Ұлы адамды ұлы ғана таниды деген қағиданың қаншалықты терең екендігін зердемізге тоқиды. Осы қағиданың түп тамырына терең бойласақ, қазақменталитетінде оқу-білімнің қаншалықты жоғары бағаланғанын Абай, Шоқан, Ыбырай, Ахмет, Әлихан, Мыржақып, Шәкәрім, Ақжан мұраларынан айқын көруге болатындығын «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жеңеді», «Оқу инемен құдық қазғандай» деген ұлағатты сөздері бүгінгі күнге дейін жетер ме еді?. Қазақ қоғамының тағдыры, болашағы, өркендеуі немесе өшуі ендігі жерде тек білімге, ғылымға, өнерге тіреліп тұрғанын айтудан еш жалықпаған ойшылдар.

Әдебиеттер

1. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. - А., 1994. -200 б.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра. -1998. -237 б.
3. Дүкенбаева З.О. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы. - Алматы: Ғылым. -2003. -430 б.
4. Машанов А. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым. - А., 2007. -340 б.
5. ҚР ОММ. 2285-қор. 1-тізімдеме. 13-іс. 35-36 п.
6. ҚР ОММ. 2285-қор. 1-тізімдеме. 11-іс. 3-4 п.
7. ҚР ОММ. 2285-қор. 1-тізімдеме. 2-іс. 160-165 п.
8. ҚР ОММ. 2285-қор. 1-тізімдеме. 149-іс. 2-3 п.
9. Әбдіраман Ш. Тарих тұңғығынан сыр толғаған атақты ғалым А.Ж. Машанов туралы бір үзік сыр // Егемен Қазақстан. - 1996. – 20 маусым.
10. Кішібеков Д. Патриот ғалым.- Алматы:2006.-348-350 бб.
11. Плутарх. Избранные жизнеописания. В двух томах. - Москва. 1990. - т. 1. -С. 7.
12. Гегель Г.В. Философские истории // Сочинения. – М-Л., 1935. - 235 с.
13. Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері // Ахмет Яссауи университетінің хабаршысы.- 1997. - №1. - 5 б.
14. Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: Тарих. Тұлға. Теория. - Алматы: 2004. -340 б.
15. Машанов А.Ж. Әл-Фараби және Абай. - Алматы: «Қазақстан», 1994. -192 б.; Дербісәлі Ә. Ғұламаның шапағаты: ғалым А.Ж. Машанов туралы естелік // Қазақ әдебиеті.-2003. – 13 маусым.

СМАГУЛ САДВОКАСОВ И МУХТАР АУЭЗОВ: ИСТОРИЧЕСКАЯ ПЕРСОНАЛИСТИКА

Колоритная фигура Мухтара Ауэзова как классика прозы и драматургии, казалось, дистанцирована от «большой» политики. Между тем, его позиция достаточно четко обозначена в рассекреченных архивных источниках. Как выясняется, в первые десятилетия XX века он был хорошо знаком многим замечательным современникам, активным государственным и общественным деятелям. Его друзьями были Магжан Жумабаев и Смагул Садвокасов, игравшие в судьбе Мухтара Ауэзова немаловажную роль. «Магжан Жумабаев имеет для казахского народа такое же значение, какое для англичан Шекспир, для русских - Пушкин», - писал известный казахский ученый Алкей Маргулан. 120-летие поэта – замечательный повод перелистать томики его стихов и историю XX века.

Отыскать материалы о знакомстве и дружбе харизматичных личностей удалось путем прочтения большого количества ныне публикуемых мемуаров (Срым Букейханов, Гульнар Дулатова), а также архивных материалов: протоколов, переписки советско-партийных органов, спецсводок. География их знакомства и общей деятельности во благо Казахстана обширна и включает: Семипалатинск, Оренбург, Москву и другие значимые пункты. Казахская пресса, литературные труды, архивные документы и мемуары дополняют источниковую базу темы государственной идентичности на этапе автономии. Требуя дальнейшего глубокого изучения творческий союз Ауэзова, Жумабаева и Садвокасова, завещанные потомкам взгляды подлинных патриотов Казахстана.

Период сочувствия Мухтара программе Алаш в период 1918 – 1919 годов вовсе обойден в биографии Ауэзова, размещенной на сайтах («Википедия», к примеру). Между тем, вдумчивый студент Семипалатинской учительской семинарии не остался равнодушным к агитации Миржақыпа Дулатова, Алихана Букейханова и Ахмета Байтурсынова. К тому же, название партии и движения – Алаш – было созвучно одноименного городу в Семипалатинской волости, если не сказать больше.

В качестве доказательства приведем фрагмент официального документа [1]. Из «Протокола общего открытого собрания ячейки ВКП(б) при КазГУ и Наркомпросе от 11-12 июня 1929 года». Документ фиксирует ход «чистки» коммунистов, научных работников вуза. Очередь доходит до А.Байдильдина, который «кается» в знакомстве и совместных планах работы с Садвокасовым и Ауэзовым.

«л.7. В 1918 году по инициативе бирликовцев собирается съезд для выработки единой политической платформы казахской молодежи. «За» признание Советской власти были Саматов, Жумабаев (Магжан), Ауэзов, Садвокасов Смагул... (1921 г.) В президиум ЦИКа провели с боем Садвокасова. Руководили нами Байтурсунов, Дулатов».

«л.12. Сайдалин: Объединенный съезд молодежи был с разрешения Советской власти. Ауэзов настаивал назвать «Жас алаш», назвали «Жас азамат». Садвокасов тогда был толстовцем. В комитет вошли: Мурзин, Садвокасов и я».

«л.8. Байдильдин: В начале 1921 года в Оренбурге встретился с Адилевым: он стал под влиянием Букейханова. Садвокасов стал говорить о русском колонизаторстве. Решили издавать казахскую газету: сначала редактором был Ауэзов, потом я... Ауэзов отказался от сотрудничества в газете».

В период после Октября 1917 года Мухтар Ауэзов и Смагул Садвокасов признали советскую власть, и при этом активно действовали в направлении продвижения национальной идентичности. Как публицисты, они создавали газету на казахском языке, ратовали за написание национальных пьес. Смагул был склонен к активной политической борьбе на выборных должностях. Понятен энтузиазм молодых (разница между ними всего 3 года), но Мухтар старше и более выдержан; главным для него оставалось литературное творчество. Термин «Алаш» для него судьбоносен, Ауэзов предлагает взять его в качестве названия молодежного объединения и газеты. Этот момент ранее не был отмечен историографами Ауэзова.

Другой авторитетный источник - первый казахский революционный роман Сакена Сейфуллина под названием «Тернистый путь», относимый к жанру исторической прозы или историко-мемуарного.

В советское время роман Сейфуллина был сродни учебнику политграмоты, в силу высокого положения автора-коммуниста. Сакен Сейфуллин был хорошо осведомлен о происхождении и занятиях (образование, интересы, род занятий) своих прототипов, трендах значимых событий Казахстана и роли в них соотечественников.

С новых концептуальных позиций важно изучать данный роман как источник с конъюнктурными

оценками: в нем приводится хронология событий, о которых позже предпочитали не писать другие авторы. В книге названы подлинные имена их участников. В поисках дополнительных сведений современников о Смагуле Садвокасове и его старшем друге Мухтаре Ауэзове, при критическом подходе, это – источник информации.

Окончание романа Сакена Сейфуллина «Тернистый путь» относится к 17 апреля 1926 года. В 1922-1925 гг. в журнале «Қызыл Қазақстан» печатались главы из романа. В них даны зарисовки участников процесса на этапе гражданской войны и последующего строительства автономии. Поскольку в тот период был достигнут политический компромисс, разделявшие прежде взгляды «Алаш» были амнистированы и допущены к работе в партийных и советских органах, С.Сейфуллин свободно писал и о них.

О событиях 1917 – 1918 гг. С. Сейфуллин пишет: «Однажды из Омска я получил телеграмму следующего содержания: «Акмолинск, Сейфуллину. Часть учащейся молодежи, не согласная с контрреволюционной линией алаш-ордынской организации «Бірлік», откололась от нее. Организован демократический совет учащихся. В президиум избраны Жанайдар Садвокасов, Таутан Арыстанбеков, Хамза Жусупбеков, Сейтказиев, Абулхаир Досов...» [2].

Далее раскрывается суть расхождений: «В мае 1918 года организация «Бірлік» в Омске, окончательно принявшая платформу Алаш-орды, созвала съезд молодежи. От каждой организации с окраин приглашались по два человека. От имени «Жас қазақ» мы послали Абдулла Асылбекова, а вторым наметили учившегося в Омске Жанайдара Садвокасова. Сначала вернулись из Омска делегаты съезда бедноты Билял и Кошербай, а за ними прибыл и Абдулла. Мы слушали их информацию. Оказывается, на съезд молодежи собрались представители молодежных организаций Акмолинской, Семипалатинской и Кустанайской губерний. Съезд прошел в горячих спорах, в особенности, когда обсуждался вопрос об Алаш-орде и о признании советской власти. Участники съезда разделились на три группы: «правых», «левых» и «центровиков». «Левым» крылом оказались, разумеется, противники Алаш-орды, т. е. наши представители: Абдулла Асылбеков и Жанайдар Садвокасов вместе с представителями омского «демократического совета» Абульхаиром Досовым и Хамзой Жусупбековым. Но «левые» оказались в меньшинстве.

При обсуждении вопроса о признании советской власти разгорелся особенно ожесточенный спор. Три разные мнения сошлись в открытом бою. «Левые» - товарищи Асылбеков, Жанайдар Садвокасов, Абульхаир Досов и Хамза Жусупбеков защищали советскую власть. К ним примкнул Абдрахман Байдильдин, бывший «центровиком» при обсуждении вопроса об Алаш-орде. Отвергало советскую власть «правое» крыло - руководители «Бірліка» Кеменгеров, Смагул Садвокасов, Аппас (Габбас) Тогжанов, Сайдалин (Асыгат), Сеитовы и другие. Когда большевики застрелили начальника милиции семипалатинской Алаш-орды Казия (Торсанова), то вышеперечисленные питомцы «Бірліка» составили в Омске эпитафию, в которой говорилось: «Мы клянемся не свернуть с пути, проложенного Казием...». Свою клятву они передали телеграфом в редакцию «Сары-Арки». Текст ее опубликован в газете за № 38 от 15 апреля 1918 г.

Молодежь из организации «Бірлік» 20 апреля был устроен благотворительный концерт на казахском языке, половину выручки выделили на воспитание оставшегося сиротой годовалого сына Казия. Вынесли постановление оказывать практическую помощь его семье и впредь».

Большинством голосов ликвидировали все прежние названия молодежных организаций, приняв единое наименование «Жас азамат». Избрали центральный комитет «Жас азамата». Председателем правления выбрали Мурзина Мухтара, членами - Смагула Садвокасова, Муратбека Сеитова, Гулю Досымбекову, Абдрахмана Байдильдина. Решили издавать газету «Жас азамат», на базе закрытой газеты «Уш жуз». Редактором назначили Кеменгерова».

Страницы романа Сакена, передавая в целом верно факты, не содержат ряда деталей. Так, не встречается фамилия Ауэзова и его предложений; оценки довольно резки. Что побудило автора именно так расставить акценты? Упомянутый выше Байдильдин Абдрахман (1891-1931) - литератор, общественный деятель. С 1929 года - преподаватель КазГУ (ныне КазНПУ имени Абая). В 1929 г. репрессирован, в 1931 г. расстрелян. Реабилитирован в 1990 г. заключением прокуратуры КазССР. Противоречивая личность.

В романе «Тернистый путь» отражен ранний опыт антикризисного управления краем: «Мятежники - белогвардейцы и чехословаки Западной Сибири - направили свой мощный удар в первую очередь по Челябинской и Акмолинской областям. Восстание сначала поднялось в Челябинске, затем в Петропавловске, Кокчетаве, Акмолинске и в Омске. Для управления делами Акмолинской области в Омске было создано областное правительство Алаш-орды. В его состав вошли: Айдархан Турлыбаев - юрист, адвокат; Мигаш (Мига-датча) Аблайханов - потомок хана, офицер царской армии; Асылбек

Сеитов - врач; Мусылманбек Сеитов - переводчик; Ережеп Итпаев - переводчик бывшего окружного суда; Магжан Жумабаев - интеллигент, сын волостного; Мухтар Саматов - интеллигент, сын бедняка, верящий басням Букейханова; Смагул Садвокасов - учащийся; Асыгат Сайдалин - учащийся; Кошке (Кошмухаммет) Кеменгеров - учащийся; Муратбек Сеитов - учащийся. Последние пять членов правительства составляли руководящее ядро молодежной организации «Бірлік» в Омске».

Обстановка середины 20-х годов в Союзе – время выхода романа, - еще не предполагала огульной критики приверженцев «Алаш». Заслуги их были несомненны; признав советскую власть, алашевцы все свои знания и опыт направили на строительство автономии. Среди них был М.Ауэзов.

Протокол № 25а объединенного заседания Президиума Кирпартбюро и Президиума КирЦИКа от 27 мая 1921 года.

СЛУШАЛИ:	ПОСТАНОВИЛИ:
1а) Телеграммы Садвокасова о роспуске Семипалатинского губисполкома, назначении ревкома в составе: товарищей председателя Омарова, заместителя Левитина, членов: Нурмова, Мустамбаева, Ауэзова, Большакова, Фабриканта и отложении на неопределенное время губернского съезда Советов.	1а) признать политическое положение Семипалатинской губернии требующим создания ревкома; б) признать действия Садвокасова, выразившиеся в роспуске губисполкома и назначении ревкома, без полномочий обкома, нетактичным и поставить это ему на вид; в) Семипалатинский ревком утвердить в следующем составе: Садвокасов (председатель) и члены: Левитин, Полозов, Нурмаков, Ауэзов, Глинский и Большаков; г) предложить Семипалатинскому губкому установить бесперебойную связь с местным казахским населением и привлекать казахских работников на партийную и советскую работу; д) назначить губернский съезд Советов на 1 августа.

Подлинный подписал: секретарь КазЦИКа Мурза-Галиев.

Верно: [3].

Фамилия Ауэзова указана также в Списке ответственных работников по Казкраю, который датируется июнем 1921 года. [4]. Его должность - политический секретарь - член президиума ЦИК КазАССР.

Выше нами приведены задокументированные факты того, что Мухтар Ауэзов проявил себя как активный член советско-партийных органов. Этот период совпадает с командировкой Смагула Садвокасова в Семипалатинск и последующими решительными переменами в управлении губернией.

Это совпадение не случайно. Принципиальная позиция Садвокасова во вновь присоединяемых губерниях привела к тому, что были пресечены проявления среди местных коммунистов шовинизма, а к руководящей работе были привлечены лучшие кадры из числа образованных казахов. К примеру, в январе 1922 года в ходе Семипалатинской губернской партконференции состоялись выборы губкома РКП. В списках избранных есть фамилия Ауэзова.

«Из ПРОТОКОЛА

Семипалатинской губернской партконференции

22-27 января 1922 г.

Заседание 4-е. 24 января.

Голосование. Выборы губкома РКП.

Партстаж не менее 1 года. Участвуют 79 делегатов, кандидатур – 20.

Избраны: 15, среди них (приводим наиболее известные фамилии): 8) Букейханов: «за»- 56, «против»- нет, с 1920 г. член партии; 11) Лекеров: «за»- 54, «против»- 4, «воздержались» - 21; 14) Нурмаков: «за»- 37, с 1920 г. член партии; 15) Токжигитов: «за» 40, «против»-9, «воздержались» - 30.

Выборы на областную партконференцию: под № 18 указана фамилия Ауэзов.» [5]. 1922 год был плодотворным для Ауэзова и в литературном аспекте. В тот год Казгосиздатом издана его пьеса «Энлик-Кебек». Документально:

«10 марта 1924 г. № 4/423.

В Киробком РКП(б).

На отношении за № 7011 о книге Ауэзова «Энлик-Кебек» Казгосиздат сообщает, что означенная книга издана всего один раз в 1922 году в количестве 2000 экземпляров. Остаток в настоящее время – 858 экз.

Зав. Гос. Изд. _____

Секретарь _____» [6].

С середины 20-х годов Мухтара и Смагула объединяет процесс создания репертуара национального театра. В частности, история восстания под руководством султана Кенесары, по мнению Смагула, должна была служить предвестником борьбы за самоопределение. Фабула пьесы создавалась М.Ауэзовым, молодой наркомпросия Садвокасов отстаивал свое мнение в прессе. С точки зрения воспитания патриотизма и поддержки национальной идентичности, такая постановка была бы актуальной. Довод Садвокасова был вполне резонный: «Если Тренев в России ставит «Пугачевщину», почему нам не поставить пьесу о Кенесары? –

Пьеса на социальную тему уровня «Ревизора» Гоголя в те годы в Казастане не была создана, а о хане Кене - не была поставлена. Тогда как Смагул предлагал выбрать лучшую, к примеру М.Жумабаева «Батыр Баян», где есть строфы о Кенесары, либо - из произведений М.Ауэзова [7]. То был период критики Магжана в печати за символизм и образы ханов.

Что же объединяло таких разных по энергетике людей, как Садвокасов, Жумабаев и Ауэзов? Почитание истории и справедливость по отношению к тем, кто ставил выше земных радостей служение Отчизне. Смагул Садвокасов публично и тонко защищал имена и деяния Абылай хана, Шокана Уалиханова. – В своей животрепещущей публицистике и выступлениях Садвокасов часто апеллировал к образам исторических деятелей прошлого Казахстана. До сих пор эти публикации актуальны в силу затронутых территориальных вопросов. Отметим лишь, что в статьях и выступлениях Смагул использует привычные для слуха казахов имена Абая, Абылая, Кенесары, Баян батыра, Шокана, Ибрая Алтынсарина.

К примеру, в статье «Қазіргі дәуір – іс дәуірі» Смагул осуждает верхоглядскую позицию нигилистов: «после меня хоть потоп». Он терпеливо разъясняет ошибочность категорического отказа от ценностей предыдущих эпох. - Если, рассуждает Смагул, прежние кумиры еще имеют значение и даже способствуют воспитанию, почему не беречь их, так же как наследие великого Абая, от которого кое-кто предлагает сиюминутно отказаться: «Ылғи ескілікке қарсыны жаңа пікірге санай аламыз ба? Мысалы, біреу Абайды күйдіріп, өртеп жіберу керек дейді екен. Себебі: Абай ескі, ол бұрын болған, бізге жаңа керек. Бұл сықылды пікірге жаңа пікірлі жастар қалай қарау керек? Бірақ бұның негізі дұрыс екен. Біз ескіге қарсы болғанда оның шын шіріген, ескірген жеріне қарсымыз. Осы күнгіні гүлдендірудің орнына бүлдіретін, шірететін, ілгері басуға бөгет болатын жеріне қарсымыз».

В другой статье «Қазіргі дәуір – іс дәуірі» (в переводе «Наша эпоха – эпоха деловитости»), Смагул Садвокасов призывает переосмыслить духовные ценности народа и авторитеты прошлого, заслуги исторических личностей таких как батыры Абылай и Кенесары, Баян, опираясь на опыт предков, направить усилия на достижение успеха в настоящем.

Несомненно влияние харизмы и идеологии Смагула на творчество друзей. Образы Абылая, Кенесары, Абая именно он открыто отстаивал как национальные бренды, точки притяжения для мастеров слова, драматургии. Произведения на исторические темы он лично продвигал в периодической печати, можно сказать, создавал общественное мнение, современным языком – PR в средствах массовой информации. Ниже приведем примеры реализации этого замысла отечественными литераторами из его ближайшего окружения.

Классик тюркской поэзии, мастер с необычайным диапазоном творчества Магжан Жумабаев посвятил личности Абылай хана историческую поэму «Батыр Баян». В поэме создан целостный и запоминающийся образ хана Абылая. Поэт Магжан восхищен мудростью и величием хана, его человеческими качествами. Фигура казахского правителя передается позитивными эпитетами: «Ойы теңіз хан Абылай», «Абылайда екі сөз жөк», «Абылай кемеңгер», «Абылай данышпан», «Абылай, ел ағасы» (В переводе: «глубокомудрый хан», «прямолинейный», «лидер», «светило», «отец народа»). Формы обращения к хану со стороны его окружения в поэме «Батыр Баян» передают особое почтение и уважение: «Алдияр, Абылайым!» (Принятое на Востоке выражение почтения высокопоставленным особам).

В другом стихотворении «Түркістан» Магжан Жумабаев, отмечая, что хан Абылай похоронен в г. Туркестане, отзывается о нем так:

«Алаштың арыстаны Абылай ері» («Лев народа Алаш, Абылай»).

В произведениях Магжана говорится о периоде казахско-джунгарских войн и подвигах славных батыров; Магжан был выше идеологических шор, своим произведением он увековечил имя хана Абылая и остался в народной памяти непревзойденным творцом исторических полотен.

Колоритная фигура Абылай хана не могла не заинтересовать людей творческого склада, самородков, чему доказательством служат исторические песни, поэмы, ему посвященные. Как известно, народному композитору, акыну и исполнителю Үкілі Ыбыраю Сандыбайұлы (1860 – 1930) принадлежит стихотворение «Абылайдың ақ үйіне». Оно было опубликовано в газете «Бостандық туы» 8 марта 1926

г. /Через несколько лет автор стихотворения был репрессирован, его творчество сохранилось фрагментарно в памяти народа. Современные исследователи опирались на текст этого произведения при уточнении местоположения легендарного здания «Абылайдын ак уйи», ныне Резиденция Абылай хана в Петропавловске/.

Обаяние и преданность поэтической музе Магжана только укрепили дружбу Мухтара и Смагула. Будучи знаком с Садвокасовым еще с периода учебы в Омске, - Магжан читал стихи на его свадьбе с Елизаветой Букейхановой (1923 г.), поэт ценит писательский дар Мухтара. Им есть о чем поговорить: все трое горячо обсуждают новинки из мира книг и театральной драматургии. Магжан и Мухтар по совету Абубакира Диваева в 1922 году выезжают в Семипалатинск в родовые земли Абая. Цель – отыскать и подготовить к изданию рукописи философа, поэта, просветителя, переводчика Абая Кунанбаева. Это станет мотивацией к продолжению учебы; воспользовавшись стипендиями Наркомпроса не без помощи Байтурсынова и Кенжина, они поедут на учебу в Ленинград и Москву. Верная спутница жизни Магжана, Злиха, в Ленинграде получит поддержку от Алькея Маргулана, тогда студента, перед поездкой в Сивлагерь к мужу. [10].

«Алаш» как совокупность убеждений и символ идентичности они пронесут с собой; Кенжин напишет книгу «Что такое «Алаш-Орда», о которой еще мало знают обществоведы, больше ссылающиеся на одноименное издание А.Бочагова.

Национальной интеллигенции, медиакультуре и литературе пришлось пройти тернистый путь к подлинной Независимости. Выдвижение на должности было частью процесса самоидентификации. Навязанные извне «классовые» расхождения сыграли роковую роль. Повесть «Лихая година», о событиях 1916 года в Семиречье, была написана Ауэзовым в 1928 году, но уже через несколько лет произведение оказалось под запретом. Именно в этой повести автор впервые обратился к теме этнокультурного многообразия, показав жизнь рядовых казахов, уйгур и дунган.

Преследования за политические взгляды не прекращались. При трудоустройстве, Ауэзов неизбежно попадал под пристальное наблюдение «органов». Приведем еще один «документ» эпохи.

«3 сентября 1933 г. Совершенно секретно.

Председатель КрайКК РКИ* – т. Егорову.

О состоянии Зооветинститута в г. Алма-Ате.

Директор Института член ВКП(б) Юнусов Малай окружил себя классово-чуждыми элементами, комплектует Институт социально чуждыми алаш-ордынскими элементами. Приняты Юсуповым (далее идет перечисление, выборочно приведем известные фамилии):...6. Ермеков – бывший лидер Алаш-орды, профессор. 7. Ауэзов – бывший лидер Алаш-орды, профессор. 8. Джулдыбаев – в прошлом видный алаш-ордынец, доцент. 9. Бримжанов – сын крупного полуфеодала, алаш-ордынец, принят ассистентом». [8]

Итак, анализ подлинников документов судьбоносного десятилетия 1917 – 1927 гг. показал, что в тот исторический период Мухтар Ауэзов был довольно активной фигурой процесса идентификации национальной интеллигенции. Его выдвижение на советско-партийную работу было прямо связано с энергичными действиями Смагула Садвокасова в Семипалатинске в 1921 году. В дальнейшем их дружба продолжилась.

Пока недостаточно документов об оренбургском периоде их совместной работы. Смагул в должности наркома просвещения оказывал неоценимую помощь в тиражировании литературных трудов и пьес друзей, зачислении в студенты со стипендией от наркомпроса в ленинградский и московский вузы [9], изучении наследия Абая, трудоустройстве М.Ауэзова в Казпедвузе в Ташкенте.

Один из них /Смагул/ ушел из жизни молодым, в 33 года, Магжан был расстрелян в 1938-м, обвиненный в пособничестве Японии. Парадоксально, но факт: одна из ранних статей Мухтара Ауэзова в журнале «Кызыл Казакстан» так и называется «Япония».

Мухтар пережил их и довел до конца задуманное ими вместе. Огромная заслуга Мухтара Омархановича в том, что он, после смерти Сталина, встретился в Москве с вдовой Смагула Садвокасова, вывез в Казахстан по ее просьбе рукописный архив С.Садвокасова, который ныне хранится в доме-музее Ауэзова в Алматы. Он выполнил и другой завет друга, воплотив бессмертный образ национального героя - хана Кене - в одноименной драме.

Идеология режима, ограничивая писателей в выходе на широкую аудиторию, была бессильна против личной творческой мастерской. В романе «Путь Абая» Мухтар Омарханович выписывает прекрасный образ хана Абылая, завуалировав восхищением им через отрицание. Прием Эзопа в данном случае был уместен. Непревзойденный мастер слова, психолог, романист, М.О. Ауэзов в трилогии «Путь Абая» высветил легендарный образ хана Абылая через уста Көкбая. «Запомните, жигиты, нынче родилось во

мне решение, - твердо сказал он (Кокбай), похлопывая по сапогу плетью. – Начинаю большую поэму об Абылае. Так напишу, что все дети казахов будут преклоняться перед его духом!»

Автор, под давлением идеологии советского времени, вынужден был сознательно принизить значение деятельности хана Абылая, для чего вводит диалог Көкбая с Дарменом. Последний говорит: «Тому ли нас учит Абай-ага, Көке? Не лучше ли написать правду, а не славословие?» - «На этот раз Абай согласится со мной, - убежденно ответил Көкбай. «Ну что же, Көке, - улыбнулся Дармен, - видно, ваш талант закусил удила и упрямо мчит вас вслед за ханами и султанами. Хотите воспеть ушедшую жизнь? Поглядим, какая будет поэма... Но раз вы передали поводья хану, смотрите, не оправдалась бы на вас поговорка: «Кто последует за ханом, под конец потащит седло на себе»! Молодые люди рассмеялись. Көкбай молча повернулся к своему коню и первым тронулся в обратный путь».

Драма сюжета заключается в том, что молодежь, аргументируя свое равнодушие к памяти хана, опирается на авторитет самого Абая. Этим приемом Ауэзов усиливает ноту разочарования Көкбая, искренне восхищающегося Абылай ханом. По его мнению, «У казахов нет более чтимого предка, более великого человека, чем Аблай-хан!» И он уверен, что его поддержит Абай. - Остается предполагать, каково было автору трилогии своими руками ставить под сомнение могучий образ хана, причем авторитетом своего любимого героя! Фабула борьбы противоположных мнений была данью времени.

Интересный факт, в 1925 г. был составлен и в 1940 г. доставлен в рукописный фонд Научной библиотеки Академии наук Казахстана рукописный список исторической песни «Абылай хан әңгімесі». Песня заканчивается от имени ее автора, Көкбая, ученика Абая. Очевидно, на этот артефакт опирался М.О. Ауэзов, обрисовав упоминающийся выше сюжет трилогии, с известными поправками. На такие «уловки» приходилось идти Ауэзову, чтобы сохранить замысел от цензуры. Действительно, современные исследователи творчества Абая Кунанбаева считают, что имя Абылая лежит в подтексте стихотворения Абая «Шоқпардай кекіл бар қамыс құлақ...». Предыстория творения - в 1886 г. Абай поручил своему другу акыну Көкбаю написать дастан о Кенесары, потомке хана Абылая, руководителе национально-освободительного восстания. Көкбай описал в дастане сподвижника Кенесары, Наурызбая. Абай не был удовлетворен этим, и сам создал упомянутое стихотворение.

Если бы не цензура, Ауэзов возможно создал бы чудные произведения о современниках, алашевцах. О прекрасной когорте: Ахмет Байтурсынов, Миржакып Дулатов, Алихан Букейханов, Жусипбек Аймаутов, Магжан Жумабаев, Смагул Садвокасов, братья Досмухамедовы, Мухтар Саматов, Аспандияр Кенжин, Нугман Залиев...

В Москве учился и преподавал, одновременно трудился в Восточном издательстве Магжан. Здесь он будет согласовывать с Букейхановым, Байтурсыновым и Ауэзовым идею проекта объединения творческих работников Казахстана, «Алка» [10]. Последнее утро своей жизни Смагул и Мухтар, в разное время, встретили в Москве, вдали от горячо любимой Родины. Престольная невольно оказалась суровой, но колыбелью их творчества. Словно предчувствуя скорый уход, Елизавета Алихановна настоятельно попросит Мухтара Омархановича навестить их московский дом и вручит ему рукопись покойного мужа.

Молодому поколению Казахстана еще предстоит узнавать их мировоззрение, в отсвете великой дружбы предвестников независимости[11].

Литература

1. АП РК. Ф. 719. Оп.5. Д.67. КазкрайКК-НКРКИ. - Алма-Ата. Партколлегия. Протоколы, докладная записка проверочной тройки ЦКК ВКП(б) по чистке членов Крайкома и КрайКК ВКП(б). 1929 г., на 20 л. – лл. 7-12.
2. Сейфуллин С. Тернистый путь. – А., 1964. На рус. яз.
3. АП РК. Ф. 140. Оп.1. Д. 83, январь – июнь 1921 г. Кирпартбюро. Секретариат. Протоколы заседаний Президиума (подлинники) № 1 – 27.л.33.
4. АП РК. Ф. 140. Оп.1. Д. 111, июнь 1921 г. Списки ответственных работников по Казкраю. Л. 3. Фонд Мухтара Ауэзова. - <http://www.auezov.kz/node/48>
5. АП РК. Ф. 139. Оп.1. Д. 57, сентябрь 1921 – январь 1922 гг. Протоколы, резолюции 3-й Семипалатинской губернской партконференции. - л. 57-57об.
6. АП РК. Ф. 139. Оп.1. Д. 1104, Киробком. - л. 240.
7. «Қызыл Қазақстан». – 1924. - № 1, 2 (25-26), 4.
8. АП РК. Ф. 719. Оп.4-719. Д. 675. КазкрайКК – НК РКИ. г.Алма-Ата. Секретная часть. Спецсводки и спецсообщения ПП ОГПУ в Казахстане. (25 апреля – 3 ноября 1933 г.) л. 98.
9. АП РК. Ф. 139. Оп.1. Д. 718.- л. 128. Список стипендиатов по линии Казнаркомпроса на 1923-1924 гг.
10. Архив КНБ, г. Алматы. - Дело № 3881/7875, в 2-х томах. «По обвинению Джумабаева Магжана. – Том 1. – 30 декабря 1937 г.; Там же. Приложение к делу № 6. «С документами по делу о контрреволюционной организации казахских националистов». Алма-Ата, 1937 г. в 5-ти томах.

11. См. также: Смағұл Сәдуақасұлы. – Таңдамалы. – 1 том. Құраст. Б.Дәрімбетов. – Алматы, 1993; Қамзабекұлы Д. Смағұл Сәдуақасұлы. – А., 2010; ГАСКО. Фонд Газеты «Бостандық туы», «Еңбекші қазақ»; Муқанова Г. «Толық адам» или Экология этничности. – А., «Қазақ университеті», 2012.

ТӨЛЕНОВА З.М.
т.ғ.к., доцент, ТЭИ

М. ҚОЗЫБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ КӨРКЕМСӨЗ ШЕБЕРЛІГІ

«Ғалымның Отандық тарих ғылымы саласындағы сіңірген еңбегі мен артында қалған мол мұрасы, шығармалары халықтың игілігі мен қазынасы болып қала береді».

Н. Назарбаев

Академик Манаш Қабашұлының ғылыми мұрасы мен оның маңызы, жалпы ғалымның отандық тарих ғылымын дамытудағы рөлі мен орны туралы жиі қарастырамыз. Себебі академик М. Қозыбаев өзінің саналы ғұмырындағы 53 жылдық еңбек жолының 40 жылын ғылым жолына арнады да, өзі таңдап алған тарих ғылымын дамытуға еңбек етті. Бастапқыда ғылымдағы ізденістерін өлкетану, Қазақстанның Ұлы Отан соғысындағы жеңісіне қосқан үлесін зерделеуден бастаған М. Қозыбаев біртіндеп ғылыми зерттеу аясын кеңейтіп, қазақ халқының шығу тегінен бастап, оның өркениеттегі орны, XX ғ. қасіретті тағдыры туралы тұтас, кешенді де маңызды, мазмұны терең тұжырымдар жасады. Сонымен қатар екі қоғамдық кезеңде өмір сүріп, тарих ғылымының дамуы мен жаңа ауыспалы кезеңнің талаптарына сай жазылған зерттеулерінде қазақ халқының тілі, ділі, діні, мәдениетінің өзекті мәселелері қаралып, кешегі кеңестік қоғамдағы жалпылама бірегейлендіру жүйесін бұзып, қазақ халқының өзіндік, ұлттық болмысын айшықтауда да академик М. Қозыбаев тарихшылардың көшбастаушы ғана емес, өз ғылыми шығармашылығымен де ерекшеленді.

XX ғасырдың соңғы он жылдықтарындағы республикадағы қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал ететін қоғамтанушылардың алдыңғы қатарына шыққан ғалым-қайраткердің жоғары деңгейге көтерілуіне соғыс және бейбітшілік, өлкені социалистік түрде модернизациялау, Отан тарихын әлеуметтік-экономикалық формациялар мен өркениеттік талғам мен талап негізінде, аға буын тарихшылардың еңбектеріне сүйеніп, жаңа деректеме көздерін пайдалана отырып зерделеу, қазақ халқының шығу тегі, қазақ мемлекеттігі, үш жарым ғасырға созылып, Ұлы Отан соғысына ұласқан қазақ-жоңғар қарама-қарсылығы, ұлтымыздың 260 жыл Ресей империясының, Кеңестік Ресейдің қоластындағы отарлы ел болған болмысының тарихын жүйелі түрде саралап, ғылыми-теориялық тұрғыдан талдап, Отантану ғылымын жаңа сатыға көтерді.

Біздің бүгінгі тарқатар ойымыздың басты мақсаты осынау отандық тарихтың әрқилы проблемаларына арналған шығармаларының жазылу ерекшелігі және көпшілік қауымның қызығушылығын тудыру қасиеті неде деген сауалға жауап іздеу. Ең алдымен, академик Манаш Қозыбаев еңбектерінің мазмұнының тереңдігі мен ондағы жасалынған тұжырымдардың құндылығында болса, екіншіден барлық еңбектерінің академиялық деңгейде және публицистикалық, яғни ғылыми-көсемсөздік жанрда жазылуында.

Ата-мен әже қамқорлығында тәрбиеленіп халық ауыз әдебиеті мен оның жауһар құндылықтарына мейілінше қанып өскен М. Қозыбаевтың болмысынан «Атаға қарап ұл өсер» деген халық мәтелінің шынайы өмірден алынғандығын байқаймыз. Қиын-қыстау кезеңде ата мен әкенің ел тірлігіне араласқан белсенділігінен сабақ ала отырып, ол өзінің ұйымдастыру қабілетін шыңдады, әже әлдиі мен ауыл ақсақалдарының ауызекі әңгімесін ыждаһатты тындап өскендіктен, бала күнінен өлең-жырға құмарлығы ғылыми шығармашылығында академиялық, ғылыми-көсемсөздік ізденістерін кеңейтті.

Оған жарқын мысал ретінде, мыңжылдықтың соңғы жиырма жылында Одақтас Республикалардағы этникалық бұлқынысқа, серпіліске толы тұста ұлт зиялылары кеңестік патриотизм идеясынан өтіп, ұлттық намысқа негізделген ізденістер жасай бастан тұста жазылған еңбектерін айта аламыз. Олардың көшбасында XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында жазылған «Жауды шаптым ту байлап» атты қазақ халқының басынан кешкен ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы, олардың кезеңдері, ел бастаған хандар мен сөз ұстаған көсемдер, қол бастаған батырлардың ерлігі жайлы жазылған еңбегі тұр. Ғылыми-

көркемсөзбен, яғни публицистикалық тұрғыда жазылған бұл жинаққа енген мақалаларда ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік жолында бір сәткеде өшпеген, күрес жолында жылдан жылға өткірілініп өрши түскен ұлттық сана мен болмыс, ұлттық рух пен намыс, бабаларымыздың дабылды да дауылды жылдардағы азаттық жолында шыңдалған ерлігі мен қайсарлығы, олардың бойындағы ұлтжандылық қасиеттерін тартымды жеткізген еңбектерінің ғылыми деректілігінің молдығымен қатар оқырманға ой тастар ұтымдылығы да жеткілікті. Кітаптың атауының өзі «ә» дегеннен-ақ тарих қойнауына жетелейді. Оның кіріспе ретінде берілген «Жауды шаптым ту байлап» атты мақаладағы «Тереңнен ойлап, тебірене толғансаң – халқымыздың барша тарихы осы тәуелсіздік үшін, елдік үшін, халықтың бас бостандығы үшін күрес» деген жолдардан қай тақырыпқа қалам тартар болсаң да тереңге бойлау қажеттілігін ескертеді [1, 3-б.].

Академик М. Қозыбаевтың осы кезеңде жарық көрген басылымдары қазақ халқының тарихына терең бойлап, қатаң идеологияға бағынған ресми ғылымдағы Орталықтың ықпалындағы тарих шеңберінен ғана емес қалыпты ғылыми тілде жазылу талабынан да шыға бастады. Сөзіміз дәлелді болу үшін, аталған жинақтағы «Абылай дәуірі» атты мақаланың жазылу стиліне көңіл бөлейікші. Тарихи-көсемсөздік шеберліктің шынайы үлгісін танытатын: «Абылай дәуірі – жүз мың тұлпарлардың тұяқтары ошақтай ойып қалдырған жорық жолдары. Ол Бұқар, Үмбетей сияқты жыраулардың «Аттан», «Аруақ», «Ел болсайшы қайран қазақ» деген айбынды үндері. «Ақтабан шұбырындыны» басынан өткізген ұлы әжелеріміздің жоқтаулары, халық аңыздары мен жырлары, адам қаны жосып аққан сай-салалар, киелі Ұлытау, қайғылы қаратау, дабылды Аңырақай, ежелгі қасиетті Түркістан, құдіретті Көкшетау, қаһарлы Қалмаққырған – Абылай дәуірінің куәгерлері» деген бір сөйлемге халқымыздың ғасырлық тарихын бейнелі түрде сыйғызып бере алған шеберлігі қандай! [1, 28-б.]

Кітаптағы «Дала данасы Бұқар жырау», «Ел ебенек емес, ер – кебенек емес», «Ел тірегі – Шақшақ Жәнібек», «Жыр құдіреті (Махамбет туралы сыр)» және т.б. мақалалары тарихшы ғалымның жан-жақты энциклопедиялық білім иесі екендігін танытады.

Академик М. Қозыбаевтың шығармашылығындағы тағы бір ерекшелік – ұлтжандылық пен ұлттық мүдде жолында қызмет етудегі азаматтық бейнесінің өз еңбектерінде айқын сезілуі. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында жазылған еңбектерінде тарихшы-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде М.Қ. Қозыбаев қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің орнығуына, мемлекеттілік идеологиясының, Қазақстан Республикасының этнотерриториялық тұтас-тығының нығаюына үнемі назар аударып отырып, жас ұрпақ бойына адамгершілік пен ізгіліктің нұрын себуде халық ауыз әдебиеті мен ақын-жырау, би-шешендердің даналық сөздерін жиі пайдаланатын. Мұны М.Қ. Қозыбаевтың еңбектерінің кез-келгенінен айқын көруге болады. Сондай-ақ бұған «История и современность» (1991); «Ақтаңдақтар ақиқаты». Оқу құралы. (1992); «Тарих зердесі» (т.І, ІІ, 1998); «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» (2 кітап); «Өркениет және ұлт». (2001), т.б. монографиялары мен «Жұлдызым менің» атты кітабындағы ғылыми, ғылыми-публицистикалық мақалалары мен мерзімді басылым беттерінде жарияланған Қазақстан тарихнамасына қосқан қомақты үлес және Отан тарихы ғылымының жаңа белестегі даму деңгейін көрсететін жарияланымдары айқын дәлел.

Академик М.Қ. Қозыбаев еңбектерінің негізгі мазмұны жалпыұлттық татулық пен Қазақстан халықтарының бірлігін нығайтуға, өскелең ұрпаққа рухани және патриоттық тәрбие беруге, елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын көтеруге арналған реформалар мен бағдармаларды жүзеге асыруға бағытталғандығымен құнды.

Академиктің осындай ғылыми-көсемсөз бағытында жазылған 2 кітаптан тұратын «Тарих зердесі» атты монографиялық еңбегінде тек қана ұлт тарихының келелі мәселелері ғана емес, тәуелсіздік тұғырын бекемдеу жылдарындағы еліміздің қоғамдық-саяси өмірінің өзекті проблемалары кеңінен қарастырылады. Бұл еңбектің де ұтымдылығының бір қыры - ұлт тарихынан, ұлт зиялылары мен жер, ел туралы өткір де ұтымды ой айтқан М. Қозыбаевтың өзін ғалым, тарихшы, публицист ретінде көпшілікке мойындата алуы дер едім. Ғалым осы монографиясына енген мақалаларында қоғамдық құбылыстар, олардың ағымы мен қайшылығын, халыққа тигізген зардабын, әсіресе, тәуелсіздіктің бастауындағы республикадағы экономикалық, әлеуметтік реформалардың болашағы мен көлеңкелі тұстарын, жаңа үрдіске бейімделе алмаған зиялы қауым, сондай-ақ осы аумалы-төкпелі тұста малы мен кәсібінен айырылған қазақ ауылының ауыр халі, ғылым мен білімнің мүшкіл жағдайы туралы және оның осы бағытпен кете берер болса рухани азғындықтың пайда болып, өрістеуіне әкелетіндігін кез-келген қоғам мүшесінің санасына сіңіру үшін публицистикалық жанрда жазды. Өзінің осындай өткір тілде жазылған еңбектері арқылы ұлт тарихын түгендеген көрнекті тарихшы, ұлт ұлағатының жаршысы, өз ұстанымы бар белсенді қоғам қайраткері ретінде танылды. Сондықтанда, академик

М. Қозыбаевтың шығармашылығы туралы сөз қозғағанда оның қайраткерлігі мен қатар публицист екендігіне де көңіл бөлеміз [2].

Академик М. Қозыбаевтың болмысы мен бойында тума дарындылық пен білімділік, парасаттылық пен адамгершілік секілді қасиеттердің тамаша жарасымдылығы мол еді. Қаншама биік мінберлерден ұлт тарихының өзекті мәселелері туралы сөйлегенде ойының ұшқырлығымен, жазғанда қаламының қарымды жүйріктілігімен, сөз алғанда тілінің орамдылығымен кез-келген тыңдаушысын еріксіз баурап алатын. Оның шығармашылық лабораториясына тереңірек бойлаған сайын, ғалымның ең көп көтерген мәселесі – өркениет және ұлт туралы, ел мен жер мәселелері болғанындығын байқаймыз. Сондықтан М. Қозыбаев «Ұлт болмысы», «Ұлт намысы», «Ұлт тілі», «Ұлттық мәдениет», «Ұлттың рухы», «Ұлтжандылық» сияқты мемлекет құруда ең қажетті де қасиеттер ұғымдарды ұлттық мүдде тұрғысынан түсіндірудің жолдарын қарастырған. Академик қазақ өркениетінің қайнарына – Далалық өркениеттің өрісін саралай отырып құнды тұжырымдар жасау да көркемсөздің мәйегін пайдаланады [3].

Осылармен қатар ұлттық сананы және оның жасампаздарын – билер мен шешендерді, хан мен батырды, ақын мен жырауды ұлықтауды жоғары мәртебе санады. Сондықтан болар «Қалай болғанда да қазақ халқының ұлттық санасының қайнар басында халқымыздың үш кемеңгер билері Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке би тұрғаны хақ. Сөз жоқ, бұл арада бір дәуір ішінде олардың өкшесін басқан, даналығы тасқан, шешендігі асқан, бір өзі дала академиясы болған, өзі би, өзі жырау, өзі дипломат, өзі мемлекет қайраткері, замана данасы, қазақ мемлекетін бүкіл еуразиялық биігіне көтеруге үлкен үлес қосқан Бұқар жырауды да еске ала кеткен жөн. Мұқтар Әуезов айтып кеткендей, «тыныштық заманда киюі қашып, арасы ашылған қарындасты табыстырып, қысылшаң заманда сасқан елге жол табатын, бет нұсқайтын, кемеңгер, көрегені болған» билер мен жыраулар қазақ тарихында легион десе де болады. Мен осы арада ақындық пен жыраулық, тапқырлық пен шешендік, ерлік пен елдік дала перзентінің төл қасиеттері екенін баса айтқым келеді», - деп ағынан жарылады [4].

Өз ұлтының адал ұлы ретінде, тарихшы-ғалым ретінде, қайраткер ретінде де танылған академик Манаш Қозыбаев тәуелсіздік жолында күресе отырып, ғасырлап барып қол жеткізген киелі тәуелсіздігімізді қорғайтын да, тұғырының биік болуын қамтамасыз ететін де халқымыздың ұлттық намысы мен ұлттық рухы деп насихаттап өтті. Сондықтан М. Қозыбаевты өз шығармашылық ғұмырында ұлттық намыс пен рухтың жаршысы ғана емес, өнегелі өмірінде оның үлгісін өз ісімен танытқан, ғылыми еңбектерімен әйгілеген намысы да, рухы да өр тұлға болғандығын мақтан етеміз.

Ғалымның көркемсөздің иесі болғандығын ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімбек Салықов: «Тарихи еңбектерін қарасақ, солардың ішінде Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Қожаберген жырауларды керемет біледі де, солардан сусындап, соларды жалғастырғандай сөйлейді. Ақындығын көрсетіп, ұйқасқа да шауып кетеді» деп бағалайды [5]. Тарихшы-ғалым М. Қозыбаевтың ақындығы «Жұлдызым менің» атты естеліктеріндегі өлең топтамаларынан көпшілікке белгілі [6].

Ойымызды академик К.Сағадиевтің: «Публицистиканың бастауы, оның жалынды болуы шешендік, көсемсөздік шеберлікпен байланысты екені баршамызға мәлім. Көсемсөздік шеберліктің негізінде туған публицистика қай кезеңде болса да ойынды тербетіп, сананды өткірлейтін, ұрпақтан ұрпаққа жететін бағасы жоқ мұра. Сондықтан да сонау ықылым заманнан бері Демосфен мен Цицеронның, олардан кейінгі Вольтер, Руссо, Дидроның, өз ұлтымыздың даналары Бұхар жыраудың, Ахмет Байтұсынов пен Әлихан Бөкейхановтың ұтымды да өткір, сыры терең нақыл сөздері баршамыздың ортақ мұрамыз болып келе жатқан жоқ па. Бүгінгі заманда Ғабит Мүсіреповтің, Зейнолла Қабдоловтың, Әбіш Кекілбайұлының, Манаш Қабашұлының көсемсөздің майталман шеберлері екендігіне ешкім шек келтірмейді. Сондықтан да олардың еңбегі тек қана біздің емес, келешек ұрпақтың құрметіне де әбден лайық» деген пайымдауымен қорытындылауды жөн көрдік [7].

Әдебиеттер

1. Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
2. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. 1, 2-кітап. Алматы: Ғылым, 1999. -344 б.; -280 б.
3. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт / Құрастырған. З.М. Төленова. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. -369 б.
4. Қозыбаев М.Қ. Ежелден бірлікті аңсаған // Егемен Қазақстан. – 1993. - 19 маусым
5. Салықов К. // http://kaztrk.kz/kaz/news/kultura/Manash_Kozibaev_ulttik_tarihti_kajta_zhangirtushi.html
6. Қозыбаев М. Қ. Жұлдызым менің / Құрастырған: З.Төленова. -Алматы: Арыс, 2001. - 240 б.
7. Сағадиев К. Ұлт ұлағатының жаршысы // Егемен Қазақстан. – 2011. – 1 қараша

ОТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңда келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі — маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді.

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір оқытушы үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа оқытушы үшін өтілген материал тәрізді.

Инновация мәселелерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін, жазған анықтамаларын қарастырып, талдай келе бұл ұғымның түп-төркінін белгілі уақыт арасында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деп айтқанды жөн. Сәл ертерек кездің өзінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялы деп аталған. Осыларды негізге ала отырып, инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп ұғуға болады [1].

Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп, тарату мәселесін қарастырады. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі [2, 3 б.].

«Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу – біздің мақсатымыз. Сондықтан да, жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болып, үнемі білім алып ақпараттық дәуірдің белсенді мүшесі болу керек. Бұл мақсаттарға жету үшін оқытушының ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа қарым қатынас жасау қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту – арқылы таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы. Мақсаты – оқу үрдісінің өнімділігін арттыру.

Белгілі ғалым М.М. Поташник: «Инновация – оқу бағдарламасын меңгертуде мұғалімнің оқытудың жаңа әдістемелері мен технолоияларын тиімді игеруі» - деп анықтама берсе, Н.Ф. Талызина: «Инновациялық технологияларды қолданудағы негізгі міндет; сабақ үрдісінде белгіленген мақсатқа жетуде ең тиімді әдістерді таңдай білу» - деп анықтайды. «Өмірлік білімнен – баршаға өмір бойы игерілетін білім» қағидасы білім ордасында оқу – тәрбие үрдісінде қолдану ісі өз көрінісін табуда. Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея» [3]. Майлс «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді. «Бүгінгі ұстаздың бірінші міндеті – оқушыға бүкіл өміріне азық ете алатындай жан – жақты білім беру» - деген президентіміз Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында [4]. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан – жақты ұрпақ шығару мүкін емес.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады [5, 56].

Еліміз егемендік алған алғашқы жылдарынан бастап білім беру ісіне аса мән берілуде. Бүгінгі ғаламдастыру дәуірінің талабына сай білім беру барысында оқушының жеке тұлғасын жан-жақты жетілдіруге, олардың танымдық әрекетін дамытумен қатар ғаламдық ой-санасын қалыптастыруға ерекше назар аударылуда.

Ғылым мен техниканың дамуымен әлеуметтік өмір деңгейі де өзгеріп отырады. Осының бәрі табиғат байлығына адам миы мен күшінің жұмысынан туады. Әр адамның ойы мен білімі әр қоғамға қандай керек болса, табиғат пен оның байлығы да сондайлық керек. Мұның өзі дүние бір бірімен байланыста дамитынын ондағы адам мен қоғам аралық қатынасты да қадағалай білген жөн.

2010 жылғы 7 желтоқсанында №118 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2011 – 2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы» жеткіншектеріміздің жоғары сапалы білім алып, жан-жақты дамуын көздейді. Өйткені, адамзат ақыл-ойы мен әлем өркениеті дамыған сайын білім жүйесіне жаңа талаптар қойылып келеді.

Елбасы Н.Назарбаев: «Дамыған елдердің тәжірибесі ұлттық гүлденуі негізінен үш шешуші фактормен: соны ғылыми жаңалықтарды игерумен, білімнің деңгейімен және қызметкерлердің мамандандырылған кәсіби деңгейімен айқындалатынын көрсетеді» деген сөзіне орай білім саласында қызмет ететін мамандардың әлеуметтік-экономикалық реформаларға негізделген үздіксіз білім беру жүйесінің жалпы ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік және жеке жоспарлар бойынша жұмыс жүргізуіне итермелейді.

«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру дамыту туралы тұжырымдамасының» басты мәнділігі - ол үздіксіз білім жүйесінің негізгі идеялары мен қағидаларын ХХІ ғасыр талаптарына сәйкестендірудің және оны әлемдік білім кеңістігінің даму заңдылықтарына ұштастырудың жолдарын көрсетуге арналып отыр.

Тұжырымдаманың басты ерекшелігі мен артықшылығы білім берудің ұлттық жүйесін қайта құрудың принципті жаңа идеяларын ұсынуында болып отыр.

Инновациялық процестерді ендіру үш өзара байланысты күштер анықталады: енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды:

Мотивациялық өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді.

Мазмұндық өлшемдеріне болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен мәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үрдістің заңдылықтары мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін және жеке тұлға теориясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады.

Бейімділік өлшемдерін болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті артады: бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана алуларымен ерекшеленеді.

Танымдық өлшемдері болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерін пайдалануымен, инновациялық педагогикалық технологияларға қызығу танытумен ерекшеленеді. Оған болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдана білуі, инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі, үйренуі жатады.

Іс-әрекеттік өлшемдері болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үрдісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Оған болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен өлшенеді.

Технологияның өлшемдері оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үрдісі, оның міндеттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық -педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу- тәрбие үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым- қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас

педагогикалық үрдісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет.

Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ маманның шығармашылық-ізденушілік дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми – зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үрдіс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады [6, 58].

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

- білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

- жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

- жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды .

Тарих соның ішінде отан тарихы жас жеткіншектерді жеке адам ретінде қалыптастыруға, ой-өрісін дамытуға, өзінің түп-тамырларын білуіне, қазіргі заманның күрделі проблемаларын дұрыс шешуге көмектеседі. Тарихты оқытудың басты мақсаты оқушыларға оның жерін ежелгі заманнан бүгінге дейін мекендеп келген адамзат жүріп өткен тарихи жолдың аса маңызды фактілерін, оқиғаларын, құбылыстарын оқып үйрету, адамдар жинаған әлеуметтік, рухани, адамгершілік тәжірибені меңгерту, сол арқылы жас ұрпақтың тәуелсіздік жолында Қазақстанның жаңа қоғамды құруға белсене қатысуына және Қазақстан мен дүниежүзінің тағдырына деген жоғары жауапкершілік сезімін қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі еліміздің даму қарқыны мемлекет құрылысының барлық салаларына әсер етуде. Бүгінгі тәуелсіз еліміздің болашағы мектеп қабырғасында тәрбиеленіп, ауқымды жан-жақты білім нәрімен сусындаған жас ұрпақтың тәжірибесіне байланысты. Оқушылардың жаңа тұрғыда дүние танымдық көзқарасын байыту, ақыл-ой өрісін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мектеп ұстаздарының шеберлігіне, шығармашылық білімділігіне байланысты.

Жаңа заман талабына сай теориялық білімді игеру мен жаңғырту, технологиялық процестерді үздіксіз қолдану арқылы ғана үйреткенде оқушылардың алған білімі мен біліктілігі жаңаша да шынайы, нақтылы қалыптасады.

Әр уақытта ізденімпаздықпен көрсетілген білім мен біліктіліктің маңызы өте зор болады. Ендеше, қазіргі өркениет пен ғылыми-техникалық революцияның қарыштап дамуы, Елбасы жолдауындағы мемлекет мәртебесінің дүниежүзілік додада көші ілгері болып, мемлекетті басқарудың электрондық жүйесін біртіндеп іске асыру өмір талабы деп түсінсек, тарих пәнін оқытуда ақпараттану құралдарының алатын орны ерекше.

Сызба №1

Сондықтан Елбасы 1997 жылы «Ақпараттандыру туралы» жарлыққа қол қойды. Демек, бүгінгі заманның ақпараттық және телекоммуникациялық технологиясын игеру әсіресе орта мектеп мұғалімдерінің басты міндеті [7].

Оқытудың компьютерлік технологиясының мақсаты – ақпаратпен жұмыс істей білуді қалыптастыру және қатынас қабілетін дамыту, «ақпараттық қоғамға» түбегейлі бетбұрыс жасау. Қорыта келгенде ақпарат құралдарын тиімді пайдаланудың бірнеше артықшылықтары бар:

1. Оқушылардың танымдық мүмкіншілігін өсіреді.
2. Оқыту үрдісіне оқушының өзінің қатысуы оның ойлау қабілеті мен ынтасын арттырады.
3. Оқушыны өмірдегі тарихи құбылыстарды, оқиғаларды өзінше бағалауға, талдауға бейімдейді.

Ал тарих сабақтарында көрнекі құралсыз оқушыларды сабаққа ынталандыру, олардың алған білімдерінің тиянақты, баянды болуы қиын.

Сондықтан да оқушылардың ақпараттық мәдениетін көтеру үшін әрбір пән сабақтарында компьютерді қолдануды жолға қою керек [8].

- сабақ барысында компьютерлік мүмкіндіктерді пайдаланып, слайдқа түсіру;
- интерактивті тақтамен жұмыс жүргізу;
- сөздік жұмыстарын компьютерге микрофон арқылы жаздырып, тыңдалым қабілеттерін арттыру;
- мәнерлеп оқу дискілерін пайдалана отырып, диктор даусымен өлеңдерді тыңдату;
- арнайы дайындалған электронды оқулықтар арқылы өтілетін тақырып төңірегінде оқушыға жан-жақты білім беру;

➤ әр түрлі тесттік тапсырмалар мен басқа да компьютерлік нұсқадағы тапсырмаларды өз бетінше ойлана отырып, шешімін табуға мүмкіндік беру т.б

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Оқытудың жаңа технологияларының бірі – ақпараттық технология. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті мамандар даярлау - мұғалімнің басты міндеті. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Мектепте ақпараттық технологияларды пайдалану мен оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру атты баяндамада қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарын пайдалану студенттің білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік беретіндігі туралы баяндалады.

Тарих пәні мұғалімдері үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмыс істеуіне;
- уақытын үнемдеуге көмектеседі;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексереді;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігі туындайды;
- қажетті ақпаратты жедел алуға мүмкіндік береді;
- экономикалық тиімді;

іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуде (би өнері, қол еңбегі, дене шынықтыру сабақтары т.с.с.) көп көмегі бар;

• қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктерін оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор [9].

Қазіргі алға дамып бара жатқан ХХІ ғасырдағы қоғам үрдістері бүгінгі өскелең ұрпаққа қат-қабат міндеттер қойды. Солардың бірі білім саласында оқушыларға осы заманғы сай білім жүйесі, білім әдістерімен сабақ беру. Яғни, бұл орта мектептерде тарих пәнінен сабақ беруде компьютерлік технологияны пайдаланып оқыту тәсілдерін қолданудың тиімділігі болып табылады. Оқытудың ойындық формасын тарих сабақтарында қолданып оқыту оқушыларды сол өтіліп жатқан материалдағы заман кезеңіне тереңірек үңілуге, сол кез лебін сезінуге, белсенді лидерлік етуге итермелейді.

Қазақстан тарихы пәнін инновациялық оқытудың бір түрі – мультимедиялық оқулықтар болып табылады.

Мультимедиялық фильмдер мемлекеттік тілде, диктордың дауысымен дыбысталған. Ол фильмде белгілі тақырып бойынша анимациялар, гипертекст, жылжымалы карточка түріндегі тапсырмалар, әр модульге жинақталған тест сұрақтары мен «Отырар», «Айша Бибі», «Қожа Ахмет Иассауи», «Арыстан баб», «Жоңғар» деп аталатын видеофильмдер бар [10].

Инновациялық оқытудың тарих пәнінде артықшылығы күнделікті құлақпен еститіндерін, бір мезгілде экран арқылы көзбен көріп оқу арқылы, білімгерлердің терең білім алуына барынша жағдай жасалады деп ойлаймын.

Мұғалім сабағында ақпараттық технологияның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық технологияны пайдалану іс-тәжірибесі тиімді әдіс деп ойлаймын. Тарих пәніндегі ақпараттық технологияның ролін арттыру үшін жаңа заманға сай жабдықталған информатика кабинеті болуы керек. Информатика кабинеттеріне локальді желі орнатылса. Онда мектептің оқушылары мен оқытушыларының ақпараттық оқу құралдарын пайдалануға және әлемдік ақпарат жүйесіне еркін еніп, өз білімдерін тұрақты жетілдіруге мүмкіндік туады. Мектептегі әдістемелік қызметтің негізгі мақсаты – «Оқу жүйесіне жаңа технологияларды енгізу». Осы мақсатта жаңа технологияларды оқу үдерісіне енгізуде ауқымды жұмыстар атқарылуда. Тарих пәні мұғалімдері жаңа заманға сай оқыту технологияларын пайдаланумен қатар пәндеріне сәйкес келетін электрондық оқулықтарды алып, оларды сабақ барысында кеңінен қолдануда. Оқытушылар мен оқушылардың көпшілігі дербес компьютерді меңгерген, арнайы білім курстарының сертификаттарына ие болған.

Қазіргі таңда әдістемелік кабинетте медиотека жасалып, онда мұғалімдердің 30 электрондық сабақтары бар. Білім – болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орнының басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет - оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті [11].

Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс.

- білім беретін оқу орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал – жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталармен, мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету;

- Тарих пәнін оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру курстарын жиі ұйымдастыру.

Президент Н.Ә. Назарбаев жыл сайынғы жолдауында білім саласына инновациялауға ерекше басымдылық беріп отыр «инновациялық дамуда Қазақстанның өз базасын жасау қажеттігін, ең алдымен инноваторларды, жаңа буынның технократтарын дайындау маңызды міндеттерді жүзеге асыру». Сондай-ақ, Жолдауда көрініс тапқан экономикамыздың жетекші бағыты болып саналатын шағын және орташа бизнесті қаржыландыру, жұмыссыздықты азайту, тілдерді дамыту, демографиялық ахуалды жақсарту, инновациялық кластерлердің инфрақұрылымын жаңғырту секілді маңызды шараларын ұйымдастыруын тапсырды [12]. Ондағы басты мақсат – барлық деңгейдегі білім берудің тиімді жүйесін қалыптастыру және жаңа сапаға көшуге дайындау, ғылыми- зерттеулерді әлемдік деңгейге шығару және оны инновациялық үрдістерге қатыстыру.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың биылғы Жолдауында оқыту үдерістеріне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу мәселелері кеңінен баяндалған. Осы бағытта мемлекет тарапынан ауқымды жұмыстар атқарылуда. Арнайы министрліктер мен оқу орындары әдістемелер мен технологияларды жіті меңгеріп, халықаралық тәжірибені толық зерделеуде. Аталған бағыттағы ауқымды жұмысты еліміздің білім беру жүйесінің көшбасшылары – Назарбаев Университеті мен Назарбаев Зияткерлік мектептері атқарып келеді. Мұнда өте білікті оқытушы және ғылыми құрам шоғырланған. Аталған мекемелер тарапынан оқыту, зерттеу және инновация мен оны іс жүзінде меңгеру салаларында ең алдыңғы қатарлы жетістіктер мен тәжірибелерге үнемі іздеу жүргізілуде. Қазақстанның жинақталған тәжірибесіне ыңғайлы, әлемдік ең жоғары үлгіге сәйкес келетін ұжымдық басқару жүйесі құрылуда.

Солардың ішінде білім беру саласының орны ерекше. Президент білім беру жүйесін жаңғырту бағытында алдымызға ұлан-ғайыр міндеттер қойды. Оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу уақыт талабы айқындап отыр. Сонда ғана Қазақстандық білім беру жүйесі одан әрі өркендеп, халықаралық стандарттарға теңесетін болады. Соңғы жылдары отандық білім беру мен ғылым салаларының дамуы жүйелі сипат алғаны үміттендіреді. Оқыту үдерісіне осы заманғы әдістеме мен технологияларды енгізу, «Назарбаев университеті», «Назарбаев зияткерлік мектептері» тәжірибесінен үйрену, профессор-оқытушылардың сапалық құрамын жанарту, біліктілікті растаудың

тәуелсіз жүйесін құру, жастардың білім алуға қолжетімділігін кеңейту, тәрбиелік құрамдарды нығайту сияқты мәселелер бәсекеге қабілетті тұлғаның қалыптасуына алғышарттар жасайды. Бір сөзбен айтқанда, тарихи құжатта толыққанды білім беру қағидаттарының парадигмасы белгіленіп берілді.

Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған кезекті жолдауында оқу үдерісіне осы заманғы әдістеме мен ақпаратты технологияны енгізу қажеттігін атап көрсетті. «Қазіргі кезде кезең-кезеңмен электронды құжат айналымына көшу жүзеге асып келеді. Жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технология кеңінен қолданылады. Ақпараттық технологияны белсенді меңгеру ісінде ақпараттық сайтты қайта құру жұмысын бастап кеттік. WAP-портал инновациялық жобасының іске қосылуы студенттердің, ата-аналардың емтихандар кестесін, рейтинг нәтижесін және аттестаттауды көруіне толық мүмкіндік береді» [13] деп, білім саласындағы инновацияның жаңа бағыттарына тоқталады.

Бүгінде оқу-әдістемелік базаны кредиттік технологиясыз көзге елестетудің өзі қиын. Университеттің барлық ақпараттық ресурстары корпоративті клиенттерге электронды қызмет ұсынуға жұмылдырылған. Оқу үрдісіне оқытудың интерактивті технологиясын енгізу, оның ішінде, бейнеконтентпен қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану, инженерлік-техникалық мамандықтар бойынша материалдық-техникалық базаны нығайту, электронды оқу залдарының санын көбейту, ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру кеңінен жалғасып келеді.

Елбасының тапсырмасымен мектепке дейінгіден жоғары оқу орындарына дейінгі және одан кейінгі білім беру саласының барлық деңгейінің сапасын тексеру тізбегі құрылды. Бұл – орталық және жергілікті басқару органдарымен тығыз қарым-қатынас орнатуға, оқытудың сапасын түзетуге және арттыруға жасалған салиқалы қадам. Сондай-ақ, қамқоршылар кеңесін құру арқылы білім беру жүйесінің қоғаммен өзара байланысының жаңа механизмі қалыптасуда.

Қорытындылай келе, Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек...» [14] деп, Қазақстан жастарының алдына жаңа міндеткерліктер жүктейді. Осы міндеттерді іске асыру мақсатында, болашақ мамандарға жан жақты сапалы білім беру, кәсіби шеберлікті қалыптастыру үшін жаңа инновациялық технологияларды меңгеру, оқытудағы тиімді шараларды дамыту негізінде ЖОО-ы мен халықаралық университеттер арасында тығыз байланыс орнаған. Осы бағытты жүзеге асыру мақсатында Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасының қолға алынып, студенттеріміздің әлемдік білім кеңістігіне шығуына жол ашты. Биыл да біздің университетіміздің тарапынан жеті студентіміз АҚШ, Еуропа университеттеріне 1 семестрде оқуға барды.

Академиялық ұтқырлық дәстүрлі шетелдік тағылымдардан ерекшеленеді, өйткені, біріншіден, студенттер шетелге оқуға белгілі шектеулі мерзімге ғана кеткенімен, оқу бір семестрден бір оқу жылына дейін созылады, екіншіден, мұндай тағылымдамада олар толыққанды білім алады, тек тілді меңгерумен немесе жекелеген пәндерді игерумен ғана шектелмейді, керісінше, толық семестр немесе жылдық курстан өтеді, бұл дегеніміз – студенттің білімі базалық жоғары оқу орнына қайтып келген сәттен жалғасып есептеледі. «Базалық ЖОО» деп біз студенттердің алғашқыда оқуға түсіп, дипломын алғысы келген ЖОО-ны айтамыз. Сондай-ақ, отандық тарихты оқытуда, болашақ мамандардың тарихи танымын көтеру үшін тарих мамандығының студенттеріне «Өлкетану тарихы, Қазақ диаспорасының қалыптасу тарихы» пәндерін кафедра профессоры Атантаева Бакыт Жумағазиевнаның дәрісі ағылшын тілінде жүргізілуде.

Қазақстан тарих пәнін 7-11 сыныптар арасында орыс тілінде оқитын оқушылар үшін «Осы жаңа технологияларды қолданудағы басты бағытты жүзеге асырып отырған Семей қаласындағы Физика-математика бағытындағы «Назарбаев зияткерлік мектебінде «Қазақстан тарих» пәнін оқытудағы жаңа бастама «интеграция» (кіріктендіру) арқылы қазақ тілін дамыту мақсатында орыс тілінде білім алатын, оқушыларға «Қазақстан тарих» пәнін қазақ тілінде оқыту биылғы оқу жылынан бастап қолға алынып жүзеге асырылуда. Осы негізде «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасындағы білім саласында атқарылуды қажет ететін инновациялық технологияларды қолдана отырып, жастарды патриоттық тәрбиеге қалыптастыру үшін «Назарбаев зияткерлік мектебінде Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің оқытушыларының қатысуымен конференция болып өтті. Ондағы негізгі мақсат

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру және насихаттау, «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасын оқып оқушылардың білімін тереңдету және жетілдіру, Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын оқуға үйренушілердің қызығушылығын арттыру, оқып үйренушілердің саяси және сындарлы ойлауын дамыту, патриоттыққа тәрбиелеу, азаматтық жауапкершілігін арттыру.

Президент Н.Ә. Назарбаев : «Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер. Сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің – елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын құдіретті күш» [14] деп жастарға зор үміт артады. Осы негізде Отандық тарихты оқытуда жастарды патриоттық тәрбие бере отырып, тарихты жаңа инновациялық технологиялармен оқытуға, сондай-ақ, әлемдік тәжірибенің ірі жетістіктерін қолдана отырып, бәсекеге қабілетті маман даярлау бүгінгі таңдағы білім берудің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Әдебиеттер

1. Мұсабек А. Заманауи білім берудегі инновациялық технологияларды пайдалану ерекшеліктері//«ТМД мүшелігіндегі елдердің білім беру қызметкерлерінің біліктілікті арттыру жүйесіндегі интеграциясы», Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. - 27-28 қазан 2011 жыл
2. Демеева Ләззат. Ғаламдық ойлауға бейімдеу //Қазақстан мектебі.-2003. - №12.- 3 бет.
3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік //Қазақстан мектебі. - 2006.- №4.
4. Бөрібекова Ф., Жанатбекова, Кусаинова А.А.Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану ерекшеліктері//ҚазҰМУ Хабаршысы. - 2012. - №3.
5. Назарбаев Н. «Қазақстан - 2030» Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: Білім, 1997.- 176 б.
6. Бөрібекова Ф., Жанатбекова, Кусаинова А.А.Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану ерекшеліктері//ҚазҰМУ Хабаршысы. - 2012.- №3.
7. www.teknology.kz.
8. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: Елорда, 2008.-Б 4-8
9. ӘбджәлиевН. Тарих сабақтарында компьютерлік технологияны пайдаланып оқыту әдістерін қолдану // Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. - 2010. - № 7. - 54-56 б.
10. ЖұмабаеваА. Қазақстан тарихын оқытудағы инновациялық технологияларды пайдалана білудің тиімділігі. Қазақ тарихы. -2012. - № 7. - 33-36 б.
11. Рысбаева А. Ақпараттық технологияның оқушы қызығушылығын арттырудағы орны // Қазақ мектебі.
12. Назарбаев Н.Ә. «Болашақты бірге қалаймыз!» Қазақстан Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана қаласы: Ақорда. 28.01.2011ж
13. Н.Ә. Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту -Қазақстан дамуының басты бағыты // Егемен Қазақстан, 28 қаңтар, 2012.
14. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 15 желтоқсан, 2012.

ЕҢСЕНОВ Қ.А.

Т.Ғ.К., МТИ

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ (1991-2011 жж.)

Қазіргі заман тарихын зерттеудің басты бағыты ел тарихына қатысты жарық көрген тарихи еңбектерді тарихнамалық тұрғыдан талдаулар жасау, маңыздылығы мен шынайылығына баға беру болып табылады. Отандық тарих ғылымы саласы бойынша ел тарихына қатысты жарық көрген отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне талдаулар жасау мен баға беру бүгінгі күннің талабы. Себебі, тарих ғылымының тарихнама саласының ғылыми зерттеулер жүргізудегі атқаратын қызметі белгілі бір кезеңге байланысты немесе оқиғаларға байланысты талдаулар жасауға бағытталады.

Еліміздің тәуелсіздік алғаннан бүгінгі күнге дейінгі уақытта көптеген тарихи еңбектер жарыққа шықты. Бірақ, олардың ішінде тарихнамалық тұрғыдан талдаулар жасаған еңбектер жетіспейді. Сондықтан, тәуелсіздік тарихына арналған зерттеулерге тарихнамалық зерттеу жасау бүгінгі күннің талабы. Мұндай зерттеу жұмыстарының атқарылуы барысында тарихнамалық сараптамалар жасалып, тарихымыздың өткені талқылаудан өткізіліп, келешек бағдарлары көрсетіледі.

Қазақстанның қазіргі заман тарихы бүгінгі әлемдік тарихтың құрамды бөлігін құрайды. Сондықтан, егеменді еліміздің тарихи оқиғалары мен құбылыстарына қатысты жазылған еңбектерді сын елегінен өткізіп, тарихнамалық талдау қорытындыларының нәтижесінде зерттеу жұмыстарының артықшылығы мен кемшілігі анықталып, болашақта ескеруді қажет ететін бағыттары анықтала түседі. Жалпы, Отандық тарих ғылымының жетістіктерін саралап, болашағына бағдар жасау үшін тарихнамалық зерттеулер аса қажет.

Тарихнамалық талдаулардың ерекшелігі Қазақстанның қазіргі заман тарихына қатысты тарихи еңбектер тарихнамалық талдауға түсіп, нақты сараптама жасалатындығында. Сондай-ақ, мемлекетіміздің тәуелсіз ел ретінде қалыптасуы, оның тұтастай тарихының жазылуы, зерттеу еңбектерінде көрініс табуын зерделеу қажет. Жалпы, Отандық тарих саласы бойынша тарихнамалық жүйелі зерттеулер жазу, зерттеуді қажет ететін мәселелерді анықтап, бағыт-бағдар жасау болашақ үшін игілікті іс болып табылады.

Тарихнамалық зерттеудің мақсаты тарих ғылымының қалыптасу, даму кезеңдерінің, шетелдік тарихнаманың негізгі мәселелерін талдау. Қазақстан тарихнамасын зерделеу, негізгі тарихи мәселелер бойынша жарық көрген монографияларға талдау жасау арқылы жүзеге асырылады.

Тарихнама міндеті тарихнама саласы туралы негізгі теориялық, методологиялық концепцияларды қорытындылау. Осы сала бойынша шетелдік және отандық тарихнаманың қалыптасу, даму тарихын, негізгі тарихи ой-пікірлерді қорытындылау. Қазақстан тарих ғылымының негізгі басымдықтары, проблемалары, тарихи білім берудің келешегі, Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарасты қалыптастыруға негізделеді.

Қазақстанның тарих ғылымында тәуелсіздік жылдары қазіргі замандағы отандық тарихқа қатысты бірқатар зерттеулер жазылды. Тарихнамада Қазақстан материалдары негізінде жазылған іргелі еңбектерде Қазақстан мемлекеттілігінің дамуы проблемалары белгілі бір дәрежеде орын алды.

Тоталитарлық сана-сезім мен ойлау жүйесі келмеске кеткеннен кейін мүмкін болған тарих білімін идеологиясыздандыру тарих ғылымының жаңа бағытының жанданып, өріс алуына септігін тигізді. Осы бағыттағы зерттеулер дараланып, қайталанбас сипат ала бастады. Қазақстан тарихы жөніндегі академиялық жоғарғы оқу орындары еңбектерінде бастапқы дерек көздерді терең де жан-жақты зерделеуге негізделген проблемалық қисын көрініс таба бастады [1].

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылында Қазақстан тарихы ғылымы мен тарихнамасының даму үрдісі белгілі қоғам қайраткері, тарихшы-ғалым, ұстаз және Қазақстанның тарихшылары қауымдастығының құрметіне ие болған көшбасшы академик М.Қ. Қозыбаевтың есімімен тығыз байланысты. Қазақстанның тәуелсіздік алуы отандық тарихтың дұрыс жолмен жазылуына мүмкіндіктер туғызды [2].

Ел тәуелсіздігінің тарихына қатысты К.Н. Бұрханов, Б.Ф. Аяғанның, Б.К. Сұлтановтың «Қазақстанның қазіргі заманғы саяси тарихы (1985-2006)» атты ұжымдық еңбекті атау маңызды болып табылады. Онда тарихи деректерді кең ауқымда тарату жасалды [3].

Қ.К. Тоқаевтың республиканың мемлекеттік егемендігі жарияланған сәттен бастап, бес жылдық кезеңді қамтитын, 1997 жылы басылып шыққан «Тәуелсіздік туы астында» атты кітабы Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты жөніндегі ой-пікірді тұңғыш қорытындылаушы еңбек болып табылады. Кітапта елдің саяси және сыртқы экономикалық бағытының қалыптасуының жүріп өткен жолы Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа егемен ел ретінде енуімен ұштастырылып, ой елегінен өткізілді. Сөйтіп, қазақстандық тарих ғылымында тың пайым ортаға салынды, Қазақстан Республикасының түрлі елдермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастың басым бағыттарына, олардың іске асырылуына талдау жасалды [4].

Н. Қалиевтің «Қазақстан парламентаризімі» атты монографиясында, «Тәуелсіз Қазақстандағы Парламент: жай-күйі мен проблемалары» атты ұжымдық еңбекте де Қазақстан Парламентінің қалыптасу тарихы егжей-тегжейлі зерттелді, олар заң шығарушы органның қалыптасу үрдісін, оның мемлекеттіліктің қалыптасуындағы және елде реформаларды жүргізудегі рөлін талдауға, Қазақстанда парламентаризмнің одан әрі дамуы жолдарына арналды [5].

Тарихымыздың басқа да түйінді мәселелері сияқты, мемлекетімізді қайта құру мәселесі де тұңғыш Президентіміздің еңбектерінде жан-жақты айтылған, яғни тарих ғылымының тілімен айтсақ, Н.Ә. Назарбаев еңбектерінде мемлекетімізді қалпына келтіру тарихы, алғашқы нақты іс-шаралардан бастап, жан-жақты бейнеленген. Сондықтан Н. Назарбаев еңбектеріне тәуелсіз Қазақстан мемлекетін қалыптастыру, нығайту және дамыту тарихының дерек көзі ретінде талдау жасау, тек тарих ғылымының ғана емес, жалпы Қазақстан тарихнамасының да өзекті мәселелерінің бірі болып табылатындығы күмәнсіз.

ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарық көрген еңбектеріне: 1991 жылдың көктемінде дайындаған «Әділеттің ақ жолы» еңбегінен бастап, 2012 жылдың қаңтарында ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдаған Жолдауына дейін; Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде», «Ғасырлар тоғысында», «Қазақстан – 2030», «Қалың елім, қазағым», «Қазақстан – Ресей қатынастары», «Тарих толқынында», «Бейбітшілік кіндігі», «Сыңдарлы он жыл», «Еуразия жүрегінде» [6] сияқты бірнеше іргелі еңбектері, жинақтар, Қазақстан халқына Жолдаулар, ҚР мерейтойларында,

салтанатты жиындарда, басылымдарына берген сұхбаттары т.б. еңбектер жатады. Олардың бәрінде де белгілі бір дәрежеде тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігі тарихына қатысты мәліметтер сақталынған.

Қазақстан егемендігін алғаннан кейінгі кезеңдегі елдегі көші-қон үрдістерінің барысын, бағыттарын талдап, ерекшеліктерін саралаған, республикадағы демографиялық ахуалдың жағдайы баяндалған М.Х. Асылбеков пен В.В. Козинаның ғылыми зерттеуінде Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі демографиялық өзгерістер мен оның барысы, маңызы қарастырылып ғылыми талдау жасалған. Осы аталған авторлардың бірлесіп шығарған «Народонаселение Казахстана в условиях суверенитета» ғылыми еңбегінде тәуелсіз Қазақстан халқының демографиялық өзгерістеріне жаңаша көзқараспен талдау жасалған [7].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік кезеңіндегі тарихын зерттеумен айналысатын ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының ғалымдары да бірқатар еңбектерді жарыққа шығарды. Олардың ішінде «Тәуелсіздік хроникасы», «Қазіргі Қазақстан тарихы» [8] және тағы басқа еңбектер бар.

Жалпы, тәуелсіздік тарихына қатысты оқиғалар хроникасын шығару, түрлі тақырыптар мен кезеңдерге жіктеу аса маңызды мәселе болып табылады. Өйткені, елдікті сақтау және нығайту үшін, сондай-ақ, жас ұрпақты азаматтық және ұлтжандылық бағытта тәрбиелеп өсіруге тәрбие құралы ұлттық тарих болмақ.

Қазіргі күрделі оқиғалар мен құбылыстар жүріп жатқан жаһандық жағдайда қазақ елі елдігін нығайтуға бағытталған нақты қадамдар жасауы тиіс. Мәселен, ұлттық тарихты ұлықтау үшін ғылыми зерттеудің кешенді базасы мен теориялық-әдіснамалық салаларын жетілдіру, дамыту қажет. Елде ұлттық тарихты дұрыс жазу және баяндау арқылы ұлттық сананы нығайту керек. Егер халқымыздың тарихи танымы мен зердесі мықты болса, кез-келген бөгеттерге төтеп біре алады. Себебі, ұлттық рухы күшейген ел өзгеге дес бермесі анық. Сондықтан, отандық тарих ғылымының әр саласы бойынша зерттеулер мен тарихнамалық зерделеу, талдау, оның жетістіктері мен кемшіліктерін саралай түсу қажет.

Қорытындылай айтсақ, еліміздің тәуелсіздік тарихына қатысты жарық көрген еңбектерді тарихнамалық тұрғыдан талдау және сараптама жасау аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан, оларды отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың еңбектері деп топтарға бөліп қарастыру керек. Тағы бір ескеретін мәселе, тарихнамалық зерттеулерді оқиғалар мен құбылыстарға немесе қоғамдық салалардағы тақырыптарға қатысты жасаған жөн. Сонда тақырыптардың зерттелу деңгейі ашылып, ғылыми талдаулар мен сараптамалық еңбектер жазылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 18-б.
2. Козыбаев М.К. История и современность. – Алматы, Ғылым, 1991, 252-б.
3. Бурханов К.Н., Султанов Б.К., Аяған Б.С. Современная политическая история Казахстана (1985-2006 гг.). Издательский центр Института истории и этнологии им. Ч. Валиханова. – Алматы, 2006. 120-б.
4. Тоқаев Қ.К. Под стягом независимости. Очерки о внешней политике Казахстана. – Алматы: - Білім, 1997, 736-б.
5. Қалиев Н. Қазақстан парламентаризімі. – Алматы: Қазақстан, 2003. – 272-б.
6. Назарбаев Н.Ә. Еуразия жүрегінде. Алматы: Атамұра, 2005. – 192-б.
7. Асылбеков М.Х., Козина В.В. Демографическое развитие Республики Казахстан в условиях суверенитета. – Алматы: Өркениет, 2001. – 112 с.; Асылбеков М.Х.,
8. Козина В.В. Народонаселение Казахстана в условиях суверенитета. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010.– 152б.
9. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы: Хрестоматия / Б.Ғ. Аяғанның ред. – Алматы: Раритет, 2010. – 560 б.

ДЮСЕНОВА Н.К.

т.ғ.к., аға оқытушыС. Асфендияров ат. ҚазҰМУ

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

XX ғасыр қазақ қоғамының ұйытқысына айналған «Алаш қозғалысының» көрнекті тұлғаларының бірі Халел Досмұхамедов еді. XX ғасырдың басындағы қоғамның сын-тегеурініне сай Ресейдің ішкі өлкелерінен жоғары білім алып, халықтың қажетіне еңбек етуді өз алдына мақсат етіп қойған қайраткердің туғанына биыл 130 жыл толып отыр.

Жарты ғасырдан сәл астам уақыт ғұмыр кешкен Халел Досмұхамедовтың өмір жолын төмендегідей

4 кезеңге бөліп көрсетуге болады: 1) Есею жылдары (1916-шы дүрбелен жылдарға дейін); 2) Ат үстінде өткен, күрес жылдары (1916-1920); 4) Ғылыми-шығармашылық һәм қоғамдық-педагогикалық қызметпен айналысқан жылдары (1921-1928); 3) Қуғын-сүргінге ұшыраған азапты жылдары (1929-1939).

Ғалымның туған ортасы мен білім алған жері туралы «Алаш. Алашорда» энциклопедиясында: «Халел Досмұхамедов (1983, Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған құмы – 1939, Алматы) – Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым. 1994 жылы Орал әскери-реалдық училищесінің даярлық сыныбына қабылданып, оны 1902 жылы үздік бітіреді де, тағы бір жылға қосымша сыныпта оқуға қалдырылады. 1903 жылы Санкт-Петербург Императорлық әскери-медицина академиясына латын тілінен қосымша емтихан тапсырып түсті. Досмұхамедовтың студенттік өмірі империяның саяси толқуларға толы кезеңімен тұстас келіп, оның саяси білімін жетілдіріп, қалыптасуына әсер етті. Ол осы жылдары ел ішінде үгіт-насихат жүргізіп, жергілікті «Фикер» (Пікір), «Уральский листок» газеттеріне мақалалар жазып, болып жатқан саяси толқулардың мән-жайын халыққа түсіндіріп отырды. 1905 жылы Орал қаласында бес облыстың делегаттары жиналған съезде Ресей кадеттер партиясының жергілікті бөлімшесі есепті құрылған Қазақ конституциялық демократиялық партиясының 9 адамнан тұратын Орталық комитетіне Б.Қаратаев, М.Бақтыкереевтермен бірге сайланады. 1909 жылы академияны үздік бітіреді» [1, 140 б.] деген дерек келтіріледі.

Сонымен қатар, этнограф-жазушы Сейіт Кенжеахметов те өзі құрастырған тізімінде Халел Досмұхамедовты Санкт-Петербург әскери-медицина академиясын 1909 жылы алтын медальмен бітірген [2, 49 б.] деген дерек келтіреді.

1909 жылы академияны үздік дәрежелі дәрігер атағымен бітіріп, офицер ретінде кесімді мерзімдегі әскери міндетін өтеуге жіберілді. Алдымен Пермь губерниясында, кейін 2-Түркістан, 2-Орал қазақ-орыс атқыштар батальонында әскери кіші дәрігерлік қызмет атқарды. 1912, 1913 және 1915 жылдары оба індетіне қарсы күрес ісіне қатысты. Бұл еңбектері үшін Императорлық қола медальмен марапатталды. 1913-18 жылдары «Қазақ» газетінде «Тамыр дәрі хақында», «Сары кезік — сүзек», «Жұқпалы ауру хақында» сынды кәсіби, әлеуметтік-саяси тақырыптарда мақалалар жариялап, өзіндік ой-пікірін білдіріп тұрды. «Как бороться с чумой среди киргизского народа» (1916) деген кітабы өз кезеңінде оба індетіне қарсы күрестің әдіс-тәсілдерін түгел қамтыған еңбек болды [3].

1913 жылы «Қазақ» газетінде: «Алаш» не сөз? деп аталатын доктор Халел Досмұхамедовтың мақаласы жарық көрді: «Қазақтың» 12 нөмерінде «Оқшау сөз» жазған «Қыр баласына» жауап:

Орал облысында Уральски казачи воинсқаға караған қалмақтар бар, «Қыр баласының» өтініші бойынша, «Алаш» деген қалмақ тілінде сөз бар ма? Мағынасы қазақша не болады?» дегенімде қалмақтар айтты: «Қалмақ тілінде «Алаш» деген сөз бар, қазақшат мағынасы – өлтіргіш, аямаушы, жаугер» деп.

«Алаш» деп қалмақтар жақтырмаған орында айтады. Жаны ашымай хайуанатты көп өлтіре беретін аңшыларды да қалмақтар «Алаш» деп атайды. іДоктор Халел Досмұхамедов [4,39 б.].

1914 жылы «Қазақ» газеті басқармасының атынан басылымның 9 қаңтардағы 45 санында «бір жылдың ішінде «Қазақта» қаламымен қызмет еткен һәм мұнан былай да пайдалы қызметтері үміт етіліп алашқа аты білінген білімді азаматтар» қатарында доктор Халел Досмұхамедовтың есімі де ардақталып аталады [4, 82 б.].

Халел Досмұхамедовтың саяси қайраткер ретінде алғашқы қадамы революциялық дүмпулердің келуімен, «Алаш» партиясының құрылуымен тікелей байланысты. Осы тарихи сәтті өз халқының мүдделеріне жаратуды мақсат еткен қазақ оқығандарының бірі ретінде Халел де өз мамандығын тастап, саяси істерге белсене араласты.

Алаш партиясы құрылғаннан кейінгі ең басты жұмыстарының бірі Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына өз атынан депутаттыққа лайық кандидаттарды іріктеп, оларды сайлау арқылы өткізуге күш жұмсау болды.

Алаш партиясы атынан Учредительное собраниеге аталған депутаттар арасынан Орал облысынан ұсынылған 7 кандидаттың бірі Халел Досмұхамедов болатын.

«Қазақ» газетінде жарияланған осы мәселе туралы мақалада: Халел Досмұхамедов – доктор. Орал облысының қазақ комитетінде председатель һәм облосной комиссар помощнигі. Халел ескі өкімет заманында докторлық қызметімен қазақ ортасында пайда келтіріп тұруының үстіне, жұртты оңға бастап, басшылық етіп, сол себепті өкімет кезінде артық «сенімді» кісі болмай жүрген қазақтың қабырғалы жігітінің бірі [5, 406 б.] – деп мінездеме беріледі. 1917 жылы желтоқсанда 2-ші жалпықазақ съезінде жарияланған Алашорда үкіметі – Ұлт Кеңесі құрамына енді.

1918 жылы 1 сәуірде Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер Мәскеуге барып, Орталық Кеңес өкіметінің басшысы В.И.Ленинмен және Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен кез-

деседі. «Алашорда» атты ұлттық автономиялық үкімет құрылғанын, «Алашорда» үкіметінің төрағасы Ә.Бөкейханов екенін мәлімдейді. Бірақ «Алашорда» мемлекетінің қойған талап-тілектерін Орталық Кеңес өкіметі толықтай мойындамайды. Дегенмен де РКФСР-дің ұлт істері жөніндегі комиссариатының құрамында қазақ бөлімі құрылады [6,161-162 бб].

1918 жылы 29 наурызда Мәскеудегі Жаһанша, Халел Досмұхамедовтардан Семейдегі Халел Ғаббасовтың атына:

1. Совет үкіметі әр облыстағы Советтерге «қазақтың тұтқынға алынғн азаматтарын тегіс босатындар» деп әмір қылды.

2. Алашорданың ұсынған шарттарына жақын арада Совет үкіметі жауап бермек болды.

3. Совет үкіметінің басында Қазақ Комиссариаты ашылатын болды. Бұл комиссариатқа кіретін адамдарды Алашорда өзі сайлап жібереді.

Өзіміз жұмысымыз болып ел жаққа кеттік. Тез арада Семейге келеміз – [1, 514 б.] деген жеделхат келді.

1918 жылы мамырда Жымпитыда өткен Орал облысының 4-қазақ съезінде «Ойыл уәлаяты» деп аталған мемлекеттік құрылым құрылды.

1918 жылғы қыркүйекте Уфа директориясын құру туралы мәжіліске қатынасқан Алаш автономиясының делегаттары сол айдың 11-жұлдызында автономиясының жергілікті басқару жүйесі туралы мәселені талқылап, Алашорданың батыс бөлімшесін құру туралы шешімге қол қойды. Бұл мәжіліске Алашорданың төрағасы Әлихан Бөкейханов, мүшелері: Уәлихан Танашев, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Ахмет Бірімжанов, Әлімхан Ермеков және Мұхаметжан Тынышбаев қатынасты. Мәжілісте қабылданған шешімнің негізгілері мыналар болды: «... 5) Құрамына Бөкей ордасы, Ойыл уалаяты, Закаспий облысының Маңғыстау уезі, Торғай облысының Ақтөбе және Ырғыз уездері кіретін Алаш автономиясының батыс бөлігін іс жүзінде басқару үшін соғыс жағдайына және қатынас жолдарының нашар дамуына байланысты Алашорданың бөлімшесі құрылады. 6) Алашорданың осы бөлімшесі автономияның көрсетілген бөлігін (яғни Батыс Қазақстанның айтарлықтай территориясын) Алашордадан түсетін маңызды және принципті нұсқаулар негізінде басқарады. ... 9) Төтенше жағдайлар болғанда және Алашордамен байланыстар үзілгенде бөлімше Алашорданың (Орталық үкіметтің) құқықтарына ие болады» [6,176-177 бб.].

1919 жылы Алашорда үкіметін тарату барысында оның мүшелеріне кешірім жариялады. Бірақ бұл уақытша келісімге келу еді.

Сондықтан да пролетариат көсемі Ленин «Алашорда» үкіметіне о бастан екіжүзді саясат ұстанды. Оларды бетпе-бет келгенде сондай бір безбүйрек «бауырмалдықпен» бауырына тартып, «Алашорда» қайраткерлеріне кешірім жасау туралы Қаулыға қол қоя отырып, ту сыртынан Орынбордағы әскери кеңеске:

«Алашорда» үкіметіне еш қолдау болмасын, бірақ уақытша олардың басшыларын (оқығандарын) Кеңес өкіметінің қызметіне кеңірек пайдалану керек, жас Кеңес өкіметіне олардың білімдері қажет. Ал қалғанын кейіннен көрерміз... Бірақ оларға мүлде сенуге болмайды», – деген [7] дұшпандық тапсырма берді.

1920 жылдың 21 тамызында Түркістан республикасы халық ағарту комиссариаты жанынан Түркістан халықтарының оқу-ағарту, мәдени һәм ғылыми мұқтаждарын өтеу үшін арнайы ұйымдастырылған Білім мүшелігіне, кейін төрағалығына сайланды. Бұл жылдар Халелдің ғылыми-ағартушылық жұмыстармен терең айналысуына жол ашты. Алашорда үкіметіндегі саяси белсенділіктерінен айырылса да, 1920 жылдардан соң, Халел де Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтармен бір қатарда шығармашылық интеллигенцияның ірі өкілдері болып таныла бастады. Аталмыш жылдардағы шығармашылық ізденістері Халелдің әмбебап, энциклопедист-ғалым екендігін көрсетті. Осы жылдары Халелдің «Табиғаттану» (1922), «Жануарлар» (1922), «Адамның тән тірлігі», «Оқушылардың денсаулығын сақтау» сияқты ғылыми еңбектері шықса, тарих ғылымына қатысты «Шернияз шешен», «Бұхарадағы Көгілташ медресесін салу туралы әпсана», «Тіллә Қары мен Ширдор медресесін салдырған Жалаңтөс батыр шежіресі», «Кенесарының соңғы күндері» сынды зерттеулерді жазды. Әдебиет саласында «Мұрат ақын сөзі», «Исатай-Махамбет», «Аламан» жинақтарын шығарып кетті [1, 142 б.].

Халел Досмұхамедов шығармашылығының бір қыры – оның түркітану саласымен айналысқандығы. Бұл салада ол Махмұд Қашқаридің басты еңбегіне талдау жасап мақала жазды. 1923 жылы «Шолпан» журналының 7-санында «Диуан лұғат ат-түрік» атты мақала жариялады. Осы мақаласы арқылы қазақ қоғамын алғаш рет ұлы сөздікпен таныстырып, Махмұд Қашқаридің тарихтағы орнын белгілеп берді. Бұл тұрғыда ол «Диуанды» алғаш зерттеген В.В. Бартольд, В.А. Гордлевский, Т.А. Боровков, А.Н.

Кононовтармен иық тіресіп тұр. Халел Досмұхамедов былай деп атап көрсетті: «Түрк қауымы тіл, әдебиет һәм мәдениет тарихы үшін 1889-шы жылы Орхон жағаларында Ядринцев тапқан, Томсен, Радлов һәм басқа ғалымдар тарапынан үйреніліп, нәшр етілген, барлық мәдениет, хан дүниесінің назарын өзіне қаратқан, хан ерлерінің фікірін алыстырған (өзгерткен) ескі түрк, Орхон «бітік тастары» қандай аһамиаты болса, Махмұд Қашқари кітабында да аһамиаты сондай» [8, 169 б.].

Батыс Алашорда үкіметі жетекшілерінің бірі Х. Досмұхамедұлы тіл туралы: «Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздерін ғылым жолына салып реттесе, ешбір жұрттың тілінен кем болмайды», - деген пікірді айтқан [9].

Халел Досмұхамедовтың еңбегінің жарқын көріністерінің бірі латын әліпбиін құрастыруы еді. 1928-29 жылдары латын-қазақ әліпбиінің жасаушылардың бірі Халел Досмұхамедұлы болды. Х. Досмұхамедұлы қазақ халқы қолданып отырған араб таңбаларын тастап, латын қаріптерін алуға қарсы болғандығын мынадай пікірінен аңғартады: «...Нәзір айтқандай, менің латын әрпін алуға қарсы екенім рас. Бірақ латынға қарсы екенімді біле тұра маған латын әріптерінің жобасын жазып беруге тапсырған соң, сол жобаны жасағаным да рас».

Сөзінің соңында қайраткер ғалым «...жазу мәселесі – өте зор мәселе. Оны жете тексеріп барып шешу керек» деп ескертеді [10].

Ол 1929 жылы ҚазПИ-де проректор болып жүрген кезінде тұтқындалып, Воронеж губерниясына жер аударылып, сол жерден Мәскеу және Алматы қалаларында түрмеде отырады. Содан кейін талай қуғын-сүргінге ұшыраған ол 1939 жылдың 24 сәуірінде «әскери трибуналдық үкімімен ату жазасына бұйырылады», бірақ 19-тамызда үкім орындалмай тұрып, түрмеде науқастан қайтыс болады.

1958 жылы 28 ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы сотының Қылмыстық істер коллегиясында қайта қаралып, ақталды.

XX ғасырдың басында қазақ халқының құқығы мен мүддесі үшін ұлттық-саяси және ағартушылық күрес сахнасына шыққан ат төбеліндей қазақ оқығандарының ішіндегі Халел Досмұхамедовтың алар орны ерекше. 1917 жылға дейін дәрігер болып елге медициналық жәрдем беріп, кейін «Қазақ газетінің» тұрақты авторларының бірі болса, төңкеріс жылдары халқы үшін ұлттық майданға белсене араласты. Бұл оның саяси қайраткер ретінде қалыптасуына ықпал етті. 1921 жылдардан бастап ғылыми-ағартушылық бағытқа бет бұрған Халел Досмұхамедов қай салада болмасын өзінің тұлғалық, қайраткерлік, ғалымдық болмысын көрсете білді.

Әдебиеттер

1. Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құраст: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: Арыс, 2009. – 544 б.
2. Кенжеахметов С. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ЖОО оқыған қазақтар // Ақиқат, 1994. - №7. - 49-53 б.
3. Сом алтынның сынығы // Егемен Қазақстан, 2007, 30 мамыр.
4. «Қазақ» газеті // Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.
6. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы, Ататек, 1995. – 256 б.
7. Сүлейменова Д.Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы: т.ғ.к. ... дисс. - Алматы. 2004. – 138 б.
8. Мұрат Сабыр. Халел Досмұхамедов және түркітану мәселелері // Әлем қазақтарының рухани сұхбаты: тіл, мәдениет және Алаш мұраты(халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары). - Алматы: «Сардар», 2008. - 364 б.
9. НұрпейісК., ҚұлкеновМ., МектеповА., ХабижановБ. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. - Алматы: Санат, 1996.
10. Майлықұтова М. Алаш арыстарының латын әліпбиі жайлы пікірталасы // Түркістан, 2013. - 11 сәуір. - №14 (976).

ҚАЗАҚ БАС СӘУЛЕТ ҚҰРЫЛЫС АКАДЕМИЯСЫ АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫНДАҒЫ ІШКІ МИГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Өзінің сан ғасырлық қайғы – қасіретке толы тарихында қазақ халқы тағдырдың талай тәлкегіне түсіп, көптеген оқиғаларды басынан кешірді.

Сондай оқиғалардың қасіретті де қайғылысы қазақ жерлеріне әр түрлі халықтар мен ұлыстардың өкілдерін қоныстандырып, байырғы тұрғындарды ата қоныстарынан аластап, шөл, шөлейт аймақтарға ығыстыру еді. Әсіресе қазақ халқын дүрбелеңге түсіріп, берекесін кетірген патшалық Ресейдің орыс шаруаларын дархан далаға емін-еркін орналастыруы болды. Сулы, нулы жерінен айырылған қазақ озбыр отарлау саясатына жайбырақат қарап отыра алмады. Даланы дүрліктірген бірнеше ұлт-азаттық көтерілістер етек алып, тәуелсіздікке ұмтылған халық елінің, жерінің еркіндігі үшін аянбай күресті. Жер мәселесі, қарашекпенділердің ілегін тоқтату XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында көкейкесті мәселеге айналды. «Жер нормасы немесе 15-тен жер алу» ұлт зиялыларын терең толғандырды. Сондықтан да «Алаш» ұлттық-демократиялық партиясының, тәуелсіз мемлекетінің құжаттарында жер мәселесі ерекше айтылды.

Әйтсе де Ресей империясының да кеңестік-большевиктік саяси басқарудың да отарлау, қоныс аудару саясаты тоқтаусыз жүргізіліп, қазақ даласы әр алуан халықтардың өкілдері бас қосқан аймаққа айналды. Қазақстанның көпэтникалық жұртшылыққа айналуы субъективті және объективті факторлар жиынтығымен, миграциялармен реттеліп, XVIII ғасырдың басынан XX ғасырдың аяғына дейін келімсектер факторына байланысты болды [1].

Көбінде бұл жағдайға себеп болған Ресей патшалығының жүргізген отарлық және қоныстандыру саясаты. Мемлекеттің жер туралы берілген бұйрығына негізделген шаралары бойынша қоныс аударушылар үшін қазақтардың жерлері алынып, олардың дәстүрлі қыстау мен жайлауларына көшіп-қонуына дереу шектеу салынып, оларды бір тұрақты мекенге қоныстандырып, күштеп отырықшылыққа көшіру мақсатымен жергілікті халыққа өздерінше ілгері ықпалын тигізді. Іс жүзінде жергілікті халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылығына зиянын тигізіп, қалыптасқан экономика – шаруашылық құрылымы бұзылды, оның жалғасы үлкен апатқа апарып ұрындырды: халық арасында ашаршылық басталып, жағдайы қатты жұтаңдаған рақымсыз қырғынға тап болды. Бұл орын алып жатқан жаңа тәртіптер, жергілікті халықтың еркін көтеріліп дамуына, әр түрлі себептеріне байланысты нұқсан келтіріп отырды. Республикаға миграциялық ағымның кең жолы ашылуы Кеңес өкіметі кезінің 20-шы жылдың ортасынан басталып, 60-жылдардың аяғына дейін созылды [2]. Халықтың орналасуы теориясында миграциялық үрдістерінің маңызы орасан зор. Ол өзінің табиғи жаратылысынан өте күрделі, көптеген әлеуметтік – экономикалық құбылыстарымен тығыз байланысы бар, әр түрлі салдары бар демографиялық үрдіс. Миграциялық үрдістер көп факторлар күштеріне негізделіп, өндіріс қатынастарының жалпы жүйесінің дамуы деңгейінде шағылысып, өзі жағынан халықтың орналасуына ықпал етуі ықтимал. Қазақ халқының урбанизациялық дамудың алдыңғы қатарына әлі де болса шыға алмай жатқаны анық. Алайда, жер шарын түгел қамтып жатқан осы ауқымды құбылыстың белді ортасына өлшем тұрғысынан келсек, әлі де болса селолық өмір салтымен жан – жақты дами түскені қажет-ақ. Содан кейін барып дамыған ауыл шаруашылығымен қалалық өмірді асықпай, салиқалы түрде меңгергені дұрыс және тиімді болар еді. Бірақ қазақ ұлтының қалаға шоғырлануының да өзіндік ерекшеліктері мол. Индустриализация кезеңінде жұмысшы тобын жасанды түрде құрамақшы болған (1928-1934 ж.ж.) «Аш ауылдан тоқ қалаға» қаратабан босқыншылық нәтижесін білеміз, қазақты ашаршылықта қалаға қуып тығу осы аз жыл ішінде қалалықтардың санын 6 есе көтерді. «Қалалықтарымыз» осылай ерен өскенде «далалықтарымыз» керісінше осы жылдары 2,5 есе күрт кемігені де ақиқат [3]. Бұл Голощекиндік геноцид салдарынан демографиялық дамуымыздың зардаптары деформацияға ұшырағанын білдіреді. Осы құбылыс өзінің жалғасын бұрынғы әкімшіл - әміршіл науқан қызу кезеңдегідей жасанды түрде болмаса да, соңғы ауыл шаруашылығының тоқырау кезеңінде де біршама үдей түскені байқалады. Жалпы алғанда 1959-1989 ж.ж. қаладағы қазақтар саны 4 есеге жуық өскен. Бұл қарқын қазір тіпті бәсеңдей қоймас. Осы қатты ойландыратын-ақ жағдай [4]. Өйткені, миграцияның бағыты бір жақты ғана болып жатыр. Ауылдағы өмір дәрежесінің төмендігінен қалаға деген ұмтылыс кеңінен тараған. Осындай ағымның арқасында халықтың арасында жаңа әлеуметтік топтар пайда болуы ықтимал. Халықтың селодан қалаға қоныс аударуы - өндірістік даму жолына түскен кез-келген қоғамға ортақ заңды құбылыс. Еліміздегі этнодемографиялық үрдістер қоғам дамуы үшін объектив-

ті қажеттілік. Қазақстанның жалпы, оның ішінде экономикасының қалыпты даму кезінде, әсіресе Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу қарсаңында әлемдік демографиялық және көші-қон үрдістері еліміздің экономикасына тікелей ықпал етті. Халықтың қоныстандыруын реттеу проблемасы біртіндеп халықаралық сипат алуда, Қазақстанның оңтүстігі мен шығысындағы елдерде халықтың өсімі ұлғайып бара жатқанда, бұл жағдай елімізді демографиялық қысымға алуы мүмкін, оған халықтың саны жағынан аздығы мен экономикадағы жағымды даму үрдістері септесуі ықтимал. Сондықтан одан бірқатар әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық ауқымды проблемалар туындайды. Қалалардың өзі және ондағы тұрғындар саны жедел қарқынмен өсуінің өзіндік себептері бар. Ірі қалада орналасқан өндіріс орындарының еңбек өнімділігі жоғары болады. Себебі жұмысшылардың кәсіби шеберліктеріне жоғары талаптар қойылады, сондықтан олар кәсіби шеберліктерін үнемі жоғарылатып, жетілдіріп отырады. Белгілі бір өндірістің ірі кәсіпорындарының бір жерде шоғырлануы әлеуметтік саланы дамытуда өзіндік үлесін қосуда. Ауруханалар, емханалар, бала бақшалары, мектептер, транспорт және толықтырылып отырған еңбек ресурстары бәрі де жеткілікті. Бұл жағымды факторлар, ал жағымсыз факторларға өндіргіш күштердің ірі мегаполисте шоғырлануы қоршаған ортаның табиғи жағдайын нашарлатады: біріншіден ауа, жер, су ластанады. Мегаполисте адам мен табиғат бір – бірінен алшақтай түседі, тіпті адамдардың өзара қатынасында салқындық айқын сезіледі [5]. Жұмыс орнынан үйге, үйден жұмысқа қатынастар тұрақтанып қалады. Қала үлкейген сайын қаланың ортасында орналасқан кәсіпорындарға жету, содан үйге қайтып оралу оңайға түспейді. Қалада қоғамдық транспорт пен байланыс тораптары жиіледі, үлкен көпқабатты үйлердің тығыз орналасуы, коммуналдық – тұрмыстық жүйелердің дамуы, үлкейген қаланың санитарлық және тазалық жағдайлары төмендейді. Ауасы, суы, топырағы біртіндеп бұзыла бастайды. Сондықтан бұл жағдайлар мұқият есепке алынуға тиіс. Әйтпесе шешілмеген мәселелер шиеленісіп, күрделі жағдайларға айналып, қоғамның кез – келген саласына өз зиянын тигізе бастайды. Қазақстанның жалпы даму үрдісіне қарамастан соңғы жылдары қалалық және ауыл тұрғындарының тұрмыстық деңгейі арасындағы айырмашылық анық сезілді, әсіресе бұл құбылыстар агломерацияларда айқын байқалады. Сондықтан да ауылдық жерлерді тиімді дамыту және ондағы тұрғындарды табыс көзін арттыру мәселелері жедел шешімін табуы қажет етеді. Әрине, ауыл-қала бағытындағы жасалған қарқынды көші-қон бағыты ауылды жерлердегі жүргізілген жекешелендіру үрдісінің нәтижесіне негізделгені, соның салдарынан халықтың өмір деңгейі күрт төмендегені, жұмыс орындарының жабылуы, жұмыссыздықтың кең қанат жаюына, әлеуметтік саласының төмендеуіне әкелді. Әлеуметтік қорғау және еңбек министрлігінің берілген мәліметтерінде 1999 ж. республика көлемінде бір жұмыс орнына 36 жұмыссыз келсе, ауылды жерде ол көрсеткіш 8 есе жоғары, яғни 285 адам. Ал 1999 ж. 8,8 мың есепке алынған адамдардан тек 1,3 мың адамы ғана ауылдық жерлерде жұмысқа орналастырылды [6]. Елде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар барысында қарқынды дамушы еңбек нарығы құрылды, яғни, халықтың экономикалық белсенділігінің деңгейі 1991 жылғы 68,6%-дан 2012 жылы 71,9%-ға дейін өсті (2012 жылғы 2 тоқсан), экономикалық белсенді халық саны 7,7 миллион адамнан 9 миллион адамға жетті, жұмыс істейтін адамдардың саны 7,7 миллион адамнан 8,5 миллион адамға артты. Бұл ретте жеке кәсіпорындарда жұмыспен қамтудың үлесі басым. Жұмыспен қамтылған халықтың үштен бірінен астамы өз бетінше жұмыспен айналысушылар болып табылады. Жұмыссыздық деңгейі 2 есеге азайған – 2000 жылғы 12,8%-дан 2012 жылы 5,3%-ға (2012 жылғы 2 тоқсан). Жұмыссыз халықтың саны 473 мың адам болды (1.07.2011 ж.), бұл 2000 жылмен салыстырғанда 2 есе аз [7]. Мемлекет тарапынан «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы іске асырыла бастағаннан бері оның іс-шараларымен 170 мың адам қамтылды, 115 мың адам жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар, аумақтарды дамыту бағдарламалары шеңберінде жыл басынан бері 111,6 мың адам жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына 9,3 мың адам, жастар практикасына 4,6 мың адам орналастырылды. 12,5 мыңнан астам адам кәсіптік даярлауға, қайта даярлау мен біліктілігін арттыруға және шамамен 8 мыңдай адам қоғамдық жұмыстарға жіберілді [8]. Бұл іс-шаралардың сипаты күрделі және олардың бір ғана мақсаты – жұмыспен қамтуға ықпал ету.

Ауылдан қалаға көш басын бағыттаған мигранттардың көбі тек жұмыс орнының табылғанын ғана медеу тұтып қоймайды, олар сонымен қоса білім дәрежесін көтеріп және балаларының да сапалы білім алуын көздейді. Бірақ бірден бұл мақсаттары орындалмайтыны анық, себебі ауылдан келген мигранттардың бірден қаладан тұрғын үй алып, қала тұрғындарының қатарына қосылуы мүмкін емес, осының салдарынан олардың әлеуметтену үрдістері ұзаққа созылады. Қорыта келе айқындалғаны, ірі қала мигранттарды тек өзінің жарқыраған оттарының жылтырымен ғана емес, мегаполистің жоғары өмір деңгейімен қызықтырып, өзіне тартады. Сондықтан көші-қонның негізгі себептерінің бірі - ол әлеуметтік-экономикалық себептер болып табылады, бірақ олармен қатар әлеуметтік-мәдени талаптарды естен шығармауы дұрыс болар еді. Агломерациялардағы этномиграциялық үрдістер тұрақты түрде

жүретін процестер. Осы процес көшіп-қонушылардың материалдық және рухани талап-тілектерінің өсуіне байланысты жиілейді. Осыған орай агломерациядағы этномиграциялық үрдістерді екіге бөлуге болады: бірі сыртқы, екіншісі ішкі миграция. Сыртқы миграцияның орын алуына бірқатар факторлар ықпал етеді. Мысалы, мемлекеттегі саяси басқару мен жүйенің өзгеруіне байланысты қоғамның кейбір топтарының өзге іргелес немесе шалғай елдерге қоныс аударуы; этникалық топтардың әр түрлі әлеуметтік-саяси жағдайларда өз отандарынан басқа елдерге күшпен жер аударылуы, сол депортацияға ұшыраған халық өкілдерінің репатрианттар ретінде өздерінің этникалық атамекендеріне оралуы; ғылым, мәдениет, т.б. қайраткерлердің өз отандарынан материалдық, моральдық қолдау таба алмай шет елдерге аттануы; білім алуға, мамандануға шет елдерге барған әлеуметтік топтардың сол мемлекеттерде тұрақты қалып қоюлары және т.б. Аталған факторлар және одан басқалары кез-келген мемлекетті сыртқы көші-қон мәселелерімен айналысуға мәжбүр етеді. Сыртқы көші-қон процестері жүйелі, ретті, азаматтарға қолайлы болуы үшін арнайы заңдар қабылданады. Мәселен, кенестік кезеңде Қазақстан сыртқы миграциямен, көрші және шет елдермен елшілік мәселелерімен айналыспады десе болады, өйткені мұндай құқық оған берілмеді де. Есесіне КСРО-ның Сыртқы Істер министрлігі, одақтың көші-қон басқармасы аталмыш мәселемен айналысып отырды. Кеңес Одағы ыдырап, әлемдегі алпауыт мемлекет тарих сахнасынан кеткеннен кейін тәуелсіз Қазақстанның миграция проблемаларымен шұғылданудың тізгіні өз қолына тиді. Егемен мемлекеттің саяси басқару институттарын қалыптастыру барысында республиканың көші-қон мәселелерімен айналысатын агенттігі құрылды. 1992 ж. маусым айында иммиграция, ал содан соң миграция туралы заңдар қабылданды. Осы заңдарға сәйкес миграциялық процестер күні бүгінге дейін жүргізіліп келеді. Ал енді ішкі миграция туралы айтатын болсақ, бұл процесс кез-келген мемлекеттің аумағында тұрақты түрде жүреді. Ішкі миграцияны тұрақтандыру, бір жерден екінші жерге көшуді азайту күрделі әрі күрмеуі қиын мәселе. Дегенмен жергілікті жерлерде тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыс және экологиялық, экономикалық түйткілдерін шешу бұл мәселенің шешімін жеңілдетеді. Сондықтан да неғұрлым аймақтардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени, экологиялық проблемалары өз түйіндерін шешсе, соғұрлым ішкі миграцияның қарқыны да азаяды. XX ғасырдың 80-жылдары Қазақстандағы қоныс аудару бағыты Солтүстіктен, Шығыстан, Батыстан оңтүстікке қарай бағытталған болатын, себебі көбі тіршілік көзін тек астана мен астананың төңірегінде көрді. Ал ғасырдың соңғы онжылдығында көшбасы керісінше жоғарыда аталған аймақтарға бағытталды. Өйткені мемлекеттегі саяси, экономикалық, қоныстану бағытындағы жүргізілген жаңашылдарға байланысты өзгерістер басталды. Ішкі миграцияның ауқымында қала маңына қоныстану процесі де тұрақты түрде жүреді. Мұның басты себебі, ауыл тұрғындарының қалаларда, ірі қала маңында өмір сүруге ұмтылыстары, тұрмыс пен еңбек жағдайларын қалалық деңгейге жақындатуға ниет білдірулері. Соңғы уақыттарда республикадағы урбанизациялау процесінің күшеюіне байланысты ішкі көші-қон да қарқынды түрде жүргізілуде. Ішкі миграцияның жоғары қарқыны 1991-1992 ж.ж. аралығында басталды [9]. Сол кезеңде ірі мегаполиске ұмтылған мигранттар қала төңірегіндегі бос қалған жерлерді иемденіп алды. Мүмкіндіктеріне қарай, қолда бар құрылыс материалдарынан соғып алған лашықтарын тұрғын үйге айналдырып, олардың заңдастырылмаған, құжаттарсыз бой көтерген саман үйлер келешекте үлкен бір әлеуметтік дағдарысқа жеткізілетінін ешкімді де ойландырмады. Ауылдан қалаға қоныс аударуы, яғни ішкі миграция ол үнемі шешімін қажет ететін өзекті мәселенің бірі. Бірақ өркениетті елдерде кенттену үрдістері ұзақ уақыт жүргізіліп, тіпті жылдар емес ғасырларға созылған. Осы уақытта ауыл тұрғындары ешқандай қиындықсыз, күнделікті күйбең тіршіліктерін атқарып, қиындықсыз қала өміріне біртіндеп үйренісіп, сіңісті. Ал жедел қарқынмен, жалпы қарқында жүргізілген, кенттен қанат жайып, бүкіл тұрғын халықты мигранттарға айналдыру үрдіс, әрине қиындықсыз, шығынсыз жүргізілмейді. Сондықтан ішкі қатығыстарды болдырмау үшін, ішкі мигранттардың қалаға бағыт алғанын тоқтату үшін ауылды жерлердің әлеуметтік – экономикалық жағдайларын жедел жақсарту қажет. Сонда ғана ауыл тұрғындары жылы орындарын суытып, қалаға ұмтылу легін тоқтатуы ықтимал. Осыған орай ҚР Президенті - **Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауында** өңірлерді дамыту мәселесіне орай «Қуатты Қазақстан дегеніміз – бұл ең әуелі өңірлердің қуаттылығы болып саналады»-деп нақты көрсетіліп, моноқалалар мен агломерациялардың дамуына, халықтың экономикасы қарқынды дамыған орталықтарында шоғырлануы мәселесіне ерекше назар аударылуы маңызды шараларының бірі екені нақтыланған [10]. Әрине бұл өзекті мәселелерді жергілікті билік атқарушы органдар өз құзырында шеше алмайды, ол үшін мемлекет тарапынан арнайы бағдарлама қабылданып, заң күшіне енгізілуі керек. Сондықтан да бола ҚР Үкіметінің отырысында «Өңірлерді дамыту» бағдарламасына қалалық агломерацияларды дамыту бойынша өзгерістер мен толықтырулар қарастырылды. Онда еліміздегі

агломерациялар екі деңгейлі етіп айқындалды және бағдарламаны жүзеге асыру бағыттары нақты көрсетілді [11].

Осылай болса, тек заң жүзімен шектелмей, халықтың ұлттық жобалар мен мемлекеттік бағдарламалар арқылы тұрмыс деңгейін, жұмыспен қамтамасыз етілуі, өзге де әлеуметтік – мәдени талаптардың орындалуына қол жеткізуіне, кімде - кім қиындығы мол, күрделі, өзіне жат ірі мегаполиске көш басын бағыттау алдында асықпай ойланар еді.

Әдебиеттер

1. Тынышпаев М. История казахского народа. - Алма-Ата, 1993. - С.29.
2. Платунов Н.И. Переселенческая политика Советского государства и ее осуществление в СССР (1917 – июнь 1941). - Томск, 1976. - С. 95.
3. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алма-Ата: Ғылым, 1991. - С. 95.
4. Тәгімов М. Ұлттық урбанизациямыздың ұтымды үрдістері. - Алматы, 1993. – 102 б.
5. Проблемы труда и народонаселения в Казахстане //Сб. Статей. - Алма-Ата, 1970. - Вып.І. – С. 175
6. Сборник материалов по вопросам народонаселения. – Астана: 2000. - 654 с.; Статистический сборник Алматинской области. – Алматы: Статистическое управление Алматинской области, 2000. - 23 с.; Қазақстан өңірлерінің демографиялық жылнамалығы. - Алматы. 2006. - 504 б.
7. Статистическиепозказатели/Подред. СмаиловаА.А.–Астана: 2012. - 82 с.
- 8 Нұрымбетов Б. Жалпыға ортақ еңбек қоғамына// «Дала мен қала.- 2012. - 27 тамыз.
- 9 Қинаятұлы З. Көш - ол ұлт өміріндегі құбылыс // Егемен Қазақстан. - 2001. - 22 наурыз
- 10 ҚР Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауы// Егемен Қазақстан. -2012. - 28қаңтар
- 11 Муканова А. Агломерации как центры роста // Казахстанская правда. - 2012. - 03 октябрь

АБИКЕНОВА Г.Е.

т.ғ.к., әл-Фараби ат. ҚазҰУ

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ӘЛІПБИ МӘСЕЛЕСІ

Адам баласы осыдан бес мың жыл бұрын жазу үлгісін тауып, ойы мен пікірін хатқа түсіре бастаған болатын. Жазу құралдары мен материалдары ұқсас болмаса да, олардың негізгі халық қолданысына тиімділігі баршамызға мәлім. Қазақ ұлты да өзінің жазу тарихында бірнеше әліпбиді алмасытырып, пайдаланғаны белілі. Олар әр кез халықтың рухани құндылығын бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жеткізумен қатар, халық сауаттылығын ашу ісінде аса маңызға ие. Бүгінде «Латын әліпбиіне көшу керек пе?» деген уақыт талабы тудырған сауал орын алды. Жалпы Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап қазақ лингвистері мен зиялы қауымының арасында латын әліпбиіне көшудің пайдасы мен зияны туралы пікірталастар жүргізіле басталды. 2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», [1] – деп атап өткен болатын.

Латын әліпбиіне өту мәселесі XX ғасырдың басында-ақ көтеріліп, пролетариат көсемі В.И.Ленин араб әліпбиін латынға ауыстыруды Кеңестердің Шығыстағы революциясы деп бағалағаны белгілі. XX ғасырдың басындағы бұл әрекет қазақ елін де айналып өткен жоқ. 1917 жылғы болған төңкерістің желі Ресей жерін ғана емес оның айналасындағы көрші жатқан елдердің барлығын шарлап, біздің еліміздің де тарихы мен тілінде өшпес із қалдырды. 1920 жылдардың басында сол кездегі биліктің бастамасымен араб әрпімен жазып келген түркі тілдес халықтардың барлығын жаппай басқа әліпбиге көшіру саясаты қолға алынды. Әліпби, емле және оны реформалауға байланысты қазақ оқымыстыларының арасындағы пікірталас алғашқыда «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» газеті сынды басылымдар беттерінде көрініс тапса, 1920 жылдан бастап «Еңбекші қазақ», «Жаршы», «Жаңа мектеп» сынды басылым беттерінде қызу айтысқа айналды. Әсіресе әліпбиге байланысты зиялылардың көзқарастары мен пікірталастары қалың бұқара арасына жарияланып, халық талқысына салынды. Бұл істе «Еңбекші қазақ» газетінің орны ерекше болды. Аталмыш газетке екі топтың өкілдері әр түрлі тақырыпта мақалалар жариялап

отырды. Мәселен, Н.Төреқұлов «Бізге қандай әліппе керек», Ә.Байдилдиннің «Жаңа әліппе тарихынан», Б.Байтоғайұлы, Қ.Басымов, М.Дулатов, Т.Шонанұлының «Бізге жаңа әліппе не үшін керек», О.Жандосұлы, М.Жолдыбаев, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Н.Қаймекеұлы, Ж.Аймауытовтың, М.Мұхтарұлы «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» т.б. және шетелдік Г.И.Бройдо, Н.Яковлев, Поливанов, Навширманов, профессор Ашмарин, профессор Жюзе, академик Бартольд, профессор Л.Жирков, профессор Б.Шобанзаде сынды ғалымдардың бірнеше мақалалары жарық көрді.

1924-1926 жылдары әліпби тартысы Түркістан мен Қазақстан аумағында толассыз жүрді. 1924 жылы 12-18 маусым аралығында болып өткен білімпаздардың тұңғыш съезінде қазақ ұлтына қатысты әр түрлі мәселелермен қатар әліпби алу ісі туралы сөз болады. Жалпы Кеңес үкіметі билігі тұсындағы ұлттық оқыған қауымның алғашқы бас қосуы осы қазақ білімпаздар тобының съезі болды. Түрлі баспасөз беттерінде білімпаздар тобының жиыны өтетіні туралы ерте-ақ жария етіліп, онда қандай мақсаттар атқарылатыны туралы жазылды.

«Бұл жиылыс еріккеннің ермегі емес, «топалаң уақытындағы той» емес – мектептерде оқу ана тілінде жүргізіліп, кітаптар жанданып, жазу машинасы шығып, мекемелерінде іс қағаздарын қазақ тіліне көшіріп жатқан дәуірде, үлкен сапырылыс болып, пікір өрнек, жазу-сызу, программалар, жобалар майданы ашылған дәуірде, өмір тілегімен болып жатқан жиылыс. Бұл жиылыс – ой, сөз жиылысы» – деп, өтілер жиынның мән-жайы туралы жалпылама түсіндірме беріледі [2]. Шындығында, бұл білімпаздар тобын шақырудың өзі қазақ елінің болашақ әдебиетін, тілін, емілесін, мәдениеті мен түрлі ғылыми істерін шешуде бөлінбей, біртұтас ұлттық ортақ мүдде үшін дұрыс шешім қабылдап, істі алға бастырту мақсатынан туған еді. Әйтсе де қазақтың араб әліппесін латын әліпбиіне көшірер тұста «жаңашыл» ұлт зиялылары мен «ескішіл» ұлт зиялылары арасында үлкен пікірталас орын алады.

Аталған съезд туралы Қаныш Сатпаев: «Алқаға Туркия, Әзірбайжан, Татарстан, Қазақстан, Өзбекстан және басқа түрік нәсілдес республикалардан өкілдер келген. Алқаның жұмысына көмектес болу, қорытындыларымен таныс болу үшін жиналысқа күнбатыс Еуропадан көп профессорлар келген көрінеді. Қазақтарды қоспағанда барлығы 132 өкіл болыпты» – деп, одан ары съездің үш мәселе бойынша:

1 Пән сөздері (термин туралы);

2 Емле туралы;

3 Жазу таңбалары туралы ортақ бір тоқтамға келгендерін жазды [3].

Бұл съезде сөз алған А. Байтұрсынұлы 1924 жылғы Қазақ білімпаздары тобының съезіндегі латын әліпбиі туралы ойын тағы да қайталап ұсынып, қарсылық білдіреді. Әрине, әліпбиді жиі өзгерту – ел өркениетінің дамуына кері әсерін беретіні сөзсіз еді. Себебі жаңа әліпби енген соң оны жалпы халыққа меңгертіп, барлық оқу-ағарту саласына өзгеріс жасаудың өзі үлкен қаражатты қажет етері сөзсіз еді. Сол себепті де А. Байтұрсынұлы бастаған бірқатар Алаш қайраткерлері әліппенің ең тиімді жолын алуды көздеді.

Әйтсе де съезд бірқатар қазақ зиялыларының қарсылығына қарамастан барлық түркі халықтарының жазуын латындандыру туралы шешім қабылдайды. Бұл шараға жетекшілік ететін жаңа түркі алфавитінің Орталық Атқару комитеті құрылып, оған Қазақ АКСР-нен тек Нәзір Төреқұлұлы енеді [4]. Съезд мүшелігіндегі Телжан Шонанұлы латыншылар жағында болды. «Жалғыз қазақ емес, бүкіл араб әліппесін қолдап жүретін елдер арасында латын әліппесіне көшу деген ағым болғаны белгілі. Бұлар тек Кеңестер Одағындағы түріктердің ғана арасында емес, Одақ сыртындағы түріктер мен мұсылман елдерінің арасында да бар. Латын әліппесі бірқатар елдер әлемінде жатыр... әрине латынға қарсылар да бар. Қарсылардың да дәлелі бар. Әңгіме дұрыс шешілу үшін латыншылардың да, оған қарсылардың да ой-пікірлері айқындалуы қажет» – деп өз ойын білдіреді [5].

Әрине, бұл тұста қазақ зиялылары тобының арасында кикілжіңнің тууы жеке бастың ісі емес, ұлт болашағы болды. Сөзімізді нақтылай түссек, аталған съездің барысында ұлт зиялылары пән сөздер, еміле, жазу сияқты маңызды мәселелер бойынша «Түрік қауымдарына жалпы ортақ боларлық пән сөздер (словарь) тізімі басылсын; емленің негізі дыбыс жүйесіне тіркелсін» – деп ұлт мүддесіне қатысты істі топтасып шешкенде, әліпби мәселесін шешуі де ұлт мүддесінің қамы еді. Яғни, бұл тұста зиялылардың бір тобын қолда бар нәрсені жоғалтып алмау толғандырса, ал екінші тобын өзге елдерден немесе уақыт кеңістігінен қалмау алаңдатып, соған орай ортақ пікірдің туындамауы деп қарастыруымыз керек.

1927 жылы 9 маусымда БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің секретариаты Қазақ КСР Халық комиссарлар Кеңесіне латын алфавитін насихаттайтын республикалық комитет құру турасында ұсыныс жасалады. Комитеттің құрамына Нығмет Нұрмақов (төраға), Телжан Шонанов, Әбдірахман Байдилдин, Ғаббас Тоғжанов, Ораз Жандосов, Қайыпов пен Ормантаев сияқты ұлт зиялыларын бекітті [6].

Осы жылдың 17 тамызында БК(б)П Қазақ Өлкелік комиссариаты үгіт-насихат бөлімінің меңгеру-

шісі, жаңа алфавитті енгізу жөніндегі Орталық комитеттің төрағасы Ораз Жандосов бұдан әрі алфавит туралы пікір-талас жүргізуден келетін ешбір пайданың жоқтығын ескеріп, сөзден іске кірісуді ұстанады. Соған орай тез арада Нәзір Төреқұлов жобасымен жасалған латын жазуындағы әліппелерді көп дана етіп басып шығарып, елге тарату керектігін атап өтті [7].

1928 жылы 20 желтоқсанда Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетінің IV сессиясында латын алфавитіне көшу туралы ресми шешімі шығады [8]. Осы тұста Әбдірахман Байдилдин ендігі уақытта жаңа алфавит ескімен қатар өмір сүре алмайды, сондықтан мүмкіндігінше тез іс жүргізіп, оқу-ағарту ісінде қауырт қимылға көшуді ұсынады [9].

Түрлі қиыншылықтардың туғанына қарамастан алфавит ауыстыру ісіне қазақтың ұлт зиялылары өзінің төл ісі ретінде жақын көріп, белсене атсалысты. Мәселен, ұлт зиялылары қатарындағы Т. Шонанұлы да белсенділік танытып, «Жаңа мектеп» журналында «Жаңа әліппе сабағы» айдарымен бірнеше әліппе сабақтарын жариялап отырды. Тіл маманы өз кезегінде халыққа қарапайым тілде мысалдар келтіре отырып, жаңа әліппемен оқушылар сауатын ашуға мүмкіндіктер жасайды [10].

Шығыстағы революция тікелей коммунистердің белсенділігімен Қазақстанда да жүзеге асқан соң, 1929 жылы 10 ақпанда БК(б)П Қазақ Өлкелік комиссариатының арнаулы қаулысына сәйкес араб жазуымен жазылған кітаптарды шығармау жөнінде республика басқармаларына нұсқау беріледі. Сондықтан латынға қарсы күрескен Ахмет Байтұрсынов бастаған төте жазу қорғаушылары аз уақыт ішінде шығармаларын латын алфавитімен жазуға көшті. Дегенмен, латын әліпбиіне көшу және онымен сауаттандыру мәселесі Қазақстанда басқа өлкелермен салыстырғанда кенже қалып отырғандығы байқалады. Мәселен, Ғ. Тоғжанұлының 1928 ж сәуірдің 31 күні белгісіз газеттің 58 бетінде жариялаған «Жаңа әліпбиге жаппай көшуге кімдер қарсы» деген мақаласында берген мына мәліметінен біле аламыз: «Жаңа әліпбиге көшуге қарсылар отаршылдар, арабшы – ұлтшылдар, кер тартпа бюрократтар, кейбір жауапсыз камунистер. Жаңа әліппемен сауаттанған қазақтар 858 мың, бұл жалпы Қазақстанда тұратын қазақтардың 18 – 20 % құрайды. Ал араб әрпінің негізгі есеп ретінде алғанда хат танушылар 5–6 % ғана еді. Басылған кітап саны 357. Көрші мемлекеттерде бұл жақсы көрініс тапқан. Татарстан 3–4 жылда халықтың 60 % сауатанды, Өзбекстанда 2.000.000. адам сауаттанып, 1469 кітап шыққан», - деп атап көрсетеді [11].

Десек те, баспасөз бетінде «ескішілер» мен «жаңашылдар» болып екіге бөлініп, алфавит (әліпби) мәселесін талқылаған ұлт зиялылары жаңа шешім қабылданып, нұсқау берілген тұста ұлт мүддесі үшін қайта тізе біріктірген еді. Елдегі сауатсыздықпен күрес ісімен қатар келген әліпбидің ауысуы ұлт зиялыларының тағы да бас біріктіріп, ұлт мүддесі үшін аянбай қызымет етулеріне итермеледі. Соның үшін олар өзара әліппе мәселесі үшін болған қызу айтысын тек ұлттық құндылықтарды жоғалтып алмау қажеттілігінен туындаған дауы деп бағамдауымызға болады.

Осы тұста зерттеуші Дихан Қамзабекұлының: «Араб тілі – шығыстың латыны» деген пікірді оқып едім. Шынында біздің көп сөзіміз арабқа келіп тіреледі. Өкініштісі, біз араб жазуын енді пайдалана алмаймыз. Бағыт, талғам, уақыт оны көтермейді. Сондықтан шығыстың латыны емес, Шығыс құндылықтарына сиымды Батыс латынын топырағымызға лайықты етіп орнықтыруымыз абзал» [12] – деген пікірімен қосыла отырып, бұл мәселеге тек қоғамдық ой-пікір ғана емес, бүгінгі таңда да көтеріліп отырған негізгі мәселе деп қарастыруымыз қажет. Олай болса, латын әліпбиіне өту қажеттілігі толығымен елімізде мақұлданып жатқан жағдайда, өткен ғасырдағы ұлт зиялыларымыздың еңбектерін оқып, зерделеп, ой-пікірлерін саралап, талдап шығудың да қажеттілігі келген сияқты.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі // www.akorda.kz
2. «V». Қазақ білімпаздар тобының съезі // Еңбекші қазақ. – 1924. - 27 маусым.
3. Қамзабекұлы М. Қазақ зиялыларының әліпби айтысы // Қазақ әдебиеті. – 2001. – 11 желтоқсан. 11-б
4. БК(б)П Қазақ Өлкелік комиссариаты секретариаты отырысының хаттамалары // ҚР ПМ. Қ. 141; т. 1, іс. 1043. – 437 п.
5. Шонанұлы Т. Латын әліппесі туралы // Еңбекші қазақ. – 1926. – 25 сәуір.
6. БК(б)П Қазақ Өлкелік комиссариаты секретариаты отырысының хаттамалары // ҚР ПМ. Қ. 141; т. 1, іс. 1043. 437-438 пп.
7. Шонанұлы Т. Үмбетұлы Мәжитке жауап // Еңбекші қазақ. – 1926. – 26 ақпан.
8. 1928 жылғы латыншылардың бірінші конференциясының құжаттары // ҚР ОММ. Қ. 740; т. 1, іс. 10. – 21 п.
9. Байдилдин А. Введение нового алфавита в Казахстане // За партию. – 1929. – № 1-2. – С. 80-82.
10. Шонанұлы Т. Жаңа әліп майданында кезекті мақсатымыз // Жаңа мектеп. – 1929. – № 8. – 22 б.
11. Сәтбаев Қ. Әліпби туралы // Қазақ тілі. – 1926. – 19 мамыр.
12. ҚРОММ. Қ. 740, Т – 1, Іс. 9. 134-п.

СОЛТҮСТІК Өңірдің Әкімшілік-аумақтық құрылымы мен атауларындағы өзгерістер

Еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымы өмірлік маңызы бар мәселе. Осы мақсатта Солтүстік Қазақстан облысы мұрағатындағы деректерді саралап, жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың, мемлекеттік мекемелердің жұмыстарында, жеке тұлғалардың ізденістерінде пайдалануға мүмкіндік жасалды.

Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлініс жүйесі тарихта айтарлықтай өзгерістерге ұшырап отырды. Бұл – губерния, облыстардың құрылуы, жабылуы, қайта аталуы; уезд, округ, аудандарды құру, қосу, қалпына келтіру, тарату және қайта атау; әкімшілік орталықтарды ауыстыру, әкімшілік-аумақтық бірліктердің бағанасын өзгерту; елді-мекендерді жазуда транскрипциялардың өзгеруі.

XVIII ғасырда Қазақ хандығының Кіші және Орта ордалары Ресейдің құрамына кіргенін жария қылса да, қазақтың үш жүзі, әсіресе Орта жүз Абылай хан тұсында өзінің жеке дара саясатын жүргізіп отырды. Ал Ресей болса өзінің сыртқы экспанциялық саясатын жалғастыру мақсатында 1752 жылы 26 наурызда Новоишим линиясын салу жөнінде указ қабылдады. Новоишим линиясы Звериноголов және Омбы бекіністерін қосты. Линияның басты фортификациялық құрылысы «Әулие Петрдің» бекінісі (кейіннен Петропавл) қазақтың Қызылжар деген елді мекенінде салынды. 1755 ж. осы линияда 2-алтыбұрышты, 9-төртбұрышты бекіністер, 33 редут және 42 маяк болды. Батысында Кабанье шығысында Лебяжье деп аталатын бекіністерден тұратын Горькая линия бекінісі осындай еді. Оның бойында казактардың және қоныс аударушылардың станциялары мен поселкілері салынды.

Ресей империясының 1804 жылғы әкімшілік рефермасы Петропавлге қала статусын берді. Сол 1804 ж. Ильин, Казан, Краснояр, Сладков және Соколов болыстары Тобол губерниясының Петропавл комиссарлығына бірікті.

Патша үкіметі казактардың Қазақстанды отарлауын белсенді қолдап отырған. Мәселен, 1808 ж. 19 тамызда император Александр I Горькая, Иртыш және Бухтырма линияларын казактарын біріктіру және ортақ Сібір казак әскерін құру жөнінде указ жариялады. Казактар өздерінің басқару жүйесі мен жер үлесіне ие болды.

Орыс шаруаларының біздің өлкені қоныстануы алғашында стихиялы түрде басталды. Олар Желековка, Долматов,Соколов, Вагулин, Белое, Метлицино (Қызылжар, Мамлют, М. Жумабаев аудандары)селоларының жеріне қоныстанды.

1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» бойынша орта және ұлы жүздіңтериториясы Сібір қырғыздарының облысы деп аталып, Батыс Сібір генерал губернаторының құрамына енді. Енді Сібір қырғыздарының (қазақтарының) жері сыртқы және ішкі округтерге бөлінді. Сыртқы округтерге Ертістің сыртында көшіп-қонып жүрген қазақтар кірді. Округтер болыстарға, болыстық ауылдарға бөлінді: округ 15-20 болыстан, болыс 10-12 ауылдан, ауыл 50-70 түтіннен құралды. Орта жүзде хан билігі жойылып, болыс сұлтандары мен ауыл старшиналары аумақтың бөліктерін басқарды. Болысты бөлудің негізінен жераумақтық (территориялық) емес, рулық принцип алынды. Сондықтан да болыс ру аттарымен мысалы, Атығай,Кенжеғали, Қаржас және т.б деп аталды. Орталық мемлекеттік мұрағат материалдарында Көкшетау округіндегі қазақ болыстарының орналасу тізімі төмендегідей болған көреміз:

№	Болыс атауы	Сайланған сұлтандар
1.	Майлыбалты атығай болысы: Бабасан, Сүйіндік қара-Қадыр, Сары баласы, Елтоқ	Әбілпейіс Ғабайдуллин
2	Бағыс атығай болысы атығай Бағыс, Ақ киік, Баба, Құлансу, Қойлы атығай	Қонысбай Ғаббасов
3	Құдайберді атығай болысы Құдайберді, Бәйімбет	Старшина М. Жанғарин
4	Құрсары керей болысы Құрсары, Барш Құрман, Сырым, Сағал- Сары, Есенберді	
5	Қуандық керей болысы Қунадан төбек, Жәнібек, Қармұрын, көшіп жүрген қыпшақ және Баба атығайлықтармен бірге	

6	Балта Көшебе керей болысы: Балта, Көшебе, Мұраталы, Төлей, Сибан, Шағалан	Старшина Етек Жандосов
7	Есенбай керей болысы: Шығыр, Абыз, Андағұл, Мұрат және Құрсарының бір бөлігі	Сұлтан Кенжесар Рүстемов
8	Уақ керей болысы Уақ, Бидалы, Жансары, Шайгүл, Баржақсы, Шағай	Старшина Шуақ
9	Иманалы керей болысы Алдай, Қантай, Жадияр, Дәулетінбет, Бинай, Мадьяр, Нұралы, Нұрымбет, Күлтөбе	Сұлтан Әбділғұл Аблайханов
10	Жұмабай қарауыл болысы Жұмабай, Ыдықбай, Баққошқар	Сұлтан Сейіткүл Шыңғысов
11	Ашқы жауар қарауыл болысы Ашқы, Жауар, Монтық, Сары, Қылды	Самай Шыңғысов
12	Уақ болысы Шоға уақ, Жансары уақ, Байжігіт уақ	
13	Самай керей болысы Самай, Матақай, Алдыберды	
14	Қанжығалы болысы Калапар, Барак Шабак, Құлтабар, Қошкелді, Жолымбет	Сұлтан Нұрмұхамбет Сыдықов
15	Құлатай қыпшақ болысы Құлатай, Коғайдар, Құдас, Құлан	Сұлтан Аблай Ишимов
16	Күрлеуіт қыпшақ болысы Күрлеуіт, Юлубай, Айқұлдық, Мадяр	Сұлтан Нұралы Құрашев
17	Байқырғыз болысы Байқырғыз, Жаңақырғыз	Сұлтан атағы бар би Қуандық Құтамбетов

[1, п. 16-17]

Жаңа заңды іске асыру барысында руға бөліну айта аларлықтай өзгерістерге ұшырады. Қазақтардың белгілі бір әкімшілік шеңберінен екінші бір әкімшіліктің жеріне ауысуы шектеліп, бұрынғы көшіп конудың рулық тәртібі бұзылды.

XIX ғ. 50-шы жылға дейін түрлі әкімшілік-аймақтық өзгерістер болып тұрды.

XIX ғ. 60-шы жылдардың ортасында Қазақстан жерінің Ресей мемлекетінің құрамына енуі аяқталды. Сол оқиғаны заңдастырған 1868 жылғы реформаға сәйкес Батыс Сібір (кейін Дала) генерал губернаторы Ақмола облысының Петропавл, Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омск уездерін құрды.

Қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы жерінде жоғарыдағы ереже бойынша бірінші болып Полудин болысы 1869 жылы құрылды. Болыс орталығы «Горькая линия» («Ащы белдеу») бойындағы бекініс ретінде салынған Полудин селосы болды. Полудин селосы 1752 жылы Ганкина редутының негізінде қаланған. Бұл болыстың бірінші биі Ноғайбай Батырбекұлы болды.

Осы реформаны дайындау кезінде құрылған арнайы комиссия қазақтардың руға бөлінуін әкімшілік және саяси жағынан тиімсіз деп бағалады. Қазақтардың үлкен аймақта көшіп қонуы және руды бір адамның-болыс-бидің басқаруы Ресей өкіметі үшін саяси жағынан қауіпті еді. Сөйтіп, 1875 жылы Орта жүз болыстарының атауы төмендегі кестеде көрсетілгендей өзгерді:

Болыс атауы	Ертедегі атауы	Атауы	Еретдегі атауы
Омбы уезі		Петропавл уезі	
1 Омбы	Баба-бағыс (Атығай руы)	1 Петропавл	Андағұл атығай
2 Николай	Жауар-қарауыл (Қарауыл, уақ)	2 Тайынша	Бабасан
3 Покров	Төлеке Құрсопы керей (Керей)	3 Полудин	Шоға бабасан
4 Курган	Бақтыбай маней керей	4 Становой	Иманалы керей
5 Черлаг	Құлатай қаншық	5 Преснов	Самай керей
		6 Пресногорьков	Матықай сыбан керей
		7 Құшмұрын	Байдалыбаржақсы -уақ

[2, с.33-34].

Солтүстік Қазақстан облысындағы мұрағат қорындағы сақталған мәліметтерге қарасақ, Петропавл уезінде 1876 ж. 45 казак станциясы мен поселкісі болғанын көреміз.

XIX ғ екінші жартысында Қазақстанға Ресейден қоныс аударған шаруалар көптеп келе бастады. Осы мәселені реттеу үшін 1889 жылы 13 маусымда Мемлекеттік Кеңес түгел Ақмола облысының еркін қазыналық жер үлестеріне шаруалардың қоныс аударуына ашық деп жариялады. Осы кезден бастап жаппай қоныс аудару басталды. Тек 1890 жылы ғана облыс аймағына Ресейдің 32 губерниясынан 18 мың қоныс аударушылар келді. Дала генерал губернаторы «еркін» қазыналық жерлерден жаңа қоныстарға 12 участок бөлді. Олар: Петропавл уезінде – 2, Көкшетауда – 9, Атбасарда -1. [3, с.9]

Біздің өлкедегі алғашқы шаруа қонысы Айыртау ауданындағы Кривоозерное селосы (кейін Володаровка, қазір Саумақөл) еді. Қоныстаушылар басында қазақтардан жерді жалаға алған. Кейін орыс үкіметінің Переселен пункті арнайы жер учаскілерін қазақтардың жерінен алып, қоныс аударушыларға бөліп берді. Осындай шаруа селолары 1914 жылға дейін пайда болды.

Мәселен, 1894 жылы Ильин, Александр, Николай селолары, 1895 жылы 12 село, оның ішінде Успен, Полтавка (ертеден атауы Құндыкөл), Семиполка (ертеде Қоскөл), Благовещенка (ертеде Жекекөл), Спасский (ертеде Қоржынкөл) және т.б.

Өлкені жаппай отарлаудың нәтижесінде Петропавл уезінде 1896-1905 жылдары ғана орыс шаруаларының саны 33343 адам болды.

XIX ғ аяғы XX ғ. басында уезд территориясында 443 жаңа қоныс пайда болды, оның ішінде 1907 жылы Рублевка (ертеде Қамысты), Богодуховка, Астраханка (Қаратомар), Писаревка (Мырзакелді), 1909 жылы Надежда (Бақай), 1906 ж. Тарангульское, Куприяновка (Алатай), Возвышинка, Леонидовка (Олжабай), 1914 жылы Власовка (Ақсақбай).

Кеңес өкіметі орнаған кезеңде әкімшілік-аймақтың бөліністер тағы да көпеген өзгерістеге ұшырады.

Петроградта большевиктер 1917 жылы 25 –қазанда өкімет билігін басып алып, «Россия халықтары праволарының декларациясын» мен «Россия мен Шығыстың барлық мұсылман –еңбекшілеріне» үндеуін жариялады. Бұл құжаттарда барлық халықтарға теңдік, өзін-өзі билеу еркі берілетіні жазылды. Ал шындап келгенде бұл сөз жүзіндегі уәделер болып қала берді. Ресейдегі, Қазақстандағы саяси күштердің шиеленісуі азамат соғысына әкелді. 1918 жылдың жазында Ақмола, Петропавл уездерінде билік Колчак үкіметіне көшті. Тек 1919 жылы күзінде қиян-кескі ұрыстардың барысында М.Тухачевскийдің 5-ші армиясы Кеңестерге үкімет билігін қайтарды.

1919 жылы 27- тамызда Сібір төңкеріс комитеті, қысқаша Сибревком құрылды. Оның құрамында Ақмола губерниясы орталығы- Петропавл, Семей губерниясы орталығы-Семей болған еді. 1919 жылы 23 қарашада Петропавл уездік ревком құрылды. Осыдан жер-жерде ауылдық және болыстық ревкомдар құру жүргізілді.

1920 жылы 26 тамызда Қырғыз – (Қазақ) Автономиялық Кеңес Социалистік Республикасы құрылды. Бұл қазақ мемлекетін қайтадан қалпына келгенін бекіткен оқиға еді. АКСР-дің құрамына Ақмола, Семипалатинск, Торғай, Орал облыстары, Маңғышлақ, Закаспий және Астрахан губерниясының бір бөлігі енді.

1921 жылы 25 сәуірде Ақмола губерниясы құрылды (орталығы Петропавл), оның құрамында Ақмола (75 болыс), Атбасар (51 болыс), Көкшетау (63 болыс), Петропавл (44 болыс) болды.

1928 жылы губерния мен уездер жойылып, округқа бөліну енгізілді. Қызылжар

(Петропавл) округінде 21 аудан болды. «Бостандық туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінде Ақмола губерниясында аудандастыру жұмысы жөнінде жазылды [4, с. 2]. Сол мақаладан үзінді беріп отырмыз (құжаттағы мәтін өзгеріссіз берілген):

Қызылжар округінің аудандары (орыс аудандары)

1. Пресновский ауданы. Ауданның орталығы Пресновский қаласында. Бұл аудан Қызылжардың күн батыс жағында Қорған оқуірігімен шектеседі.

Ауданның жері: ағашты-далаңқы, көлі аз, қара топырақты егістікке жәйлі болады.

2. Ворешлев ауданы. Ауданың орталығы Қызылжар қаласында. Бұл аудан Қызылжардың оңтүстік күн батыс жағында болады.

Ауданның жері: ағашты-далаңқы, топырағы қара балшықты болады және бұл ауданның ортасынан Есіл өзені ағады.

3. Трудобой ауданы. Ауданның орталығы Қызылжар қаласында. Бұл аудан Қызылжардың солтүстік жағында болады.

Ауданның жері: ағашті, көлді, қарабалшықты болады. Және бұл ауданның ортасынан Есіл өзені ағады.

4. Булаев ауданы. Аудан орталығы Булаев қаласында. Бұл аудан Қызылжардың күн шығыс пен

солтүстік аралық жағында тұрады. Бұл ауданның жері қарабалшықты, қайың ағашты болады. Бұл ауданда тұзды және балығы бар бірнеше көлдер бар.

5. Ленин ауданы. Аудан орталығы Явленка қаласында. Қызылжардың оңтүстік жағында болады. Ауданның жері қарабалшықты, ағашты, көлді, кей жерлері далалы болады. Ауданның ортасынан Есіл өзені ағады.

6. КрасноАрмейский ауданы. Ауданның орталығы Сокотын қаласында. Аудан Қызылжардың Көкшетау жағында болады. Ауданның жері қара балшықты (көлі ағашы аз) далалы болады.

7. Крестиян ауданы. Ауданның орталығы Көкшетау қаласында. Ауданның елі Көкшетау маңында болады. Ауданның жері ойлы-қырлы, кей жерлері таулы-тастақты төмен жерлері ғана қара балшықты, көлді, қарағай ағашты болады.

8. Шортан ауданы.

9. Балқашын ауданы

10. Арық Балық ауданы. Ауданның орталығы Арықбалық қаласында. Бұл аудан Көкшетаудың күнбатыс жағында болады.

11. Володарский ауданы.

12. Преснов ауданы.

13. Рузаев ауданы. Ауданның орталығы Рузаев қаласында. Бұл аудан Қызылжардың оңтүстік жағында.

14. Уретский ауданы. Ауданның орталығы Маринский қаласында. Бұл аудан Қызылжардың оңтүстік жағында болады.

Қазақ аудандары

15. Төңкеріс ауданы. Аудан орталығы Майбалық көлінде. Бұл аудан Қызылжар мен Қостанай округінің арасында болады.

16. Қызыл-әскер ауданы. Ауданның орталығы «Өрнек» ауылында. Бұл аудан Қызылжардың Қостанай жағында болады. Бұл ауданда Арғынның: Дәуіт, Биғұл, Қалқаш, Керейдің: Сымайыл, Ақсары сияқты рулары бар. Ауданның жері ағашты, далаңқылы, көлі көп, кей жері қызылкүрең, көп жері қара балшықты болады. Ауданның ортасынан Есіл өзені ағады.

17. Бейнетқор ауданы. Ауданның орталығы «Кедей» пасолкесінде. Бұл аудан Қызылжардың күншығыс оңтүстік жағында болады. Аудан жері; ағашты, далаңқылы, көлді, қара балшықты, оңтүстік жағы дала, жайлау болады.

Бұл ауданда Арғынның: Баба, Бабасан, Дәуіт, Сасық, Өте деген рулары бар.

18. Қызылту ауданы. Ауданның орталығы «Қулықөл» ауылында. Бұл аудан Қызылжардың күншығыс жағында Омбымен шектес болады. Ауданның жері далаңқы, қара балшықты, оңтүстік жағы қызылкүрең балшықты болады. Әрі бұл ауданда тұзды көл көп болады.

Бұл ауданда Керейдің: Қоңқаш, Ақсары, Күрсары, Қыпшак рулары бар.

19. Көкшетау ауданы. Ауданның орталығы «Көкшетау» қаласында. Ауданның елі сол Көкшетаудың айналасында болады. Бұл ауданға Арғынның: 1) Арықсопы, Құлымбет, Бөке. 2) Қожасопы, Төнек, Жәнақатан, Дайырқожа, Қарауыл, Мешек, Қарт сияқты рулары қарайды.

20. Еңбекшілер ауданы. Аудан орталығы жаңадан салынған Қазақ қаласында (Казгородок М.С.). Бұл аудан Көкшетаудың күншығыс жағында болады. Бұл ауданда Арғынның: Қарасопы, Атығай, Мейрамсопы; Қарауыл, Қарағай, Жауар, Танай, Керей рулары бар.

21. Октабрь ауданы. Аудан орталығы Боладар қаласында. Бұл аудан Көкшетаудың күнбатыс жағында болады.

Бұл ауданда: Арғынның Арықсопы, Есенаман, Игісәт, Дәуіт, Қожасопы, Тәшек, Қартқожа, Қотан, Қарауыл, Мешек, Тонғат, Қолымбет деген рулар бар.

Бұл мәліметтер сол кездегі қазақ ауылдарының аумақтық бөліністерге қалай біріккенін және оның кейінгі әкімшілік – аумақтық өзгерістерді анықтауда көмегі мол болары сөзсіз.

1930 жылы 17 желтоқсанда Петропавл округі жойылып, ірілендірілген аудандар құрылды. 1932 жылы орталығы Петропавл болған Қарағанды облысы құрылды.

1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылды.

Әдебиеттер

1. ҚР ОММ. 338 -к., 1 тізім, 377 іс.

2. Справочная книга переселенческих участков Акмолинского переселенческого региона. - Омск 1911.

3. Справочник по истории административно-территориального деления Северо-Казахстанской области (1936-2007 гг.). - Петропавловск, 2007.

4. // «Бостандық туы». - 1928 жыл 12 қыркүйек. - № 57.

ДИАЛОГ КУЛЬТУР В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

В наше время слово «культура» является одним из наиболее употребляемых и в быденном языке, и во множестве научных определений, что говорит как о многозначности термина, так и о многообразии самого феномена культуры. Но классифицируя в соответствии со сложившимся словоупотреблением различные области культуры, следует учитывать то обстоятельство, что культура - это не только различные области действительности, но и действительность человека в этих областях, глобальная сферачеловеческой жизни. Все, чем мы пользуемся в области культуры (в том числе и само понятие культуры), было когда-то открыто, осмыслено и введено в глобальный мир человеческой повседневности. Культура - это уровень отношений, которые сложились в коллективе, т.е. нормы и образцы поведения, которые освящены традицией, обязательны для представителей данного этноса и различных его социальных групп. Культура предстает формой трансляции социального опыта через освоение каждым поколением не только предметного мира культуры, навыков и приемов технологического отношения к природе, но и культурных ценностей, образцов поведения. Причем эта регулирующая социальный опыт роль культуры такова, что она формирует устойчивые художественные и познавательные каноны, представление о прекрасном и безобразном, добре и зле, отношении к природе и обществу, сущему и должному и т. п. [1, С.26].

Диалог - универсальный способ существования культуры. Будучи полифункциональным целостным общественным явлением, культура с древнейших времен для выживания, развития и обновления форм своего существования использует диалог как универсальное средство реализации целей человека в мире. Диалог в культуре есть универсальный способ передачи и освоения личностью форм социального взаимодействия, способов познания мира. В форме диалога закрепляется и передается культурный опыт человечества, традиция, и вместе с тем, обновляется ценностное содержание культуры.

В XX веке полностью обнаружались предсказанные еще Шпенглером кризисные явления техногенной цивилизации, возникшей на развалинах средневековья. Культура этой цивилизации сложилась на основе особых отношений человека и природы, человек стремился вырваться из зависимости от природы, и высшими ценностями культуры признавались господство человека над природой, прогресс, обновление, наращивание технологических и научных знаний. Развитие техники и технологии как орудий господства человека над природой стало главной целью общественного развития. В результате возникла ситуация, когда постоянное наращивание материального богатства на основе обновления техники превратило, человека в простое орудие эффективной экономической деятельности.

Выдающиеся гуманисты и мыслители XX в. с тревогой говорили о процессе деградации культуры. Пожалуй, нет ни одного крупного мыслителя XX в., который бы не отдал дань этой проблеме.

Известный мыслитель современности - Р. Гвардини - утверждает, что кризис современной цивилизации заключается, прежде всего, в «утрате гуманного». Это означает, что разрушается соответствующая рамкам человеческого бытия форма его жизни. Отношения между человеком и природой носят все более опосредствующий, абстрактный характер. Широкие масштабы приобретает новая болезнь XX в. - *дефицит переживания живого человеческого чувства*. А ведь человек, по мнению Гвардини, это, прежде, всего «то, что он переживает». Тем не менее, выход есть: необходимо всецело сосредоточиться на своем «внутреннем ядре» и попытаться спасти самое существенное в культуре - личность человека, его индивидуальность.

В настоящее время формируется новая точка зрения на кризисный характер современной культуры. Она рассматривается уже не в качестве особого периода - как кульминационная точка патологического развития общества. Кризисность современной культуры объявляется ее неизбывным свойством, ибо техногенная цивилизация в непрерывной погоне за новизной - в технике, науке, экономике, искусстве и т.д. - вынуждена все время «перестраиваться». Ломка старого и возникновение нового - это и есть кризис. Современный человек оказывается в незавидной роли непрерывно догоняющего непрерывно набирающего скорость прогресса. Кризис становится постоянной составляющей образа жизни индивида, живущего на рубеже XX и XXI вв. В Древнем Китае одно из самых неприятных пожеланий звучало так: «Чтоб ты жил в эпоху перемен». В этих словах фиксировалась приоритетная установка традиционного общества на стабильность, постоянство, психологический комфорт. Современный человек живет в эпоху глобальных и, к сожалению, все еще не контролируемых перемен [2, С.81].

Столкновение старой и новой систем ценностей ведет к возникновению явления, которое в культу-

рантропологии называется «культурным шоком». Сущность его заключается в остром конфликте старых и новых ценностей, ориентации и идеалов, норм поведения на уровне индивидуального сознания. Он возникает, если человек вдруг переселяется из одной культурной среды в другую. Исследование подобных явлений осуществлялось в основном в ходе изучения эмиграции и способов приспособления эмигрантов к новым условиям.

Об определенном культурном шоке можно говорить, характеризуя социокультурный кризис. Огромные массы населения оказываются выброшенными из активной социальной сферы деятельности, оказываются на обочине жизни. Например, известный культуролог, критик и переводчик Б. В. Дубин, характеризуя «перестроечный» период российской истории, писал: «Мы как бы эмигрировали из СССР в Россию, многим с этим трудно смириться». Люди осознают свою чужеродность и оказываются эмигрантами в собственной стране. Это ведет к активному поиску выхода из подобной ситуации, одним из которых является добровольная самоизоляция от происходящего, уход в своеобразное культурное гетто, живущее по законам и на основе культурных ценностей старой социальности [3, С.81].

Суть новой культуры вырастает из разрушения характерных для классического индустриального общества систем, внешне детерминирующих жизнь личности. Человек перестает быть элементом технологической, экономической или политической систем, где его деятельность жестко определяется внешними по отношению к его личностной культуре качествами. Эта жесткая детерминированная схема не просто ослабевает, возникает принципиально новая ситуация, означающая, что социально-экономическое развитие зависит уже от состояния духовного мира личности, от ее развития и социокультурной устремленности [4, С.18].

Возникает новая информационная культура, новые способы получения информации, производственной и научной деятельности. Доступ к информационным сетям, знанию оказывается определяющей основой для стратификации, разделения общества. На основе автоматизированного доступа к системам связи индивид или группа лиц могут получить информацию, необходимую для решения профессиональных или личных задач. Происходит процесс автоматизации и роботизации производства и управления. В сфере информационной деятельности работает более 50% трудоспособного населения. Концепция информационного общества определила пути формирования «материального тела» культуры конца XX в. Разрешит ли новая информационная культура проблемы, связанные с современным социокультурным кризисом, - однозначного ответа на этот вопрос нет.

Современный цивилизационный сдвиг, ведущий к резкому изменению роли культуры в жизни социума, фиксируется многими специалистами - гуманитариями. Безусловно доминирующие прежде «жесткие» крупномасштабные социально-экономические структуры «размываются», уменьшается их значимость. Социальные изменения в трансформационный период общественного развития приобретают, прежде всего, культурную мотивацию, легитимизация новых социальных институтов осуществляется прежде всего через представленность в культуре. Общество, заведенное в тупик в результате развития техногенной цивилизации, судорожно ищет выхода во внетехнической, внеэкономической сфере. Культура, оказывается, обладает удивительным свойством, при помощи которого можно *История мировой культуры (мировых цивилизаций)* вырваться из тисков современного кризиса. Человечество не первый раз посещают апокалиптические настроения, при этом именно культурная составляющая становилась силой, придававшей ускорение обществу на пути выхода из кризиса.

В отличие от традиционного общества, где выход из кризисной ситуации виделся в возрождении классических культурных образцов и совершенных социальных форм в их первоначальной чистоте, в XX в. ренессанс связывается с «обращением в другую сторону». Новое время, по мнению Й. Хейзинги, вот уже три столетия отказывается от усвоения старой мудрости, старой добродетели и старой красоты. Благородные умы эпохи средневековья относились к культуре как к путеводной нити и дорожному посылу, который следует передать потомкам с тем, чтобы они не сбились с пути. Культура – это, прежде всего, хранилище мудрости, освященной веками. Однако начиная уже с XV-XVI вв. идея возврата к старым античным идеалам трансформировалась в нечто новое и неожиданное, в создание новой социокультурной реальности. Преодоление кризисных явлений в культуре с точки зрения человека Нового времени - есть, прежде всего, процесс ее созидания и обновления. Но этого стремления, по Хейзинге, мало – необходимо, прежде всего, обновление духа.

С середины XX ст. начинается эпоха глобального существования человечества на основе качественно новых научно - технических достижений. Глобализация как устремленность человека к всеобъемлющей интеграции, с одной стороны, открыла невиданные ранее возможности для сближения культур, расширения коммуникативного пространства, духовного развития личности, с другой - породила множество серьезнейших проблем, деструктивных тенденций, которые требуют философского осмысле-

ния. Существует ли альтернатива глобализации или правомерно вести речь только о различных путях актуализации этого фундаментального исторического процесса? Позитивно или негативно продвижение человечества в глобалистическом направлении? [5, С.63]

Однако на пути практической глобализации перед человеком встает ключевая проблема: качество глобализации, которое определяется степенью гуманизации человеческого мира, уровнем духовного развития личности. С этой точки зрения можно выделить три основные формы глобализации. Первая - негативная, деструктивная, основанная на насилии (войны, колонизация, терроризм, диктат идеологии), которое завершалось, как правило, созданием империй, подавлением всего самобытного в человеческом мире, угасанием творческой направленности этноса и т.д.

Вторая форма, которая доминировала на протяжении второй половины XX ст., - техногенная глобализация, сопряженная с интенсивным развитием науки и техники. Позитивным моментом техногенной интеграции является то, что развитие техники создает реальные возможности для объединения стран, регионов, народов, формируя единое цивилизационное поле, экономическое, политическое пространство. Но, приближая пространственно людей друг к другу, техника, экономика не способны сделать их ближе. Ибо подлинная близость - это понятие не техногенное, экономическое, а культурное, духовное.

Третья форма глобализации рождается на основе диалога культур, транслирующего наиболее значимые ценности многообразного духовного опыта, который всегда обращен к внутреннему человеку, раскрытию его творческих интенций. Это не просто пространственное, экзотерическое приближение людей друг к другу, но факт эзотерического, личностного единения свободных индивидуумов, подлинной интеграции наций и народов. Более того, духовная глобализация предполагает интеграцию человека в мировую континуум, общение с Целым, так как сущность глобальной интенции заключается в желании человека приблизить к себе Вселенную, «интимизировать» Бесконечность на основе познания мира, что и стало главной причиной появления и развития культуры, развития основных форм культуротворчества [6, С. 88-89].

В современных условиях удешевление процесса передачи информации, глобальное и быстрое ее распространение создали невероятно богатые возможности для формирования потребностей (не обязательно интересов!) людей, их вкусов, намерений и опять-таки не обязательно в соответствии с их желаниями. Таким образом, возможно, самое существенное в глобализации заключено в том, что впервые в функционировании культуры появляется реальная вероятность формирования общественного сознания на планетарном пространстве, причем из единого центра.

Следует осознать два серьезнейших обстоятельства. Первое: не следует полагать, что глобализация - явление чисто западного мира и его образа жизни, имеющее к нам косвенное отношение. Мы неразрывно включены в течение означенных процессов. И неразумно рассуждать по поводу объективных процессов, хорошо это или плохо. Вопрос в другом: сколь стихийно и сколь управляемо мы плывем в этом море экономических, политических, идеологических процессов. Второе обстоятельство заключается в том, что цивилизация находится в состоянии не эволюционного, а революционного преобразования способа материального и духовного производства.

Поэтому, во-первых, обострилось извечное противоречие цивилизации: человек - природа. Выделяясь из природы и отдаляясь от нее, стремясь удовлетворить свои постоянно растущие потребности, человек всегда эксплуатировал природу. И вместе с тем он ее украшал, совершенствовал. Однако разрушающее начало все-таки превалировало над созидующим. Потому еще Ж.-Ж. Руссо вынес суровый приговор цивилизации: разрушая природу, человек разрушается морально. В XVIII в. по сравнению с концом XX в. темпы технического прогресса были черепашьими; что-то в последствиях можно было исправить, оглянувшись. В динамике века грядущего поздно будет оглядываться. При этом культура еще не создала достаточно устойчивую систему контроля за применением силы. В свои более-менее совершенные технические системы человек встраивает предохранители, сохраняющие систему в критических обстоятельствах. А в мировом сообществе таких предохранителей пока нет. ООН, Совет Безопасности оказались слабыми, они не могут гарантировать хотя бы мир на Земле. Югославия, Ирак, Афганистан, Сирия, Северная Корея, Иран и пр. - тому подтверждение. Узкоклановые, блоковые интересы оказались выше общемировых. Трехглавый Змей Горыныч современной цивилизации - мощь человека, блоковое противостояние, слабые иммунные системы культуры поставили мир на порог встречи с Армагеддоном. Совершенно очевидно и то, что традиционными полумерами, когда каждая страна, регионы пытались и пытаются как-то автономно решать проблемы - остановить деградацию земель, вод, сохранить мир и т. п., - развязать обострившиеся противоречия не удастся. Нужны новые, действительно революционные подходы - «новое мышление», основу которого должно составлять по-

нимание того, что речь идет не о победе той или иной страны, культуры, а о сохранении жизни на Земле, о выживании всего человечества.

Второе. Характерной особенностью глобализации стало предельное обострение конкуренции по всем линиям общественных связей - экономических, политических, национальных, религиозных. Сейчас она стала средством не только подавления, но и уничтожения слабых. НТР сделала излишними пару миллиардов рабочих рук. Усложнилась она и в структурных составляющих. Ныне термины «Юг - Север», «исламский мир», «золотой миллиард» фиксируют тектонические разломы в мировой экономике и мировых отношениях. Рынок в условиях глобализации не знает ни границ, ни пощады. Он движим только одной силой - прибылью. При этом разрыв между развитыми странами и так называемыми развивающимися приобрел катастрофический характер. Последние не развиваются, а деградируют, ибо современные технологии настолько сложны и дороги, что эти страны их просто не могут приобрести и освоить. Сегодня ни одна страна не может повторить рывок Японии: это уже технологически и в политическом отношении невозможно.

Әлімқұл мен Мейер отряды Шымкенттен 12 шақырымдай болатын Ақбұлақ деген жерде 13 шілде күні кешке жақын кездесіп, 14 шілде күні таңғы сағат 8-де кескілескен шайқас басталып, арпалыс 16 шілдеге дейін жалғасады. Ақбұлақ шайқасында Әлімқұлмен иық тіресе ерлікпен күрескен Сыздық сұлтан Кенесарыұлы еді. Мейер отрядына қарсы алғашында Сыздық төре жігіттері аттандырылады. Сыздық төре Кенесарыұлы бастаған 10 мыңдай атты жігіттерді Әлімқұл аттан түсіріп, жаяу шабуылға шығарады. Ақбұлақ шайқасындағы Сыздық сұлтан бастаған қолдың сәтсіздікке ұшырағанын, бірақ оларды бастап шыққан Сыздықтың көзсіз ерлігін А. Кенесарин былайша суреттеп жазды: «Ту ұстаған Сыздық сұлтан жігіттерін өзі бастап жүз қадам жерге келгенде орыстар үш жүз мылтықтан оқ жаудырды. Біріне бірі тығылып келе жатқан жігіттердің алдыңғылары жаппай құлады, кейінгілері үрейлері ұшып, жерге жата қалды. Он мың адамның біреуі басын көтеруге жарамады. Тек Сыздық сұлтан ту ұстаған күйі, солдаттардан жүз қадам жерде, бір сағаттай тік тұрды. Солдаттар оны өршелене атқанда тудың шүберегі шұрқ-шұрқ тесіліп, сау жері қалмаған еді. Бірақ Сыздықты құдай сақтады. Бір сағаттан кейін Әлімқұл молда адам жіберіп, оны кейін шақырып алды. Сыздық кейін қайтқанда, жер бауырлап жатқан жігіттердің бәрі бастарын көтеріп, онымен бірге қайтты. Осы ұрыста мың адам қаза тапты, олардың өліктері кешке дейін жинап алынды [9, 25-б.].

14 шілдеде Мейер отрядын Мыңбай датқаның қолы қоршауға алады. Мыңбай әскерлері оқты дәл тигізіп, орыстардың зәре-құтын қашырады. Алғашқы кездесуде Әлімқұл зеңбіректі іске қоспай, жаяу әскерді шабуылға шығарады. Әлімқұл орыс отрядын зеңбірексіз алудың мүмкін еместігін байқаған соң, 14 шілде күні түс ауа зеңбіректерін алдырып, орыс солдаттарын атқылауға кіріседі. Қоқандық зеңбірекшілерді ауғандық зеңбірек атудың шебері Жамедар басқарды [10, с.345.]. Мейердің айтуынша, Мыңбайдың сарбаздарының зеңбірек оқтары да нысанаға дәл тиюімен ерекшеленген. Орыс әскерлері оқ тиіп өлген түйелер мен аттардың, тіпті өлген жауынгерлерінің өліктерін үйіп қойып бас сауғалап, қорғануға мәжбүр болады. Мейердің өзі мойындағанындай, «Сырдария шебінің орыс әскерлері мұндай қуатты қарсыласты әлі кездестірмеген еді» [11, с.63.]. 15 шілде күні Қоқан әскерлерін жақыннан көрген капитан Мейер бірдей және әдемі киінген, 4 төс белгі таққан, дұрыс ұйымдасқан, әрі барынша жаттыққан 500-дей сарбазды көрген орыс әскерлерінің қатты сасқанын да жасырмайды.

14-нен 15 қараған түні штаб капитан Мейер, Черняевқа хат жолдайды. Онда өзінің Ақбұлақта екендігін және жағдайының өте ауырлығын баяндап көмек сұрайды. Черняев көмекке старшина Катанаев басқарған 125 атты әскерді жібереді. Катанаевтың соңынан зеңбірекпен қаруланған 25 казак пен 30 адамнан тұратын қазақ жасағын қоса аттандырады. Көмекке келген Катанаев әскеріде үлкен қарсылыққа тап болады. Ұрыс кезінде Катанаев әскерінен 12 казак қаза тауып осыншасы жараланады [12, с.22]. М.Г. Черняев алдыға зорлықпен қосып алған қазақ, қырғыздарды салып, өздері олардың соңынан жүре отырып, артиллерияның күшімен Катанаев отрядын құтқарып қалады. Капитан Мейер артқа шегінген жолда подполковник Лерхе отрядына кездесіп, соған қосылады. Орыстар жақтан Ақбұлақ шайқасында 13 кісі өліп, 67 кісі жараланды. Ақбұлақ шайқасы орыстардың жеңілісімен аяқталды [13, с.17.].

1864 жылғы 17 шілдедегі капитан Мейердің мәліметінде былай көрсетілген: «Бір жарым күннен кейін қоқандықтар үш зеңбіректі биік жар үстіне орнатып, біздің лагерге қарай дәлдеп ата бастады. Оқтары біз бекінген жерге дәл тиіп жатты. Сырдария әскерлері бұрын-соңды мұндай оқиғаға тап болмап еді. Кеш бата артиллериялық шабуыл тоқтады. Біздің жақтан үлкен шығын болды. Түнімен әскерлер дем алмай күрек пен мылтықтың найзаларымен ор қазды. Таң ата кішкентай лагер үлкен бекініске айналды» [14, с.30-31.].

Шымкент түбіндегі алғашқы шайқасқа шанышқылы руынан Қатты батыр, Саза датқа, сіргеліден Шүкәлі датқа, Құралбай датқа, қаңлыдан Алашбай батыр, Бұдабай батыр қатысып, қазақ батырларының басшысы Мұхаммед-Қарауылбек болды. Сонымен бірге, бұрынғы Түркістан бегі Мырза-Дәулет, Календар батыр, Худоярбек, Кенекес, Темір датқа, Исламқұл датқа, Анарбай датқа, Күшік молда да қатысты деп көрсетіледі. Олар 3 күн тоқтаусыз шайқасқанда, алдыңғы легінде қазақтар, кейін қыпшақ, қырғыз, сарттар тұрған [15, с.14.].

М.Г. Черняев Шымкентке барлау жұмыстарын жүргізіп қалаға жақындай түсті. Деректерде қоқандықтардың 8 зеңбіректен аса дәлдікпен атылған оқпен қарсылық көрсетеді. Ол қалаға екі рет шабуыл жасап кері шегінуге мәжбүр болған. Н.А. Веселовскийдің мәліметі бойынша шанышқылы, қаңлы рулары орыстардың орталық қанатына шабуыл жасаған. Орыс әскері Қосдиірмен мен Бадамға шоғырланған болатын. Әлімқұл, Мыңбай басқарған қоқандық әскер Қосдиірменге жақындағанда, орыс әскері зеңбірек пен мортирден оқ жаудырды. М.Г. Черняев пен Әлімқұл қарама-қарсы туларын

тігіп, шанышқылы, қаңлылар орыс әскеріне ашық шабуылға шықты. Шайқас кезінде Бадам өзенінің суы қанға айналып, Мыңбай батыр дінсіздердің басын бірінен кейін бірін шабады. Келесі күні қайта басталған ұрыста Мыңбай жараланып, Қошқарата маңына жерленеді [15, с. 14-15.]. Оның мәліметтерінен Шымкент түбінде Әлімқұл, Мыңбай, Сыздық төре басқарған қазақ, қырғыз, сарт әскерінің аянбай соғысқанын және шайқаста қаңлы, шанышқылы, сіргелі руларының ерлігін көреміз. Шайқас орыс әскеріне Әлімқұлдың осал жау еместігін көрсетті.

Шайқаста Черняев әскерінің құрамында болған капитан Г. Сялковский 1891 жылғы өзінің естелігінде «Көпке созылған атысулардан нәтиже шықпады. Қаланы басып алу мүмкіншілігін сезген қолбасшымыз амалсыз шегінуімізге бұйрық берді» - деп жазды [16, с. 372-373.].

Әлімқұл Шымкент қаласындағы жеңіс күнінің ертесінде әскер басшыларымен болған кеңесте тәуелсіздік үшін күрес жолында қаза тапқандарға дұға оқып, келесі шайқастың үлкен болатынын ескерте отырып, қорғанысты нығайту мүмкіншілігін қарастырып, әскер басыларға нақты нұсқауларын берді. Шымкент бекінісін қорғау Ташкенттің бектербегі Мырза Ахметке тапсырылды. Ал сұлтан Сыздыққа Шымкент пен Ташкент аралығындағы бекіністерді нығайту мен жаңа күштерді топтастыру міндеттері жүктелді. Әлімқұлдың өзі үлкен күштерді жинау мақсатында Қоқанға кетеді. Сондай-ақ ол Бұхар, Хиуа хандықтарын біріктіру арқылы Ресейге қарсы соғыс Одағын құруға күш салды. Ағылшын үкіметінің де басты көздеген мақсаты Қоқан, Бұхар және Хиуа хандықтарын біріккен одағы құрылып, Ресей империясына қарсы тұрса, онда өздерінің Ауғанстан мен Индиядағы биліктеріне қауіпті болмайтынын сезді. Егер бұл одақ құрылса, Ресей мен Ағылшын отарларының аралығындағы сенімді қабырға болады деп есептеді [17, с. 213.]. Бірақ Ресей империясы мұндай одақтың құрылуына мүмкіндік тудырмады.

М.Г. Черняев Әулиеатаға қайтар жолда Шымкент түбіндегі шілдедегі шайқастарда Әлімқұл әскеріне белсенді түрде жәрдем берген, орыс почтасын талқандап отырған Ұлы жүздің сіргелі руы ауылдары қонған Арыстың оң жағалауын бойлай жоғары өрлей жүреді. Ондағы мақсаты сіргелілерге қыр көрсету, әрі қажетті мәліметтер жинай кету болатын.

Шымкентке жасалған алғашқы шабуылда орыс әскерінің зеңберектерінің оғының алысқа ұшуы мен дәл тиуі қоқандық зеңберектерге қарағанда төмен еді. Бұл кезде қоқан әскері соңғы үлгідегі ағылшын зеңберектеріне қол жеткізген болатын. Міне осылайша, генерал Черняевтың Шымкентке жасаған алғашқы шабуылына Сыздық бастаған сарбаздар тойтарыс бере білді.

Шымкент түбіндегі алғашқы жеңіліс Сырдария әскери шебі мен М.Г. Черняев басқарған әскерді біріктіру қажеттігін көрсетті. Билікті бір қолға біріктіру мақсатында Жаңа Қоқан шебі құрылды. Шеп Шу өзенінен Жаңақорған бекінісіне дейінгі аймақты алып жатты, оны басқару генерал-майор М.Г. Черняевке жүктелді. Жаңа Қоқан шебінің құрамы 13 рота жаяу әскер, 5 казак жүздігінен тұрды және 24 зеңбірек, 14 мортир мен ракеталық станокпен қаруланды. Бұл шеп уақытша Батыс Сібір құрамында болды [12, с.26.].

Шымкент түбіндегі орыс әскерінің жеңілісінен кейінгі алғашқы мәліметтерге сүйенсек, қоқандықтар бекініс түбінен орыс әскеріне шабуыл жасап отырған. Шабуылдардың негізгі бөлігінде Сыздық төренің аты аталады. Мысалы, тамызда Арыстанды өзенінің бойында Сыздық тұрды деп келтірілсе, келесі деректе, оның Шілік бекінісіне аттандырған 70 адамы сотник Ливкинмен шайқасып, шайқаста қоқандықтардың 18-і қаза тауып, олардың басшысы Өтеген қолға түскен деген ақпарат кездеседі. Ендігі бір деректе ол қазақтарды Қоқан әскерімен біріге отырып соғысуға шақырды деп келтіріледі [12, с.28.].

Мұрағат мәліметтерінде Сыздық сұлтан Бестамғалы мен Қоңырат руларын орыс әскеріне қарсы күресте өзін қолдауын өтінеді. Бірақ бұл рулардың кейбір топтары Сыздықтың өтінішінен бас тартып, Бестамғалы руының үлкен бөлігі Әулиеата бағытына көшсе, ал Қоңырат рулары Перовск бағытына көшеді [12, с.30.].

Шымкентті орыс әскері басып алардың алдында Қоқан хандығының өз ішінде екі саяси топ құрылады. Біріншісі қыпшақ партиясы орыс отарлауына қарсы тұрса, ал екінші сарт партиясы орыстармен бейбіт келісімге келіп, экономикалық және саяси байланысты нығайтуға күш салған сауда қолөнершілер еді [12, с.76.].

Осындай саяси қайшылықтарды жансыздар (тыңшылар) арқылы білген Черняев барлық күштерін топтап, Әлімқұлдың қайтып келуіне дейін Шымкентті басып алу жоспарын жасайды. 1864 жылдың 19 қыркүйегінде Черняев әскері мен подполковник Лерхе бастаған екі отряд Шымкент түбінде қосылып, жергілікті жердің жағдайын барлап алғаннан кейін, 20 қыркүйекке қараған түні қалаға шабуыл жасау үшін батареялар тұрғызуға кірісті. Черняевтің қалаға жасаған алғашқы артиллериялық шабуылы нәтижесіз болды. Қаланың дуалының қатты болуы және қоқан әскері қарсылығының күшті болуы Черняев әскерін абыржытты.

Осы абыржыту қоқан әскерін жігерлендіре түсіп, ашық айқасқа көшті. Міне осы жағдайды подполковник Лерхе дер кезінде пайдалана білді. Лерхе капитан Сялковскийді өз тобымен дуалдың сол жағымен жылжытуға, ал капитан Мрочекқа оң жағымен жедел қала қақпасына қарай жылжуға бұйрық береді. Лерхе қалған әскермен тіке қала қақпасына қарай шабуылдады. Осылайша Лерхе ашық айқасқа шыққан қоқан әскерін өкшелей отырып, бекініс қақпасына жеткен олар қала қақпасын алып, қалаға басып кіреді. Черняев Лерхеге көмекке 2 рота мен артиллериялық взводты қосымша жібереді. Қоқандықтардың абыржуын пайдаланған Черняев өз отрядымен қаланың қамалына басып кіреді. Қала халқын аяусыз қырғынға ұшыратқан Черняев әскері қаланы толықтай басып алды. Орыс әскерінің Шымкентті басып алуы кезінде 6 адамы қаза тауып, 41 адамы жараланады [12, с.108.]. Ресми деректерде Шымкент бекінісі 22 қыркүйекте орыс отаршыларының қолына өткендігі айтылады. Шымкентті басып алып, оның халқын аяусыз қыруда аты шыққан Черняев Шымкент арқылы Орта Азияға қақпа ашылды деп есептеді.

Черняев отрядының Сайрамға шабуылы кезінде де орыс отрядына ілескен қазақтар мен қырғыздар шабуылға бірінші болып кіргізілді. Солардың арасында қазақ, қырғызға танымал Сұраншы батыр, Сарыбай би, Жайнақ би де бар еді. Сайрамды алуда қазақ, қырғыздан арасында Сұраншы батыр да бар 10 кісі қаза тауып, Сарыбай би сияқты көптеген адамдар ауыр жарақат алды [18, 4-п.]. 1864 жылы 27 қыркүйекте Ташкент қаласына қарай М.Г. Черняев орыс әскерлерін бастап жүріп кетті. 4 қазанда ташкенттіктердің қатты қарсылығына ұшырап, қаланы ала алмай, 70-80 адамынан айрылып, Шымкентке қайтып келеді. 1864 жылдың 1 қазанынан 4-не дейін Ташкентті қоршауға алған М.Г. Черняев бұл жолы да жалған ақпарат беріп, Ташкент түбінде орыстардан 18 адам ғана өлді деп орталыққа мәлімдеме түсіреді [19, 145-б.].

1864 жылы Әлімқұл орыстардың қол астына өткен Түркістан қаласын олардың тартып алу мақсатында аттанғанда, орыс әскері мен қоқандықтар арасындағы Иқан түбіндегі болған шайқаста Сыздық Кенесарыұлы Әлімқұлдың оң қолы болған. Бұл кезде Иқан ауылы көлемі жағынан 200-ге жуық үйден тұрды. Мұнда тұратын адамдар диканшылықпен айналысты [20].

Иқан селосының түбінде болған шайқаста Сырдария шебінің шыққан әскерді орал казактарының есауылы В.Р.Серов басқарды. Осы ұрыста Әлімқұлға Сыздық сұлтан 800 әскерімен көмек көрсетеді. 1864 ж. 4-6 желтоқсанда Иқан түбіндегі ұрыста Сыздық бекіністегі орыс әскеріне шабуылдауда әкесі Кенесарының Ақтау бекінісіне жасаған соғыс тәсілін қолданады.

Сыздық сұлтан есаул Серовқа Түркістаннан көмекке жіберілген подпоручик Сукорко мен Степанов бастаған, 2 зеңбірек сүйреткен, 220 адамнан құралған отрядты Түркістан жолындағы Сасықбұлақ деген жерде қарсы алып, шайқасқа түседі. Осы ұрыста Сыздық сұлтанның аты оққа ұшып, 17 жігіті жараланады. Жазық жерде отрядқа жақындап келіп соғысу мүмкін болмай, Сыздық қолы атыса жүріп, Иқан жолымен шегінеді. Сыздық сұлтан орыс әскерлерін адастырып, кері қайтаруды ойлап, жігіттерін ертіп, Түркістанға қарай бұрылады. Оның жігіттері Түркістан маңындағы Әли қожа бағына кіріп, тоқтағанда, орыс отряды есаул Серов отряды талқандалған екен ғой деп ойлап, Түркістанға қайтып кетеді. Солдаттардан, осылайша, із жасырып үлгерген Сыздық сұлтан қайта Әлімқұлға жәрдем беруге келеді. Олар әлі Серов отрядымен соғысып жатқанын көріп, бекініп алған солдаттарға әкесі Кенесары сияқты қамыс, жусанды орып, соларды оқ өтпейтіндей қалың етіп буып, бау жасауды, содан соң, сол бауды қалқа қылып, домалатып барып, жақындап алып, ұрыс салуды ұсынады. Әлімқұл Сыздықтың бұл айласын құп алады. Есаул Серов та өз естелігінде қоқандықтардың қамыстан, шөптен бау жасап және екі дөңгелекті арбаға қалқан орнатып, жақындап келіп, ұрыс салғандарын көрсеткен [21, с. 81].

«Орыстар көп өлді, мұсылмандар да көп шейіт болды. Ақыры бауды домалатып жүгірді, – деп әңгімелейді Иқан шайқасы жөнінде Мирзоолим Мушриф, – Орыстың зеңбірегі мен мылтығының оғы баудан өтпеді. Жақын барып, «Аллаху акбар» деп орға кіріп, қоян-қолтық араласып, ұрыс салды. Қырғыздар қатты айқасты. Ұрыс кезінде байқатпай, бірнеше орыс қашып шығып кетті. Олардың сондарына түскен батырлар қуалап, Түркістанға дейін барды [22, 71-б.].

Ұрыс алаңын тастап, өлгендер мен жаралыларына қарамай, бас сауғалап, 30 шақты аман қалған солдаттарымен қашып шыққан есаул Серов болатын. Сыздық сұлтан оларды қуып жетіп, бітімге келуді ұсынады. Бірақ Сыздықтың келіссөз бастағалы тұрғанын білмеген өзбек сарбаздары бірнеше орыс солдатын ту сырттарынан келіп, қылышпен шауып, өлтіріп кетеді. Бұдан соң, тағы қызу ұрыс басталып кетеді. Осы кезде тағы да Түркістаннан 300 солдат келіп қалып, Серовты қалған адамдарымен құтқарып қалады.

Иқан шайқасында Сыздық сұлтанның атына 5 жерден оқ тиіп, өліп, өзінің де аяғына оқ тиіп, жараланады. Аттан құлаған Сыздықты казактар қоршауға алғанда, Әлімқұл дереу жәрдемге ұмтылып, 15 атты казакты өлтіріп, өзінің көреген қазақ қолбасшысын құтқарып алып, қазақ пен қырғыздың

бауырластығын тағы бір паш етеді. Осылайша, Әлімқұл молда мен қазақтың текті ұлы Сыздық сұлтан бастаған түркі-мұсылман әскері Иқан шайқасында ерліктің тамаша үлгісін көрсетті және орыс басқыншыларына қарсы жан аямай күресті. Еуропалық әскери тарихшылар Иқан шайқасын әскери өнердің тамаша үлгісі ретінде жоғары бағалады [13, с.17].

1865 жылы мамыр айында генерал Черняев басшылығындағы патша әскерлері үлкен дайындықтан кейін, Ташкент қаласын басып алу үшін келіп, қаланы қоршауға алады. Ең үлкен шайқастың бірі Сарытөбеде болды. Әлімқұл бұл жерде ауыр жарадар болып, көп кешікпей қайтыс болады. Сыздық сұлтан оны қадірлеп Шайхантаур мазарына қойдырады. Ташкентті қорғау басшылығына Сыздық тағайындалады. Ол Ташкент қаласының бас қазысы молло Сәлімбек пен Хаким-Ходжа және тағы да басқа басшылармен кеңес өткізеді. Ташкент қаласының он екі қақпаларын топырақпен бекітуді тапсырады. Арыстанбек, Бекбау датқаларға қаланың қақпаларын нығайту міндеттерін жүктейді. Үш күн, үш түн орыс әскерлерінің шабуылдарына тойтарыс беріп отырды. Төртінші күні генерал Черняев қала қақпасына жақын жерлерден оқ боратты. Генерал Черняев Ташкенттіктердің табандылықпен қарсыласуына таң қалып, «Әлімқұл қайтыс болған болса, бұл қарсыласуды кім басқарды? « – деп таңданғанда, «Әлімқұлдың орнына Сыздық сұлтан басшылық жасауда» деген хабарды естиді. Сонда ол «Бұл қолбасшы Әлімқұлдан да күшті екен» деп, оның қорғану әдісіне мән берген. Ташкент қаласының қорғанысының ұзындығы 24 шақырым болып, оның 200 мың халқы бар еді. Жаудан қорғануға 30 мың кісі қатысты [23]. 22 мамыр күнгі шайқас қаланың сусыз қалуы мен азық-түліктің жетіспеуінен жағдайды ауырлатып жіберді. Бірақ қала халқы бұған мойымай берік қорғанысты күшейте түсті. Мұны Сыздықтың тапқыр басқаруымен байланыстыруға болады. Ішкі өзара билік үшін күрес ақыры Ташкентті орыстар қолына өтуіне әкеліп соқтырды. Сыздық сұлтан Бұхар хандығының жеріне кетеді.

«Қонысты орыс алғаны» атты жырында Майлықожа ақын Иқан шайқасындағы Сыздық ерлігін былайша жырға қосты:

Қоқан қорықты ұрысты көре-көре
Әр кілтін қорғанның бере-бере,
Иқанның бір ұрысында ерлік қылды,
Баласы Кене ханның Сыздық төре
Хандығы Әлімқұлдың кие болды,
Сыздықтың сол ерлігі жүйе болды
Орыс барып Ташкенді алар жылы
Қайтқан баққа бес-алты ай ие болды»[24].

Сыздық сұлтан мен Черняев әскері арасындағы Жизак соғысында Черняев әскері Сырдарияға қарай шегінеді. Одан кейінгі шайқас Шардарада болады. Сыздық өзімен бірге Арсыланбек, Бекбай датқаларды алып, Шардараға қарай бет алып келе жатқанда генерал Черняевтің 400-ге жақын әскерлері жергілікті Шардара халқын қырып, малдарын тонау кезінде, тұтқиылдан шабуыл жасап, жергілікті халықтың аман қалуына көмектеседі. Жергілікті халық Сыздық сұлтанға дән риза болып, Сырдария бойындағы жаудың кемесіне шабуыл жасауына көмектеседі.

«1867 жылдың 4 мамырында есаул Ончаков бастаған 70-ке жуық Орынбор казак әскерін Қазалы фортының маңындағы Сары Шығанақта Сыздық Кенесарыұлы 2 мыңдай адаммен 3 күн, яғни 7,8,9 мамыр күндері қоршауда ұстап, аптап ыстықта сусыз қалдырып үлкен шығынға ұшыратады. Нәтижесінде Орынбор казактарының 20 адамы қаза тауып, 5-уі жараланады. Бұдан кейін Сыздық Сырдарияның оң жағалауына өтіп, бірінші және екінші форт аралығындағы байланысты үзіп, орыс билігін мойындаушы казак ауылдарына шабуыл жасаған. Сондай-ақ бірінші фортқа жақын жерде осы топ біздің сауда керуендерімізге шабуыл жасап, тауарларын тонап алды» -деп жазады [25].

Жалпы қорыта айтқанда, патшалық Ресейдің экспансиялық саясатына қарсыластық барысында Сыздық сұлтанның орта азия халықтарымен күш біріктіріп, бірлесе әрекет етуге талпынды. Патшалық Ресейдің мұндай бірлескен қимылды қазақтар мен орта азия халықтарын бір-біріне айдап салу арқылы бұзуға деген талпынысы нәтижелі бола қоймады. Мұны Түркістанда өрбіген азаттық қозғалыстағы қазақтар мен түркі мұсылман халықтарының байланыстарының алдағы уақыттарда да үзілмеуі аңғартады.

Әдебиеттер

- 1 Осанұлы Ә. Тарихымыздан Сыздық сұлтанды таппадық // Ордабасы оттары. - 2002. - 9 ақпан.
- 2 Добросмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области. - Ташкент, 1912. - 204 с.
- 3 Наши приобретения в Средней Азии. Чимкентский округ // Отечественная записки. - 1867. - №7.
- 4 Тилеукулов С. К истории присоединения Чимкента к России. // Ученые записки. Ташкентский государственный педагогический институт имени Низами. - Ташкент, 1960. – 60 с.

- 5 РМ ЭТМ. 1441-к., 1-т., 143-іс.
 6 РМ ЭТМ. 483-к., 1-т., 84-іс.
 7 ӨР ОММ. 715-к., 1-т., 27-іс.
 8 Бейсембиев Т.К. «Тарих-и шахрухи» как исторический источник. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 200 с.; ҚРОММ, 383-к., 1-т., 258-іс.
 9 Кенесарыұлы А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – Алматы: Жалын, 1992.
 10 Бартольд В.В. Туземец о русском завоевании // Собр. соч.: в 9 т. – М.: Наука, 1964. - Т.2. - Ч. 2. – С. 324-358.
 11 Перечень событий на Сыр-Дарьинской линии, со времени ея учреждения по 1860 г. // Русский Туркестан / под ред. В.Н. Троицкого. – СПб.: Общественная польза, 1872. - Вып. 3. – 246 с.
 12 Туркестанский край. Сборник материалов для истории его завоевания 1864. / Сост. А.Г.Серебренников. Том 18. - Ташкент, 1914.
 13 Илхамов З.А. Аликули Амирлашкар и его место в политической истории Кокандского ханства: автореф. ... канд. истор. наук. – Ташкент, 2004. – 23 с.
 14 Черняев М. Султаны Кенесары и Садык // Русский Вестник. - 1889. - № 8.
 15 Веселовский Н.А. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. – СПб., 1884.
 16 Сяровский Г. О Туркестанских походах 1864-1865 гг.// Военный сборник. - 1891. - №2.
 17 Тереньтев М.А. Россия и Англия в Средней Азии. – СПб., 1875.
 18 РМ ЭТМ. 483-к., 1-т. 84-іс.
 19 ӨР ОММ. 715-к., 1-т., 25-іс.
 20 Туркестанский край. Сборник материалов для истории его завоевания. / Состав. А.Г. Серебренников. - Т.18.(1864г.). - Ч.2. -Ташкент, 1914. - 207 с.
 21 Перечень событий на Сыр-Дарьинской линии, со времени ея учреждения по 1860 г. // Русский Туркестан / под ред. В.Н. Троицкого. – СПб.: Общественная польза, 1872. - Вып. 3. – 246 с.
 22 Мирзоолим Мушриф. Ансоб ус-салотин ва таворих ул-хавокин (Қукон хонлиги тарихи). – Тошкент: Фафур Гулом номидаги Адабиёт ва санъат нашриёти, 1995. – 128 б.
 23 Павлов Н. История Туркестана. - Ташкент, 1910. - С.121.
 24 Майлықожа. «Дүние-ай». Өлеңдер, сықақтар. - Шымкент, 1993. 36-б.
 25 О нападение Садыка Кенесарина на отряд Оренбургских казаков // Туркестанский сборник. - т.2. - С.33.

МУҚАНОВ Қ.,
 өлкетанушы, Мәдениет қайраткері
 «Асыл мұра» орталығы
 (Қызылжар қ.)

МАҒЖАН ЖӘНЕ СМАҒҰЛ САДУАҚАСОВ

Халқымыздың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармалары Кеңес билігі кезінде негізінен тиісті бағасын ала алмады. Оның 1912 жылы қазан қаласында басылып шыққан «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы халық арасына көп тарамды, сондықтан сол жинақ туралы сол кезде көп айтылған жоқ. Мағжанның өлеңдерін түсініп, оның халық поэзиясындағы орынын дұрыс көрсетіп жариялайтын адамдар ол кезде аз болды. Ол үшін республика басшылығының дәрежесінде қызмет атқаратын, саясатқа да әдебиетке де жетік, батыл әрі ақынды жақсы білетін адам болу керек еді. Міне, сондай адамдардың бірі Смағұл Садуақасов еді.

Мағжан да, Смағұл да жерлестер. Мағжан қазіргі Солтүстік Қазақстан облысындағы өзінің есімімен аталатын ауданның Сарытомар ауылында 1893 жылы туса, Смағұл осы облыстың Ақжар ауданындағы Жарқын ауылында 1900 жылы дүниеге келген.

Бұл екеуі алғаш Омбы қаласында оқып жүргенде танысады. Мағжанның 1913-1917 жылдары Омбының мұғалімдер семинариясында оқығаны белгілі. Смағұл 1915 жылы Омбының ауылшаруашылық техникумына оқуға түседі. 1914 жылы семинария шәкірттері Сәкен Сейфуллин, Нығымет Нұрмақов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Баржақсин, т.б. «Бірлік» атты жасырын жастар ұйымын құрады. Оны сол кезде Омбы мешітінің имамы болып жүрген Шәймерден Әлжанов басқарады. Кейінірек бұл ұйымға Смағұл Садуақасов және тағы басқа бірсыпыра жастар кіреді. Бұл ұйым өзінің алдына мәдениетін, өнерін, әдебиетін көтеру арқылы қазақ халқының ұлттық санасы мен сезімін оятуды мақсат еткен болатын.

Смағұл «Бірліктің» жұмысына белсене кірісіп, оның бағытын жалғастырған «Жас азамат» ұйымын құруға да білек сыбана қатысады.

«Жас азамат» ұйымы 1918 жылдың 5-13 мамыры күндері Омбы қаласында өткен жалпы қазақ жастарының бірінші құрылтайының шешімімен құрылды. Ұйымның төрағалығына Ғазиз Мурзин, басқарма мүшелігіне Асылбек Сейітов, Гулия Досымбекова, Әбдірахман Байділдин бекітілді. Смағұл Садуақасов ұйымның хатшылығына сайланды. Ұйымның «Жас азамат» атты газетінің редакторы болып Қошке Кемеңгеров тағайындалды.

Газеттің бірінші саны 1918 жылдың 30 шілдесінде Қызылжар қаласында жарық көрді. Оның алғашқы саны Смағұл Садуақасовтың «Жас тілек» атты бас мақаласымен ашылды. Онда мынадай тамаша сөздер келтірілген: «Жас азаматтың» алтын идеалы, әулие мақсаты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі. Осы санда Мағжанның «Мен жастарға сенемін» деген әйгілі өлеңі де жарияланды. Бұл өлең сол кездегі қазақ жастарының ел-жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама іспетті. Өлеңнің беташары ретінде ақын мынадай сөздер келтіріпті: «Жастар! Алда жүрген Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өрнек алындар. Елдіктен, ерліктен айырылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойлаңдар! Күнді - түн, жақынды - жат, пайданы – зиян деп жүрген, толық саяси құқықтарын іздеп алуға ер жетіп, есі кірген елді ойлаңдар!».

Осылай дей келе ақын «Мен жастарға сенемін» өлеңін береді. Осы өлеңнің бір-екі шумағын келтірейік:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін.
Мен сенемін жастарға!
Алаш атын аспанға
Шығарар бір таңда
Мен жастарға сенемін!

Осы жолдарды жазған Мағжанның өзі де әлі 25-ақ жаста еді. Ал Смағұл не бары 18 жаста болатын.

Мағжан 1918 жылдың күзінен 1919 жылдың көктеміне дейін Омбы қаласында қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлайтын курс ашып, өзі соның директоры болды, әрі қазақ тілі мен орыс тілінен, әдебиеттен, тарихтан сабақ берді. Смағұл бұл кезде Батыс Сібір кооператорлар одағының жұмысына белсене араласуда болды. Ол Мағжанның 1912 жылы шыққан «Шолпан» өлеңдер жинағын және одан кейін жазылған кейбір өлеңдерін оқыған және олардың мазмұны мен мақсатын жақсы түсінген болатын. Түсініп қана қойған жоқ жалынды қайраткер, дарынды қаламгер 18 жасында «Трудовая Сибирь» журналының 1919 жылғы № 1 санында «Киргизская литература» («Қазақ әдебиеті») атты мақала жариялады. Онда қазақ поэзиясына біраз шолу жасай келіп, Абай өлеңдеріне мынадай баға берді: «Оның (Абайдың –Қ.М.) тілі – ғажайып көркем. Бұл тұрғыда оған қазақ жазушыларының арасында тең келетіні жоқ». Осыдан соң Мағжан поэзиясына назар аударады:

«Поэзия саласындағы соны күштердің ішінен жас ақын Мағжан Бекенұлы Жұмабаев жарқырай көрініп келеді. Ол өзіндік дара бағыттағы лирик ақын. Оның өлеңдері жастар арасына кеңінен тарап кетті. Үнділігі жөнінен олар Абай жырларынан кем түспейді. Ойының айқындығы, жырының көркемдігі жөнінен ол өзіне дейінгі лирик ақындардың барлығын басып озып көш ілгері кетті».

Міне, бұл Мағжан поэзиясына Жүсіпбек Аймауытовтан да бұрын берілген тұнғыш әділ баға еді.

1920 жылы Мағжан Сібір ревкомы жанынан құрылған Омбы оқу бөлімінің аз ұлттар бөлімшесінде инструктор болып қызмет істеді (Омбы облыстың мемлекеттік мұрағаты, 318 – қор, 1 тізбе). Бұл кезде Смағұл РКСМ-ның Батыс Сібір бюросының қырғыз-татар секциясында қызметте болды және осында «Еңбекші жастар» газетін шығарып тұрды.

Сол 1920 жылғы қыркүйектің 12-18 аралығында Мәскеуде өткен Күншығыс ұлттары жастарының І-ші конференциясында өкіл болып барып сөз сөйледі. Сонда Күншығыс жастарының 9 кісіден тұратын кіндік бюросына мүше болып сайланды. Ал қыркүйектің аяғында Орынборға шақырылып аймақтық жастар комитетінің хатшысы болып тағайындалды.

1920 жылғы 4 қазанда жалпы қазақ Кеңестерінің І-ші съезінде қазақтың жас коммунистері атынан сөз сөйледі. Сонда Қазақстан Орталық Атқару комитетінің президиум мүшесі және комитет төрағасының орынбасары болып сайланды әрі «Ұшқыш» (қазіргі «Егемен Қазақстан» - Қ.М.) газетінің алқа мүшесіне бекітілді. Сонымен бірге ол Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің мүшелігіне де сайланды. Бұл кезде ол әлі 20 жаста ғана еді.

1920-1921 жж. Мағжан Сибревком жанындағы қазақ өкілдігінің тұнғыш қазақ газеті «Кедей сөзінің» редакция алқасының мүшесі қызметін атқарды.

Мағжан тапшыл акын емес, біртұтас қазақ ұлтының ақыны болғаны, осы ұстанымы үшін талай аяусыз сынға ұшырап соққы көргені белгілі. Мысалы, 1922 жылы жазылған «Жолдасқа» деген өлеңінде Мағжан өзінің азаматтық ұстанымын былай білдіреді:

Тапсыз бүгін бір елмін,
Тәңірге жалғыз ұсармын
Көбікті күміс бір селмін.
Сасықты сендей басармын
Кіршіксіз ақ ордамын
Бұзылмаған қордамын
Бөле алмассың тап-тапқа!

Ресейдің империялық езгісінде болған тұтас қазақ елін бай-кедей деп екіге жарып, өзара қырқыстырмақ болған «тапшыл жолдастарға» акын кезінде осылай жауап берген. Оның бұл ұстанымы Смағұлдың 1920 жылғы 7 қарашадағы «Октябрь төңкерісі һәм қазақ еңбекшілері» атты мақаласындағы: «Біз қазақ тұрмысын алсақ жоғарыда айтылған екі тапқа қазақты бөлелік еш себеп жоқ. Қазақ тұрмысын жаппай бір түрлі құлданушы да, құлдықта жасаушы да тап жоқ. Қазақта шет халықтар құлданбаса, өз ішінен құлданушылар шыққан жоқ. Олай болса, қазақ халқының бәрі еңбекшіл», - деп батыл жазуына сай келеді.

1920-1921 жылдары Қазақ автономиялы республикасының іргесін бекітіп, жерін түгендеу шаралары жүріп жатты. Сол кездегі ең бір қиын мәселе Ресейдің Сібір төңкеріс комитеті бауырына басып алған Ақмола мен Семей губернияларын Қазақстанға қосу мәселесі еді. Бұл іске Қазақстан Атырау комитеті торағасының орынбасары Смағұл Садуақасов шұғыл да батыл кірісті. Әсіресе, «отаршыл пиғылдағы Семей ревкомы мен қазақ емес коммунистердің Семей губерниясын Ресей Федерациясының құрамына бермек болған арам саясатын Смағұл Садуақасовтың қалай талқандағаны мәлім. Ақыры осы батыл қимылдары үшін Смағұлға ұлтшыл деген атақ тағылды. Қазіргі ұрпақ Смағұлдың дәл осы бір ғана ерлігі үшін, оның алдында бас иеді» - деп жазды СҚМУ-нің доценті Зарқын Тайшыбай «Мағжанның Қызылжары» атты кітабында (З.С. Тайшыбай. Мағжанның Қызылжары. Петропавл, 2006 ж.).

Осы кезде «Кедей сөзі» газетінің 1921 жылғы 12 қаңтардағы санында Мағжан Жұмабаевтың «Автономия кімдікі?» атты мақаласы шықты. Бұл мақала Кеңес өкіметінің 1920 жылғы 26 тамыздағы Қазақ автономиялы республикасын құру туралы шешіміне байланысты жазылды. Қазақтар бұл шешімді большевиктердің «ұлттардың өзін-өзі билеуіне» берген мүмкіндігі деп қабылдаса да іс жүзінде автономияның иесі кім екені түсініксіздеу еді. Соның өзінде Мағжан газет арқылы халыққа сөз тастап, қазақтың осы мемлекеттік құрылымын нығайтуға ат салысуға шақырды. Міне, бұл мәселе бойынша да Смағұл мен Мағжанның ойы, мақсаты үндестік тауып отырған жоқ па?

1925 жылғы сәуірде өткен Қазақстан Кеңестерінің V-съезінде Смағұл Садуақасов республика Халық ағарту комиссары болып бекітілді, әрі «Еңбекші қазақ» газетінің бас редакторы болып сайланды. Халық ағарту комиссары қызметінде 2 жыл болғанда ол халыққа қажет талай игі істер тындырды. Қазақтың тұңғыш педагогикалық институтының, алғашқы ұлттық театрының ашылуына мұрындық болды. Ақын-жазушыларды, ғалымдарды қанатының астына алды, оқулық, танымдық, ғылыми кітаптардың көптеп жазылуына бас-көз болып, олардың басылып шығуына қамқорлық жасады.

1924 жылдан бастап Мағжан шығармалары негізсіз сынға ұшырап, оның шығармаларын баспасөз бетінде жариялауға тыйым салынса да, Смағұл өзі басқарып отырған «Еңбекші қазақ» оның кейбір өлеңдерін жариялап отырды.

Осы газеттің 1927 жылғы 15-16 ақпандағы № 37-38 сандарында Смағұл Садуақасовтың «Әдебиет әңгімелері (Айтыс ретінде)» деген көлемді мақаласы шықты. Онда былай делінген: «Мағжан туралы былтыр Ғаббастың (Тоғжанов – Қ.М.) кітабы шықты. Бірақ бұл да Мағжанды бізге толық көрсеткен жоқ. Ғаббастың кітабынан біз байшыл, ұлтшыл, төңкеріске қарсы, адасқан Мағжанды көрдік. Ғаббастың бізге айтқаны Мағжанның «жұмбағы», «дағдарысы» болды. Бірақ 9 жыл төңкеріс Мағжанға текке кеткен жоқ. Оған күе - оның соңғы жазғандары. Мағжанды қайтседе жақсылайын деген ойдан мен сірә аулақпын. Бірақ барын бар, жоғын жоқ деу керек. Мағжанды күйдірсек, біз бәрін де күйдіреміз. Қайткенде де мен Мағжанды «доңыздатып қоңыздатушыларға» қарсымын.

Доңыз демекші, Мағжанның «қоңызы мен доңызын» аузынан тастамайтын кісінің бірі – біздің Әбдірахман (Байділдин – Қ.М.). Мағжанның ол өлеңі Сібірде Колчактың қара күндері туған кезде жазылған. Бұны өзге жұрт білмесе де Мағжанмен сол кезде сабақтас-табақтас болған Әбдірахман білсе керек еді. Бірақ амал бар ма, «қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса». Мінекей, ең атақты, ең дарынды ақынымыз туралы сыншылар әлі түгел зерттеп біткен жоқ».

Смағұлдың мұндай батыл жазылған мақалалары Қазақстанның бірінші басшысы Ф.И. Голощекинге

ұнаған жоқ. Көп кешікпей ол «Еңбекші қазақтың» басшылығынан босатылады. 1927 жылғы қарашада ол Халық ағарту комиссары қызметінен де шеттетіледі. Біраз уақыт ол Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтының ректоры қызметін атқарады. Алайда 1928 жылғы наурызда бұл қызметтен де босатылады. Сөйтіп, Қазақстаннан кетуге мәжбүр болады. Сол 1928 жылғы қыркүйекте Мәскеу транспорт-инженерлерін даярлайтын институтқа оқуға түседі. Институтты бітіргеннен кейін Москва-Донбасс темір-жолында қызмет істеп жүргенде кездейсоқ ауруға шалдығып, Мәскеу ауруханасында белгісіз жағдайда 1933 жылдың күзінде қайтыс болады.

«Известия» газетінің 18 желтоқсандағы санында БОАК-тың (Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің) жанындағы Қазақстан республикасының өкілдігінің Смағұлдың өлімі туралы қазанамасы (некролог) жарияланды. Оған қол қойғандар: Т. Рысқұлов, Н. Нұрмақов, Ғ. Тоғжанов, т.б.

Қазақтың асыл азаматы, ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт жанашыры Смағұл Садуақасовтың өліміне бүкіл қазақ жұрты қатты қайғырды. Мағжан Жұмабаев оның қазасына мынадай жоқтау өлеңін арнады:

Жас Смағұл үздік туған бала екен
Байтақ елге асқар таудай пана екен
Сол баладан, сол панадан айырылған
Қайран қазақ, орны толмас жара екен.
Кім білді ердің асыл туған баласын
Байтақ елдің асыл туған ағасын
Ажал шіркін қарамайсың ажарға,
Тағдыр тартып жыртқызыпты жағасын.
Аққуы жоқ, қаздары жоқ көл жетім,
Шүйгіні жоқ, шалғыны жоқ жер жетім.
Смағұлдай баласынан айырылған
Қайран қазақ, болдың бүгін сен жетім.

Мағжан да, Смағұл да қазақтың талантты да дарынды тұлғалары еді. Кезінде олардың өмірі үлкен қиыншылықта, қуғын-сүргінде өтті. Енді Тәуелсіз Қазақстанда біз олардың күреске толы өмірі мен шығармашылығын зерттеп, әлі де ашылмаған тұстарын ашуға тырысуымыз керек және олардан отансүйгіштікті, ұлтжандылықты үйренуіміз қажет.

Әдебиеттер

1. Тайшыбай З.С. Мағжанның Қызылжары. - Петропавл, 2006.
2. Бөкейханов А. Мусылман сиезі // Бөкейханов А. Шығармалары. - А., 1994.
3. Дулатов М. Біздің максатымыз // Дулатов М. Шығармалары. - А., 1991.
4. Садвокасов С. Шығармалары 2 том. – А., 2005.

САЛИМГЕРЕЕВА Ш.А.

т.ғ.к., ТЭИ аға ғылыми қызметкері

ДҮНИЕЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ IV ҚҰРЫЛТАЙЫ

Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ең алғаш 1992 жылы Алматы қаласында Дүниежүзі қазақтарының I құрылтайы өтті. Қабылданған жарғы бойынша 5 жылда бір рет өткізілетін құрылтай, 1990 жылдары еліміздегі экономикалық қиыншылықтарға байланысты араға 10 жыл салып, 2002 жылы Түркістан қаласында болды. Дүниежүзі қазақтарының III Құрылтайы 2005 жылы Астана қаласында болды.

Еліміздегі 2011 ж. 25 мамырында Астана қаласында Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайы тәуелсіздігіміздің 20 жылдығымен тура келді. Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайына әлемнің 35 елінен 365 қазақтар, ал еліміздің барлық аймақтарынан 300-ден астам өкіл қатысты. Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында орын алған елеулі бұл оқиғаның басты ерекшелігі – жастардың қатысуы болды. Яғни құрылтайға келген делегаттардың 60 пайызын 30 жасқа дейінгі жастар құрады. Делегаттар қатарында қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрін, қазақ тілін дамыту мен насихаттауға байланысты кеңінен танымал қоғам қайраткерлері, шығармашылық, ғылыми-педагогикалық, зияткерлік, бизнес, спорт, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар. Атап айтқанда, Құрылтай жұмысына Чехияның экс-министрі Жәмила Стехликова, Чувашияның экономикалық дамуы экс-министрі, қазір Чебоксары жоғары оқу орнының доценті Гүлмира Тағайқызы

Акимова, Моңғолияның оқу-ғылым және мәдениет министрінің орынбасары Чоной Күланда, мәскеулік профессор Нәйла Ермұханқызы Бекмаханова, техника ғылымдарының докторлары Дәулет Мұхамеджанұлы мен Асқар Дәулетұлы, армрестлинг жөнінен Иран чемпионы Жүсіп Шаткам және т.б. қатысады.

Қазақстандық делегаттар ішінде – ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академиктері М. Жұрынов, Ө. Айтбай, С. Қирабаев, Ә. Бейсенова, Т. Шарманов, К. Байпақов, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары Т. Молдағалиев, М. Айтхожина, А. Оразақын, А. Әшімов, Т. Әбдік, Ұ. Есдәулет, М. Жүнісова, Қазақстанның халық әртісі Б.Төлегенова, Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Е.Рахмадиев, т.б. бар. Құрылтай делегаттарының 60 пайызын жастар құрайды. Олардың қатарында Германия, Швеция, Австрия, Голландия, Норвегия, Ұлыбритания, Моңғолия, Түркия, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан мен Қазақстанның спортшылары, студенттері, магистранттары мен оқушылары болды.

2011 жылдың мамыр айының 25-27 күндері елордамыз – Астанада өткен Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында Мемлекет басшысының өзі баса назар аударып, қандастарымыздың құжат тапсыру, тіркеуге тұру, азаматтық алуда кездесетін түрлі кедергілерді жою сияқты жұмыстарды жүйелей түсу жөнінде нақты тапсырмалар берді. Елбасы, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төрағасы Н.Ә. Назарбаев осы құрылтайда алдағы кезде атқарылуға тиіс жұмыстардың бес бағытын айқындап берді: бірінші – елге оралатын және оралып жатқан қандастарымыздың жағдайын жақсартуға септігін тигізетін «Халықтың көші-қоны туралы» жаңа заң қабылдау; екінші – шетелдегі қазақ жастарының Қазақстанға келіп сапалы білім алуы үшін оларға бөлінетін гранттық квотаны нақтылап, осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізу; үшінші – шеттегі қазақтардың Қазақстанмен жан-жақты байланыс орнатуына көмектесу; төртінші – қандастарымыз тұратын елдерде ұлттық мәдениет пен өнердің кеңінен таралуына жәрдемдесу; бесінші – шетелдерде кіші құрылтайларды тұрақты өткізіп тұру қажеттігіне жан-жақты тоқталды.

Н.Ә. Назарбаев баяндамада шетелдегі қазақ диаспорасы мен оралмандарға қолдау көрсетіп, қамқорлық жасаудың тетіктерін нақты айқындап, бұл жөнінде алда тұрған 5 міндеттерді белгілеп берді. Бұл міндеттің біріншісі – көші-қонға қатысты. Елбасы көші-қондағы 20 жыл ішінде қол жеткізген игі істер мен жетістіктерге жан-жақты талдау жасай келе, қандастарымызды отанға оралу жұмысын одан әрі жүйелеп, оларды ел аумағына тұрақты орнықтырудың саясатын одан әрі жүзеге асыра беру керектігіне тоқталды. Н.Ә. Назарбаев Құрылтайда «Халықтың көші-қоны туралы» жаңа Заңды тездетіп қабылдау мәселесіне де арнайы тоқталды. Құрылтайда Елбасының шетелдегі ағайындарға қолдау көрсету жөніндегі алға қойған екінші міндеті – оқу-білім мәселесі. Бұл ең алдымен жастарға қатысты. Н.Ә. Назарбаев: «Біз әлемдегі барша қазақ жастарының сапалы білім алуына тиісті жағдай жасауымыз керек... Осыған байланысты, Білім және ғылым министрлігіне қандастарымызға бөлінетін гранттық квотаны нақтылап, жастармен жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырамын», - деді. Шетел қазақтарын атажұртқа тартудың, олардың елімізге көбірек келуіне мүмкіндіктер туғызудың ең ұтымды жолдарының бірі – оқуға шақыру. Шетелдік қазақ жастарын арнайы орта білім мен кәсіптік мамандық беретін оқу орындарына қабылдаудың да нақты жүйесін жасау қажет.

Елбасының қазақ диаспорасына қамқорлық жасау жөніндегі алға қойған үшінші міндеті бұқаралық ақпарат құралдарына байланысты болды. Бұл жөнінде Президент: Біз шеттегі қандастардың Қазақстаннан жан-жақты хабар алып тұруына көмектесеміз» деп байлам жасады. Бұл жөнінде Байланыс және ақпарат министрлігіне нақты тапсырмалар да берді. Шетел қазақтарының Қазақстаннан тарайтын бұқаралық ақпарат құралдарына деген сұраныстары өте жоғары. Олар Қазақстанның телерадио хабарларын тыңдап, көруге, қазақша газет-журналдарды алдырып оқуға барынша ынталы. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының жанынан шетел қазақтарына арналған «Алтын бесік», «Туған тіл» атты басылымдар жарық көріп, алыстағы ағайындарға таратылуда.

Қазіргі кезде шетелдегі қазақтардың мәдени-рухани салада қол жеткізген табыстары айтарлықтай мол. Қазақтар тығыз орналасқан жерлерде қазақ халқының тарихына, мәдениетіне байланысты бай мұралар бар. Елбасының Құрылтайда алға қойған төртінші міндеті осы мәселеге арналды. Шетелдегі қазақ диаспорасына мәдени-рухани қолдау көрсетудің бір тиімді жолы – кіші құрылтайлар өткізіп тұру. Соңғы жылдары мұндай құрылтайлар Еуропада тұрақты ұйымдастырылып келеді [1].

Дүниежүзі қазақтарының алғашқы екі жиыны шетелдегі ағайындарды атажұртпен жақын қауыштырып, оларды Қазақстандағы жемісті жобалармен таныстыру бағытында өткен еді. Ал Үшінші Құрылтай шетелдегі қандастардың елмен байланысын барынша нығайта түсіп, оларға мәдени-рухани, оқу-білім саласында қолдау көрсету жұмыстарын жетілдіріп, атажұртқа келуіне жағдай жасау мәселелерін талқылауға арналған іскерлік бағытта өтті. Өз кезегінде Төртінші Құрылтай өзінің

алдындағы Құрылтайлардың осы жақсы бастамаларын одан әрі жалғастырып, дамытуымен ерекшеленді. Алдыңғы басқосулардың қисынды жалғасы, заңды даму стратегиясы.

Бұл Құрылтай өткен басқосуларда ескерілмей қалған мәселелерді қолға алып, әртүрлі себептермен жүзеге аспаған жұмыстарды қайта жандандыруға арналды және бір басты ерекшелігі бұл жиынға жастардың көбірек шақырылуы. Бұл ретте елімізге жастарды тартудың тиімді екендігі барған сайын анықталуда. Өйткені жастар Қазақстанға келсе, жаңа ортаға тез бейімделеді. Оқуға түссе де, жұмысқа орналасса да, жақсы нәтижелерге жетеді. Бір жағынан, жастарды мұндай үлкен жиындарға көбірек тарту шетелдегі қазақ диаспорасының болашақтағы ұлттық-рухани жағдайы үшін де өте қажет. Шетелдегі қазақ жастарын өзімізге бейімдеп, бауырымызға тартуды жүйелі түрде жүргізу кезек күттірмейтін мәселе. Яғни, ортақ іске жастарды тарту үдерісі бар. Мысалы, Құрылтайдың бір күні әр елден келетін қазақ жастарының футбол турниріне арналды. Ұлттық спорт түрлерінен жарыстар да өткізілді. Жас ақындар мүшәйрасы мен жас суретшілер көрмесі де ұйымдастырылды [2].

Құрылтайда жүзеге асырылған ең басты іс-шаралардың бірі – Қазақстан Республикасының шетелдердегі 5 миллионнан астам қазақ диаспорасымен байланыс жасауына арналған дөңгелек үстел мәжілістері болды. Қазақстанның 9 министрліктерінің қатысуымен 7 жерде өткен бұл бас қосуларға шетелдерден келген қонақтар топ-топқа бөлініп түгелдей қатысты. Дөңгелек үстелдің тақырыптары, көтеретін мәселелері Құрылтай делегаттарының талап-тілегіне сай белгіленді. Соған байланысты Білім және ғылым министрлігінде бас қосу «Шетелдегі отандастарымызға арналған білім беру қызметін көрсетудегі ҚР Білім және ғылым министрлігінің алатын орыны мен кезекті міндеттері» деген тақырыппен өтті. Осы дөңгелек үстелде Білім және ғылым министрі Б. Жұмағұлов: «Шет елдерден келген балаларды жоғарғы оқу орындарына дайындау үшін дайындық бөліміне 1400 орын бөлдік. Жоғарғы оқу орындарына арналған 36 мың мемлекеттік грантымыз бар. Соның 2 пайызын сырттан келген қандастарға арнадық. Бұл көрсеткіш шектеліп қалмайды» - деген [3].

ҚР Ішкі істер министрлігінің Көші-қон комитеті және ҚР Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті бірлесіп «Қазіргі кезеңдегі этникалық көші-қон: жағдай мен мәселелері» атты бас қосу өткізді.

ҚР Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті мен ҚР Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті бірлесіп өткізген бас қосу өте маңызды болды. Бұл жиында шетел қазақтарының атажұртқа қоныс аударуы үшін құжаттарын дайындап, шақырту, виза алуларынан бастап, келіп орналасып, тұрақты тіркелуге тұру, азаматтық алуға құжат өткізу, көші-қон квотасына кезекке тұрып, оралман ретінде қаржылай көмекке қол жеткізу сияқты жұмыстардың қиындықтары мен кедергілері ашық айтылды. Қырғызстан мен Өзбекстаннан келген қандастарымыз елге келгеннен кейінгі уақытша тіркеу мерзімін неғұрлым ұзартуды өтінсе, Моңғолиядан келген ағайындар Қазақстан мен Моңғолия арасын төте қатынайтын жол салу мәселесін күн тәртібіне қойды. Сондай-ақ, кейінгі жылдарда қыстың қатаң болуына байланысты малдың өлім-жітімінің көбейіп, жұрттың жағдайы ауырлап, атажұртқа көшіп келудің қиындап отырғанын айтып өтті. Ал Қытайдан келген қандастарымыз ондағы тұрып жатқан қазақтардың атамекенге қоныс аударуға ынталы екендерін, алайда оған Үрімжідегі Қазақстанның Паспорттық қызмет мекемесінен виза алудың қиындығы кедергі болып отырғандығын айта келіп, осы мәселені жеңілдетуді өтінді. Бұдан өзге де көптеген мәселелер егжей-тегжейлі талқыланды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіндегі кездесу «Оралмандарды әлеуметтік тұрғыда қолдау: тәжірибе, сабақтар және мәселелері» атты тақырыпқа арналды. Бұл дөңгелек үстел мәжілісінде оралмандарды жұмыспен, зейнетақымен қамтамасыз етіп, басқа да түрлі әлеуметтік көмек көрсету мәселелері талқыланды.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі мен ҚР Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті ұйымдастырған бас қосу «Шетелдегі қазақтарға арналған бұқаралық ақпарат құралдары: жағдайы және мәселелері» деп аталды. Бұл бас қосуда шетел қазақтарына мәдени-рухани салада қолдау көрсетудің ең басты мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, шетелдердегі қазақтарға бұқаралық ақпарат құралдары жөнінде қолдау көрсетуді әрі қарай жақсарту қажеттігі атап айтылды.

ҚР Ауылшаруашылығы министрлігіндегі кездесу «Қазақстанға қоныс аударушылардың жергілікті жағдайға бейімделу мәселелері мен сабақтары, тәжірибелері» деген тақырыпты қамтыды. Бүгінгі таңда шетелден келген оралмандардың басым көпшілігі ауылдық жерлерге орналасуда. Соған орай, оларға бірінші кезекте үй салатын, егін егіп, мал өсіретін жер беру мәселесі өте маңызды. Қазір бұл жөнінде де шешілмей отырған қиындықтар мен кедергілер аз емес. Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінде өткен дөңгелек үстелде осы жөнінде ашық әңгіме болды.

ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігіндегі әңгіме «Қазақстанның қазақ диаспорасымен

бизнес серіктестігі» тақырыбына арналды. Бұл бас қосуға шет елдерде тұрып жатқан 40 шақты қоғам қайраткерлері мен іскер азаматтар қатысты. Дөңгелек үстелде Франциядан келген кәсіпкер Мехмет Зенгин, Қытайдағы ШҰАА Халық үкіметінің кеңсшісі Зұрғанбек Арып, Өзбекстан Республикасы Қазақ ұлттық мәдени орталығының төрағасы Марат Үкібаев, Түркиядан келген дербес қаржы кеңесшісі Құртұлыс Ялшын, Ресейдегі қазақтардың Федералды ұлттық-мәдени автономиясының президенті Токтарбай Дүйсебаев т.б. кәсіпкерлер сөз алып, өз ойларын ортаға салды. Ең бастысы, шетелдік қандастарымыз өз тарихи Отандарына келіп, кәсіпорындар ашып, жұмыс істегісі келеді. Мысалы, елімізде тері өңдеу фабрикалары көптеп ашылса, оған шетелдегі қазақ кәсіпкерлері қуана қолдау көрсетер еді.

ҚР Туризм және спорт министрлігіндегі кездесу «Түрлі елдердегі қазақ жастарын туризм мен спорт біріктіреді» деген атпен өткізілді. Бұл дөңгелек үстелді Туризм және спорт министрлігінің жауапты хатшысы Әлішер Пірметов ашып, Туризм индустриясы комитетінің төрайымы Қарлығаш Кәкен жалғастырды: «Ұлы Жібек жолы бойындағы туризмді өркендетуді қоса алғанда, Батыс Европа – Батыс Қытай халықаралық көлік дәлізімен сыртқы және ішкі туризмді жандандатуға назар аударылуда. Бұл жолдың бойында халықаралық талаптарға жауап берген 7 туристік-рекреациялық орталық, 24 ұқсас туристік кешен салу жоспарланған. Бұлардың ішінде ең қомақтысы – Алматы облысының Қапшағай су қоймасының жағалауында салынатын «Жаңа Іле» туристік орталығы. Сондай-ақ, индустрияландыру картасына екі ірі туристік кешеннің құрылысы енгізілгенін атап өтуге болады. Олар – Маңғыстаудағы Кендірлі халықаралық қорықтық-демалыс аймағы және Ақмола облысындағы Бурабай туристік орталығы. Ал енді ішкі туризмнің маңызды салаларының бірі – балалар мен жасөспірімдер туризмі. Бұл бағытта «Жас Отан» және жас бүлдіршіндерге арналған ұйымдар қазіргі уақытта жақсы жұмыс жүргізіп жатыр» - деген болатын. Дөңгелек үстелде Спорт комитетінің төрағасы Елсияр Қанағатов, Ұлыбританиядағы қазақ мәдени орталығының төрағасы Исмаил Кессижі, Шыңжаң қазақ мәдениет мұражайының директоры Қайша Тәбарікқызы, Германияның Кельн қаласындағы туристік компанияның жетекшісі Жанна Штарк, Омбы облысының «Мөлдір» мәдени орталығының жетекшісі Алтынай Жүнісова және т.б. өз ой-тілектерін, ұсыныстарын айтты. Бас қосуда министрліктің жауапты хатшысы Әлішер Пірметов қорытындылап, түскен ұсыныстар талқыланып, оларды іске асырудың жолдары қаралатынын айтты.

Қазақстан Үкіметінің шеттегі ағайындарға қатысты тағы бір мәселесі – шетелдегі қазақ жастарының оқу-білімі. Жастар біздің болашағымыз, ел тізгінін ұстар ертеңіміз. Олардың өз отанында білім алуы, туған жерінде еңбек етуі үшін мемлекетте бар жағдай жасалуы керек. Еліміздің Жоғары оқу орындары осы істі алға жылжытуға өз үлестерін қосып келеді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің жанынан оралман жастарды оқуға қабылдауға арналған комиссия құрылды.

2011 жылы 29 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінде шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерін ҚР жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне қабылдауға арналған Республикалық комиссияның отырысы өтті. Емтихан нәтижелері бойынша 1138 этникалық қазақ оқуға қабылданды. Бір өкініштісі білім алуға талап білдірген жастардың саны бұдан әлдеқайда көп. Негізінен, жоғары оқу орнына арналған сынақтан өте алмай қалған жастар келген бағытымен кері қайтпай, білім деңгейіне сай кәсіптік мамандық беретін арнаулы оқу орындарына түсіп, оқуын жалғастыруы тиіс. Тіпті оралман жастарға арналған арнайы колледждер ашу Білім және ғылым министрлігінің тікелей араласуымен жүзеге асатын мәселе. [4].

Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында тағы бір көп қозғалған мәселе – виза мәселесі болды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде «Репатрианттарды әлеуметтік қолдау: тәжірибе, сабақ және мәселелер» деген тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Біржан Нұрымбетов атажұрттағы алқалы жиынға қатысушы қонақтарға алдымен министрлік жұмысын таныстырып өттіп, «Көші-қон туралы» заңның жобасы қазір Парламентте қаралуда. Жаңа жоба бойынша егер оралман елдің солтүстігіне келіп қоныстанамын десе, онда ол оңтүстікке қарағанда екі жарым еседей көбірек қаражат алмақ. Ал орталыққа келушілер оңтүстіктегілерден 70% көбірек алатын болады. Өйткені оралмандар көбіне қысы жайлы оңтүстік өңірлерге келуге пейілді. Вице-министрдің айтуынша: енді шеттегі бауырлар құжаттарын біздің елшіліктер арқылы өткізе алатын болыпты. Барлық рәсімдер өткізіліп болғаннан кейін, шақырту алған оралманның бұрынғыдай күтуге кететін уақыты азаяды, біз сол жағдайларды да заңмен реттеуді ойластырдық деген ақпарат шеттен келген туыстардың көңілдеріне жаққандай. Сөйтіп, бұл жиында оралмандардың үй-жаймен қамтамасыз етілуі, мамандықтары бойынша жұмысқа орналаса алмау жағдайлары, орыс тілін білмеуіне байланысты кедергілерге кездесуі сияқты бұрыннан айтылып жүрген мәселелермен қатар, көптеген

ұсыныстар да ортаға салынды. Дөңгелек үстелге қатысушылар әңгіме соңында бірнеше тармақтан тұратын ұсыным қабылдады [5].

Міне, Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында түскен ұсыныстар мен қабылданған қарарларды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 ж. 25 мамырда өткен Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында берген тапсырмаларының іске асырылуын бақылау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында 2011 ж. 21 маусымда А. Мусиннің № 01-38.72 бұйрығы шықты. Ол бұйрықта ҚР мемлекеттік органдары жоспарда көзделген іс-шаралардың уақытылы орындалуы туралы айтылады.

Әдебиеттер

1. Алтын бесік. - 2011.- № 3.
2. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төралқа төрағасының бірінші орынбасары Т. Мамашевтің Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында сөйлеген сөзі.
3. Алтын бесік. - 2011. -№ 4. – 9-б.
4. Дүниежүзі қазақтары қуымдастығының 20 жылдығында Т. Мамашевтың баяндамасы.
5. Ұлттың ұлы жиыны. Дүниежүзі қазақтары IV Құрылтайының құжаттары, дерек-дәйектері және фотосуреттер. – Алматы, 2012. – 79-б.

ҚОЖАХАНОВА Қ.К.

т.ғ.к., ТЭИ ғылыми қызметкері
(Алматы қ.)

ӘЙГІЛІ ТАРИХШЫ М.Қ. ҚОЗЫБАЕВ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨПҰЛТТЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ ЗОРЛЫҚПЕН МӘЖБҮРЛЕУ

Академик М.Қ. Қозыбаевтың шығармашылық қызметі сан-салалы. Соның бірі Кеңес үкіметі кезеңінде кең көлемде орын алған – Қазақстанның көп ұлттылығы және оның тарихы.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы тек қазақ халқының ақтаңдақ беттерін ғана ашып қойған жоқ. Елімізге атамекендерінен қулып, күштеп қоныс аударылған, бүгінде екінші отанында тұрақтап қалған басқа да ұлт өкілдерінің өткен тарихының көлеңкелі тұстарының шынайы беттері ашылды. Отан тарихында еңбек армиясының өмір сүруі және онда болғандардың ауыр да азапты еңбектері мен оларға ұсталған қатаң тәртіптердің орын алуының себеп-салдарын ашық та айқын талдап көрсеткен, тарихын жазған көрнекті ғалым академик М.Қ. Қозыбаев болды.

Академик М.Қ.Қозыбаев Қазақстан халқының көп ұлттылығының тарихын зерттеу, көпқырлы және қиын мәселе екендігіне көбірек көңіл бөледі. Осы уақытқа дейін Кеңес өкіметінің тарих ғылымында еліміздің көпұлттылығын, онда тұратын халықтардың және жергілікті қазақ халқының трагедиялық тағдырларын, оның зардаптары, халықтарға тағылған кінәнің үрдістері және көшірілген топтар туралы нақты еңбектер жоққа шығарылып келді. Қазақ халқын, күштеп қоныс аударылған халықтармен араластыру тарихи тұрғыдан ғылыми негізде жазу тек 80-ші жылдардың екінші жартысында ғана қолға алына бастады. Бірақ жаңа заман зерттеулерінде жоғарыда айталған мәселе екпінді жазылғанмен, онымен тығыз байланыста жатқан зардаптары (құқық, еңбек және мәдениеті) төменгі дәрежеде жазылғандығын нақтылы деректерден белгілі.

Айтулы мәселеге орай М.Қ.Қозыбаев еңбектеріндегі Қазақстанның көпұлттылығының саясаты 1937-1938 жж. күшіне ене бастағандығы, дәлірек айтқанда елімізге әртүрлі этникалық топтардан 1 121 шаруашылық келгендігі белгілі. Олардың бәрі Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарына қоныстандырылғандығы туралы мұрағаттық мәліметтерден кеңінен қолданыс тапқан I.

Қазақстанға көпұлттылықтың негізі соғыс жылдары – халықты жазалау мақсатында автономияларын жойып, тарихи туған жерлерінен басқа елдерге күштеп қоныс аудару болды. Қазіргі кездегі Қазақстанның 140 ұлт өкілдерінің ішіндегі кейібірі, яғни түріктер, күрдтер, шешен-ингуштер, балқарлар, қарашайлар, қалмақтар, әзірбайжандар, Қырым татарлары, Еділ бойынан немістер лег-легімен Қазақстанға әкелініп шоғырландырылды. Кейіннен өз Отандарына қайтып бару әртүрлі себептермен, шектеулермен байланыса отырып іске аспай қалды. Сондықтан олар соғыстан кейінгі жылдары да көшірілген жерлерінде тұрақтап қалды.

Осылайша бірнеше халықтарды сыпыра жер аудару барысында тоталитарлық кезеңде, жазалау саясаты үстемдік құра бастады, соның әсерінен Кеңес Одағында еңбекпен түзеу лагерлері көбейді.

Соғыс тарихында тылда еңбек ету үшін зорлық-зомбылық көрсетіліп, халықты әдейілеп қоныс аудару, еңбек армиясына еріксіз еңбек ету және басқа да айла тәсілдер қолданылды.

Бұл еріксіз еңбек армиясын ұйымдастыру тәжірибесі, елімізде индустриаландыру науқаны басталар кезден бастау алды. Қоныстанушылар топ-тобымен, белгіленген топ бойынша да үкімет адамдарының қатаң бақылауымен келіп жатты.

Ұлы Отан соғысы зардабынан көптеген халықтар жерінен, материалдық техникалық т.б. байлықтарынан айырылып жатқанда, барлық мүмкіндіктерді күшейтіп, қорғаныс өндірісінің жұмысын ұйымдастырып, азық-түлік, су базасының жұмысын жақсарту, яғни соғысты нәтижелі аяқтау үшін барлық мүмкіндіктерді сөзсіз іске қосу керек екендігі түсінікті де. Бұл жұмыстарды жан-жақты жүргізу үшін соғыс кезінде арнайы заңдар шығарылып, актілер қабылданды. Осыған байланысты барлық еңбекке жарамды және әскери қызметке бара алатын азаматтар соғысқа баруға тиісті болса, соғысқа жіберуге болмайтын, жекелеген ұлттардың өкілдері, моральдық – саяси көзқарасы дұрыс емес деп танылған азаматтар, әдейі жер аударылғандар мен көшірілгендер, 30-жылдардағы дүниелері тәркіленген байкулақтардың отбасы мүшелері, сонымен бірге сол жылдары кедейлер көтерілісіне қатынасқандар еңбек армиясына жіберілді. Осы тәртіп бойынша соғысқа бармай еңбек армиясына баратындарды қоғамнан тыс қалғандар деп төменгі дережеде ұстады және де соғысқа дейінгі кең көлемде өндіріс орындарының құрылыс жұмыстарын жүргізу, жаңа табылған табиғи көздерін, кен байлықтарын игеру үшін арзан жұмысшы күші ретінде ауыр жұмыстарға пайдаланды.

Соғыс талап еткен шығындар төтенше жағдайлар еді. Елімізде тез арада соғыс құралдарын өсіру керек болды. Неміс басқыншыларымен соғыста әр айда көптеген техникалар, снарядтар, жылу, темір, ағаш, темір жол құрылысына қолданылатын шпал т.б. құралдары талап етілді.

Соғыс жылдарында батыс аудандардан шығыс жаққа зауыт, фабрикалар көшірілді. Жаңа ашылған шахталар, рудниктер, мұнай өндіру кәсібі, байытатын кәсіпорындар және жаңа темір жолдар салынды. «Бәрі соғыс үшін, бәрі жеңіс үшін» ұранымен істелініп жатқан осы жұмыстарды атқаруға миллиондаған адамдар қажет етілді.

Соғыс кезінде қара жұмыстарға ең алдымен жер аударылғандармен бірге 16 жастан жоғары сенімсіз, соғысқа жіберілмейтін азаматтар, әйелдер, қарттар т.б. жіберілген еді. Оларды ХКП қызметкерлерінің бақылауымен құрылыс жұмысшы күші колонналары деп атады. Сөйтіп еңбек армиясының қызу жұмысы тоқтаусыз жүргізілді. Оған қабылдау әскери комиссариаттар бөлімдері арқылы жүргізілді. Оларды мамандық таңдамайтын жұмысшы күші ретінде, шахта, құрылыс, орман жұмыстарына жіберді.

Кеңес өкіметінің тоталитарлық кезеңінде еңбекпен түзеу лагерлері Солтүстікте, Оралда, Қиыр Шығыста, Сібірде, Орта Азияда т.б. жерлерде көбейе берді. Кеңес Одағындағы лагерлердің бас басқармасына (ГУЛАГ) қарасты жазалау орындары тоқтаусыз жұмыс істеді және ондағы адам саны да жыл сайын өсе берді.

Еңбек армиясындағыларды жазалау орындар, яғни лагерлердің саны негізінен 100-ден астам – деп көрсетеді зерттеуші А.Дик. Мысалы, Соликамск, Котлас, Воркута, Якутия, Архангелскі облысы, Ивдель, Челябинск, Гурьев, Нижний Тагил, Уфа, Қарағанды, Тула, Копейск, Кемерево, Краснотурьинск, Орск, Киров, Иркутск, Куйбышев, Новосибирск т.б. лагерлерде еңбек армияшылары ормандарда, шахта, зауыттар, бұрғылау бағаналары мен теміржолдар, көпірлер салып, мыс, көмір өндірді [2].

Бұл еңбекпен түзеу мекемелері саяси «сенімсіздер» мен «опасыздардың» жалған санын көбейтіп, елжандылыққа тәрбиелеуден гөрі азап пен өлімнің бетпе-бет кездесу орны болды.

Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстан территориясында 11 лагерь жұмыс істеген. Осы лагерлерде тек қана «отанын сатқандар» ретінде 1946 жылы 0618 адам қамалса, ал 1947 жылы 13 035 адам жазаға тартылған. Сол сияқты 1948 жылы 17 171 адам ұсталып, 1949 жылы 12 091 адам тұтқындалған [2].

Тұтқындардың күшімен аса ірі қорғаныс зауыттары мен комбинаттар салынды. Қорғаныс өнеркәсібі орындарында 380 арнайы колонналар құрылды. ГУЛАГ 640 зауытпен құрылыстарды жұмысшы күшімен қамтамасыз етті. Оның қарауында 414 совхоз болды. Бұл жүйеге 425 еңбекпен түзеу және 770 өнеркәсіп колонналары қарады [3].

Еңбек армияшылары да түрме тұтқындары сияқты қамауда ұсталып, жазаланды. Ал еңбек армиясы ешбір ұлтты айналып өткен жоқ, онда қазақтар сонымен бірге негізінен соғыс жылдарында «сенімсіз» деген ұлт өкілдері жіберілді.

Соғыс жылдарында корей, неміс, поляк, ингуш, шешен, қалмақ, балқар, түрік, қырым татарлары, қарашай, күрд халықтарын Қазақстан, Орталық Азия және Сібірге 1 млн. 200 мың адамды күштеп көшіріп жіберсе, олардың 80 пайызы неміс ұлтының өкілдері болды [4].

Қазақстанның көп ұлттылыққа ұласуы кезеңінде әсіресе немістер «еңбек армиясы» құрылыс

отрядының барлық этаптарынан өтті десек те болады. Себебі фашистік Германия жағында соғысқан КСРО жерінде тұратын фин, румын, венгер, болгар соның ішінде, әсіресе немістерді гитлершілердің сыбайластары ретінде қарады. Сондықтан оларға қатаң бақылаулар қойылып, ерекше қудаланып, еңбек армиясының негізгі контингенті, немістер, ХКП жұмысшы колонналарында, қорғаныс өнеркәсіптерінде, ормандарда ағаш дайындау, шахталарда, қорғаныс құрылыстарында жұмыс істеді және жол құрылыстарына, балық кәсібіне жұмылдырылды. Олар топ-тобымен әр елдерге және ауыр жұмыстарға еріксіз жіберілді.

Немістер күштеп айдалғаннан кейін көп ұзамай СНК СССР 1941 жылы 30 қаңтардағы № 57-К «Неміс ұлтының өкілдерін өнеркәсіпті аудандар мен ауыл шаруашылығына бөлу туралы» жарлығы шықты [5].

Бұл сансыз көп қаулылардың бастамасы ретінде оларды кез-келген жұмыстарға қолдану басталды.

Еңбек армиясының ГКО қаулысымен 1942 жылы 10 қаңтарда «жер аударылған немістерді 17 жастан 50 жас аралығында жұмысқа қолдану тәртібімен» 14 ақпанда «17-50 жас аралығындағы неміс азаматтарын еңбекке жұмылдыру туралы» қаулы шықты. Бұл қаулылар 7 қазандағы «Немістерді халық шаруашылығына қатынастыру туралы» қосымша қаулысымен жалғасты. Осы соңғы қаулыда жұмысшы колонналарында барлық соғыс жылдарында неміс ер азаматтарының 15-16 және 51-55 жас аралығындағы және неміс әйелдерінің 16-дан 45 жастағыларды кірістіру туралы айтылған еді. Олардың жас шамаларын ескерместен ауыр, төзімсіз жұмыстарға, күннің ыстық-суығына, тамақтың нашарлығына қарамастан аяусыз жұмсады [6].

Қазақстанға қоныстандырылған көп ұлттың ішінде немістерге арналған үсті-үстіне шығарылған қаулылар тез арада іске асырылып отырды. Солардың бірінде 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында майдан шебінде жүрген 33516 неміс ұлтының азаматтары кері қайтарылды. Кері қайтарылған неміс азаматтардың 1609 адам – офицерлер, 4292 адам - сержанттар, 27724 адам - қатардағы солдаттар еді. Олардың жартысынан көбі еңбек армиясына жіберілді. Мысалы, тек Челябинскіге металлургиялық зауытқа немістерден 25 мың адам еңбекке тартылды [7].

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы майданнан басқа, тарихта орын алған күрделі мәселелерді жазып, Қазақстан тарих ғылымының дамуына зор үлес қосқан, әйгілі ғалым, ғылыми ұйымдастырушысы, қоғам және мемлекет қайраткері, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев 1995 жылы Қазақстанда өткен ұлы Жеңістің 50 жылдығына байланысты еңбек армияшылардың I съезінде жасаған баяндамасында, бар қырынан жан-жақты талдап көрсетті [8]

Еңбек армиясы қатарында жүрген жұмысшыларға қатал талаптар қойылып, жоспарды орындау үшін кез-келген нормалар берілгендігі т.б. мәселер ашылды. Мысалыға алатын болсақ, «Күндік норманы орындау мүмкін емес еді», - дейді, еңбек армиясына қатынасқан делегаттардың бірі, - мен құмды жерде жүк тасушы болдым. Бір күнде 36,5 текше жүк басу жүктелді. Ал әр текшеде 1800 кг болды, яғни күніне 66 тонна жүк басуым керек болды. Ал күндікке берілетін тамақ 300 г. нан мен 1 табақ горох еді»[9].

Ал, «1942 жылы ақпанда ХКП Ивдельлагеріне 15 мың немістерді әкелді. Олар орманда жұмыс істейтін. Бір жылдан кейін олардан қалғаны 3 мың ғана, қалған 12 мыңы өлді», - дейді Ташкент қаласында тұратын неміс ұлтының өкілі Иоган Фрезе [10].

Сонымен бірге еңбек армиясына жіберілгендердің ауыр азапты жылдардағы бір-біріне тіреу болғаны турасында мынандай оқиғалар да кездеседі. «... Многие женщины сами отправились вслед за мужьями и помогали им выжить. Одной из таких «немецких декабристок», например, стала жена академика Бориса Викторовича Раушенбаха – Венера Михайловна, добровольно последовавшая за своим мужем в Тагиллагерь» [11].

Сол сияқты, Фрунзе қаласының тұрғыны Челябметаллургстройдың № 7-ші құрлыс отрядында жұмыс істеген Вернер Штриц «... күніне 100 адам өліп отырды», - деуі адам төзгісіз талаптар мен қатігездіктер жүргізілгендігін көрсетеді [12].

Барлық дерлік қайнаған ауыр жұмыстың ортасына, басқа қоныс аударылғандарға қарағанда әсіресе неміс ұлтынан болса, әйел, бала, қарт демей бірінші жіберіліп отырды.

Академик М.Қ.Қозыбаевтың Еңбек армияшылардың I съезінде (Немецкая газета. Апрель. - 1995. № 13.) еңбек армиясындағыларға қолданылған қатал тәртіптің орын алғандығын тың деректермен баяндайды.

Көмір және мұнай кәсіпорындарына 1942 жылы 7 қазанда неміс әйелдері мен ерлері жіберілсе, ал 1943 жылдың күзінде шахталарға немістердің 15 жастағы жасөспірімдері мен әйелдері алынды. Жастар арасында жұмыстың ауырлығынан қашу көп болды. Оларды қашқаны үшін 7 жылдық қатаң тәртіпті жұмыстарға жіберді және де барлық немістерге ерекше тексерулер қойылып, қатаң түрде күзету,

бақылауды жан-жақты ұйымдастыру үшін, мыналар ұсынылды: колонадан тыс тұрып жатқан немістерді коллона ішіне кіргізу, яғни адамдар тұратын тұрғын үйдің айналасы қоршалып, онда ГУЛАГ-тың әскери қызметшісі жүретіндей болуға тиіс; алаңның ішіне таңғы және кешкі тексеруде кіріп-шығу, қатаң тәртіппен пропускі арқылы жіберілді, ал үйдің ішінде жүріп-тұруға тиым салынбады. Сонымен бірге ішкі тәртіпті бұзғаны үшін, отряд, колонна бастықтарымен бригадирлердің айтқан жұмыстарын орындамағандары үшін, жұмыста белгіленген норманы орындай алмағаны және лагердің, колоннаның бір заттарын жоғалтқандары үшін, немістерге мынандай айыптар тағылды:

а) жеке басына сөгіс және ескерту,

б) қатар (строй) алдында сөгіс,

в) ақшадай айып-пұл,

з) тәртіпті бұзғаны үшін 20 тәулікке дейін қамау,

е) қатаң жазалау, 10 тәулікке дейін қамауда ұстау. Қамауда ұстағандардың қаржысы, сол азаматтардың еңбек ақысынан ұсталып отырды.

ж) сотқа беру.

Ал қатаң тәртіппен қамауға алынған адам жеке камерада отырады, жұмысқа шығарылмайды.

- тақтай үстінде ұйықтайды.

- ыстық тамақ бір күннен кейін беріледі.

- ыстық тамақ берілмеген уақытта, оған шай, нан, су беріледі.

- далаға шығару бір рет, мерзімі 30 минуттан, оларды қарулы күзетшілер ертіп шығарды [13].

Бұл бұғаудан немістер Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін ғана бостандық алды. Бірақ бұнымен олардың азапты өмірі аяқталды деу ертерек еді. КСРО немістері 20-80 жылдар аралығында көптеген өзгерістер мен жанкешті жаңалықтарды басынан кешірді.

Бұндай жағдайдан Қазақстан халықтары да «ұмыт» қалған жоқ. Онда еңбек армиясына Орал, Сібір, Орталық Ресейде құрылыс объектілерін салуға 700 мыңнан астам қазақстандықтарда еңбекпен түзеу колонналарына шақырылды [14].

Еңбек армиясында еңбек етіп жүргендердің әрқайсысынан өз еңбектеріне деген құштарлықты, қажеттілікті талап етті, алауырған жағдайда қарапайым дәрігерлік көмектер де берілмеді. ХКП-нің шақыруымен еңбек армиясынан бас тартқандар немесе қашқандар кездесе, оларға сот үкімі, яғни соғыс заңы бойынша ату жазасы берілді.

Мұның бәрі берілген жоспарды орындау барысына байланысты болды. Әдейі қоныс аударылған халықтар мұндай жағдайларға төзе алмай, аштықтан, суықтан, түрлі аурулардан өліп жатты. Мысалы, 1944 жылдан 1948 жылға дейін 101036 шешендер, ингуштер, балқарлар өлген [15].

Соғыс жылдарындағы күштеп қоныс аударылған халықты үкімет арзан-жұмысшы күші ретінде пайдаланды. Халық шаруашылығын қайта құру қысқа мерзім ішінде өндіріс базаларын орнату, шығыстағы алып құрылыстардың орын алуы, Кеңес армиясын керекті құрал жабдықтармен, қарумен қамтамасыз ету, барлық халықты елін қорғауға жұмылдыру Кеңес Одағының жеңісінің айғағы болды. Мұндай қантөгіспен көп адамның өмірін жою, алыста ұзақ арпалыспен келген жеңіске және де соғыстан кейінгі қираған шаруашылықты қайта қалпына келтіруге-еңбек армиясына қатынасқандардың да қосқан үлесі зор.

Еңбек армиясы 1942 жылдан 1946 жылдар аралығында жүргізілді. Еңбек армиясындағылардың және немістердің ең негізгі қатаң режимі фашистердің Кеңес одағы жерінен тазартыла бастағаннан кейін, яғни 1944 жылға дейін созылды. 1945 жылы қазанда зоналардан күзеттер алынды, еңбек армиясындағылардың күн тәртібі және тұрмыстық жағдайлары басқа жұмысшылар сияқты жалпы режимге көшірілді. Ал 1946 жылы 5 және 8 қаңтарда ХКП бұйрығымен лагерлер жойылды, онда болған қудаланған халықтар жатаханаларға ауыстырылып, отбасыларын тұрақтап қалған және жұмыс істеп жүрген жерлеріне көшіріп әкелу құқығы берілді.

Бүгіндері Кеңестік еңбек армиясында, жазалау лагерлерінде, еңбек колонналарында қанша адам жіберіліп, өлгендігі туралы арнайы құжаттар мен деректер сақталынбаған. Онда өлгендердің тізімі немесе олар туралы жеке қағаздары, жерленген жерлері де белгісіз, ашылмаған күйінде қалып отыр [16].

1946 жылы еңбек армиясындағылар колонна жұмысшыларынан арнайы жер аударылғандар статусына ауыстырылды. Бірақ, сол жұмыс орындарында мәңгі қалдырылды, яғни олардың кейінгі жұмысқа пайдалану жағдайы халық шаруашылығындағы әрқалай еңбек түрлерімен жалғасып жатты.

Жер аудару Қазақстанды тауар өнімдері мен азық-түліктің күрт азайып кеткендігінің айғағы болды. Соғыс кезінің қиыншылықтарына қарамастан Қазақстанның тұрғылықты халқы соғыс жылдарында күштеп қоныстандырылғандарды тығырықтан шығуына, аман қалуына барын аямай көмек көрсетті. Қазақстан соғыс ошағына негізгі керек-жарақтарымен қамтамасыз етіп тұрды. Осы орай-

да ұмыт қалған немесе ескерілмей келген еңбек армиясы мен оған қатысушыларды еске алу және тоталитарлық режимнің содырлықтарын қатал сынға ала отырып еңбек армияшылар съезі (1995 ж., 1997 ж.) ұйымдастырылды.

Академик М.Қ. Қозыбаев Қазақстанға әдейі әкеп шоғырландырылған халықтар саясатына жасалынған сан қырлы мәселерін Отан тарихына қатысты жаңа пайымдаулар мен тыңғылықты зерттеулер жүргізіп, ақиқатты қалпына келтіруде елеулі жұмыстар атқарды. Бүгіндері академик М.Қ. Қозыбаев жеткізген пайымдаулар мен ақиқаттар өз жалғасын табуда. Олардың кейінгі болашағының дамуының дағдарысына тиген үлкен соққылар жан-жақты талданып, жер аударылған халықтардың Ұлы Отан соғысы кезінде еңбек армиясы мен соғыстан кейінгі кезеңдері халық шаруашылығын өркендетуге, еліміздің ғылым және мәдени саласына жан аямай істеген еңбектері және ерте жастан еңбекке араласқан уақыттары ескеріліп, бағалануда.

Әдебиеттер

1. Козыбаев М.К. «Материалы круглых столов» и семинаров. – Алматы, 1996. – с. NeyesLeben. Nr.7. S.8.
2. Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря на территории Казахстана (1930-1956 г.г.): дисс. ... д.и.н. – Алматы, 2002. – С.11.
3. Әбдәкімов Ә. Тоталитаризм: күштеп қоныс аудару және зиялыларды қуғындау. – Қарағанды, 1997. – 26-б.
4. Алдажұманов Қ.С. Күштеп көшіру: жымьсық саясат, басқыншылық әрекет // Қазақ тарихы. - 1997. - № 7. - 34-б.
5. Мобилизовать немцев в рабочие колонны... И. Сталин 1940-е годы. - Москва. 1998. – С.10.
6. На вечное жительство. - Астана: Общество немцев «Видергебурт», 2003. - С. 43-44.
7. Земсков В.Н. Заключение, спецпоселенцы, ссыльно-поселенцы, ссыльные и высланные // История СССР. - 1991. - № 5. - С.152-165.
8. Немецкая газета. - 1995. - апрель.
9. Шевченко О. Бойцы лагерной армий // Доживем до понедельника. - 1995. - 7 апрель. - С. 10.
10. Фитц А. Боль в наследство советские немцы: история через судьбы. - Ташкент. -1990. - С. 40.
11. Ауман В.А. Две жизни – одна судьба. - М.: Брайтенарбайт, 2004. - С. 22.
12. Фитц А. Боль в наследство советские немцы: история через судьбы. - Ташкент. -1990.– С.40.
13. Қозыбаев М. Еңбек армиясындағылар отанын қорғау жолында // Доче Альгемайне. – 1995. - № 216.
14. Қозыбаев М. Еңбек армияшылардың I съезінде // Немецкая газета. - 1995. – апрель. - № 13. - С. 3.
15. Алексеев А.Н. Сельское население Казахстана 1920-1990 гг. - А.1994. - С. 25.
16. Штраус А. Два периода в трагических судьбе советских немцев. - Бишкек: Илим, 2000. - С. 11.

ЖАППАСОВ Ж.Е.

т.ғ.к., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ

«ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ...» - XIX Ғ. СОҢЫ МЕН XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕГІ РЕТІНДЕ

Қазақ халқының Кеңес үкіметі орнағанға дейінгі сақталып келген ру-тайпалық құрылымының тамыры тым тереңде жатқаны баршамызға мәлім. Бірақ дәстүрлі рулық-тайпалық құрылым адамзат арасында жік тудырып, ұлтшылдыққа, жікшілдікке алып келеді деп тоталитарлық режим бұл мәселені тереңнен зерттеуге тыйым салды. Бүгінгі тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі жағдайда тарихымызды жаңаша концептуалдық ұлттық тұрғыда зерделеудің қажеттілігі, бұл мәселені де зерттеу аясынан шығарған жоқ. Қазақстан республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев «Өз руын, тайпасын, ата-бабасын жеті атасына дейін білу әрбір қазақтың ру аясындағы міндеті және сол білігі арқылы өз халқының дәстүрін сабақтастырып отырудың шарты болған. Мұның өзі қазақтардың этникалық ерекшелігін танытып әрі орнықтырып отырған, тағдыр тәлкегінде тегінен көз жұмып қалмауға және ассимиляцияға түспеуіне себепші болған»[1, 32-33 бб.], - деп әрбір қазақ өзінің шыққан тегін, ата-бабасын білуі қажеттілігін негіздеген.

Кеңестік жүйеге дейін қазақтың әрбір руының өзіндік ата-қонысы, шаруашылықтық көшу жолдары, ел басқарған ру басылары болған. Бірақта қазақ халқының сол кезеңде өмір сүрген ру-тайпалар тарихы туралы толық әрі жүйелі жазылған еңбектер жоқтың қасы. Тек бүгінгі таңда өз ата-бабаларының төл тарихына ғылыми тұрғыда зерттеп, баға беруге кіріскен «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының қажырлы еңбегі мен ізденісінің арқасында біраз ру-тайпаларымыздың жүйелі әрі ғылыми дәйектелген еңбектері жарық көруде.

Біз төл тарихымызды, қоғамымызға тән дәстүрлі рулық-тайпалық құрылымымызды зерттеп, ғылыми тұрғыдан тану үшін міндетті түрде жазбаша, ауызша, археологиялық деректерге сыни талдау жасап, объективті төл-тума тарихымызды қайта жаңғыртуымыз қажет.

Қазақтың ру-тайпалық құрылымы мен этникалық тарихын зерттеген М.Мұқанов: «Қазақтардың рулық-тайпалық құрылымына талдау жасаудың бір мәні сонда, ол – қазақ шежіресінің маңызды тарихи деректемесі екенін де көрсетеді. Мәселен, әр түрлі таксономиялық жіктерді зерделей келіп, белгілі бір рудың өмір сүрген уақыты мен ата қонысын, рулар арасындағы өзара қатынастарды анықтау үшін; сондай-ақ қазақ қоғамындағы туыстық байланыс мәселелері мен соған байланысты аталық әулеттердің тарау, тармақталу құбылыстарын және тұтастай алғанда революцияға дейін үстем болып келген патриархалдық-феодалдық қатынастардың мәнін ашу үшін рулық-тайпалық құрылымдарды зерттеудің ғылым үшін орасан зор пайдасы бар»[2, 146 б.], - деп айтқан болатын. Сондықтанда бұл мәселені ХІХ ғ. соңы - ХХ ғасырдың басында пайда болған «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» дерек көзін талдау арқылы зерделеудің бүгінгі таңда маңызы зор.

ХІХ ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасырдың басы қазақы дерек көздерінің маңызды бір саласы – жазба шежіресі дәстүрінің қалыптасу кезеңі болды. Ауызша дерек көздерді жазба нысанға көшіру ісі М. Көпеев, Ш. Құдайбердіұлы, Н. Наушабаев, Қ. Халид, М.Тынышпаев, Ә. Бөкейханов сияқты ғалымдардың ғылыми-шығармашылық қызметімен тікелей байланысты болды. Олардың қалдырған бай мұрасын «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» дерек көздерінде сақталынған мәліметтермен салыстыра талдау деректің шынайылығы мен тарихи оқиғалардың объективтілігін дәлелдей түседі. Сонымен қатар ілгеріде әртүрлі баспалардан өздерінің жинап-тергендерін жариялаған шежірелік кітаптардың да маңызы зор. Оларды деректанулық талдаудан өткізіп, дұрыс-бұрысын айырып, зерттеулерде пайдалануға болады.

Жалпы қазақ халқын құраған ру-тайпалар XV-XVI ғғ. қай өңірлерде өмір сүрсе XVIII-XIX ғғ. да сол аймақтарды мекендеген[3, 22 б.]. Біз осы принципті жағдайды негізге ала отырып, ХІХ ғ. соңы - ХХ ғ. басындағы ру-тайпалардың атаулары мен орналасуына «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» бойынша деректанулық талдау жасамақпыз.

А. Левшин 1832 жылы жарияланған өзінің танымалы «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегінде «леть через 100 большая часть вычисленных нами названий отраслей Киргизскаго народа останется только в наших архивах и в памяти немногих стариков», - деген екен, ал «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» дерегінде Ресейдің бұл ойлағандары іске аспағандығын былайша жеткізеді: «Со времени написания этих слов прошло уже более 80 лет, и жизнь показала иное. Не старики только, а все взрослые киргизы-казаки превосходно знают, кь какой орде, роду и его подразделению они относятся. Местные исследования Переселенческаго Управления техъ районовъ, где обитають киргизы-казаки, зарегистрировали и опубликовали несколько вариантовъ общихъ родовыхъ схемъ казачьихъ ордъ и целый рядъ детальныхъ схемъ отдельныхъ ветвей родословной и дали материалъ кь исправлению и значительнымъ дополнениямъ составленной А.Левшинымъ схемъ»[4, 15 б.], - деген болатын. Бұл бір жағынан біздің ата-бабаларымыздың өз шыққан тегін ұмытпай, атадан балаға жеткізіп отырған дәстүрлі мұрасы болса, екінші жағынан А. Левшиннің сөзі империяның отарлау саясатында қазақ халқының ру-тайпалық құрылымын ұмыт қалдыруға тырысқан әрекеттерінің дәлелі бола алады. Мұндай мәліметтерді жинау қазақтардың тарихы мен тұрмысын, этнографиясын зерттеу үшін құндылығын зерттеушілер жасырмай жазды.

Одан әрі қазақтар арасында ру-тайпалық құрылымның рөлі туралы: «Родовой строй еще очень силен в среде киргизь-казаконъ и, хотя неизбежный, не скоро еще в полной мере совершится переходъ казаконъ на положеніе оседлаго народа. Брачные союзы, калымъ, кунь, судъ, выборы туземной администраціи, группировка населенія вь аулы и волости, земельныя отношенія между соседними аулами, летнія передвиженія населенія на джайляу, - все это большею частью имеет своимъ основаніемъ родовыя отношенія отдельныхъ группъ населенія, иногда выявляетъ исторически сложившійся антогонизмъ ихъ или, наоборотъ, известную уступчивость и добрососедскія отношенія, исходящія изъ сознаниа общности интересовъ своего рода»[4, 15 б.], - деп зерттеушілер қазақ қоғамында ру-тайпалық құрылымның әсерін, рулар тарихын жан-жақты зерттеуге құлшыныс танытқан.

Қазақстанның ежелден бергі тұрғындары қазақтар Евразияның ірі көшпелі және түркі тілдес халықтарының бірі болып табылады. ХІХ ғ. соңы - ХХ ғасырдың басында Қазақстан территориясында

мекендеген қазақ халқының саны 1897 ж Ресей империясының бірінші жалпы халықтық санағының материалдары бойынша 3392751 адамды құрады.

Қазақтар үш Ұлы, Орта, Кіші жүзден құралатыны баршамызға мәлім. Жүздердің өзінде әрқайсысы өзіндік ерекшеліктері бар ру-тайпалық құрылымдардан құралады. Ол тайпа, ру, ұсақ топтар мен тармақтар. Бұл туралы деректе: «В свое время киргизы делились на три орды: большую, среднюю и малую. Каждая орда имела своих ханов, вела до известной степени обособленную жизнь и занимали определенные места кочеваний»[5, 59 б.], - делінген.

Бұл жүздердің құрамындағы ру-тайпалардың дәстүрлі көш-қоны, орналасқан мекендері болды. Мәселен Ұлы жүз қазақтары Жетісу, Іле өзені аңғарында, Жоңғар, Іле Алатауы мен Қырғыз, Қаратау бөктерінде, Шу мен Талас, Сырдария өзендерінің жоғарғы және орта ағысы бойында орналасқан.

Орта жүз қазақтары орталық, солтүстік және шығыс Қазақстан территориясында және оңтүстіктегі Сырдария өзенінің орта ағысында қоныстанған. XIX-XX ғғ. Орта жүз қазақтарының саны шамамен – 1300-1350 мың болды. Олар Қыпшақ, Арғын, Найман, Керей, Қоңырат, Уақ тайпаларының бірлестігінен құралған.

Кіші жүз қазақтары батыс Қазақстандағы Ырғыз, Тобыл, Торғай мен Каспий теңізінің шығыс бөлігі және Оралдың төменгі, Сырдарияның орта және төменгі ағысын мекендеді. Кіші жүз қазақтары үш ірі бірлестіктерден құралды: Әлімұлы, Байұлы, және Жетіру.

Жалпы көптеген деректерде қазақтардың облыс, уез бойынша жалпы саны беріледі де, ал олардың ру-тайпалық құрылымы, саны мен орналасу ареалы туралы мәліметтер кез-келген деректе кездесе бермейді. Осы тұрғыдан алып қарағанда «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» сақталған мағлұматтардың маңызы мен құндылығы жоғары болып келеді.

Ең алдымен «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы қазақтардың ру-тайпалық құрылымы туралы мәлімет беріп қана қоймайды, дерек көзінде сонымен қатар, II, VI-XII, XIII-XVIII ғасырлардағы тарихы, тарихи тұлғалары туралы біршама мәліметтер сақталынған. Мәселен, Сырдария облысы, Әулиеата уезінің жергілікті халқына арналған 2-тарауда: «Еще в II веке до Р.Хр. около озера Иссык-куль и вь верховьяхь Чу обитали народы саки, геты (юечжи), усуни. В VI в. по Р. Хр. сюда пришли изь Алтая тюркскія племена, объединенныя общимь именемь тукіу, которыя вь конце этого века образовали здесь, на месте бывшаго расположенія усуней, западно-тюркское государство, со столицей Суябь (вблизи настоящего местоположенія г. Токмака)», - делінген. Одан әрі қарай зерттеушілер Шу мен Талас бойындағы араб, саманид, қарлұқ, қараханиттерге жалпылама тоқталып, тарихи қалалар туралы біршама мәліметтер қалдырған. Онда: «Қараханиттер әулеті билеген кезеңде Шу өзені бойында Баласағұн қаласы салынғаны белгілі. Оның нақты қай жерде орналасқаны туралы белгісіз, бірақта Шу өзенінің жоғарғы ағысы бойында, Алатау тауларына жақын жерде орналасқан деп топшылауға негіз бар. XI ғ. Баласағұнда түрік тайпаларынан шыққан қарақытайлар жаулап алған», - деп, ежелгі қала туралы айтылған. Деректе осыдан кейінгі моңғолдардың басшысы Шыңғыс хан, Әмір Темірдің жорықтары туралы жалпылама XV ғ. дейінгі шолулар жасалынып, Қазақ хандығының құрылуы туралы да біршама айтылған. Онда: «Даланың шығысында (Дешті-Қыпшақтың) көшіп жүрген түркі-моңғол тайпалар XV ғ. ортасында екі топқа бөлінді. Батысындағылар өзбек атауын алып, Темір әулетінің иелігін жаулап алды, ал шығысындағылар Жетісу мен Шу өзені аңғарын иеленді, онда түрлі моңғол тайпаларының күшеюімен, қырғыз-қайсақ одағы құрылды»[4, 12-13 бб.], - деп қазақ ордасының құрылу тарихын баяндайды. Деректің Әулиеата уезіне арналған жеке томында да Қазақ хандығының құрылуы туралы осылайша баяндалып, соңында «...оның қалдықтарынан (Қазақ хандығының) үлкен, орта және кіші орда құрылды», - деп 18 ғасырларда Ұлы, Орта, Кіші жүздер пайда болып, қазірге дейін өміршең екендігі баяндалған[6, 48 б.].

Наймандардың шежіресі мен тарихына қатысты зерттеу жүргізген Ә.Марғұлан 1930 ж жарық көрген «Найманы» атты мақаласында осы руға байланысты халық арасынан жинастырған мағлұматтарын қазақтың зиялы азаматы М.Тынышпаевтың, Ф.А.Щербина экспедициясының материалдарымен салыстыра талдаған. Автор Найман тайпасының шежіресін, ру-тайпалық жүйесін, қоныстануын зерттей отырып: «Между Щербинскими таблицами и нашей записью особенного расхождения нет», - деп тұжырымдайды[7, 330-332 бб.].

Кесте 1 – «ҚЖПМ» бойынша Сырдария облысындағы Орта жүз Найман руларының қоныстанған территориясы

Ру атауы	Наймандардың қоныстанған территориясы	
	Уезд	Болыстар мен қоныстанған өзен-көлдердің атауы
Найман	Шымкент	Қошқарата болысы Тастыбұлақ басында, Ақтөбе болысы Сыр өзені аңғарындағы Сызған, Шернак, Қаратөбе, Разды Ата жерлері мен Қарашық, Ашылған өзендері, Шошқакөл аңғарында мекендеді. Бұржар болысында Арыс, Ақсай өзені аңғарында Бұржар, Қаражантақ, Текесу қыстаулары мен Маятас, Асыл арығы және Шұбар, Ақдала, Құлмырза молда деген жерлерде
	Перовск	Қараөзек болысы Болтай, Тереңөзек қыстаулары мен Айман арығы, Қараөзектің Болтай сағасында. Приречная болысы Сыр бойында Алмалы, Бестоғай, Есекбел, Сорқұдық, Шақшатай қыстаулары. Скобелев болысы Қаракөл, Жаман, Шиелі, Сорқұдық, Татай көлдері мен Шиелі арығы бойында.Телекөл болысы Тұранкөл, Қарамола, Төрежан, Ортаукөл, Сабанкөл, Жөкенкөл, Шартақкөл, Жұмалақ көл, Ащыкөл мен Сарысу өзені аңғарында көшіп-қонған.

Петропавл уезіндегі рулардың орналасуын «ҚЖПМ» былайша суреттелген: «Славным представителями рода Аргын в уезде является род Атығай (он же Даут), занимающий почти всю восточную часть уезда. Цельность территории этого рода нарушается владениями небольшого рода Караул, узкой полосой с севера на юг прорезывающими территорию Атыгаевцев (7-е аульн. община. Таинчинской волости. и 10-е аульн. община Петропавл. вол.). Кроме того, владения того же рода располагаются в крайней восточной части уезда, между владениями рода Атығай и Уак. Местонахождения владений третьяго Аргынского рода, Канджигалы, было уже указано (Средняя волость)»[8, 67-68 бб.], - деп одан басқа Қаракесек пен Қаржас руларында өздерінің жеке территориясы болмағандықтан, олар Полудень болысындағы казактар мен кара шекпенділерден арендаға жер алып отырғаны баяндалады.

Сонымен қатар статистикалық деректің мәліметтерінде Арғынның Атығай руларының ішкі құрылымы жайлы мәліметтер кездеседі. Ол бойынша Атығай 12 рудың бірлестігінен тұратындығы айтылып, оларға : Баба, Бағыс, Майлы, Балта, Бабасын, Сүйіндік-Қара, Құдайберді-Бәйімбет, Ақ-Киік, Қойлы-Атығай, Құлансу, Қадыр, Атығай рулары жатқызылады[8, 97 б.].

Кесте 2 – Петропавл уезіндегі рулардың ауыл мен шаруашылық сандары туралы мәлімет («Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» бойынша)

№	Рудың атауы	Ауыл саны	Шаруашылық саны	Шаруашылықтың % өлшемі
1	Арғын	547	4423	38,8 %
2	Керей	509	4380	38,5 %
3	Уақ	221	2260	19,8 %
4	Қыпшақ	35	252	2,2 %
5	Басқалары	6	84	0,7 %
6	Барлығы	1318	11399	100 %

Сонымен қатар деректе осы уездердегі жалпы Ұлы, Орта, Кіші жүздердің саны туралы мәліметтер берілген.

Кесте 3 - Әулиеата мен Черняев уездеріндегі үш жүздің жалпы саны [4, 13 б.]

№	Қырғыз-казактар	Әулиеата	Черняевск	Барлығы
1	Ұлы жүз	7385	114	7499
2	Орта жүз	626	201	827
3	Кіші жүз	-	1293	1293
4	Төре мен төленгіт	-	45	45
5	Барлығы	8011	1653	9664

Демек, «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» дерегінде кездесетін ру-тайпалық шежіре-

кестелердің де маңызы мен құндылығы жоғары. Олар зерттеушілердің ойынан алынған дүние емес. Білімді де беделді, көпті көрген, көпті білген көнекөз қариялар мен ауылды басқарған ақсақалдардан сұрап жазып алынған. Бір қызығы әрбір рудың көсемі өз руының шежіресін таратып беріп, зерттеушілер олардан басқа бір рудың шежіресін сұрағанда, шатастырармыз деп, басқа рудың тарихын айтудан бас тартқан. Бұның өзі дерек көзінің құндылығын жоғарылататына сөзсіз. Өйткені, әркім өз руы мен көрші қандас рулардың шежіресін жақсы білгенімен, басқа рулардың тарихын білмеуі немесе кейбір маңызды оқиғаларды ұмытып қалуы мүмкін. Сондықтанда мұның өзі шежіре-кестелердегі мәліметтерді әлі де болса басқа да неғұрлым объективті деректермен салыстыра талдауды қажет етеді. Біз зерттеу жұмысымызда барлығын түгелімен қамтып шықтық деуден аулақпыз. Бұл өте ауыр әрі күрделі жұмыс болғандықтан болашақта да зерттеуді қажет етеді.

Қорыта келгенде «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» ру-тайпа бірлестігінің тарихы баяндалған мәліметтердің маңызы өте зор. Олардың қазақ тарихын терең зерттеп, зерделеуде, халқымыздың өткенін этникалық, саяси, тарихи тұрғыда толықтырып, байытудағы орны ерекше. Бұл деректен:

- қазақтардың әлеуметтік тарихынан;
- этнографиясынан;
- ру-тайпалық құрылымынан;
- рулардың қоныстануы мен көшіп-қонуынан құнды әрі объективті мәліметтер алуға болады деп тұжырымдауға болады.

«Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» дерек көзін талдай отырып әр облыс пен уездегі қазақ қоғамының ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктерін байқау қиын емес. Бұл деректе сақталған мәліметтер бойынша сонау XIX ғасырдың соңындағы - XX ғасырдың басындағы қазақтардың күрделі этникалық жүйесі мен қоныстануының біршама толық суретін көруге болады. Дерек бойынша ру-тайпалардың Қазақстан территориясына орналасуы бүгінгі күнгімен салыстырғанда көп өзгеріске ұшырамаған.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
2. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында / Құраст. Ә.Пірманов / – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 бет.
3. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. - Тама. - 1 том. - Екінші кітап. - Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2005. – 648 б.
4. Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. – Ташкент: Типо-Литография В.М. Ильина, 1915.
5. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. - Под. ред. Ф.Щербина. - Т. I. - Акмолинская область. - Кокчетавский уезд. - Воронеж, 1898. – 1041 с.
6. МКЗ. - Аулиеатинский уезд. - Ташкент, 1911. – 699 с.
7. Маргуланов А. Найманы. // Казаки. Сборник антропологического отряда Каз.эксп. АН СССР. Исследование 1927 г. – Ленинград, 1930. – 329-334.
8. МКЗ. - Т. XII. - Акмолинская область. - Петропавловский уезд. - Чернигов, 1908. – 600 с.

ДУЙСЕН Г.М.,

д.эконом.н., зам. директора
Института востоковедения
им. Р.Б. Сулейменова КН МОН РК
(г. Алматы)

РЕГУЛИРОВАНИЕ РЕГИОНАЛЬНОГО ТУРИЗМА И РЕКРЕАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ

Формирование регионального туризма должно ускорить создание конкурентной среды, определить эффективные направления инвестирования, активизировать внешнеэкономическую деятельность, занять должное место на мировом рынке туристско-рекреационных услуг. При этом вследствие необходимости соблюдения особых требований оживление хозяйственной деятельности не нанесет никакого ущерба экологической обстановке региона.

При разработке системы методов регулирования регионального туризма необходимо, на наш взгляд, исходить из следующих методологических положений.

Во-первых, социально-экономическое развитие регионального туризма и рекреационной сферы осуществляется в соответствии с законами расширенного воспроизводства, следовательно, воспроизводственный аспект является основополагающим.

Во-вторых, с развитием рыночных отношений действие вертикальных связей и зависимостей ослабевает, и все большее значение приобретают горизонтальные связи, формирующиеся под влиянием воспроизводственных циклов с высоким уровнем локализации.

В-третьих, управление развитием и функционированием регионального туризма относится к компетенции территориальных органов.

В-четвертых, эффективное регулирование регионального туризма невозможно без соответствующей материально-технической и финансово-экономической базы.

В-пятых, приоритет должен быть отдан экономическим методам, чтобы местная администрация, не вмешиваясь в производственную и социально-экономическую деятельность предприятий индустрии туризма, смогла добиться их активного участия в решении проблем экономического и социального развития региональной системы.

Необходимо отметить, что региональный туризм является сложной формой, напрямую участвующей в воспроизводстве рабочей силы и обладающей специфичным хозяйственным механизмом. Основу регулирования регионального туризма должны составлять предприятия индустрии туризма как база общерегиональной инфраструктуры социального и производственного назначения.

Регулирование развития регионального туризма предусматривает гибкое сочетание различных экономических методов и выбор теории, руководствуясь которой следует принимать решения.

Основной целью регулирования регионального туризма и рекреации является удовлетворение спроса, как иностранных граждан, прибывших в Казахстан, так и отечественных туристов, число первых составило в 2011 г. 5685132 человек, из них число туристов-нерезидентов, обслуженных туристскими фирмами составило 36096 человек, или 0,6% к числу прибывших иностранных граждан.

Важной составляющей в развитии регионального туризма являются места отдыха, предполагающие наличие лечебных факторов, живописных ландшафтов, инфраструктуры. К ним относятся санатории, дома отдыха, пансионаты. В настоящее время многие санатории, находившиеся во введении отраслевых профсоюзов, акционировались, либо перешли в частную собственность. Это, с одной стороны, дало возможность развиваться самостоятельно и предоставлять широкий спектр лечебно-оздоровительных услуг, с другой, многие санатории пришли в упадок и вынуждены были закрыться.

Динамика развития санаторно-курортной сети за период 2006-2010 гг. представлена в таблице 1.

Таблица 1 – Деятельность санаториев и пансионатов Казахстана в региональном разрезе в 2006-2010 гг.

Регионы	2006 г.		2007 г.		2008 г.		2010 г.	
	число ед.	Кол. облсл., чел.	число ед.	Кол. облсл., чел.	число ед.	Кол. облсл., чел.	число ед.	Кол. облсл., чел.
Республика Казахстан	128	260784	127	263356	101	133821	121	218905
Акмолинская	11	34084	11	41543	3	5001	9	38637
Актюбинская	9	11313	9	8812	7	6328	6	4898
Алматинская	11	27560	11	27723	11	29292	24	13453
Атырауская	6	3673	6	3380	4	2952	4	3651
Восточно-Казахстанская	11	8408	10	6002	8	5189	8	5498
Жамбылская	6	11337	7	11506	10	9204	4	4095
Западно-Казахстанская	4	2786	4	2966	3	2202	4	5071
Карагандинская	20	34515	20	30441	17	18762	19	25096
Костанайская	8	15434	7	16691	4	15413	7	17207
Кызылординская	4	11425	5	12465	2	856	4	15154
Мангистауская	1	215	1	191	1	169	1	174
Павлодарская	5	10126	5	10993	5	2555	5	9148
Северо-Казахстанская	3	75	3	582	3	841	3	2345
Южно-Казахстанская	18	51235	18	49668	12	20714	12	36049
г. Алматы	11	38598	10	40393	11	14343	11	38429

Составлено и рассчитано автором по статистическим сборникам за 2006, 2007 гг. и 2010 годы [1, 2, 3].

Таким образом, деятельность санаториев и пансионатов отчетливо показывает превалирование Алматинской области и г. Алматы (28,1% всей численности санаториев и 23,7% всего количества обслуженных отдыхающих по республике). Это объясняется как наиболее благоприятными природно-климатическими условиями юго-востока Казахстана, так и проживанием населения с наибольшей покупательской способностью в этом регионе страны. Необходимо отметить также историческое значение г. Алматы в формировании основ санаторно-курортного обслуживания в республике. В целом ситуация в рекреационной сфере указывает на необходимость возрождения некогда известной славы курортов Казахстана по различным ключевым направлениям.

Основную долю дохода от реализации продукции (работ и услуг) в сфере туризма в 2011 г. 68232,7 млн. тенге принесли гостиницы и прочие места для проживания, что составляет 53,7 % от общего дохода в туризме.

Количество гостиниц и прочих мест размещения в 2011 г. составляло, по данным Агентства Республики Казахстан по статистике, 1 642 единицы, в том числе 1066 гостиниц, из них 14 гостиниц имели статус 5-звездочных, 53 гостиница 4-звездочные, 91 – 3-звездочная, но большинство гостиниц – 873 – без категорий, последние составляют 81,9% от всего количества гостиниц в республике (таблица 2).

Таблица 2 – Распределение объектов размещения по формам собственности в Казахстане

Формы собственности	2004 г.	2006 г.	2008 г.	2010 г.	2011 г.	% к итогу
Всего, единиц	273	465	528	677	1 642*	100
в том числе по формам собственности:						
государственная собственность	21	27	27	40	24	1,5
частная собственность	235	406	471	604	1 516	92,3
из нее:						
собственность совместных предприятий с иностранным участием	18	41	70	68	70	4,3
собственность других государств, их юридических лиц и граждан	17	32	30	33	32	1,9
Примечания: 1. Составлено и рассчитано автором по источнику [1, с. 58].						
2. * - данные с учетом индивидуальных предпринимателей.						

При этом нужно учитывать тот фактор, что из 1 642 гостиниц и иных средств размещения 24 являются государственной собственностью, что составляет 1,5%. 1516 гостиниц и прочих мест размещения (или 92,3%) находятся в частной собственности, 32 гостиницы являются собственностью других государств, их юридических лиц и граждан, что составляет 1,9% от всех средств размещения. То есть, 1586 гостиниц и прочих мест размещения являются собственностью бизнесменов Казахстана, из которых 70 гостиниц, или 4,3%, являются совместной собственностью с иностранным участием.

При рассмотрении вопросов государственного регулирования регионального туризма важно учитывать межотраслевые связи в регионе.

Решение проблем, связанных с развитием регионального туризма, невозможно без межотраслевой и межрегиональной координации действий, концентрации ресурсов и их использования в соответствии с логикой достижения поставленных целей. Чтобы реализовать принцип целевого управления, необходимо использовать программно-целевой подход к разработке и внедрению системы мероприятий, регулирующих региональный воспроизводственный процесс.

Одной из составляющих форм региональных комплексных программ является программа формирования рекреационной зоны с целью привлечения иностранного капитала и выхода на мировой рынок рекреационных услуг. Создание рекреационной зоны означает возможность:

- для иностранного инвестора – снизить риски ведения бизнеса в условиях повышенной нестабильности;
- для правительства страны – оказать покровительство отечественной рекреационной индустрии;

- для населения, живущего на территории рекреационной зоны, – поднять уровень своих доходов, получить новую работу, приблизиться к стандартам жизни, характерным для развитых стран;
- для самой территории – получить инвестиции для развития экономики, укрепить финансовообразующие структуры региона [4].

К примеру, в целях развития туризма на уровне региона в Республике Саха (Россия) созданы туристские программы, привлекающие туристов. Это – круизы по р. Лена, природный парк «Ленские столбы», «Полюс холода» (среднемесячная температура января – 61С⁺), восхождение на священные горы Кисилях, экологические и этнографические туры, охота и рыбалка, тематические маршруты (алмазные и мамонтовые) и др. [5, с. 51].

Средством стратегического воздействия при регулировании регионального туризма может быть разработка и реализация территориальных программ по ключевым направлениям социально-экономического развития. Территориальная программа развития рекреационной зоны должна быть ориентирована на приведение в действие территориальных резервов повышения эффективности экономического потенциала, улучшение обслуживания туристов и как следствие – на повышение уровня и качества жизни населения.

Эффективность использования экономического потенциала региона может быть значительно повышена при наличии предплановых обоснований развития территорий, к которым относятся региональные прогнозы. Региональный прогноз представляет собой исследование перспектив развития района, имеющее предварительный характер и содержащее гипотезу о направлениях развития и будущем состоянии региона в целом и отдельных его составляющих. Он дает возможность оценить различные варианты развития региона на предварительной стадии. Региональному прогнозу должен предшествовать научный анализ экономических и социальных процессов и тенденций, динамики развития рекреационной инфраструктуры в предшествующие периоды.

Таким образом, разработка концептуальных положений регулирования развития регионального туризма позволяет сделать следующие выводы:

- решение задачи комплексного развития региона означает формирование таких соотношений и пропорций между отдельными элементами социально-экономического комплекса, которые создавали бы условия для эффективного включения региона в территориальное разделение труда и решения внутрирегиональных проблем, обеспечивающих последовательное продвижение в социальной сфере;
- механизм регулирования должен предусмотреть возможность постоянного контроля за развитием отношений, которые складываются между отраслями хозяйственного комплекса региона; состоянием производственной инфраструктуры; экономическими и демографическими процессами в регионе; экономической и финансово-кредитной сферой; экономическими и финансовыми потоками региона; ресурсным и экономическим потенциалом региона; экономическими и социальными процессами;
- формирование сервисной зоны или зоны услуг в рассматриваемом регионе, специализирующейся на оказании различного рода услуг, в том числе деловых и рекреационных, ускорит создание конкурентной среды, сформирует эффективные направления инвестирования, оживит внешнеэкономическую деятельность, поможет занять региону должное место на мировом рынке рекреационных услуг.

Местные органы управления должны сосредоточить свое внимание на процессах, которые не могут регулироваться рынком, чтобы не допустить нежелательных последствий в сферах, определяющих рекреационный потенциал региона – здравоохранении, экологии, культуре, жилищно-коммунальном хозяйстве, транспорте, связи. Используя бюджетный и налоговый механизм, а также систему субсидий, местные органы могут регулировать использование финансовых ресурсов, создавая условия для нормального инвестиционного процесса, развития рынка рекреационных услуг в регионе. По нашему мнению, экономическое регулирование, межотраслевое и межрегиональное перераспределение финансовых ресурсов достигаются взаимодействием субъектов регионального воспроизводственного процесса в соответствии с целями и задачами развития региона.

Рекреационные услуги, составляющие основу деятельности региона, по представлениям ряда авторов, имеют натуральную и денежную формы. Во-первых, рекреационная услуга есть экономическая категория, соответствующая определенной потребности. Во-вторых, на производство рекреационной услуги затрачивается определенная мера живого и овеществленного труда. В-третьих, общественная практика свидетельствует, что в условиях рыночных отношений потребность человека в рекреации становится реальной экономической потребностью лишь в том случае, если она обеспечена соответствующим доходом.

Многообразие видов отдыха, особенности их технологии, требующие особых средств отдыха, и характер используемых ресурсов определяют и разнообразие предприятий, обеспечивающих различные

виды отдыха. Их называют рекреационными предприятиями. Все эти предприятия и связанные с ними структуры образуют особую отрасль народного хозяйства – рекреационное хозяйство (рекреационный комплекс), главная задача которого – обслуживание отдыхающих как в месте, так и вне постоянного места их проживания.

Российский ученый А.С. Макекадырова предлагает следующие методы государственного регулирования туристской деятельности на национальном уровне, которые можно применять и в Казахстане, а именно:

- установление общих правил осуществления различных видов предпринимательской и иной экономической деятельности объектов туристской индустрии и контроля и надзора за ее осуществлением;
- установление особенностей создания, реорганизации и ликвидации субъектов туристской индустрии;
- разработка и реализация целевых, инвестиционных и других программ, концепций и проектов в области туризма;
- государственная поддержка приоритетных видов туризма и деятельности субъектов туристской индустрии;
- налоговое регулирование; государственный протекционизм; информационное обеспечение туризма [6].

Туризм и рекреационная деятельность на уровне республики или региона должны поддерживаться государством и, конечно, должны соответственно субсидироваться инвесторами, в том числе, возможно, и иностранными.

В этой связи А.А. Курочкина, О.А. Яброва предлагают к возможным методам стратегического регулирования эндогенного регионального развития отнести:

- прямое государственное регулирование; стимулирование сектора услуг;
- поддержку малого и среднего предпринимательства; создание специальных зон [4].

По их мнению, методы прямого государственного регулирования базируются на двух основных целях государственного вмешательства в развитие регионов:

Медицинские работники республики служили и в национальных частях и соединениях, сформированных в Казахстане. Так в конце 1941 года в Алма-Ате началось формирование 100-й казахской отдельной стрелковой бригады, явившейся одним из пяти национальных казахских соединений, созданных в годы Великой Отечественной войны. Комплектовались эти соединения в основном из добровольцев. В боевых действиях этой бригады под Ржевом наибольшее число подвигов совершили медики, младшего звена, действовавшие в батальонах, ротах и дивизионах. Среди них были военный фельдшер Ганибай Даукенов, санинструкторы Алипкан Жансыкбаев, Шаден Жоламанов, Мухаметкали Мусабаев, санитар Иван Морозов, санитарка Анна Хайдина, медицинские сестры Нина Львова-Белова, Александра Конягина, Дарья Морская, военфельдшер Каликеш Шалатаев, военные врачи Мариям Сырлыбаева, Зейнулла Тулегенов и другие.

Медицинской службой бригады руководила военврач 3-го ранга Мариям Сырлыбаева, недавняя выпускница Алма-Атинского мединститута.

Мариям пришла в бригаду в первые дни ее формирования, быстро полюбила товарищам по оружию. Особенно поднялся ее авторитет среди солдат и командиров в боях под Ржевом, где она вместе с санитарями оказывала скорую помощь и выносила тяжелораненых с передовой. В своей работе она руководствовалась одной мыслью: сохранить воина. Подчиненным постоянно напоминала: «Солдат уверенней и упорней сражается с врагом и не оглядывается назад, когда видит медика» [5].

Работники санитарной роты сбивались с ног. Уставали до предела — без сна, без отдыха. Под непрерывным обстрелом, под бомбежками, постоянно рискуя собственной жизнью, оказывали они помощь раненым.

Командование бригады организовало медпункты в ротах. Туда были направлены опытные медработники. Они днем обрабатывали раненых в подразделениях, а ночью — в медсанбате.

Медики буквально валились с ног, ели на ходу, спали поочередно 2-3 часа в сутки. В донесении политотдела сообщалось: «Необходимо отметить большую работу, проведенную медсанбатом с 25 ноября по 1 декабря с. г. Всего произведены обработка ран, хирургические операции 2371 человеку. Количество раненых из рот и батарей, пропущенных медсанбатом, составляло 1893 человека [6].

Начавшаяся война потребовала перестройки гражданского здравоохранения на нужды войны. В стране началось формирование тыловых эвакуационных госпиталей, основная масса которых была сформирована органами НКЗ СССР. Районы их размещения, количество, специализация и коечная емкость определялись потребностями действующей армии, а с другой стороны - ресурсами гражданского здравоохранения и возможностями материально-технической базы.

В течение первых полутора месяцев войны в республике было развернуто свыше 100 госпиталей [7]. Для госпиталей отвели лучшие здания, выделили высококвалифицированных специалистов. Широко развернулось шефское движение. В Карагандинской области шефы передали госпиталям инвентаря и продуктов на сумму 650 тысяч рублей. Западно-казахстанцы выделили вновь организованным госпиталям свыше 60 тысяч кг мяса, 3270 шт. птицы, 3722 кг муки [8].

В октябре 1941 г. был создан республиканский комитет помощи больным и раненым (бойцам, командирам и политработникам во главе с секретарем ЦК КП Казахстана М. Абдыкалыковым). Все члены комитета были прикреплены к госпиталям. При активном участии общественности производились прием и разгрузка поступающих военно-санитарных поездов с ранеными, подготавливались помещения для госпиталей, организовывались курсы медсестер и сандружинниц. Широко практиковалась шефская помощь предприятий и учреждений госпиталям. Колхозники привозили раненым туши свиней, коров, овец, поросят, птицу, кадки меда, сметаны, масла, ящики яиц [9].

В октябре 1941 г. и январе 1942 г. Совнарком республики разработал мероприятия по усилению санитарной и противоэпидемической работы и медико-санитарному обслуживанию эвакуированного населения. Для руководства этим важнейшим участком перестройки при Совнаркоме была создана Чрезвычайная комиссия во главе с заместителем председателя СНК КазССР Т.Т. Тажибаевым.

Для организации борьбы с эпидемическими вспышками в периоды массовой миграции населения Совнарком КазССР направлял в области и районы 125 противоэпидемических отрядов и бригад, в которые входили около 500 эпидемиологов, специалистов. По железной дороге и водным путям, на крупных станциях, на пристанях организовывались врачебные санитарно-контрольные пункты.

Казахстанские фармацевтические предприятия освоили в годы войны производство новых сложных дефицитных лекарств: сульфаниламидных препаратов (стрептоцид, сульфидин, сульфазол, дисульфан), пенициллина и др. Профессор Б.И. Ильин-Какуев изучал многие ценные местные растения-витаминоносители, которые использовались в госпиталях в борьбе с цингой. В медицинскую практику было внедрено применение витаминных препаратов. Это явилось большим достижением в лечении и предупреждении ряда тяжелых заболеваний у раненых и больных.

Научно-техническая база медицинской службы заметно расширилась. В Казахском филиале АН СССР работали созданные в дни войны институты краевой патологии (директор проф. Удинцев), клинической экспериментальной хирургии (директор проф. А.Н. Сызганов), патологической физиологии (директор проф. А.П. Полосухин).

Прибытие в Казахстан более чем двухтысячного отряда эвакуированных из Москвы, Ленинграда, Киева и других городов врачей и ученых профессоров и их сотрудничество с местными кадрами сыграло большую роль в развитии здесь медицинской науки. В годы войны количество докторов медицинских наук в республике удвоилось, кандидатов наук увеличилось в 4 раза.

В госпиталях героически трудились около 200 лучших хирургов республики. Они возвратили в строй более 70% раненых солдат и офицеров.

Государство высоко оценило подвиг советских медиков. Орденом Трудового Красного Знамени был награжден начальник Уральской противочумной станции И.С. Тинкер, орденом «Знак Почета» — главный госсанинспектор республики И.С. Корякин, уполномоченный Наркомздрава СССР по противоэпидемическим мероприятиям в Казахской ССР И.И. Николаев, директор республиканской тропической станции Л.А. Андреев и многие другие.

Отделы здравоохранения с честью справились с выпавшими на их долю трудностями и обеспечили санитарно-эпидемическую безопасность казахстанского тыла.

Таким образом, титанический труд медиков в годы войны способствовали укреплению системы здравоохранения республики и ее развитию. Увеличилась численность и вырос профессионализм медицинских кадров. Это в полной мере относилось и ко всем медицинским специальностям.

По инициативе президента Национальной Медицинской Ассоциации А.Б. Садыковой (является работником Присяги врача Республики Казахстан, которая в 2003 г. была утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан, автором песни «Мы - врачи», автором памятника медикам-фронтовикам) в 2010 г. в Алматы, в Парке культуры и отдыха имени 28 гвардейцев-панфиловцев, была заложена аллея «Ради жизни», здесь установлен мемориал в честь медиков-фронтовиков [11].

Литература

1. Подробнее о историографии Казахстана военных лет см.: Балакаев Т.Б., Алдажуманов К.С. Историография Казахстана периода Великой Отечественной войны //Актуальные проблемы истории Советского Казахстана. - Алма-Ата, 1980. - С. 113-124; Алдажуманов К.С. История войны 1941-1945 годов и Казахстана: «белые пятна» и проблемы // Социогуманитарная наука Казахстана: 20 лет самопостижения и интеграции. - Алматы, 2011. - С.203-217.
2. Здравоохранение в годы Великой Отечественной войны 1941 - 1945 гг. // Сборник документов и материалов. - М.: Медицина, 1977.
3. <http://1941-1945.at.ua>.
4. ЛангеК. Физиологические науки в СССР. Становление. Развитие. Перспективы.- Л.: Наука, 1988.
5. Жиенбаев С.С. Сотая казахская. Боевой путь 100-й отдельной казахской стрелковой бригады // Военно-исторический очерк. Алматы, 2000. -С.62-63.
6. Там же. -С. 64-65.
7. КозыбаевМ. Казахстан-арсенал фронта. - Алма-Ата: Издательство «Казахстан», 1970. - С.99.
8. Там же. -С.99-100.
9. Там же. -С. 100-101.
10. <http://www.eurasialaw.ru>

ОРАЛОВА А.А.

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ ғылыми қызметкері

ҚАЗІРГІ ОТАНДЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТ - ҚҰЖАТТАНУ: МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Қазіргі қоғамда құжаттану мен құжаттамамен қамтамасыз ету саласының қоғамның барлық салаларында қолданбалық маңызы артып отыр. Құжаттану – құжаттың барлық түрлері мен формалары туралы отандық тарих ғылымындағы жаңа бағыт ретінде қалыптасып келеді. Құжат пен құжат айналымының барынша артып отырған бүгінгі ақпараттық қоғамда осы саладағы жаңашыл тәжірибелер мен әдіс-тәсілдерді айқындау және оларды қолданысқа енгізудің маңызы зор. Құжаттанудың методологиялық мәселелерінің бірі – құжаттанудың зерттеу әдістерін анықтау. Құжаттанудың теориялық-методологиялық мәселелерін жүйелі зерттеу отандық тарих ғылымында әлі де толық жүзеге асқан жоқ. Соның ішінде, құжаттанулық зерттеулерді жүргізуде зерттеу әдістерін айқындау мен талдаудың өзектілігі артып отыр.

Қазіргі қоғамның нарықтық қатынастарға толық көшуі және ақпараттандыруға бет алуы, құжаттардың басым бөлігіне жеке меншіктің орнауы, Кеңес Одағы тұсында құжаттарға мемлекет ықпалының бүгінде толығымен тоқтатылуы құжаттанудың дамуын зерттеуге деген қоғамдық қажеттілікті арттыра түсті. Бұл қажеттілік ең алдымен жаңа ұйымдық нысандарда құжаттық жүйелер мен ақпаратты өндеудің дәстүрлі және жаңа әдістерін басқару арасындағы сабақтастық пен өзара әрекеттесудің сақталып отырғанына байланысты. Сол себепті құжаттануды жетілдіру олардың зерттеу әдістерін айқындау арқылы ғылыми негіздеуді қажет етеді. Қандай да жұмысты тиімді басқару үшін оның орындалуын бақылаудың ұтымды әдістері жасалады. Олар жаңа білім алуға немесе объективтілік туралы ілімді әрі қарай нақтылауға, сонымен бірге басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл әдістер жұмыстың маңыздылығын, оның өзге жұмыс түрлеріне ықпалын, қорытынды нәтижесін және аралық нәтижелерді саралау, жұмыс ұзақтығын белгілеу үшін қажет [1, 3 б.].

Қоғамдық ғылымдар өздерінің зерттейтін пәні, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес құжат ұғымына беретін анықтамаларында оның жекелеген қасиеттерін бөліп көрсетеді. Мәселен, заң ғылымында оның құқықтық жағына баса назар аударылады. Соның нәтижесінде ол ең алдымен құжаттау құралы, құқықтық қатынастарда айғақ ретінде танылады. Басқару саласында құжат негізінен тіркеу және басқару шешімдерін жеткізу құралы ретінде зерттеледі. Тарих ғылымында, мұрағаттануда құжат ең алдымен тарихи дерек көзі, яғни ретроспективалық ақпарат жеткізгіші ретінде қарастырылады.

«Кез-келген ғылымның методологиялық пісіп-жетілуі оның түсініктілік аппаратының даму деңгейіне байланысты. Ғылыми қатандық пен негізгі түсініктердің айқындылығы, олардың әмбебаптылығы мен дифференциалдылығы, логикалық нақтылығы мен ішкі қарама-қайшылықсыздығы әрбір ғылымның одан әрі дұрыс дамуы мен жұмыс істеуіне ықпал ететін алғышарттарды құрайды. Ғылым дамуының заңды жемісі бола отырып, ғылымның танымдық қабілетінің одан әрі жетілуіне жағдай жасайды. Сол себепті де, методологиялық мәселелерді қарастыру ғылымды дамытудың ең маңызды шарты

болып табылады» - деп Б.Г. Могильницкий атты зерттеуші атып өткендей, [2, 4 б.]. құжаттанудың да методологиялық негізін дамыту – алдағы басты міндеттердің бірі болып отыр.

Қазақстанда құжаттануды ілгері дамытудың барлық алғышарттары жасалынған және оларды тиімді қолдану құжаттанулық теориялық, қолданбалық зерттеулерге кең мүмкіндіктер ашады, пәнаралық байланыстар тұрғысынан олардың өзге пәндермен ортақ мәселелерін зерттеуге ықпал етеді. Құжаттанудың жеке зерттеу әдістері оның теориялық және қолданбалық зерттеулерінде кеңінен қолданылады. Зерттеу әдістерінің өзге ғылыми зерттеу әдістерімен байланысы бар және оларды пәнаралық зерттеулерде де тиімді қолдануға болады. Құжаттанудың зерттеу әдістерін нақтылау және электрондық құжаттарды зерттеу әдістерін ғылыми негіздеу, олардың тәжірибеде қолданылу әдістемесін жасау, құжаттанулық теориялық және қолданбалық ғылыми зерттеулерді мемлекеттік, салалық бағдарламалар аясында жоғарыдағыдай зерттеу әдістері көмегімен жүргізу міндеттері жан-жақты қарастыруды қажет етеді.

Құжаттармен жұмыс тәртібін, нормалары мен ережелерін, сонымен бірге бірізделген терминдер жүйесін заңдастырған бірқатар одақтық және республикалық стандарттар пайдаланылды. «Делопроизводство и архивное дело. Термины и определения. ГОСТ 16487-70» [3], «Делопроизводство и архивное дело. Термины и определения. СТ РК 1037-2001» [4], т.б. мемлекеттік стандарттар қолданылды. Сонымен бірге, кеңестік дәуірде және тәуелсіздік жылдары қабылданған түрлі нормативтік әдістемелік құжаттар, әдістемелік ұсынымдар мен заңдар қолданылды. Атап айтқанда 1998 жылы 22 желтоқсанда шыққан Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңы [5] басшылыққа алынды. Терминологиялық мәселелерді, әсіресе, терминдер жүйесін қалыптастыруға, дұрыс түсінуге, осылайша ғылыми-теориялық мәселелердің шешімін табуға үлкен мәні бар терминологиялық және түсіндірме сөздіктері пайдаланылды. Соның ішінде «Словарь иностранных слов» [6], «Краткий словарь архивной терминологии» [7], т.б. сөздіктер кеңінен пайдаланылды.

Қазақстанда құжаттанудың зерттеу әдістері тақырыбын арнайы зерттеу отандық тарих ғылымында тұңғыш рет қолға алынып отыр. Құжаттану саласының зерттелуіне Ресейлік ғалымдардың қосқан үлесі зор. Соның ішінде, ең алдымен, жалпы құжаттану пәнінің қалыптасуына бастамашы болған белгілі зерттеуші К.Г. Митяевтың үлесін атап өткен жөн. Ол алғаш рет құжаттануды Мәскеу мемлекеттік тарихи-мұрағаттық институтының мемлекеттік іс жүргізу факультетінде арнайы пән ретінде енгізуді қолға алды [8, 4 б.]. «Құжаттану» терминін алғаш рет ғылыми айналымға енгізе отырып, оған «құжаттау жүйесінің тарихи даму барысында қалыптасқан тәсілдері мен жүйелерін, құжаттарды және олардың кешендерін зерттейтін пән» деген анықтама берді [9, 35 б.]. К.Г. Митяев құжаттануды құжаттар мен оларға қатысты мәселелерді зерттейтін ғылым ретінде қарастырады [10, 59 б.]. Құжаттану мен мұрағаттану объектілері ұқсас болғанымен, зерттеу пәндері бойынша ерекшеленеді деп жазады. К.Г. Митяевтің [11] еңбегі іс жүргізудің әр тарихи кезеңдегі рөлін, құжаттармен жұмыс жасаудың жаңа тәртібінің ерекшеліктерін дұрыс түсінуге ықпал етті.

Отандық тарихнамада патшалық Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихына арналған С.М. Мәшімбаевтің [12] еңбегі империялық мекемелердің қазақ жерін отарлау саясатын жүзеге асыруда іс жүргізудің маңызды құралға айналғанын анықтауға мүмкіндік берді. Қ.М. Атабаевтың [13], Г.А. Сексенбаеваның [14], Г.Е. Өтепованың [15] диссертацияларында құжаттардың тарихи дерек ретінде зерттелуі құжаттанудың мұрағаттанумен, деректанумен тығыз байланыстарын ашып көрсетуде үлкен септігін тигізді. Құжаттану мен іс жүргізудің Қазақстандағы қалыптасу тарихы мен барысы кешенді түрде зерттеуші А.С. Ысқақтың диссертациялық еңбегінде баяндалады [1].

Құжаттама саласының ұйымдастырылуының тікелей мемлекеттік мекемелер тарихымен тығыз байланысы бары және өткенге жаңа көзқарас тұрғысынан баға беруге болатыны Н.П. Ерошкиннің [16], Т.П. Коржихинаның [17] еңбектерін сыни талдау барысында анықталды.

Құжаттанулық зерттеулердің әдістері мәселесін зерттеуде, белгілі зерттеушілер В.Д. Банасюкевич пен А.Н. Сокованың қосқан үлесі зор [18]. Зерттеушілер «Вопросы формирования теории документоведения» атты мақаласында құжаттанудың ғылыми-теориялық мәселелерінің бірі – құжаттарды біріздеу мен стандарттау мәселелерін қарастырады. Атап айтқанда, біріздеу мәселесінің көтерілуі мен енгізілу барысын талдайды. Құжаттарды стандарттау мен бір үлгіге салудың методологиялық мәселелері мен әдістерін сипаттайды. Құжаттарды біріздеудің трафареттеу әдісі мен құжаттаудың принциптерін баяндайды. Мақалада басқару құжаттамасы, құжаттарды біріздеу, құжаттарды зерттеудің жүйелік тұрғысының қалыптасу барысы қамтылады [18].

Зерттеуші А.Н. Сокова өз еңбегінде құжаттану ғылымының зерттеу объектісі мен пәні, теориялық-методологиялық мәселелері мен кеңестік құжаттану саласындағы басқару құжаттарын зерттеудің әдістеріне талдау жасайды [19, 130 б.].

Зерттеуші Е.А. Бардаев «Документоведение» оқулығында құжаттану пәнінің зерттеу әдістерін, методологиялық тұрғылары мен принциптерін қарастырады. Соның ішінде жүйелік, функционалдық, модельдеу, формализация әдістерін жалпығылыми зерттеу әдістерінің қатарына жатқызса, арнайы әдістерге құжаттанулық зерттеулердегі құжаттарды біріздеу мен стандарттау, құжат айналымы жолдары мен процедураларының әдістерін жатқызады. Басқаруды құжаттанулық қамтамасыз етудің методологиялық негізі ретінде кешендік тұрғыны жан-жақты талдайды. Атап айтқанда, кешендік тұрғыны ақпараттық құндылық, функционалдық-семантикалық декомпозиция, көп модельділік, математикаландыру секілді қағидаларын қарастырады [20].

Зерттеуші Н.С. Ларьков «Документоведение» оқулығында жалпығылыми әдістерге әмбебап сипаттағы: жүйелеу, модельдеу, функционалдық, анализ, синтез, салыстыру, жіктеу, жалпылау (қорытындылау), абстрактіліктен нақтылыққа өту әдістерін жатқызады. Жалпығылыми әдістер философиялық заңдар мен категорияларға негізделеді. Жоғарыдағы әдістердің өзі бірнеше түрге бөлінеді. Нақтырақ айтқанда, модельдеу әдісінің дескриптивті, графикалық, математикалық және натуралдық (физикалық) түрлері бар. Олардың көпшілігі құжаттануда қолданылады [21, 34-35 бб.].

Жалпығылыми әдістер мен арнайы әдістер тығыз байланысты екендігін айтады. Олардың қолданылу аясы шектеулі. Арнайы әдістерге Н.С. Ларьков: формулярлық талдау әдісі, контент-талдау, құрылымдық лингвистика әдісі, психолінгвистикалық әдіс, құжаттарды біріздеу әдісі, сараптап бағалау әдісі, библиографиялық және ғылыми өлшемдік әдістерді жатқызады [21, 35 б.].

Е.А. Плешкевич ресейлік «Делоприводство» журналында жарияланған «Объект и предмет исследования в документоведении: сравнительный анализ» атты мақаласында құжаттанудың зерттеу объектісі, зерттеу пәні мен міндеттері мәселесін қарастырады. Ол құжат және құжаттану ұғымдарының анықтамаларына талдау жасай отырып, К.Г. Митяев, А.Н. Сокова, М.В. Ларин, И.Д. Ковальченко секілді ғалымдардың методологиялық тұжырымдары мен пікірлерін салыстыра талдайды. Нәтижесінде құжаттануға «әлеуметтік оперативті ақпаратты құжаттауды, оның тарихи дамуы барысында зерттейтін, құжаттық формалар мен жүйелерді қарастыратын қолданбалы кешендік интеграцияланған ғылыми пән» деген анықтама береді [22, 83-85 бб.].

Зерттеуші М.Ф. Шкляр өзінің «Основы научных исследований» еңбегінде ғылыми зерттеудің теориялық және методологиялық мәселелерін арнайы түрде қарастырады. «Әдіс және ғылыми зерттеулердің методологиясы» ұғымдарына анықтама беріп, зерттеу әдістерінің эмпирикалық, теориялық және метатеориялық кезеңдерін бөліп көрсетеді. Эмпирикалық зерттеу әдістеріне: бақылау, суреттеу, салыстыру, есептеу, өлшеу, сауалнамалық сұрақ-жауап, әңгімелесу, тест, эксперимент, модельдеу және т. б. әдістерді жатқызады. Теориялық деңгейдегі әдістер қатарында формализация, абстракциялау мен жалпылогикалық әдістерді қарастырады. Ал метатеориялық кезең әдістеріне диалектикалық, метафизикалық, герменевтикалық әдіс түрлерін атап өтеді. Нақты әдістердің қатарында экономикалық құжаттама саласындағы құжаттық зерттеу және құжаттарды контенттік талдау әдістерінің ерекшеліктері мен қолданылу жолдарына жан-жақты талдау жасайды. Ғылыми зерттеу әдістеріне жүйелі сыныптау жасай отырып, олардың әрқайсысына ғылыми негізде анықтама береді [23].

Құжаттанулық зерттеулердің әдістері мәселесін одан әрі тереңірек қарастыруда зерттеуші Р.А. Сабитовтың қосқан үлесін ерекше атап өтуге болады. Автор «Основы научных исследований» оқу құралында Ресейдегі ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастырудың кезеңдері, заң құжаттамасы саласындағы ғылыми зерттеулердің методологиясы, сонымен қатар ғылыми жұмыстарды жазудың әдістемелік нұсқаулары мәселелерін қарастырады. Зерттеуші «ғылым», «ғылыми зерттеу», «ғылыми әдіс», «методология» т. б. терминдерге ғылыми негіздегі анықтамаларды беріп, ғылыми зерттеудің әдістерін зерттеуші М.Ф. Шкляр секілді үш топқа бөліп қарастырады. Нақты айтқанда, зерттеудің эмпирикалық, теориялық және метатеориялық кезеңдері аясында салыстыру, тестілеу, эксперимент, модельдеу, формализация, анализ, синтез, индукция, дедукция, аналогия, метафизикалық әдіс, герменевтикалық әдістерді және құжаттанулық зерттеулердің арнайы әдісі болып табылатын контент-талдау әдісін талдап, ерекшеліктерін көрсете отырып оларға мысал келтіреді, сипаттама береді. Зерттеуші методологияның жалпы, ғылыми зерттеулердің нақты методологиясы, жеке ғылымдардың зерттеу методологиясы деп үш топқа бөледі [24].

Г.И. Рузавин «Методология научного познания» еңбегінде ғылыми зерттеудің эмпирикалық және теориялық әдістерін жеке бөлім ретінде екі топқа жіктеп жан-жақты қарастырады. Зерттеудің ерекшелігі – автор эмпирикалық зерттеу кезеңін теориялық кезеңнен бірінші қояды. Ғылыми зерттеулердегі эмпирикалық әдістердің негізгі формаларына жүйелік бақылау мен жоспарланған және арнайы құрылған эксперименттерді жатқызады. Зерттеуші таным әдісі ретіндегі бақылаудың мәні мен негізгі сипаттарын, бақылау мәліметтерін интерпретациялау жолдарын қарастырады. Ғылыми зерттеулердегі

бақылаудың функцияларын талдап көрсетеді. Сонымен қатар эмпирикалық танымның ерекше формасы ретіндегі эксперименттің бақылаудан ерекшелігіне тоқталады. Ал зерттеудің теориялық әдістері қатарында абстракциялау мен идеяландыру әдістері, ғылыми фактілер мен оларды жалпылау, ғылыми гипотезаларды құру мен тексеру және ғылыми теориялардың негізгі функциялары мәселелерін қарастырады. Автор теориялық зерттеу әдістерінің, әсіресе гуманитарлық зерттеу салаларындағы қолданылу тиімділігін ерекше атап көрсетеді. Соның ішінде абстракциялау мен идеяландыруды теориялық зерттеудің бастамасы ретінде қарастырады. «Ғылыми факт» ұғымына анықтама беріп, оны жалпылаудың әмбебап және статистикалық тәсілдерін талдайды. Ғылыми гипотезаға қойылатын талаптар мен ғылыми теорияның негізгі үш қызметін жеке-жеке қарастырады [25].

Зерттеуші В.В. Сопко «Основы научных исследований» еңбегінде ғылыми зерттеу жұмысының методологиялық-теориялық негіздері мен ерекшеліктеріне тоқталады. «Әдіс», «методология», «ғылыми зерттеу» терминдерінің сипаттамасын береді. Автор бухгалтерлік есеп құжаттамасы саласындағы құжаттарды зерттеу, жүйелеу мен қолдану жолдарын талдайды [26].

П.Я. Папковская «Методология научных исследований» зерттеуінде ғылыми танымның объектісі мен пәні, кезеңдері, негізгі принциптері мен олардың сипаттамалары, ғылыми зерттеудің методологиясы мен логикасы, ғылыми зерттеу әдістері мәселелерін қарастырады. Автор ғылыми танымның екі классификациялық деңгейін ерекшелейді. Олар: эмпирикалық және теориялық деңгейлер. Зерттеушінің анықтамасы бойынша, эмпирикалық деңгейге фактілерді жинақтау, бақылау негізінде статистикалық мәліметтерді алу, өлшеу, эксперимент пен олардың сыныпталуы жүзеге асады. Теориялық деңгейде ғылыми гипотезалар мен теориялардың құрылуы мен дамуы, заңдар мен олардан шығарылатын логикалық нәтижелерді анықтау жүзеге асады. П.Я. Папковская методологияны таным әдістері туралы ғылым деп сипаттайды. Эмпирикалық таным негізінде ғылыми зерттеудің бақылау, эксперимент, өлшеу, суреттеу секілді әдістерін жеке-жеке талдайды. Сонымен бірге таным үрдісінің құрылымдық сызбасы мен таным теориясының негізгі элементтерін кесте түрінде сипаттайды. Зерттеудің жалпығылыми әдістеріне анализ, синтез, абстракция, салыстыру т.б. әдістерін жатқызады. Бұл әдістер жалпы тәсілдер тармағына жатады. Теориялық зерттеу әдістері қатарында идеяландыру, формализация, ойлау эксперименті, математикалық әдістері т.б. сипаттайды. Соның ішінде индукция әдісін толық және толымсыз индукция деп бөліп қарастырады.

Ғылыми зерттеу әдісі ұғымының мәнін анықтауда В.К. Лукашевичтың «Научный метод: структура, обоснование, развитие» еңбегінің маңызы зор. Зерттеуде ғылыми әдістің пәндік-концептуалдық, операциялық-нормативтік және логикалық мазмұнының генетикалық, функционалдық байланыстары қарастырылады. Біршама типтік танымдық жағдайларды оны негіздеудің рационалдық-конструктивті механизмдері, ғылымилық критерийлері және нормативті білімнің басқа формаларынан айырмашылықтары талданады. Әдістердің дамуы ғылыми прогрестің пәндік және инструменталды мазмұнының динамикалық синтезі ретінде қарастырылады [28].

Қазақстанда мемлекеттік органдарда электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін ендіру құжаттама мәселелерін шешуді жаңа сапалық деңгейге көтерді. Елімізде іс жүргізудің нормативтік құқықтық базасына сипаттама беріп, талдау жасап, оның жетістіктері мен кемшін тұстарына баға беруде А. Адельгужиннің [29], Е.К. Жүсіповтің [30] мақалалары құнды. М.Х. Жақыпов [31]; Е. Джерембаев [32]; А.К. Көпбосынова [33] мемлекеттік органдардағы электрондық құжат айналымының жайына және оның дамуы мәселелеріне тоқталады. Электрондық құжат айналымы мен электрондық мұрағат үшін электрондық құжаттардың ортақ мәселесін А. Слободянуков [34], Е. Самойленко [35] қарастырады. Отандық тарихнаманы талдау елімізде іс жүргізу мен құжаттанудың теориялық негізінің әлі де қалыптасуы үстінде екенін көрсетеді [36; 3].

Құжаттанудың қалыптасуы мен дамуына 1960-70-ші жж. баса назар аударылды. К.Г. Митяев, Я.З. Лившиц, П.В. Веселов пен В.Г. Акоюн зерттеу еңбектерінде құжаттанудың іс жүргізу тәжірибесін жинақтап, қорытындылап ғылыми-теориялық негізін қалауға атсалысты. Іс жүргізуді ары қарай жетілдіру үшін қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамытуға үлкен мән берілді. Алғаш іс жүргізудің зерттеу әдістерін С.М. Мингалев, А.К. Иванов пен Р.А. Поспелова т.б. қарастырады. Алайда жалпы сипаттамасын берумен ғана шектелген олар зерттеу әдістерінің тиімді қолдану жақтарын нақты көрсетіп бере алмады. Құжаттанудың зерттеу әдістерін жеке қарастыруға соңғы жылдары Бардаев, Столяров көңіл бөлгенмен, сипаттамасын ғана береді.

Тәуелсіздік жылдарындағы қоғамдағы демократиялық өзгерістер, ортақ ғаламдық ақпараттық кеңістікке жол ашылуы, компьютерлік технологияның дамуы іс жүргізуді автоматтандыру, электрондық құжат мәселелерін алға шығарды. З. Залаев, И.Н. Киселев электрондық құжаттардың мәселелерін алғашқы болып көтеріп, олардың қолданбалы мәселелеріне көбірек назар аударылатынын

көрсетеді. Үшінші мыңжылдықта ақпараттандыру мемлекет пен азамат, қоғам мен бизнес арасындағы қатынастарды жылдам реттеудің құралына айналды [36, 3-4 бб.].

Шетелдік, атап айтқанда Түркия Республикасындағы құжаттанушы ғалымдардың құжаттану, іс жүргізу мен мұрағаттану саласында жарық көрген ғылыми еңбектерінің де маңызы зор. Оның ішінде зерттеуші Мехмет Алтиноздың «Құжаттану және мұрағаттану негіздері» (Анкара, Шубат, 2009) [37], Иугел Исламның «Құжаттану және мұрағаттану техникалары» (Анкара, 2011) [38], Гиувен Таныштың «Іс жүргізу және құжаттану техникалары» (Анкара, 2009) [39] атты еңбектерінің ғылыми құндылығы байқалады. Салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Отандық тарих ғылымында құжаттану туралы іргелі теориялық және қолданбалы ғылыми зерттеу еңбектерінің жоқтығымен түсіндіріледі. Құжаттану туралы жалпылама зерттеулер болғанымен, құжаттанулық зерттеулердің арнайы мәселелері, оның әдістері хақында зерттеулер жоқтың қасы.

Құжаттану ғылыми бағыт ретінде тұңғыш рет жаңа методологиялық ұстанымдар мен жаңа принциптер басшылыққа алынып, кешенді түрде жүйелі зерттелу қажет.

Әдебиеттер

1. Ысқақ А.С. Қазақстанда іс жүргізу және құжаттану: тарихы мен зерттеу әдістері (XIX ғ. - XXI ғ. басы): т.ғ.д. ...дисс. авторефераты. - Алматы, 2010. - 50 б.
2. Могильницкий Б. Г. Введение в методологию истории: Учеб. пособие для студ. вузов, обучающихся по спец. «История». - М.: Высш. шк., 1989. - 175 с.
3. Делопроизводство и архивное дело. Термины и определения. ГОСТ 16487-70.- М., 1971. - №1. - С. 2.
4. Делопроизводство и архивное дело. Термины и определения. СТ РК 1037-2001. - Астана, 2001. - №1. - С. 3.
5. Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, № 258, 22 желтоқсан, 1998. - 2-3 бб.
6. Словарь иностранных слов. 7-е изд., перераб. - М.: Русский язык, 1980.
7. Краткий словарь архивной терминологии. - М.: Л., 1968. - С. 18-20.
8. Программа курса «Теория и практика архивного дела». - М.:МГИАИ, 1944. - 43 с.
9. Программа курса «Общее документоведение».- М.:МГИАИ, 1963. - 42 с.
10. Митяев К. Г. Документоведение, его задачи и перспективы развития // Вопросы архивоведения. - 1964. - № 2. - С. 35-43.
11. Митяев К.Г. Теория и практика архивного дела. - М., 1946. - 248 с.
12. Мәшімбаев С. М. Патшалық Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихы:т.ғ.к. ... дисс.: 07.00.02. - Алматы, 1999. - 313 б.
13. Атабаев Қ. М. Мерзімді басылым Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918 жж.):т.ғ.к. ... дисс.: 07.00.09, 07.00.02. - Алматы, 2000. - 289 б.
14. Сексенбаева Г.А. Аудиовизуальные документы как источники по истории Казахстана(на материалах ЦГА КФДЗ РК): автореф.дисс.... д.и.н.: 07.00.09. - Алматы, 2009. - 40 с.
15. Утепова Г.Е. Законодательные акты Российской империи как источник по истории колонизации КазахстанаXVIII – начала XX века: автореф.дисс....д.и.н.: 07.00.09. - Алматы, 2009. - 40 с.
16. Ерошкин Н.П. Очерки истории государственных учреждений дореволюционной России. - М., 1960. - 394 с.
17. Коржихина Т. П. История государственных учреждений СССР. - М.: Высш. школа, 1986. -399 с.
18. Банасюкевич В.Д., Сокова А.Н. Вопросы формирования теории документоведения // Развитие советского документоведения (1917-1981 гг.). Сборник научных трудов. - М.: Изд. ВНИ ГИДАДА, 1983. - С. 5-27.
19. Сокова А.А. Документоведение как научная дисциплина: объект, предмет, основные задачи // Документирование управленческой деятельности: сб. науч. тр. / Главархив СССР, ВНИИДАД. - М., 1986. - С. 5-30.
20. Бардаев Э.А. Документоведение: учеб. Для студ. Учреждений высш. Проф. Образования / Э.А. Бардаев, В.Б. Кравченко. - 2-ое изд., стер. - М. : Издательский центр «Академия», 2010. - 304 стр.
21. Ларьков Н.С. Документоведение. - Москва -2002. - 280 с.
22. Плешкевия Е.А. Объект и предмет исследования в документоведении: сравнительный анализ // Делопроизводство.- 2007. - № 4. - С. 83-85.
23. Шкляр М.Ф. Основы научных исследований: учебное пособие. - М.: «Дашков и К», 2007. - 244 с.
24. Сабитов Р.А. Основы научных исследований: Учебное пособие - Челябинск: Челяб. гос. ун-т., 2002. - 138 с.
25. Рузавин Г. И. Методология научного познания: Учеб. Пособие для вузов / Г.И. Рузавин. - М.: ЮНИТИ - ДАНА, 2005. - 287 с.
26. Сопко В.В. Основы научных исследований. - Киев: КИНХ, 1977. - 88 с.
27. Папковская П.Я. Методология научных исследований: Курс лекций. - 2-е изд., изм. - Мн.: ООО

«Информпресс», 2006. – 184 с.

28. Лукашевич В.К. Научный метод: Структура, обоснование, развитие / Науч. ред. А.Н. Елсуков. – Мн.: Наука, 1991. – 207 с.

29. Адельгужин А. Құжаттау және мұрағат ісі жөніндегі нормативтік құқықтық база // Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу – Делопроизводство в Казахстане. - 2007. - № 1(1). - Б. 14-20.

30. Жүсіпов Е. «Басқару қызметін құжаттамамен қамтамсыз ету туралы» ҚР Заңын қабылдау қажет // Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу – Делопроизводство в Казахстане. - 2007. - № 2(2). - Б. 23-25.

31. Жакыпов М.Х. Об организации электронного документооборота в государственных органах Республики Казахстан // http://www.aic.gov.kz/documents/002_jaki.doc

32. Джерембаев Е. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне «электрондық құжат айналымын» ендіру // Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу – Делопроизводство в Казахстане. - 2007. - № 1(1). - 48-50 б..

33. Копбосынова А.К. Состояние и проблемы развития электронного документооборота и электронных архивов в государственных органах Республики Казахстан // Матер. Респ. семинара-совещания «Электронный документооборот и электронные архивы» 26 сентября 2006 г. – Алматы, 2006. - С. 32-38.

34. Слободянюк А. Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін ендіру туралы // Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу – Делопроизводство в Казахстане. - 2007. - № 4(4). - 13-17 б.

35. Самойленко Е. Электронный архив в организации: предпосылки и получаемый эффект // Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу – Делопроизводство в Казахстане. - 2007. - № 7(7). - С. 73-77.

36. Жұмабай Г. Ж. Электронды құжат айналымы негізінде ақпараттық қамсыздандырудың әдістері мен алгоритмі: 6М070300 – Ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша техника және технология магистрі ... дисс. рефераты. - Қызылорда, 2011. – 21 б.

37. Алтиноз М. Құжаттану және мұрағаттану негіздері. - Анкара, Шубат, - 2009. – 221 б.

ОМАРОВА Г.Ә.

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ кіші ғылыми қызметкері
(Алматы қ.)

ДҮНИЕЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫ ІІ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық аренаға шығып, өз еркіндігі мен азаттығын әлемге мойындауы - бұл тарихи оқиға. Қазақстан өз тәуелсіздігін қолына алып дүниежүзіне өзін паш етуі қазақ ұлты үшін де үлкен мәре, зор жетістік болып табылады. Жалпы қанша ғасырлар бойында Тұран даласында жері мен елін аман алып, дамытуға тырысқан, азаттық деп үш жүз жыл бойында күрескен қазақ халқы үшін тәуелсіздік пен азаттық үлкен белестен асқанмен, биік шыңға жеткенмен тең екені күмәнсіз.

XX ғасырдың 90 жылдарында еркіндікпен енді ғана аяқ басқан еліміздің алғашқы таңдарында бірнеше жетістікті және табысты істермен толастағаны белгілі. Ең алдымен азаттық иісін барша жұртқа сездірту үшін кеңес өкіметімен өшуге шақ қалған тілінің және дінінің ерекшеліктерін, рухани дүниесінің құндылықтарын қайта жаңғыртып қолдап, қолпаштауды бастады. Халық жауы атанған қазақ ұлтының жан ашыр ұлдарын қайта қарастырып атап алдық, сонымен қатар тарихи беттерімізге қайта қарап оң мен солды ұлттық көрініске орай қайта-қайта айыруды таныдық. Ал Қазақстан Республикасының көк байрақты желбіреткелі қазақ ұлтына деген ең басты атқарған ісі мен игі әрекеті Дүниежүзі қазақтар құрылтайын ұйымдастырып өткізуі болып табылады. Сонымен қатар аталған Дүниежүзі қазақтар құрылтайында қазақ ұлтының жан - жақты өзекті мәселелерін қарастырып, бірегей мақсаттарын дамыту міндетімен Дүниежүзінің қазақтар қауымдастығы құрылған болатын. Оның тұңғыш құрылтайы 1992 жылы қыркүйек-қазан айларында Алматыда өткен соң, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылы 20 тамызда «Қазақтардың ІІ Дүниежүзілік құрылтайын дайындау және өткізу туралы» № 928 Қаулысын қабылдап, аталмыш іс-шараны 2002 жылдың 17-19 қазан аралығында Түркістан қаласында өткізуді ұйғарады. Құрылтайды дайындау мен өткізуді қаржыландыру 2002 жылға арналған бюджеттің есебінен жүзеге асырылады және ұйымдастыру үшін ҚР премьер-министрінің орынбасары Б.Ә. Мұхаметжанов бастаған республикалық комиссия құрылады [1, 9-п.]. Сонымен қатар, комиссия төрағасының орынбасарлары болып Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі М.А. Құл-Мұхаммед, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Б.М. Сапарбаев, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Қ.Н. Найманбаев бекітілді. Комиссияның жалпы саны 21 адамнан тұрды.

Дегенмен Қаулыда 17-19 қазан деп белгіленген Құрылтай 23-24 қазанда өтеді. Қонақтардың алғашқы легі Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Шымкентке 2002 жылдың 22 – қазанында келіп, оларды темір жол вокзалында облыс әкімі Болат Жылқышиев бастаған жұртшылық дәм-тұзбен, ән-жырмен қарсы алды. Өңірді тамашалаған қонақтар алдымен Сайрам ауданындағы Қожа Ахмет Ясауидің ата-

анасы Ыбырайым ата мен Қарашаш ана кесенелерінің басына барып зиярат етіп, әрі қарай Мәртөбе комплексімен танысады. Шымкент қаласындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мұражаймен танысқан қонақтар түстен кейін үш жүздің басын қосқан «Ордабасы» мұражай-қорығын, дүниежүзіне мәшһүр болған палуан Қажымұқанның мұражайын, Арыстанбабтың сүйегі жатқан киелі Отырар жері емін-еркін аралайды. Кешке қарай қонақтар Қожа Ахмет Ясауи дананың соңғы мекені, тарихы терең Түркістан қаласында «Құрылтай белгісі» атты ескерткіштің салтанатты түрде ашылуына қатысып, көшет отырғызу рәсімін жасайды.

Келесі күні де өздерінің қазақ жерімен танысуын жалғастырған қонақтар Түркістан қаласындағы оралмандардың Қазақстанда алғаш рет 1993 жылы бой көтерген «Достық» атты ауылына барады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат жасаған соң «Түркістан тарихы» мұражайын және шетел қазақтары мен Түркістан қолөнер шеберлерінің көрмесін көріп, «Тайқазан» фонтанын тамашалайды. Әсіресе, Түркістанды аралаған қонақтардың көңілінен Түркі тілдес халықтардың тарихи мұражайындағы тарихи жәдігерлер, соның ішінде «Түрік әлемі» атты көрмесі ерекше шықты. Жалпы көлемі - 360 шаршы метр болатын бұл кескіндемелік ғажап көріністі полотноны Оңтүстік қазақстандық төрт суретші – Б. Бүркітбаев, В. Симаков, М. Бекенов және З. Қожамқұлов бірнеше айдың ішінде салып шыққан еді. Суретте барлық түркі тілдес халықтардың тарихи дәуірлері қамтылғандықтан одан қонақтар қатты әсер алады. Сол күні Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің сарайында Құрылтайға қатысушыларды тіркеу жұмысы жүргізіліп, түстен кейін Құрылтай Мәдениет орталығында салтанатты түрде ашылды. Құрылтайға 33 алыс және жақын шетелдерден 470 делегат қатысса, соның ішінде Өзбекстаннан келген қонақтардың саны ең көп болып, 65 адамнан тұрса, Түркиядан 63, Ресейден 56, Моңғолиядан 43, Германиядан 27, Қырғызстаннан 14, Франциядан 7, Австриядан 6, Венгриядан 6, Ауғанстан 6, Түркменстаннан 5, Швециядан 5, Англиядан 4, Тәжікстаннан 2, Норвегиядан 2, Беларусь 2, Сауд Арабиясы 2 және де Сингапур, АҚШ, Эстония, Иран, Дания, Пәкістан, Жапония, Йемен, Иордания, Палестина, Украина, Голландия, Швецария, Канада, Австралия мемлекеттерінен 1 адам келді. Қазақстанның өзінен зиялылар қауымы, журналистер мен үкімет мүшелерін қоса есептегенде 200-дей адам қатысып, жалпы Құрылтайда 600 адам болды. Сондай-ақ, II Құрылтайдың алғашқыдан ерекшелігі оған ҚХР-дан 63 делегаттың қатысуы болды [2, 180-209 бб.]. Мәжілісті Қазақстан Республикасының Президенті, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ашып, «Бұл құрылтай – қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанның белгісі» деген тақырыпта баяндама жасайды. «Бұл күн дүниежүзіндегі қазақтар үшін айтулы күн, - деп бастаған Елбасы. – Тұңғыш Құрылтай тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары өтті. Содан бері он жылды артқа тастадық. Он жыл тарих үшін қас-қағым сәттей болуы мүмкін. Бірақ, жылға бергісіз күндер өтті арадан. Ата-бабаларымыздың арманы болған тәуелсіздік орнықтыру үшін қаншама іс істелді - дей келе Президент атқарылған басты мәселелерге тоқталып, әлемдегі барша қазақтың Отаны болып табылатын Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі, шетелдердегі қандастарымызбен байланысы туралы жан-жақты баяндап берді [3, 11 б.]. Баяндамада шетелдегі қазақтардың қалыптасу тарихы, бүгінгі мәдени-рухани, оқу-білім саласындағы жағдайы кеңінен айтылды. Мысалы, Қытайдағы 1,5 млн-ға жуық бауырларымыздың ұлттық өркендеу үрдісінде қандай жетістіктер бар, Моңғолиядағы қандастарымыз нендей табыстарға қол жеткізген, Өзбекстандағы ағайындарымыз не шаруа жасауда, Ресейдегі отандастарымыздың халі қалай, Түрікменстандағы, Қырғызстандағы, Түркиядағы, Еуропадағы қазақ мәдени орталықтары тындырған игі істер қаншалық, міне, Елбасының баяндамасында осының бәрі толық қамтылды. Ең бастысы Елбасы шетелдегі қазақтардың ұлт ретінде одан өсіп өркендеуі саласында ойландыратын, алдағы уақытта түбегейлі шешуді қажет ететін мәселелерді талдап, «дүниежүзі қазақтары қауымдастығының өзі құрылғалы бері 10 жылдың ішінде шетелдік ағайындармен өмірдің сан-салаларында қарым-қатынас орнату жөнінде көптеген игі шараларды іске асырғандығын айта келе Елбасы: - Болашақта халықаралық байланыстарға атсалысуға, шет елдердегі мемлекеттік мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен тікелей жұмыс істеуге де мүмкіндігі бар қауымдастық жұмысына Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің көмегі көп болуы керек», – деді [3, 28 б.].

II-құрылтайдың негізгі мәжілісінде Елбасымыздан кейін сөз кезегін алған Қытайдан, Ресейден, Германиядан, Өзбекстаннан, Түркиядан, Моңғолиядан, Америкадан келген өкілдердің басшылары өз баяндамаларында тұрып жатқан елдеріндегі қазақтардың жай-күйіне тоқтала келе, туындап отырған және келешекте туындамақ мәселелерді атап, шешілу жолдары мен Қазақстан өкіметі тарапынан жасалар шараларды нақты көрсетеді. Мәселен, Қытай Компартиясы Орталық комитетінің мүшелігіне кандидат, ШҰАР парткомы хатшысының орынбасары, делегация басшысы Асхат Керімбайұлы Елбасына қазақтың салты бойынша ерекше дайындалған тартуларды табыс еткен соң, екі ел арасындағы достық байланысты одан әрі кеңейту жөнінде сөз қозғап, Жұңго (Қытай) қазақтары атынан II Құрылтайға

қатысушылар мына мәселелерді ұсынады: «Бірінші, ұлттар ара үйрену мен ауыс-түйіс жасасуды күшейтейік. Қазақ үйренуге шебер, бейбітшілік сүйгіш, жасампаздыққа батыл ұлт. Әр елде өмір сүріп отырған біз сол елдің заңдары мен мораль ережелеріне бағыну шарты астында, өзара үйренуді және ауыс-түйіс жасасуды барынша күшейтіп, басқа ұлттардың артықшылықтарынан кішіпейілділікпен үйреніп, адамзаттың барлық өркениет жетістіктерін белсене қабылдап, қазақ ұлтының таңдаулы мәдениетін үздіксіз әйгілейік және одан шұғыла шаштырайық. Қазақ ұлтының көркейіп-гүлденуі мен алға басуын, ұлттар ара ынтымақ пен істестікті, дүниенің бейбітшілігі мен дамуын алға ілгерілету үшін белсене үлес қосатын болайық.

Екінші, әр ел арасындағы достықты, барыс-келісті, істестікті күшейтейік, дүние бейбітшілігін жүзеге асыру, адамзаттың дамуын алға ілгерілету әрбір мемлекет пен әрбір ел халқының ортақ борышы. Әр ел теңдік, өзара тиімділік негізінде түсінісуді күшейтуі, істестікті нығайтуы, дамуды тездетуі тиіс. Орта Азияның қауіпсіздігі мен орнықтылығын сақтау үшін елдер ара келісілген ортақ таным бойынша, терроршылдыққа (терроризмге), бөлшектенушілікке (сепаратизмге), ұшқарлыққа (экстремизмге) соққы беру жөнінен де шынайы селбесуіміз керек.

Үшінші, Жұңго мен Қазақстанның экономика-сауда істестігін күшейтейік. Жұңго мен Қазақстан - достығы жарасқан көрші елдер. Ұзақ уақыттан бері, Жұңго мен Қазақстан екі жақтың экономика-сауда істестігі жағындағы географиялық, ресурстық және әлеуметтік абзалдылықтарына сай, экономикалық сауда істестігін барынша күшейтіп, тамаша нәтижеге қол жеткізді. Жұңго сыртқа қарата есік ашу саясатында ұзақ уақыт табанды болып, төңірегіндегі мемлекеттермен, Орта Азия өңірлерімен, әсіресе Қазақстанмен экономикалық сауда істестігіне баса мән береді және оны белсене дамытады. Екі жақ ұдайы бір-біріне мән беру, өзара тиімділік жасау артықшылықтары арқылы олқылықтарын толтыру шартында, тіпті де кең аумақта, одан да көп салада, анағұрлым кең істестік жасасуды қарастырып, өзара сауданың барынша тез, барынша жақсы дамуын алға ілгерілетуі тиіс.

Жұңго қазақтары мен бүкіл Жұңго халқы міне осыларды жүзеге асыруға сенімді де бейілді. Біз дүниедегі қазақтармен және барлық бейбітшілік сүйгіш жандармен бірге төтенше қажырлықпен қажымай ұмтыла отырып, бейбіт дүниені жарататын және оны қарсы алатын боламыз»[3, 30-31 бб.].

Ал Ресейдің Астрахань облысындағы «Жолдастық» қазақ мәдени орталығының төрағасы Никита Ысқақов болса өз баяндамасын: «Біз Астрахан қазақтары кеше көшіп барған ел емес, ата-бабамыздың қонысында отырмыз. Астрахань аймағында Бөкей ханның, күй атасы Құрманғазының, алаштың ардақты азаматтарының сүйегі жатыр. Соны тастап, ішке көшіп келеміз деп те айта алмасaq керек», – деп бастап, одан әрі шешілмей келе жатқан, толғандыратын ойларын жеткізіп, Ресейдегі техникалық жоғары, арнаулы оқу орындарын бітірген қазақ жастарының жағдайы, олардың Қазақстанға келіп қызмет етуіне жағдай жасауын өтінеді. Өз сөзін жалғастырған делегат: «Қазақстан мен Ресей үкіметтерінің арасында қол қойылған екі келісім-шарт бар еді. Осы құжаттарға сәйкес екі елде екі университет ашылуы керектің. Қазақстанда ол жүзеге асты да. Ал бізде әлі ашыла қойған жоқ. Егер Ресейде мұндай жоғары оқу орны құрылса, оның орны бір өзінде мың қазақ тұратын Астрахан облысы болуы керек деп ойлаймыз... және де қазақтарға тіл мәселесінің, газет-журналдарды жаздырып алу, мектеп оқулықтарының жетіспейтінін, орта мектепті тәмамдаған жастарды Қазақстанға квотамен оқытуды қолға алған да жөн», – деп аяқтайды.[3, 41-42 бб.].

Бұдан соң Моңғолияның Баян-Өлгий аймағындағы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы бөлімшесінің төрағасы Мизамхан Күнтуғанұлы мен Өзбекстандағы қазақ мәдени орталығының төрағасы Мейірманқұл Бәкіровтер де өздері тұрып жатқан елдеріндегі қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, ондағы қазақ мектептерінің жағдайы туралы және де шешілуге тиісті мәселелер ортаға салады. Мәселен, Мизамхан Күнтуғанұлы «Моңғолияның Баян-Өлгий аймағында қазақтардың шоғырланып тұрып жатқанына 150 жылдай уақыт болды. Содан бері өсіп-өніп, жеке ұлттың аймақ дәрежесіне көтерілді. 1990 жылғы мәлімет бойынша бұл елдегі қандастарымыз 160 мыңға жеткен. Ал, Моңғолиядан 1990 жылы Қазақстанға ағылған көштің нәтижесінде 70 мыңдай ел атажұртқа оралса, олар қазіргі күні өсіп-өніп, 82 мыңның үстіне шығыпты,- деп бастаған ол - ...Отанымыз Қазақстан көршілес жатқан бауырларына да ретіне қарай қол ұшын беріп қамқорлық жасап отырады деген үмітіміз бен сеніміміз мол. Ол сенім ақталып та келеді. Осы ретте Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Моңғолияға барған сапарында біздің аймаққа тікелей бес мың тонна тегін астық бөлгеніне алғысымыз шексіз. Енді Баян-Өлгий аймағы алдағы уақытта атамекенімізбен сан-салалы байланысқа айрықша назар аудармақ. Соған орай ең алдымен қолға алынуға тиіс бірнеше мәселе бар. Ол - Өскемен мен Баян-Өлгий арасын тікелей жалғайтын асфальт жолды салып бітіру. Бұл көптен айтылып келе жатқан мәселе. Жолдың алдын - ала жобасы да дайындалып, екі ел мамандарының қатысуымен әлденеше рет талқыланған. Мұндай жолды салып бітіру тек Моңғолия жағына ғана емес, Қазақстанға да тиімді екені даусыз. Осы жұмысты нақты

қолға алатын уақыт келді. Келешекте бұл мәселе оң шешімін табады деп ойлаймыз. Қадірлі Нұрсұлтан Әбішұлы! Сіз Моңғолияға екі рет келдіңіз. Бірінші келген 1993 жылғы сапарыңыздан соң қандас бауырларыңыз атажұртқа ағыла бастады. Одан кейін 1999 жылы келгенде Қазақстанның әлемдегі қуатты, беделді мемлекеттердің бірі екендігін байқаттыңыз. Алматы облысы мен Байөлкені бауырлас аймақ жасадыңыз. Өскемен-Байөлке арасында әуе байланысын орнаттыңыз. Өзіңіздің бастамаңызбен ашылған Өскемен мемлекеттік университетінің Байөлкедегі филиалында қазір үш мамандық бойынша 180 студент оқиды. Осының бәрі үшін сізге зор рахмет!», - деп өз алғысын Елбасымызға білдірумен аяқтайды.

«Құрметті президент, - деп бастаған Мейірманқұл Бәкіров те өз сөзін былай деп өрбітті, - Бүгінгі таңда Өзбекстан қазақтарының еліміздің дамуына үлкен үлес қосып отырғанын мақтанышпен атап айтуымыз керек. Әсіресе, ғылым - білім саласында айрықша жетістіктерге жетіп отырмыз. Академик Натай Кенесарин, Кеуденбай Кәрібаев сынды атақты ғалымдардың ізбасарлары баршылық. Биылғы жылдың өзінде жергілікті қазақтардың 3 өкілі докторлық диссертация қорғады. Қазір Өзбекстанда 300-ден астам ғылым докторы мен ғылым кандидаты жұмыс жасайды. Оқу саласындағы жетістіктеріміз де айтарлықтай. Дегенмен, бұл салада ойландыратын мәселелер де бар. Еліміздегі қазақ тілінде оқытатын мектептің саны - 586. Оқу құралдарын дайындауда Өзбекстанның Оқу-ағарту министрлігі мен Республикалық Білім орталығының үлесі зор. Әйтсе де қиындықтар да аз емес. Бұл ең алдымен, әліпбиге байланысты. Өзбек мектептерінің латын негізіндегі өзбек әліпбиіне өткеніне он жылдың жүзі болды, оның соңынан қарақалпақ ағайында да латын әліпбиіне көшті.

Соған орай, «жоғары оқу орнына түсу қиын» деп біздегі кейбір қазақ ата-аналары қазірдің өзінде балаларын латын жазуындағы өзбек мектептеріне бере бастағанына көз жұма қарауға болмайды. Өзбек, қазақ мектептерінде орыс тілі шет тілі ретінде оқытылатындықтан, Өзбекстандағы кириллица жазуы ұзақ сақталады деу қиын. Бұл мәселені екі ел бірлесе шешпесе, біз қолда бар мектептерімізден айырылып қалуымыз сөзсіз.

Әрине, біз де қарап отырған жоқпыз. Құдайға шүкір, Науаи, Ангрен, Гүлістан, Нүкіс, Ташкент қалаларындағы педагогтық; университеттер мен институттарда қазақ тілі мен әдебиеті факультеттері бар. Бүгінде республикамыздың Қашқадария, Хорезм, Сұрхандария, Наманган, Әндіжан облыстарынан өзге облыстардың бәрінде де қазақ мәдени орталығы жұмыс істейді. Алдағы уақытта жоғарыда айтылған облыстарда да қазақ мәдени орталықтарын ашсақ дейміз.

Төле би бабамыздың сүйегі төрімізде жатыр. Таяуда Шымыр ата кесенесі ашылды. Республикадағы барлық қазақ мәдени орталықтары халықтар арасындағы достықты көздің қарашығындай сақтап, шаңырағымызды шайқалтпай, түтініміздің түзу шығуына үлес қосуды өздерінің негізгі мақсаты деп біледі».

Сонымен қатар, Түркия Қазақстанның тәуелсіздігін 1991 жылғы 16 желтоқсанда 20 минут ішінде таныған ел екенін еске салған Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының мүшесі, Түркия қазағы Дәлелхан Жаналтай да бүкіл қазақтарға тән ортақ проблемаларға тоқталып, былай дейді: «Осы ретте Түркия қазақтарын толғандырып отырған жәйттер де баршылық. Ең бастысы - тіл мәселесі. Оның қолданылу аясы тарылып барады. Бұған бір себеп – әліпбидің әртүрлілігі. Қазір Түркия қазақтары латын әліпбиін, Қытай қазақтары араб әліпбиіне негізделген төте жазуды, ал, Қазақстан кириллицаны пайдаланады. Аталған елдерде тұрып жатқан ағайындар бір-біріне жазылған хаттарды оқи алмайтын жағдайды бастан кешіп отырған жайымыз бар. Бұл күрделі мәселе. Сондықтан бар қазаққа ортақ бір әліпбиді қолданатын уақыт жеткен болар. Жалпы, шеттегі қазақ диаспорасын толғандырып жүрген мәселелер Түркия қазақтарына да ортақ. Олардың шешімін табу құрылтай құжаттарының өзегіне айналар деп сенемін». Германиядағы қазақ мәдени орталығының төрағасы, кәсіпкер Абдрахман Шетин де ортақ проблемаларға атап өтеді: «Қазіргі, нақ бүгінгі күнгі жағдайымызға келсек, проблемаларымыз да баршылық. Ең бастысы - Қазақстаннан шыққан кітап, газет-журналдарды оқи алмаймыз. Сіздің тапсырмаңызбен бізге мыңнан астам кітап, газет-журнал келді. Өкінішке қарай, оларды пайдалану мүмкіндігіміз шектеулі. Өйткені, біздің көбіміз кириллица әрпін танымаймыз. Сондықтан да алдағы уақытта кейбір газет-журналдар да бізге арнап латын әрпімен мақалалар шығып тұрса, оң болар еді. Қазақстан латын әрпіне көшеді деген әңгіме бар. Олай болса тіпті жақсы. Сондай-ақ жыл сайын Қазақстанға келіп оқу үшін біздің балаларымызға арнайы орын бөлінсе. Әсіресе, бізге дайындық бөлімдері өте қажет. Өйткені, балаларымыз алдын ала Қазақстандағы оқу бағдарламасына сәйкес әріп танып, оқып-жазуды үйреніп, жоғары оқу орнына содан кейін барып түскені дұрыс». Ал АҚШ-тан келген Есімхан Қосжігіт Қазақстанның осы тәуелсіздік алған жылдарда қол жеткізген табыстарды ерекше атап өтеді: «Бүгінгі Қазақстан бұдан он жыл бұрынғы Қазақстаннан мүлде бөлек. Он жыл бұрын Еуропа, Американы былай қойғанда Қазақстанды Түркияда білетіндер де аз еді. Қазір

түрік ағайындар бізді жері үлкен әрі бай, елінің болашағы зор, туыс, бауырлас жұрт ретінде өте жақсы біледі. Бұрынғыдай емес, Қазақстанды Еуропадағы елдер де жақсы тани бастады. Отанымыз әлемдегі ең үлкен ел - Америка Құрама Штаттарына да белгілі. Қазақстанды Америка таныса, әлем де таниды, Қазақстанды Америка мойындаса әлем де мойындайды». Осылайша делегаттар сөз сөйлеп, өздерінің тебіреніс ойларын жеткізді. Салтанатты мәжілістің негізгі бөлігі осымен аяқталады.

Келесі күні, яғни, қазанның 24-де секциялық мәжілістер басталып, негізгі қаралатын мәселелер 3-секцияға бөлінді. Тақырыбы: *«Отан және отандастар: қарым- қатынас қай деңгейде?»* деп аталатын 1-секцияны ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі М. Құл-Мұхаммед пен Қауымдастықтың мүшесі Бақытжан Әлімов басқарды. Мәжіліске Қазақстан жағынан ҚР Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі, ҚР Премьер-министрі Кеңсесінің әлеуметтік-саяси даму бөлімі, ҚР Парламентінің көші-қон және шетелдермен байланыс комитеті, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының 130 өкілдері қатысып, онда шетел қазақтарының мәдениет, өнер, әдебиет және ақпарат құралдары жөніндегі сұраныстарын қанағаттандыру және шетелдегі қазақ мәдени орталықтарына қолдау сияқты мәселелер қаралды. 1-секция бойынша Бүкіл Қытайлық халық өкілдері мәжілісінің депутаты Жанболат Сұлтан, Өзбекстандағы «Өзтелерадио-компаниясы» «Дидар» бағдарламасының редакторы Замира Жиенбаева, Қарақалпақстаннан қазақ мәдени орталығының төрағасы Сапарбай Нұрходжаев, Баян-Өглий аймағының Қазақстандағы өкілі Төлеубай Нығарбайұлы, Ресейден Астрахань облысы «Жолдастық» қазақ мәдени орталығының төрағасы Никита Ысқақов, Түркиядан профессор Абдуқап Қара, Қырғызстаннан қазақ мәдени орталығының төрағасы Мұхтар Түгелов, Германиядағы қазақ мәдени орталығының төрағасы, кәсіпкер Абдрахман Четин, Қазақстаннан қауымдастық мүшесі, Sanasoft төраға орынбасары Бақытжан Әлімовтер сөз сөйледі.

Делегаттардың жасаған баяндамалары негізінен әлі де шет елде қалып, өмір сүріп отырған қазақтардың мәдени-рухани жай-күйінің ұлттық ортадан, дәстүрлі мәдениеттен тамыры ажырамай сақталуын қамтамасыз етуден тұрды. Бұл сөздер құрылтайдың ашылу жиналысында баяндама жасаған Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: — «...Қазір Қазақстаннан тыс жерлерде тұратын қазақтардың саны 5 миллионнан асады. Міне, осыны ойлағанда 40-тан астам мемлекеттерде тұратын, бүкіл дүние жүзіндегі қазақтардың үштен бірін құрайтын бауырларымызды ертең, яғни елу жылдан кейін, жүз жылдан кейін не күтіп тұр деген сауал көкірегімізде еріксіз оянады», - деген ойымен тоғысып жатты [3, 20 б.].

Мәжілістегі екінші секцияның тақырыбы: *«Тағдыр мен таңдау: қазақ диаспорасы және көші-қон мәселелері»* деп аталып, оны Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Қ. Найманбаев басқарды. Мәжіліске ҚР Парламентінің көші-қон және шетелдермен байланыс комитеті, ҚР Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі, ҚР Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті, ҚР Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаменті, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының өкілдері қатысып, мына төмендегі адамдар баяндамалар жасайды. Атап көрсетсек: Қытайдан Пекиндегі Ұлттар институтының проректоры Ақпар Мәжит, Өзбекстан Республикасы Қазақ мәдени орталығының төрағасы Мейірманкүл Бәкіров, Моңғолия Аймақ әкімінің іс басқару орнының бастығы Баймерей Зархум, Ресей Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Алтай Республикасындағы бөлімшесі төрағасының орынбасары Қанат Имансақитов, Түркияның Измир қаласынан, кәсіпкер Шеризат Доғыры, Түркменстаннан қазақ тілі пәнінің мұғалімі Бақыт Бекдесінова, Қырғызстандағы қазақ мәдени орталығының төрағасының орынбасары Елтуған Жапаров, Ауғанстаннан Амнотла Әжіназар, Ираннан адвокат Шадкам Қаджимұхамед. Олар шетел қазақтарының Қазақстанға келу, тұрақты қоныс аудару мәселелерін қозғады. Әсіресе, қозғалған басты мәселенің бірі Қазақстанға көшіп келуге дайын отырған 2 млн. қазақты қалай көшіріп әкелу болды.

Ал мәжіліс қараған үшінші секцияның тақырыбы: *«Шетелдегі қазақ жастары және олардың Қазақстанға келіп білім алу, жұмыспен қамтылу мәселелері»* болды. Яғни, секцияда шетелдегі қазақ жастарының Қазақстанға келіп оқу, жақын шетелдегі қазақ мектептері мен оқу орындарына Қазақстанның экономикасын дамытуға ат салысуы жайында сөз болды.

Бұл секцияны Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары С. Балғабаев, ҚР Білім және ғылым бірінші вице-министрі Ғалым Мұтанов, Қазақстан қауымдастық мүшесі Бақытжан Әлімовтер жүргізіп отырды. Сонымен қатар, секцияға Қазақстан жағынан ҚР Білім және ғылым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Экономика және сауда Мемлекеттік кіріс министрліктерінің, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының өкілдері қатысып, мына кісілер аталмыш тақырып бойынша өз ойларын ортаға салды: Өзбекстан баспасына қарасты «Асыл мұра» бөлімінің редакторы Гүлнәр Байжанова, Моңғолия Өскемен университеті Өлгий филиалының оқытушысы Қадыр Мейрам, Ресей Алтай өлкесіндегі қазақ мектебінің директоры Сапарбек Маусымбаев, Түркиялық профессор Исмаил

Зейнеш, Түркменстаннан «Аннау» ауылының мектеп мұғалімі Қания Сабитаева, Қазақ мәдени орталығы төрағасының орынбасары Молдабаева Бейсехан, Германиядан журналист Жаналтай Әлихан, Тәжікстандағы Қорған төбе қаласының мектеп мұғалімі, спорт жаттықтырушысы Марат Ыдырсов, Англияда Уэльс университетінің ғылыми қызметкері Одунчу Хакан, Вена қаласында кәсіпкер Шолпан Қызырхан, Парижде кәсіпкер Зенгин Мамет, Қазақстан өкілдері Sanasoft фирмасы төраға орынбасары Бақытжан Әлімов.

Секциялар өз жұмыстарын аяқтаған соң, Құрылтайға қатысушылар барша қазақтарға арнап қарар қабылдайды:

Дүниежүзі қазақтары екінші Құрылтайының қ а р а р ы

2002 жылғы қазанның 23-24-і күндері Түркістан қаласында Дүниежүзі қазақтарының екінші Құрылтайы өтті. Оған әлемнің әр түпкірінде шашырап жүрген қандастарымыздың атынан төрт жүзден астам меймандар, Президент әкімшілігінің, үкіметтің өкілдері, Қазақстан Парламентінің депутаттары, саясаткерлер, мемлекет, қоғам, дін қайраткерлері, зиялы қауымның, мәдениет саласының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Құрылтай әлем қазақтарының бүгінгі тыныс-тіршілігінің сан қилы мәселелерін, оларды шешу жолдарын кеңінен талқылады. Тұңғыш Құрылтайдан бергі өткен он жылда ел өмірінде белесті-белесті оқиғалардың болғанына бүкіл әлем куә. Бұл ең алдымен демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрып жатқан Қазақстанның қалыптасып, өркендеуіне байланысты тарихи өзгерістер еді. Ұзақ мерзімді «Қазақстан-2030» даму стратегиясында көзделген республиканың әлеуметтік-экономикалық салаларды дамытудағы саликалы қадамдары дүние жүзінде кеңінен қолдау тауып, тәуелсіз Қазақстанның халықаралық беделін арттыра түсті. Қазақ елінің алыс және жақын шетелдермен саяси, экономикалық, мәдени байланыстары жыл сайын нығайып келеді. Ол әлемдік саясат сахнасында берік орнықты. Оған халықаралық дәрежедегі көптеген тарихи шаралардың қазақ топырағы өткізіле бастағаны да айқын айғақ бола алады. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы өз қызметінің ерекшеліктеріне сай шетелдерде, әсіресе қандас бауырларымыз мольнан мекендеген елдерде Қазақстанның өз тәуелсіздігін нығайтуда, елді саяси, әлеуметтік-экономикалық әлеуетін халықтың тұрмыстық жағдайын көтеруде, ұлттық рухани қазынасын молайтуда, көп ұлтты республика халқының бірлігі мен татулығын күшейтуде қол жеткізген табыстарын насихаттап, алыстағы ағайындарымыздың игілігіне айналдырды басты мақсат санап, бұл ретте бірқатар ізгі шараларды жүзеге асырып келеді бастысы, атажұрттан жырақта жүрген бауырларымыз өздерінің жоқшысы - Қазақстан атты туған елінің бар екенін айқын сезініп, оның өмірдің барлық салаларында гүлденіп, көркейе беруін қолдайды және оны мақтаныш етеді. Бұл іске өздері де хал-қадірінше үлес қосып жүр. Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы осымен екінші рет әлем қазақтарының бас қосуына жан-жақты қамқоршы болған Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың осы Құрылтайдағы терең де тебіреністі баяндамасын тыңдап, құрылтайға қатысушылардың ой-пікірін қорыта келіп, ең алдымен туған ұлтымыз өкілдерінің - мейлі олар қайда жүрсе де - бір-ақ ұлт, қазақ деген ұлттың өкілі екенін мақтан етіп, ұлт бірлігі мұраттарына адалдығын сақтап қалады деп үміттенеді. Олар әлемдегі қазақтардың арасындағы тұрақты байланыстарды одан әрі тереңдетіп, кеңейтуді басты міндет санайды, жаңа ХХІ ғасырға қадам басқан өскелең ұрпағымызды халқымыздың тарихи қалыптасқан рухани-адамгершілік қасиеттеріне сай атажұртқа деген адалдығы жолында тәрбиелей береді деп сенім білдіреді. Олар қай елде тұрмасын сол елдің заңдарын құрметтеумен қатар Қазақ ұлтының мәдениетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына адал, басқа ұлт өкілдерімен туысқандық және достық байланыстарын тереңдете отырып, ұлттық шектеулік пен оқшауланып қалуға жол бермей, қазақ ұлтының өзіне тән ерекшеліктерін сақтап қалады деп сеніммен айта аламыз. Қазақ халқы елдегі демократиялық өзгерістердің арқасында Қазақстанның бүкіл әлемге танылғанын мақтан ете отырып, алыс және жақын шетелдермен терезесі тең дәрежедегі байланыстарды нығайта түсу - еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің, бүкіл әлемдегі қазақтардың ұлттық дамуының қажетті шарты деп біледі. Құрылтай әлем қазақтарының алдын да тұрған міндеттердің аса күрделі екенін айрықша сезінеді. Әйтсе де, мына төмендегідей міндеттерді аса көкейтесті деп санайды:

1. Қандастарымыз өмір сүріп жатқан сырт елдермен өркениетті келісімдер негізінде қазақ ұлтының қалыптасу жолын жалғастыра беру.

2. Қазақстан Республикасының саяси әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани әлеуеті мен халықаралық беделін дамытып, нығайта түсу.

3. Қазақстаннан сырт жерлерде тұрып жатқан бауырларымыздың ұлттық-мәдени тұрғыдан жан-жақты дамуына күнделікті қолдау жасау.

Ол үшін:

- Қазақ диаспорасының жас жеткіншектеріне білім мен тәрбие беру жұмысының сындарлы жүйесін

жасап, жетілдіру (бұған мектепке дейінгі балалар мекемелері, мектептер, жоғары оқу орындары, ғылым мен мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары кіреді);

- Ұлттың денсаулығы мықты, отбасының ынтымағы берік болуы, халықтың имандылық сенімі мен рухани дүниесінің тазалығы жолында күресу;

- Қазақ тілінің қолданылу аясының тарылмауы, қайта кеңейтіле түсуінің пәрменді шараларын жалғастыра беру, мұны барша қазақтың, билік органдарының күнделікті назарынан түспеуін ұлттың басты міндеттерінің бірі деп санау.

- Қазақ диаспорасының тарихын ғылыми тұрғыдан зерделеп, бұл саладағы көптеген ақтаңдақтарды ашу, осыған байланысты тарихшы ғалымдардың еңбектерін, сондай-ақ шетелдегі қазақ ғылымы мен мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің белгілі қайраткерлерінің шығармаларын насихаттау.

- Сырттағы бауырларымыздың республика өмірінен күнделікті хабардар болып отыруы үшін оларға арналған телерадио хабарларының шеңберін ұлғайтып, арнайы баспасөз органдарын құру, не «Қазақ елі» газетін, «Алтын бесік» журналын Қауымдастықтың баспа органына айналдыру мәселесін шешу.

4. Соңғы жылдары көші-қон мәселесін реттеуде қадау-қадау шаралар қолданылып жатқанына қарамастан бұл салада әлі де кездесіп отырған көптеген кедергілерден арылу, ең алдымен атажұртқа оралып жатқан қазақтардың шекарадан дүние-мүлкімен, малымен, тұрмысқа қажетті техника, құрал-жабдықтарымен кедергісіз өту мәселесін шешу, оларға бөлінетін квотаның пәрменділігін арттыру, елге оралғандардың жаңа ортаға тезірек бейімделіп кетуіне барынша қолдау көрсету сияқты маңызды проблемаларды іскерлікпен шешу.

5. Құрылтайда айтылған сыртта жүрген бауырларымыздың күнделікті тыныс-тіршілігіне қатысты басқа да көкейтесті мәселелер осы Құрылтайда талқыланған шетелдегі отандастарды қолдаудың 2003-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында кеңінен қамтылуын қадағалау. Бұл бағдарламаны жасаушыларға тапсырылсын.

Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайына қатысушылар оның қызметі әлемдегі қандас бауырларымыздың ата-жұртқа деген сүйіспеншілік сезімдерін жоғалтпай, күш-жігерлерін бар қазақтың Отаны - Қазақстанның мәртебесін көтеруге жұмсай беретін болады деп сенім білдіреді.

Құрылтайдың қорытынды жиналысында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының төрағасы болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, төрағаның бірінші орынбасары болып Қалдарбек Найманбаев, мүшелігіне Бауыржан Мұхамеджанов, Мұхтар Құл-Мұхаммед, Әбдірахман Четин сайланды.

Әдебиеттер

1. ҚР ПА. 210 –қор, 1-т. 43-іс. 9-п
2. Ескекбаев Д. Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен болашағы. - Алматы, 2003. - 212 б.
3. Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайы. - Алматы, 2003, -105 б.

МӘКІБАЙ М.О.
ҒҚ, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ

ӘБДІСӘМЕТ ҚАЗАҚБАЕВ – ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

Кезінде дүниежүзіне танымал болған қазақтың атақты балуаны, қазақ даласының батыры, ақын-жанды бабамыз Қажымұқан Мұңайтбасовтың кіндік қаны тамған құтты мекенде, тағы бір мақтаныш тұтар ел азаматы, қоғам қайраткері, Республиканың Жоғары Советі Президиумының тұңғыш председателі Әбдісәмет Қазақбаевтың саналы ғұмыры, қайраткерлік, азаматтық жолы бастау алғаны біздер үшін де, келер ұрпаққа да үлкен өнеге.

Әбдісәмет Қазақбаев Қарағанды облысы Ұлытау өңірінде туып-өскен. Ал Ақмола өңірінде қоғамдық-саяси қызметімен елге танылды. Сәкен Сейфуллиннің өмірбаянына осынысымен ұқсаста. Мен Әбдісәмет Қазақбаев туралы жазғанда оның өмірінің үш кезеңіне тоқталғанды жөн деп таптым.

Біріншіден, халқымыздың басына түскен зұлмат кезеңдердің өзінде қазақ ауылдарын қамқорлыққа алып, ауыл, адам тағдырына мейлінше көңіл бөліп, осы жолда білгір басшы ретінде танылғаны,ерлік жолдары жайында әңгіме болмақ.

Екіншіден, Әбдісәмет ағамыздың Ұлы Отан соғысы кезіндегі ұйымдастырушылық таланты және ел мен майдан бірлігін нығайтудағы зор жұмысы, әділетті істе жеңісті жақындату күресіне, халықты патриоттық іске бастап отыру қасиеті туралы айтқан жөн.

Үшіншіден, қасиетті Ұлытау өңірінде туған ағамыздың еш жерде оқымаса да өздігінен білімін жетілдіріп, өмір мектебінде шындалып, өзіне үлкен талап қоя білуі арқасында азаматтық үлкен биіктерге көтерілгені жайында, оның адамгершілік, іздемпаздық, қарапайым қасиеттері туралы айтуды парыз деп таптым. Ол үшін туған ауылым мен Астананың болашағына өшпестей із қалдырған Әбдісәмет ағамыз жайында жазғанда тарихи материалдармен бірге көзі көрген, қызметтес болған Мұқан Мейірмановтың, ауылдың шежірелі ақсақалы болған Оспан Әбжанұлының, әкем Орынбек Рәшұлының деректі естеліктеріне және 30-50 жылдары колхозшысы Саркыт Жүсіпқызының айтқандарына және тарихи деректерге сүйеніп жазуыма тура келді.

Сонымен Әбдісәмет Қазақбаев 1898 жылы 15 мамырда бұрынғы Ақмола губерниясының Атбасар уезінде, қазырғы Қарағанды облысы Ұлытау ауданында туған. Он алты жасында әкесінен, арада бір жыл салып шешесінен айрылған Әбдісәмет, ерте есейіп өмірге ерте араласты. Ал 1922 жылы Ақмола өңіріне көшіп келеді. Сол жылдары жас Әбдісәмет Совет үкіметінің қазақ ауылдарына жүргізген барлық шараларына ортақтаса отырып, өз орнын жаңа өмір орнатушылар қатарынан табады. Ауылдағы «Қосшы» одағын ұйымдастыруға белсене қатыса жүріп, кейін осы одақтың төрағасы болып істеген Ә.Қазақбаев елді отырықшылыққа дағдыландырып, еңбектің ұжымдық түріне баулуға көп күш жұмсады. Ол одақ 20 жылдары еңбекшілердің сана-сезімін оятуда үлкен ықпал жасап, қазақ ауылдарында әлеуметтік-экономикалық шараларды іске асыруда өзіндік әсер етті. Дәл осы жылдары табиғатынан зерек жаратылған жас Әбдісәмет өзінің қарапайым да көпшілдігімен, көпке бас бола білетін ұйымдастырушылық қабілетімен совет қызметтеріне жоғарылатылады. Яғни Осыдан бастап оның саяси өмірбаяны басталды. Ол халықтың саналы өкілдерімен жергілікті кеңестердің аппараттарын нығайту саясатын дәйектілікпен жүргізіп, өмірінің соңына дейін советтік органдарда үздіксіз қызмет етті. Оның тікелей қатысуымен, басшылық етуімен Ақмола ауданында Жаңажол, Қызылжар, Буденный, Талапкер секілді колхоздар құрылды. Осындай ұйымдастырушылықтың арқасында Ә.Қазақбаев әуелі Ақмола ауданының №6 және 19 ауылдық советтерінің хатшысы, кейін төрағасы болып сайланады.

Әбдісәмет Қазақбаев – тұңғыш колхоз шаруашылығын ұйымдастырушылардың бірі. 1933 жылы желтоқсанда Ақмола ауданындағы Буденный/Қазыргі Қажымұқан ауылы/ атындағы колхоздың председателі болды. Оны 1937 жылдың жазына дейін атқарып, ауылда өзінің өшпес ізін, үлкен ісін қалдырды. Осы ауылда оның іскерлік қабілеті жан-жақты ашылып, еңбекті дұрыс ұйымдастырудың және колхоз мүшелерінің қажырлы еңбегінің арқасында Буденный атындағы шаруашылық республикаға танымал үлгілі колхозға айналды. Айналасы төрт-ақ жылдың ішінде колхоз малы 6 есе көбейді. Колхозшылардың жеке малы да өсті, егіндері бітік шығып жыл сайын, мол өнім алып отырды.

Әбдісәмет Қазақбаев әкем Орынбек Рәшұлы Керейбаевтың үлкен досы болған. Әкеміз Әбдісәметтің болмыс-бітімі ерекше жаратылғанын, оның адамгершілігін, табиғи зеректілігі мен өжеттігін, еңбекқорлығын, қарамағындағы адамдардың ой пікірлерін басқара білу қасиеттері мен басшы ретіндегі адал ісін еске алып, әңгіме етіп отыратын. Ол кісі әр жылдың 15 мамырын ерекше күтіп, досының туған күнінде ерекше бір істер жасап еске алатын. Жыл сайын Қымызмұрындық мейрамын өткізуді осы күнге белгілейтін. Соның бірі 1968 жылы да, Әбдісәметтің 70-ке толар мерейтойы құрметіне 3-4 түп ағаш отырғызған еді. Қажымұқан ауылындағы сол ағаштар мәуелі байтерекке айналды. Немерелері бұл ағаштарды атамыз отырғызған деп мақтан тұтады. Әкемнің жан досына арнаған осындай сыйы ұрпақтар санасында жаңғырып, әдемі бір жалғастық табуда.

Сонымен Әбдісәмет Қазақбаев 1937 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің алғашқы депутаты болды, қызметі де өсті. Содан Ақмола аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары, ал 1938 жылдың басында Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағалығына жоғарылады. Сонда Орынбек досын ұмытпай, уақыт тауып, қуаныштарын бірге бөлісіп тұрады. Ауыл адамдарымен де қарым-қатынастарын үзбейді.

1941 жылы әкем әскерге шақырылып, Алматыда болғанда, әскери бөлімге келіп, досының хал-жағдайын біліп тұрады. Ал, 1942 жылы ауылдың Қошқарбек Бейісов бастаған ақсақалдарын Алматыдағы үйіне шақырып сыйлайды. Олардан ауылдағы азаматтардың тұрмыс-тіршілігін сұрап әңгімелеседі. Сол жолы ол қонақтарға майдандағы Панфилов дивизиясында ауыл азаматтарының жүргенін егжей-тегжей әңгімелеп береді. Біз ауылдың жастары, Буденный/қазырғы Қажымұқан/ ауылының азаматтарыда Панфилов дивизиясында болды дегенге, 1975 жылы шыққан «Сәлем саған майданнан, Қазақстан» деген кітапты оқығанда көз жеткіздік. Сол кітапта біздің ауылдан шыққан заң қызметкері Қаратай Омаров сүйген жары Сұлушашқа арнап Москва түбінде жазған хатын мақтанышпен былай хабарлайды: «... Сұлушаш! Мен, осы бақыттымын-ау деймін. Өйткені мен сүйікті Москваны қорғау құрметіне ие болып отырмын. Отан жүрегі әсем Москваны қасық қаның қалғанша, соңғы демің біткенше қайсарлықпен

қорғау – қасиетті борыш. Мен оны өзімнің ерлік істеріммен дәлелдеймін...». Ол айтқан сөзінде тұрды. Оқ пен бомбаның астында, өмір мен өлімнің арасында, ерлікпен қаза тапты, жауды жіберген жоқ, жеңіске деген шексіз сенімін бар қырынан көрсетіп дәлелдеп кетті. Бұл хат 1942 жылы 6 қаңтарда «Сталин туы» газетінде жарияланған екен.

Әбдісәмет Қазақбаев колхоз председателі болған кезінде, 1934 жылы күз айында Қазақстанға арнайы сапармен келген БК(б) орталық комитетінің секретары С.М.Киров колхозшылардың ерен еңбектерін жоғары бағалайды. Ол туралы өзіміздің аудандық «Призыв» газетіне шыққан «Страницы истории: С.М.Киров в Акмолинске» (30.11.89) деген мақалада жазған едім. Әкемнің айтуынша сол 1934 жылы және 1937, 1938 жылдары егін бітік шығады. Әбдісәмет қай уақытта болсын колхозшылармен бірге жүріп, бел шешпей еңбек етеді. Осындай еңбектің арқасында колхоз орақты мерзімінен бұрын аяқтап, шөп шабу науқанына кірісіп жатқан шақ екен. Сол жолы С.М.Киров шабындық алқабына келеді. Сергей Миронович әкемнен колхоз председателі қайда деп сұрайды. Сонда әкем екінші шөп маяның жанында айырмен қызу жұмыс істеп жатқан Қазақбаевқа С.М.Кировты алып барады. Мұны көрген Киров «Қазақ халқынан қандай тамаша кадрлар өсіп келеді. Қазақбаев біздің елдің құрылысшысы», - деп әділетті биік бағасын береді. Әкейдің арқасынан қағып, жанындағы колхозшылардың әрқайсысының қолын ұстап «Жарайсыңдар, мынадай басшы азаматтан көп үйрену керек», - депті. Өйткені С.М.Кировтың көрегенділігі мен әділетті де биік бағаларының арқасында қазақ халқының елін шын сүйген жастары сол жылдары Қазақстан өңірлері мен республика басшылығына тағайындаған еді. Соның бірден бір өкілі, өз бетінше іздене оқып, тумысынан білікті азамат болып қалыптасқан, ауылдың қарапайым басшысы небәрі 3-4 жылдың ішінде, Ақмола аудандық, Қарағанды облыстық атқару комитеттерінде қызмет атқарған, ал 1938 жылдың 19 шілдесінде Қазақстанның парламентінің тұңғыш төрағалығына көтерілген қажымұқандық жерлесіміз Әбдісәмет Қазақбаев болатын. Ә.Қазақбаевты елге өте беделді басшы болған. Тіпті ол кісіні әрбір кездесуде өлеңмен қарсы алады екен. Мысалы:

Оқымаған соқыр едік.

Таң күзетіп отыр едік,

Бізде жарық көрейік.

Қазақбайға бас иеміз,

Қазақ тілін біз сүйеміз, Халық қамы, ел үшін - деген көпке таралған осы шумақтар кезінде ауылымыздың алты ауызына айналып кеткен, әні де бар. Сонымен қатар Ә. Қазақбаев республиканың әдебиет, тарих, мәдениет қайраткерлері арасында ерекше бедел мен абройға ие болған. Туғанынан халық ауыз әдебиетін жатқа біліп, ұлтының салт-дәстүрін жетік білген ой өрісі биік басшыны, қазақтың XX ғасырдағы жырауы Жамбыл еркелетіп, «Қазақбайым» деп атайды екен.

Ә.Қазақбаевтың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ұйымдастырушылық таланты ерекше танылып, жан-жақты жарқын көрінді. Оның соғыстың сұрапыл сәтінде, яғни 1942 жылы «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда газеттеріне жазған «Ержүрек ленинградтықтарға эшолондаған тартулар жіберейік»-деген үндеу сөзін толқымай оқып шыға алмайсың. . Мақалада Ленинград пен Қазақстан арасында туысқандық қарым-қатынасқа тоқталады. «Қазақ халқы және Қазақстанның барлық еңбекшілері Ленинград пен Ленинградтықтардың көмегін ешқашан ұмытпайды. Қазақстандықтар бір кісідей болып, Ленинградты қорғаушы ерлерге сыйлықтар жіберуге жұмыла кірісіп, бұл сыйлықтарды неғұрлым тез жөнелтуді қамтамасыз ететіндігіне кәміл сенемін, - деп жазған болатын.

Оның осы патриоттық шақыруын Қазақстан еңбекшілері қызу қолдап, бас-аяғы жиырма күннің ішінде қоршауда қалған ленинградтықтарға 139 вагон жөнелтеді. Осы үндеу хатқа оның жерлестері де көптеген азық-түлік, әскерлерге жылы киім-кешектер, сансыз сәлем-саухат жіберді. Бейісов Қошқарбек деген ақсақал бастаған қарттарды, арнайы Алматыға жіберіп, Ленинградтық соғыстағы жауынгерлерге қолдау көрсету мақсатындағы тылдағы ауылдың жанқиярлық еңбектерін жеткізуге, туған ауылының демеуін білдіреді. Соғыс кезеңіндегі бұл сапарды аға ұрпақ өкілдері мектептегі кездесулерінде Буденный ауылына /Қазырғы Қажымұқан/ Ленинградтық Сергей Миронович Кировтың, 1934 жылы күз айында Қазақстанға арнайы сапарында ауыл еңбеккерлерінің жүрегінде мәңгі орын алған, жұлдыздай жарқ еткен, сол жылдың желтоқсанында қастандықпен өлтірілген алғашқы репрессия құрбаны болған ленинградтық көсемді аңсаған қазақ ауылының сағынышын жеткізгені деп отыратын.

Әбдісәмет Қазақбаевтың аса зор ұйымдастырушылық қабілеті Ұлы Отан соғысы жылдарында жан-жақты жарқын көрінді. Қазақ ССР Жоғары Советінің Президиумы республика экономикасын соғыс талабына лайықтап қайта құру, әскерге көмек қолын созу, эвакуацияланған кәсіпорындарды орналастыра жүріп, жаңа фабрикалар мен заводтарды іске қосу, СССР Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің шешімдерін мүлтіксіз жүзеге асыруды ұйымдастырып, үйлестіру жөнінде көптеген күрделі де жауапты мін-

деттерді атқара отырып, еңбекшілердің күш-жігерін майдан үшін, жеңіс үшін жұмылдыруға зор көңіл бөлді. Ә.Қазақбаевтың Отан қорғау ісіне қосқан үлесі туралы, майдан мен тылдың бірлігін нығайтудағы зор жұмысы туралы айта келіп, СССР-дің бұрынғы финансы министрі А.Г.Зверев өзінің «Министрдің жазбалары» деген кітабында былай деп көрсетті: «Республикаларда, өлкелерде, облыстарда, аудандар мен округтерде көптеген жолдастар тамаша еңбек етті. Ортақ іске Ә.Қазақбаев (Қазақстан)... секілді жолдастар көп көмектесті».

Бұл айтылған үлкен теңеуді өзі жерлесіміз Әбдісамет Қазақбаевтың Ұлы Отан соғысы жылдарында халықтар достығының жаршысы, шынайы интернационалист болғанын, ел басына күн туғандағы санаулы қазақтан шыққан республика басшыларының ерліктерін айқынайтын көрінісі еді.

Халқы үшін маңдай терін төккен аяулы азаматымыз Әбдісамет Қазақбаев Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі және оның бюро мүшесі болды. ВКП/б/(XVIII съезінің делегаты, 1 және 11 сайланған КСРО және Қазақ КСР Жоғары Советіне депутат болды. Оның Қазақстан республикасына сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, екі мәрте Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен наградталды.

Сарыарқаның төрі Ұлытау өңірінде туған, саяси өмірін, Бұрынғы Ақмола, қазіргі Астанада өткізген Әбдісамет Қазақбаевты еске алып отыру қазақстандықтардың абыройлы борышы. Ол өз ұлтын қалтқысыз сүйіп, қазақ халқының саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени-рухани тарихындағы өшпестей ізі қалған тұғырлы тұлға.

Әдебиеттер

1. Сәлем саған майданнан, Қазақстан! - Алматы, «Қазақстан». -1975. -64-65б.
2. Орынбекова М. Страницы истории: С.М.Киров в Акмолинске //Призыв.- 1989. – 30 ноября. - стр. 2
3. Орынбекқызы М. Тұңғыш төраға Әбдісамет Қазақбаев Қажымұқан ауылынан шыққан қайраткер//Арқа ажары.- 1998.- 25 маусым.- 3 бет
4. Кировша күресіп, Кировша жеңеміз // Отанды қорғауда.-1942.- 2 декабрь.
5. Красноармейская газета Ленинградского фронта «Отанды қорғауда» за 1942-1945 гг. – г.Алматы, 2008. - 648 стр.

МОМЫНОВ М.Ү.
АХАЕВА А.Ә.
ДУЙСЕНОВА К.С.
тарих мұғалімі,
тарих магистрі

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ПАТРИОТИЗМІ – ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ – ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗІ

Патриоттық тәрбие тәжірибелері мен тарихын сараптап алмай тұрып, адамдар санасына қазақстандық патриотизм ұғымын орнықтыру мүмкін емес. Қазақстан сан түрлі күрделі тарихи аласапырандарды бастан өткізіп барып құрылған тәуелсіз әрі көпұлтты республика. Сондықтан оның берік негізі патриоттық және интернационалдық тәрбиені дұрыс жолдарға қоя білуіне әбден байланысты. Біз қарастырып отырған тақырыптың өзектілігі сол, қазіргі таңдағы қоғамдық, саяси – экономикалық ахуалдың адам факторынан, рухани дамуымыздың аса қажетсініп отырған мәселелердің бірі – ұлттарды біріктіруші патриотизм болып табылады. Экономикалық қиыншылықтардан туындаған кедергілер мен әлеуметтік проблемалардың жиынтықталуы жағдайында қоғам мүшелерінің ертеңгі күнге деген сенімін ояту оңай емес. Мәселе осылай екен деп шарасыздық танытуға тағы болмайды.

Сонымен, ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетінің құрылымдық элементі патриотизм болып табылады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деп атап өткен болатын [1]. Жиырма жылға тақау уақыт бойы қазақстандық қоғам тіршілігінің барлық жүйелерінде жүріп жатқан түбегейлі жаңару үрдістері едәуір дәрежеде оның мәдени-әлеуметтік саласын да қамтыды. Бүгінде халқымыздың тарихи тәжірибесін қайта бағалау, дәстүрлі – өнегелік негіздерді өзгерту және соның нәтижесінде қазақстандықтардың жаңа саяси санасын қалыптастыру талпыныстары жасалуда. Бұл үрдіс бірнеше құрамдас бөліктен тұрады. Біріншіден, саяси жүйе туралы, саяси институттар, демократиялық тұрғыдан саяси үрдістерге қатысу механизмдері туралы жаңа білім жинақтау.

Екіншіден, негіздік, тарихи тұрғыдан орныққан қоғамдық құндылықтарды өзгерту, олардың ішінде мемлекеттік жүйенің тұрақтылығы мен өмірге қабілеттілігін, ұдайы өндірісін нығайтуда патриотизм маңызды рөл атқарады.

Қоғамымыздың қазіргі замандағы даму сатысы едәуір дәрежеде қоғамдық өмірдің саясаттандырылуымен сипатталады. Бірақ, бұл бірден – бір жалғыз процесс емес, демократиялану және жаһандану жағдайында адамдардың тарихи және ұлттық санасының қайта жаңғыруы процестері де ерекше маңызға ие болады. Өйткені, олармен едәуір дәрежеде саяси және үлгілік-өнегелік мәдениеттердің қалыптасуына байланысты, оларсыз ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетінің де болуы неғайбыл. Мемлекетіміздің саяси тарихында қазақ халқының патриотизмі маңызды орынға ие. Өз елінің мүддесіне қызмет етуден көрінетін Отанға деген сүйіспеншілік сезімі қоғам дамуы мен ұрпақтар сабақтастығының маңызды құрамдас бөлігі болған және солай болып қала бермек. Бұл биік сезім өз елінің тағдыры үшін жауапкершілікті түйсінушілікке дейін ұлғаяр болса, ол жекелеген адамдардың күнделікті іс – әрекеттеріндегі маңызды серпінге, осыдан келіп, тұтастай қоғам ілгерілеуіндегі қуатты қозғаушы күшке айналады. Дәл осы патриотизм қоғамның саяси бірлесуі мен тұтасуына септеседі немесе керісінше, қоғамның ыдырауы мен бөлінісіне әкеліп соғады.

Қазақ халқының ұлттық тарихына деген қызығушылығын дамыту, ұлттық сана – сезімді қалыптастыру оның патриоттық сезімін тәрбиелеуде шынайы бағдар бола алады. Ұлттың тарихы туралы, оның өткен замандағы басқа ұлыстармен қатынастары туралы ұғымдарға көп ретте халықтың ұлтаралық қарым-қатынас өрісіндегі саяси бағдары байланысты. Өз тарихын білу – ұлттық сана – сезімнің ажырамас бөліп, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындардағы ұдайы өндірісіне септеседі. Жеке тұлғаның өз халқымен бірлігін сезінушілігі өзін оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей мирасқоры да, олардың нақты сақтаушысы әрі жалғастырушысы да сезінуін дiттейдi.

Шынайы патриотизм – жалпы адамзаттық құндылықтардың маңыздысы болғандықтан, басқа халықтарға, ұлттар мен ұлыстарға сыйластықпен, адамгершілікпен қарауды көздейді. Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекетте жекелеген этностар өкілдерінің ұлттық патриотизмі елде тұратын барлық халықтың ортақ патриотизмімен тұтаса байып отырады. Өйткені «Халық» деген ұғымға мемлекеттегі барлық адам, яғни ұлттар, ұлттық топтар сияды [3]. «Патриотизм» сөзі (грек тілінде – «patriots» – отандас, «paths» – отан, атамекен) Отанға деген сүйіспеншілікті, оған адалдықты, өз іс – әрекеттерімен оның мүдделеріне қызмет етуге ұмтылысты, сондай – ақ, туған жеріне, тұрақтаған мекеніне бауырбасушылықты білдіреді [4]. Осылайша, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие, өйткені, патриоттық сезім мен көзқарастар субъектісі қашанда белгілі бір ұлтқа, ұлысқа жатады. Сонымен қатар, өкілі болғандығы үшін ғана сол субъектіге өзін өз елінің «шынайы» патриоты санауға айрықша я жеке-дара құқық беретін ұлт жоқ және болуы да мүмкін емес. Профессор Р. Б. Әбсаттаровтың атап көрсеткеніндей, «Қазақстандық патриотизм тәрбиесі – бұл адамға оның бойында белгілі бір патриоттық көзқарастарды, пікір – пайымдарды, нормалар мен принциптерді қалыптастыру, сондай – ақ, оны сол көзқарастар мен принциптерге сәйкес іс – әрекетке бағыттау мақсатымен әсер ету жүйесі. Патриоттық ұстанымдардың беріктігі айқын мақсатқа жетелейді, қазақстандық азаматқа ұлттық өмірге тар өріс аясынан тыс ұстаным тұрғысынан қарауға және қарапайым адамды екіұдай күйге түсіретін қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Сондықтан, бүгінгі таңда біздің бүкіл патриоттық тәрбие жұмысымыздың міндеті - қазақстандық патриотизмді әрбір азаматтың өмірлік серігіне айналдыру» [2]. Көпұлтты мемлекеттегі адамдардың патриотизмі олардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетімен ажырағысыз бірлікте қарастырылуы тиіс. Мұның мәнісі, алдымен, қоғамдағы патриотизмінің екі элементтен тұратынына байланысты. Олар: жалпы, яғни барлық ұлт өкілдерінің бойындағы жалпыұлттық патриотизм және ерекше, яғни жекелеген ұлттардың өкілдеріне тән ұлттық патриотизм. Айталық, Қазақстан Республикасында патриотизм бірден жалпықазақстандық, осында тұратын барша ұлттардың жалпыұлттық патриотизмі және қазақтардың, орыстардың, ұйғырлардың т. б. өзіне тән ерекше ұлттық патриотизмі түрінде көрінеді. Осылайша, жалпықазақстандық патриотизмнің даму дәрежесі ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетінің даму деңгейін сипаттайды.

Ұлтаралық қатынастар мәдениеті, ең алдымен, халықтардың тең құқылығы, өзара сыйластық, өзара көмек, гуманизм, т.б. өркениетті қатынастар принциптерінің ұлттық санаға қаншалықты сіңгеніне, сол санада ұлттық мүдделер мен басқа халықтардың мүдделері қаншалықты үйлесім тапқанына байланысты дамиды. Яғни, ұлтаралық қатынастар мәдениеті дегеніміз – ұлттардың қамсыз – мұңсыз өмір сүруіне қажет мүлде жаңа сипаттағы рухани – парасат ортасының және ұлтаралық қатынастардың қалыптасуына себепкер, әрі сол себептердің нәтижесінде қол жеткен ақтық нәтиже болып табылады. Ұлтаралық қатынастар әрі ұлттық, әрі жалпыадамзаттық парасат – мораль нормалары түрінде көрініп, рухани байлық, адамгершілік тұрғысында адамдар тіршілігіне әсер етеді. Ұлтаралық қатынастар

мәдениеті халықтар, ұжымдар арасында және жеке адамдар арасында әртүрлі деңгейде көрініс береді. Көптеген адамдардың араласып, еңбектес, тағдырлас болуы бұл байланыстардың сапасын өзгертіп отырады. Зерттеулерге қарағанда, әртүрлі ұлт өкілдерінің арақатынасында мына үш жағдай байқалады екен: а) ынтымақтастық ә) бейтараптық б) алауыздық. Мұның ішінде аса жағымсыз қоғамдық жағдай ретінде алауыздықтың тигізетін зияны аса зор. Алауыздық салдарынан ұлттардың біріне – бірі қарсы тұруы, қастандық, бітіспес қайшылықтар мен арпалыс күрес, т.б. келеңсіз жағдайлар орын алады. Бұлардың мемлекетаралық сипаты ел арасындағы соғыстарға себеп болатынын, мемлекеттің өз ішіндегі алауыздық азамат соғысына апаратынын көріп жүрміз. ТМД–ның Кавказ халықтарының, Югославия халықтарының, Тәжікстан мемлекетінің бастан кешіріп отырған көптеген ауыртпалықтары осы ұлтаралық келіспеушіліктен болғаны белгілі.

Бейтараптық жағдай мемлекеттер арасында, бір елдің өз ішінде, сондай – ақ, адамдардың арасында кездесуі мүмкін. Біріне – бірі ашық жауласпағанымен, олардың арасындағы салқын қабақ танылмай қоймайды. Белгілі дәрежеде біріне – бірі шыдамдылықпен төзіп, шын пиғылын көзге көрсетпесе де, бейтараптық жағдайында бір ұлттың екінші ұлт мүддесіне енжар қарауы, сырттай сыйласқан сияқты болуы да келеңсіз көрініс. Мұндай жағдайлар көбінесе жеке адамдар арасында, шағын ұлт топтары арасында кездеседі. Қарым – қатынастағы жақтардың немқұрайдылығының астарында үлкен қатер жатады. Мұндай салқындық кез келген сәтте, болмашы себептің өзінен де ұрыс – керіске, қарулы жанжалдарға ұласып кетуі мүмкін. Егемендік алып, көк байрағын көтергеннен бері Қазақстан мемлекеті әлемнің жүзден аса елімен ынтымақ шарттарын жасасты. Оның бәріне бір елдің екінші елдің байлығына, халқына көз алартпауы, шекара дауын туғызбау, адамгершілік ниетте қарым – қатынас жасау негіз болған. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында мәңгілік достық және татулық шартына қол қойылуының тарихи маңызы бар. Сондай – ақ, екінші бір үлкен көршіміз Қытаймен шекара айқындалып, татулық шартын жасадық. Түбі бір түркі елдері – Өзбекстан, Қырғыстан, Тәжікстан, Түркіменстан, жырақтағы Түркия мемлекеттері біздің бауырлас достарымыз. Бұл арада біз тек сол мемлекеттердегі саны басым ұлттармен ғана емес, олардағы жекелеген шағын ұлттардың, ұлыстардың мүдделеріне де ортақ екенімізді, оларды сыйлайтындығымызды паш еттік. Жеке мемлекеттің өз ішіндегі ұлттар ынтымағының жемісі қандай болатынын біз Қазақстан Республикасының өмір мысалдарынан көріп отырмыз. Өтпелі кезеңде қазақтың басына түскен қиыншылықтар, шешілмеген күрделі мәселелер басқа ұлттарға да ортақ. Әлемдік өркениетке қол созған Қазақстан мемлекеті өз жеріндегі барлық халықтармен мүдде ортақтығы, ниет бірлігі үстінде. Бұл тарихи кезеңде еліміздің олжалы болмағының кепілі – оның барлық халықтарының ынтымағы мен достығында, бір отбасының баласындай татулығында.

Бұл ынтымақ қатынастары жеке адамдар арасында адамгершілік негізде дамып отырса, тұтас алғанда, отандық патриотизмнің мызғымас іргетасы болып табылады. Нақты әлеуметтік зерттеулер нәтижесінде адамдардың біріне бірінің адамгершілік қатынастарының, гуманизмінің үш деңгейі анықталған. Соның ішінде жоғарғы деңгей – ізгілік қатынастармен ақылын толық қамтып, санасынан, сезімдерінен, іс – әрекеттерінен, басқа ұлт өкілдерімен арақатынасынан көрінеді екен. Ал орта деңгей жеке адам болмысының белгілі бір жақтарын ғана қамтиды, яғни сол адам белгілі бір мәселеде мейірімділік, туыстық пиғыл танытып, басқа бір жағдайда ұлттық тар шеңбер аясында қалады. Төменгі деңгейде адам басқаға алакөз, іші тар, қаскөй мінез танытады, ұлтшылдық дертімен уланып, сол ұлттық түсінік деңгейінен аса алмайды. Ұлтаралық қарым – қатынастар мәдениеті дегенде, оның ұлтаралық қатынастарға қаншалықты әсер ететінін ескеруіміз қажет. Ұлтаралық қарым – қатынастардың деңгейі мен сапасы, тиісінше, ұлтаралық қатынастардың дамуымен, белгілі бір ұлттардың, ұлттық топтардың, ұлыстардың дамуымен, сол қауымдастықтардың табиғатына, сипатына, рухани және басқа да өмір салаларында қаншалықты араласатындықтарына қарай сипатталады. Сонымен, ұлтаралық қатынастар мәдениеті түрлі ұлттар өкілдері арасында сыйластық, өзара көмек, гуманизм, ұлт артықшылығы дегенге төзбеу, өз ұлтының рухани мәдениетін де, басқа ұлттар мен ұлт топтарының рухани мәдениетін де игеруге құштарлық болып табылады. Әлбетте, ұлтаралық қатынастар мәдениеті өз бетімен пайда болып, қалыптаса қоймайды. Ол үшін мемлекеттің, партиялардың, қозғалыстардың, ұлттық мәдени орталықтардың, т. б. күнбе – күнгі белсенді қызметі сияқты субъекті оң факторлар керек. Егер мұның бәрі болмаса, ұлттық келісімге жарықшақ түседі, ұлтаралық шиеленіс, алауыздық белең алады [3]. Ұлтаралық қатынастар мәдениеті түрлі ұлт өкілдері арасындағы ізгі, адамгершілік қатынастардың іс – әрекетінен, көзқарасынан, мінез – құлық тәрбиесінен, демалыс сәтінде, сайып келгенде, ұлттық мүдделер мен ұлттық ерекшеліктер байқалатын қоғамдық өмірдің барлық салаларында айқын көрінеді [4].

Әрбір адам өзін қоршаған болмысты танып – біле отырып, сол болмыс құбылыстарынан өзіне қажетті,

пайдалы жақтарды ала білуге ұмтылады. Мұндай саналы, мақсатты ықылас жемісті болады, өйткені адам қоршаған ортаны танып –білмей, оны бағаламай, жаны мен тәніне қажет құндылықтарды іздемей тіршілік ете алмайды. «Адамға қатысты бола тұра, оған пайда әкелетіндердің, адам қоғамын дұрыс жолда дамытуға және жеке адамның жарасымды жетілуіне себеп болатындардың барлығы құндылықтар болып табылады. Тиісінше, бұған жоралғы болмайтындардың, тіпті бөгет жасайтындардың барлығы құндылықтар емес, яғни құнсыздықтар» [3].

Жалпыұлттық, жалпықазақстандық патриотизм мен жастар арасындағы ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетінің жағдайын білгенімізде, жауап бергендердің басым көпшілігі достасу, жолдас болу үшін ұлттық белгі маңызды роль атқармайтынын көрсеткен. Сонымен бірге басқа ұлт өкілдерімен жақындасуға бөгет болатын тіл білмеу мәселесі (34,8%), ұлттық психология мен салт – дәстүрдегі айырмашылықтар (30,3%) екендігін көрсеткен. Еңбек пен тұрмыстың басқа жағдайларындағы себептердің елеулімәні жоқ екендігі анықталды [3]. Көпұлтты қоғамда шынайы патриотизмнің тиянағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінде жатады. Керісінше, жалпыұлттық патриотизм неғұрлым кемел болса, ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетінің деңгейі де солғұрлым жоғары болмақ. Біздің патриотизмнің белсенді, қайраткер, қарымды қыры адамдардың өз Отанының игілігіне, мемлекеттік билікті нығайтуға бағытталған іс – әрекеттерінен көрінеді, сондықтан, тәуелсіз дамыған ел ретіндегі Қазақстанның қайта жаңғыруының саяси – патриоттық нышаны болып табылады. Қазіргі заманда, мысалы, өзге халықтардың тәуелсіздігін құрметтеушіліксіз, олардың тең құқылығын мойындамаушылықсыз, ұлттар арасындағы достық пен түрлі салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастықсыз тәуелсіздік үшін, ұлттық жаңғыру мен даму үшін күресті елестету қиын. Қазақстан тәрзіді көпұлтты елде жалпықазақстандық патриотизм ұлттық және жалпыадамзаттықтың үйлестігінсіз болуы мүмкін емес. Былайша аталатын, «қазақ идеясының» басқа халықтардың мәдениетін, әдет – ғұрпы мен тарихи жолын құрметтеушілік идеясымен теңдестігі қазақтардың өзіндік ерекшеліктерінің өзге ұлттардың мәдени-өркениетті ерекшеліктерімен үйлестікте сақталуын қамтамасыз етуге қабілетті басқа халықтармен өзара қатынастарының тиімді үлгісі болып қызмет ете алады. Бұған қоса, бұндай үйлесім ұлыстардың ұлттық ар – намысына қысымшылықсыз мәдениеттердің, ұлттардың өзара байытылуына әкеліп қана қоймай, сонымен бірге, қоғам өміріндегі жаңа жетістіктерді жеделдетуші болып табылатыны да заңдылық.

Патриоттық сана – сезімнің әлсіреуі, адамдардың өз елі мен оның жетістіктері үшін ұлттық мақтаныш сезімінің өзгеруі – бұл қоғамның өнегесізденуінің, халықтың тұрақсыздануы мен ыдыраушылығының ажырамас сипаты. Қазіргі уақытта мемлекет пен азаматтық қоғамның барлық күші нарықтық қайта құрулардың жағымсыз салдарларын жоюға, қоғамның қауіпті қылмыстық деңгейімен және көптеген басқа да әлеуметтік тұрғыдан қайшы құбылыстармен күреске шоғырландырылып, бағытталуы тиіс.

Қазіргі заманғы Қазақстанда Отанға деген сүйіспеншілік қоғамдық қатынастарды демократияландыру және гуманизмдендіру негізінде адамды, оның өмірін, игілігін, адамдық ар – намысын, адамға лайықты еңбекақы төлеу шарттары мен өмір сапасын жоғары құндылық деп тану негізінде; мемлекетте ілгерілеуші әлеуметтік – экономикалық саясат жүргізу негізінде қалыптастырылады. Бұндай жаңарған қазақстандық патриотизм мазмұнын заманауи қоғам мен заманауи озық мәдениет құндылықтары ғана емес, сондай – ақ, қазақ мәдениетінің дәстүрлі құндылықтары, оның айрықша руханилық, азаттық пен өнегелілікке ұдайы ұмтылушылық құндылықтары да құрайды. Өткеннің үздік дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы өркениеттің мейлінше озық бағыттарын игере отырып, қазақстандықтар өз елін ең алдыңғы қатарлы шепке қайта шығара алады. Бұған халқымыздың жоғалмаған, қайта, жаңа әлеуметтік өмір жағдайында жаңарған патриотизмі қайта кепіл бола алады.

Патриоттық тәрбие болашақ Отан азаматы тұлғасын қалыптастыруды мақсат тұтады. Бір қарағанда, айқын болып көрінетін бұл мақсаттың мәнін көптеген халыққа білім беру қызметкерлері жете зерделей бермейді, бұл осы мақсатқа жетудің шектеулі, көбіне-көп үстірт әдіс-тәсілдеріне алып келеді. Бұл ретте, қарапайым ақиқат естен шығып кетеді: біздер, яғни, ересектер үшін талассыз болып табылатын нәрсе балалар үшін, әсіресе, жоғары сынып жасөспірімдері мен кәмелетке жаңа толған жастар үшін дәйім талассыз бола бермейді. Соның нәтижесінде патриоттық тәрбиенің маңызды бөлігі – Отаншылдық сезімін, оған деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, басқаша айтқанда, оның дәйекті дүниетанымдық мәні мен өнегелік қозғаушы негізі түсіп қалады.

Осыдан келіп, жастарға патриоттық тәрбие беру саласында салмақты әдістемелік зерттеулер қажеттігі туралы тұжырым жасауға болады. Қазіргі кезде мемлекеттің жаңа саяси және әлеуметтік құрылымдармен өзара әрекеттестігінің жаңа сапалы деңгейі жағдайындағы патриоттық тәрбиенің әлеуметтік мәні ашылмаған, патриоттық сана – сезімнің қоғамдық сана – сезім құрылымындағы орны мен білім беру жүйесінің Қазақстан тұрмыс – тіршілігінің қазіргі кезеңіндегі тұлғаның патриоттық қасиеттерін қалыптастырудағы рөлі зерттелмеген.

Іс-жүзінде қоғамның, ұлттық-мемлекеттік құрылымның және адамның қоғаммен байланыстарын жүзеге асыру формаларының түрленуіне сәйкес, қоғамдық санада патриоттық сезім, пікір – пайым, салт – дәстүр мазмұны, «Отан», «Атамекен» ұғымдарының мағыналық мазмұны елеулі өзгерістерге ұшырады. Дүниетаным, идеология, мораль, адамдардың жалпы мәдениеті мен білімінің мазмұны мен деңгейі өзгеріске түсті, бұлардың жиынтығына адамның өзінің қоғаммен, мемлекетпен қатынастарын ұғынуы байланысты, сондай – ақ, адамның өз қоғамына қатысты қызмет-қайраткерлігінің барлық түрінде өзгерістер болды.

Е.М. Фрадлиннің айтуынша, «заманауи дүниетаным аясындағы патриотизм маңызды негіздік ұстаным мен қоғамның рухани мәдениеті құндылығы болып табылады, бұдан адам мен қоғам, азамат пен мемлекет, жеке тұлға мен оның макроәлеуметтік ортасы, жеке және қоғамдық мүдде арақатынасы жиынтық түрде көрініс табады. Дамыған патриоттық сана адам мен қашанда сөздің кең мағынасында әлеуметтік категория болып табылатын оның Отаны, Атамекені арасындағы жоғары дәрежедегі ортақтық, тұтастықты өз бойында тұтады. Тарихтың барлық кезеңдерінде патриотизм адамдардың қоғамға қатысты парызын, өз мемлекетіне қатысты азаматтық борыштарын атқарушылыққа деген қатынасымен тікелей байланысты болған» [3].

Патриоттық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдері азаматтық борыш ұстанымымен, жекебастық мүдделері қоғамдық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс. Патриоттық тәрбиеде тұлға үшін барынша жақын әрі мейлінше маңызды қоршаған әлем ретіндегі Отанның, Атамекеннің, мемлекеттіліктің мәнділігі көрінетін түрлі нысандар, қатынастар, символдар мен нормалар шоғырланады.

Жүзжылдықтар бойы қалыптасқан тәрбие дәстүрлеріне орай, батыстың дарашылдық үлгісі қазақстандық қоғамда тамыр жая алмады. Қазіргі заманғы дүние де әрбір елдің өз ұлттық мүдделерін, өзіндік ерекшелігін қорғауы - бұл мемлекеттік саясат пен халықаралық қатынастардың маңызды құрамдас бөлігі. Сондықтан, дерексіз қоғам тұлғасын бағдар ететін тәрбие жеткілікті тиімді емес. Бұндай тәрбие нәтижесінде қара басының мүдделерін күйттеуші дерексіз «азаматтық қоғам» өкілдері шығады. Сол себепті, бүгінде біз қоғамды осындай дәрежеге жеткізбеуіміздің жолын іздеуіміз қажет.

Осыған орай, ғалым Жұмабек Кенжалиннің әділ атап кеткеніндей: «Қазақстандық патриотизм жалаң ұран, сөзуарлықтың жиынтығынан ада болуы тиіс. Себебі, әлеуметтік әділетсіздік, принципсіздік орын алған жерде халықтың патриоттық сезімін оятатын факторлар жойылады. Ал ондай сезімі, отаншылдық рухы сөнген елдің болашағы да бұлыңғыр болатынын тарих дәлелдеп отыр. Сондықтан, біздің ойымызша, қазақстандық патриотизмнің дәстүршілдік және жаңашылдық сыпатына айрықша назар аударып отырған абзал» [4].

Ұлтаралық қарым – қатынас мәдениеті – бұл, сондай – ақ, тұлғаның рухани – өнегелік және саяси – әлеуметтік әлеуетінің тәжірибе жүзіндегі көрінісі. Өкінішке орай, тәрбие жұмысында «ұлттықты» жалпы адамзаттықтың игілігіне жұмыс істейтін факторға айналдыру мүмкіндіктері әлі де әлсіз пайдаланылуда. Ал, онсыз жалпыадамзаттық құндылықтардың өздерінің ұлттық қатынастар жүйесіндегі дамуы мен тәжірибе жүзіне асуы үйлестігіне жету қиын. Ал, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті іс жүзінде жалпыадамзаттық типті ұлтаралық қатынастардың ұдайы өндірісінің маңызды шарты ретінде көріне алады және көрінуге тиісті де.

Қазақ халқының дәстүрлері негізінде жүзеге асырылатын патриоттық тәрбие әлеуметтендіру процесін тұлғаға дәл осы Отанға, Атамекенге қызмет ету арқылы, өз тарихы үшін, өз Отанының әлеуметтік дүниенің ғылымына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына қосатын үлесі үшін мақтаныш сезімі арқылы өз қабілеттерін мейлінше терең ашуға мүмкіндік беретін деңгейге жеткізеді. Тек тұлға ғана өзінің Отанға деген қатынасын ішкі, қастерлі сезім ретінде пайымдауға қабілетті. Сол себепті, патриотизм де тұлғаның биік даму деңгейін сипаттайтын аса маңызды рухани игілік ретінде түсініледі.

Патриоттық тәрбиемен мемлекет түбегейлі шұғылдануы қажет. Патриоттық тәрбиенің бұрынғы баспалдақтары отбасы, мектеп, пионер мен комсомол ұйымдары және армия болатын. Бұл қасиетті іске соғыс ардагерлері мен әскер – көркем әдебиет авторлары – жазушылар жайына кетті. Совет мемлекеті өзі орнағаннан кейінгі 73 жыл бойына көп ұлттық совет халқын патриотизм рухында тәрбиелеп отырды. Ол тәрбие қанына сіңді. Совет үкіметі орнағаннан кейін жиырма төрт жылға аяқ басқанда неміс фашистері Совет Одағына қарсы соғыс ашты. Төрт жылға созылған осы соғыста советтік патриотизмінің қуаты айқын танылды – зұлым жау жеңіліп, тізе бүкті.

Сайып келгенде, халыққа тәуелсіздік қажет. Патриотизм – тәуелсіздік қорғаны. Патриоттар – Отан тірегі. Қазақстан халқы патриот болмай, еркіндікті сақтау қыйын болатынын біз тарихтан білеміз. Көп ұлтты Қазақстан Республикасында да қазақстандық патриотизмді халықтардың қанына сіңіру қажет.

Мемлекет қазақстандық патриотизмді жұрт жүрегіне сіңірудің жолдарын тауып мұны өзінің маңызды шараларының бірі ретінде күнделікті жүргізіп отыруы керек.

Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Назарбаевтың «Қалың елім – қазағым» жинағында «... Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды ...» және «Біз қазақстандық патриотизмді Отанын, жері мен суын шексіз сүю, халқының өнеге дәстүрін, әдет – ғұрпын, елдің тарихын құрмет тұту, мүддесін көздеп бостандығы мен құкын қорғау, әр адамның күш – жігерін ел бірлігін нығайтуға, азаматтық татулықты баянды етуге және ұлтаралық татулықты тұрақтандыруға жұмсау» деп жазылғаны мәлім.

Осыған орай, біздің ойымызша қазақстандық патриотизмді дамытуда төмендегі бағыттарды жүзеге асырған жөн:

Біріншіден, «Тәрбие басы – тал бесік» деп қазақ даналары айтпақшы оқушыны жан – жақты интеллектуалды азамат етіп тәрбиелеу үшін тек қана мектеп емес, «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» дегендей, бала тәрбиесінде ата – ана ролін күшейту керек.

Екіншіден, жоғары оқу орындарында «Көп ұлтты қоғамды қайта құру жағдайындағы патриоттық тәрбие» атты курс ашқан да орынды болар. Бұл институт бітірушілер үшін практикалық тәрбие болар еді. Өйткені олар күні ертең жастар арасына барып осы тәрбиені өмірде жүзеге асырғалы отырған мамандар.

Үшіншіден, бұқаралық ақпарат құралдарының бәрін осыған жұмылдырып, бұл істі жемісті жүргізудің жаңа тәсілдерін тауып, оны үнемі насихаттап отыруы тиіс. Патриоттық тәрбиеге байланысты бұқаралық деңгейде әсер ететін аудиовизуалды құралдармен қатар, өнер құралдарының (театр, кино, бейнелеу өнері және т.б.), сондай – ақ әдеби кітаптар шығарып отыратын арнаулы мемлекеттік әскери баспа болуы керек. Патриоттық тәрбие мәселесіне арналған саяси мәдени шаралар үнемі жүргізіліп отыру қажет. Қазақстандық патриотизм тек қазақтардың ғана емес, Қазақстанды мекендейтін барлық халық өкілдерінің көкірегіне сіңіп, кешегі советтік патриотизм сияқты қуатты күшке айналуы абзал. Біз сонда ғана патриотизмді атом қаруынан кем емес керемет күшке айналдырып, еліміздің қорғанысын қамтамасыз ете аламыз. Қазақстанда тұратын әр ұлттың бойында ұлттық намысты оятып, соның бәрін қазақстандық патриотизм деген бір арнаға айналдыруымыз керек.

Көпұлтты қоғамда шынайы патриотизмнің тиянағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінде жатады. Керісінше, жалпыұлттық патриотизм неғұрлым кемел болса, ұлтаралық қарым-ұатынас мәдениетінің деңгейі де солғұрлым жоғары болмақ.

Қазақстан Республикасының Президенті өзінің халыққа Жолдауында еліміздің сегіз артықшылығының бірі ретінде: «Біздің жетінші бекем тұсымыз – қоғамымыздың саяси тұрақтылығы мен бірлігінде жатыр. Біз қоғам ішінде тікелей тайталасқа жібермей, ахуалды тұрақтандыра білдік, мұны мақтан етеміз, өкінішке қарай, көптеген дамушы және кешегі коммунистік кейінгі елдердің бұған қолы жеткен жоқ. Алайда толық тұрақтылықтың, ал топтасу мен бірліктің ауылы әлі алыс жатыр, сондықтан біздің баршамыз өзімізді біртұтас отбасымыз деп сезіну, өз мақсаттарымызды айқын біліп, оларға қарай келісе ілгерілеу үшін алдағы көп уақытта жұмыс тындыруға тура келеді» – деп, баршамыздың алдымызға аса маңызды тарихи міндет қойды [3]. Осылайша, біз патриотизмнің қоғам өміріндегі күрделі рухани және саяси-әлеуметтік құбылыс болып табылып, рухани және саяси өмірді байланыстырушы, тұтастырушы қуатты күшке ие екенін көреміз. Қазақстандық қоғам өмірінің, тарихының қиын – қыстау кезеңдерінде ол саяси сипат алады. Бұл жағдайда патриотизм ортақ мақсаттар мен мүдделерге жетуде бірінші дәрежелі, басым маңызға, мақсатты сипатқа ие болады.

Терең рухани ой – зерде, биік өнегелі мінез – құлық нәтижесі ретіндегі патриотизм іс жүзіне асыру процесінде жаңа сапалы мәнге – Қазақстан мемлекетінің әрбір адал азаматының саяси қызмет – қайраткерлігінің нышанына айналуға. Ол Қазақстанның гүлденуі, қазақстандық азаматтардың әл – ауқаты артуы жолында елімізді инновациялық және шығармашылық тұрғыдан өзгертуге ұмтылатын бүкіл саяси институттардың өмірі мен іс – қызметінің өзекті мәселесі болып табылады.

Біздің патриотизмнің белсенді, қайраткер, қарымды қыры адамдардың өз Отанының игілігіне, мемлекеттік билікті нығайтуға бағытталған іс-әрекеттерінен көрінеді, сондықтан, тәуелсіз дамыған ел ретіндегі Қазақстанның қайта жаңғыруының саяси-патриоттық нышаны болып табылады. Осы себепті, күрделі рухани және саяси-әлеуметтік құбылыс ретіндегі қазақстандық патриотизм Отанды қорғау, нығайту және гүлдендіру жолында онымен ажырамас тұтастығын саналы түрде ұғынатын тұлғаның руханилығы, азаматтығы және саяси-әлеуметтік белсенділігінің бірлігі болып табылады. Ал, бұл кез келген мемлекеттің түбірлі саяси міндеті екендігі белгілі.

Қорыта келе, Қазақстанда ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыру процесінде

мазмұны ұлттық пен жалпыадамзаттық бірлігі болып табылатын патриоттық тәрбие жүргізу қажет. Сондай – ақ, ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетіндегі ұлттық пен жалпыадамзаттықтың бірлігі ұлттық мәдениеттердің сақталуы мен дамуын қамтамасыз етіп, қазақстандық мәдени және білім беру кеңістігінің бірлігі мен тұтастығына септігін тигізетіндігін айта кеткен жөн.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. «Қазақстан – 2030» Ел президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.- Алматы: Білім. - 1998. - 37 б.
2. Мұқажанова А. «Қазақстан халқының патриотизмі» Ақиқат // 2010. №6
3. Менлібаев Қ. Н. «Патриотизм және ұлтаралық қатынас мәдениеті» Саясат // 2001 ж. қаңтар
4. Новый энциклопедический словарь. - М. 2002 г. – С. 888
5. Майлыбаева Л. Патриоттық рухта тәрбиелейік // Қазақстан мектебі. - 2008. - №7

САНКАЙБАЕВА П.С.

аға оқытушы, Шәкәрім атындағы СМУ(Семей қ.)

ТАРИХТЫ ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

«Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасының приоритетінің бірі - ұлттық білім моделін қалыптастыру тенденциясымен және Қазақстанда білім беру жүйесін бүкіл әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруімен сипатталатын білім беру саласы болып табылады. Қазір бүкіл әлемде инновациялық-индустриялық қоғамнан интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын информациялық қоғамға, яғни, негізгі рөлді информацияны алу, өңдеу, сақтау, тасымалдау, тарату және пайдалану істерді атқаратын жаңа қоғамға көшу процесі жүріп жатқан уақыт.

Бүгінгі күні Тәуелсіз Қазақстан тарихын инновациялық әдістермен оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану арқылы білім алушылардың ойлау қабілетін арттырып, ақпараттық технологиялар негізінде ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыру, тарихи объективизмді ұстана отырып шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинақтау ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналылыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке яғни қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отырғандығы барша ғыламдар мен білім берушілер құзырында. Осы орайда халық педагогикасындағы «Анаң болса да оның жаман қылықтарына еліктеме, жауың болса да оның жақсы қылықтарына елікте» деген қағида жас ұрпақты оқытумен тәрбиелеудегі жаңа талап, жаңаша көзқараспен тікелей байланыстылығын байқау қиын емес. Себебі бұл тұжырым қазақстандық патриотизмді насихаттайтын бірден – бір педагогикалық шара екендігі айқын.

Тарих соның ішінде Отан тарихын оқыту және оның оқытудағы жанашылдық жас жеткіншектерді жеке адам (тұлға) ретінде қалыптастыруға, ой-өрісін дамытуға, өзінің түп-тамырларын білуіне, қазіргі заманның күрделі проблемаларын дұрыс шешуге көмектеседі. Отан тарихын оқытудың басты мақсаты оқушыларға өз жерінің ежелгі заманнан бүгінге дейінгі мекендеп келген, адамзат жүріп өткен тарихи-танымдық жолдарының аса маңызды фактілерін, оқиғаларын, құбылыстарын оқытып үйрету, адамдар жинаған әлеуметтік, рухани, адамгершілік тәжірибені меңгерту, сол арқылы жас ұрпақтың тәуелсіздік жолында Қазақстанның жаңа қоғамды құруға белсене қатысуына және тәуелсіз Қазақстан мен дүниежүзінің тағдырына деген жоғары жауапкершілік сезімін қалыптастыру, яғни қазақстандық патриотизмді насихаттаудың негізі болып табылады.

Білім беру жүйесінің алдына қойған мақсаты өмір сүріп отырған замандағы адамзаттың прогрестік ерекшелігіне, қоғамдық-тарихи, саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайына сай негізделеді. Білім беруде ақпараттандыру, Отан тарихымен байланысты пәндерді технологиялық ғылыми-теориялық негізде оқыту мақсаты бүгінгі күннің алға қойыған шарасы. Кез-келген мемлекеттің дамуы – ақпараттық мәдениеттің деңгейіне байланысты дегендей оқытудағы инновация, Отан тарихына қатысты тәрбиелік іс-шаралар барысында кәсіптік жаңа технологияларды қолдану педагогикалық саладағы маңызды мәселелерге айналды.

Қазіргі күнде білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыты – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта және дистанционды оқыту, дара тұлғаға бағыттан оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен санасын көтеруді көздейді.

Оқытуды компьютерлендіруде компьютердің мүмкіндіктері өте кең: электронды оқулықтардың көмегімен білім, жаттықтыру тапсырмаларын беру, оқушының білімін тексеру, тест алу, әр түрлі ойындар, т.б. Оқыту үрдісінде компьютер оқыту нысаны және құралы болуы мүмкін. Яғни, оқытуда компьютердің екі бағыты болады:

1. Компьютердің мүмкіндіктерін сезініп, оны әр түрлі жағдайда пайдалана білуге қажетті білім, дағды, іскерліктермен қаруландыру.

2. Компьютер оқытудың тиімділігін жоғарылатып, сапасын көтеретін күшті құрал болып табылады.

Қазіргі кезде оқытушы сабақ мазмұны қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалды іздеу мен жүйелеуге жұмсайды. Ол үшін басты міндет – оқытуды компьютерлендірудің концептуалды аспектісін жасау. Осыған орай оқытуды ақпараттандыруда төмендегі сәттерді ескеру қажет:

*Оқыту үрдісін компьютерлендіру кезінде тек бағдарламалау тілін немесе дербес компьютердің ақпараттық құралдарын емес, компьютерді белгілі бір үрдістерде, құбылыстарда, экономикалық жағдайда модельдеуге үйрену.

*Компьютерлендіру оқытушыны оқыту үрдісінен шығарып тастамай, керісінше студентпен неғұрлым тиімді жұмыс жасауға жағдай туғызуы керек.

*Білімді топтық түрде бере отырып, оқытуды даралаулы күшейтіп, студенттің білім сапасының көтерілуіне мүмкіндік жасауға болады.

*Компьютерді алға қойылған педагогикалық мәселені сапалы және тез шешуге көмектесетін жағдайда ғана пайдалану қажет.

*Оқытуды компьютерлендіруді студент өз бетімен ойлап, шығармашылық белсенділік танытып, дербес компьютерді саналы түрде пайдаланатындай етіп ойластырған жөн.

*Қазіргі кезде жекелеген пәндер үшін педагогикалық-психологиялық талапқа сай ана тілінде электронды оқулықтар жасалып жатыр. Ондағы теориялық материал, жаттықтырушы тапсырмалары, тексеру тесттері, анықтамалықтар, т.б. білім сапасын арттыруға көмектеседі.

Оқу үрдісін ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ. Оқытушы әдістемесінде қажетті ізденістің болмауынан оқытудың да қызығушылығы жойылады. Сондықтан оқытушы үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерінің бірі – «Компьютер арқылы пәндік сабақтар» өткізу. Сондай сабақтардың бір үлгісін қарастырсақ... Мысалы: Ел дербестігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен саяси тұлға, қазақтың соңғы ханы «1837-1847 жж. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі» тарихын алатын болсақ мынадай үлгіде өткізгенді ұсынар едім. (Әрине бұл ұсыныс тек менің ғана үлгім болып қалады, Ал пайдаланушы ұстаз немесе Отан тарихын оқытушы үшін өз қалауынша қабылдайтын тәжірибелік үлгі болмақ) Сонымен тақырыпты өткізудегі үлгі ні назарларыңызға ұсынсам..

Сабақ тақырыбы:

«Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс» (1837-1847 жж)

Сабақ мақсаты: жаңа сабақ тақырыбындағы тарихи оқиғаларды жан-жақтылы түсіндіру.

Білімділік мақсаты: К.Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи себептері мен әскери қимылдар барысы мен тарихи маңыздылығы мен сипатын түсіндіру. Қозғалыс басшысы К.Қасымұлының тарихи тұлға, саясаткер және дипломат екендігін дерек көздері арқылы сипаттап түсіндіру. Бүгінгі еліміздің саяси дамуына сол кездегі қозғалыс басшысы Кенесары ханның ұстанған саясатының өмірмен байланыстыра отырып баяндау.

Дамытушылық мақсаты: қосымша әдебиеттерді, тарихи шығармаларды пайдалана отырып, ұлт-азаттық қозғалыстар тарихының салыстырмалы венндиаграммасын жасау. Студенттердің жүйелі ойлауы мен өздігінен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелік мақсаты: Елді қорғау әр азаматтың парызы екендігін түсіндіру және қазақстандық патриотизмге баулу, бағыттау.

Сабақ түрі: сын тұрғысынан оқыту

Сабақ әдісі: сұрақ-жауап, пікір-талас, әңгімелеу,
қосымша материалдармен жұмыс

Пән аралық байланыс: Саясаттану негіздері, Құқық негіздері,
Халықаралық құқық, Дүние жүзі тарихы, Әдебиет.

Көрнекіліктер: Кенесары суреті, кестелер мен баспасөз материалдары,
Кенесары хаттарынан үзінділер

Техникалық құрал: Интерактивті тақта және слайд-суреттері

Жоспар:

1. *К.Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың алғы шарттары, басталу себептері мен барысы*

2. *Қарулы күрестің күшейген кезеңі және оның жеңілуі*

3. *К.Қасымұлы және феодалдық мемлекеттің құрылымы*

1-сұрақ: XIX ғасырдың 30-шы жылдарында патша өкіметі Қазақстанда отарлау саясатын онан әрі күшейтті. Қазақ халқының саяси дербестігінің біржола жойылуына бағытталған шаралар патша өкіметі тарапынан жүзеге асырылып жатты. Олар: қазақ хандары Әбілқайыр, Абылай хандар заманындағы жасасқан шарттары елеусіз қалды. Салықтар төленбеді. Әскери шептер келіп, қоныстандыру саясатының шаралары жүргізілді. Қазақ жерінің шұрайлысы Ресейдің қолына қарады. Пайдаланғандарға салықтар салынды. Әкімшілік басқару жүйесін қайта құру (1822-1824 жж. Уставтар) барысында қазақ жерлері округтерге (Батыс –Сібір және Орынбор) бөлінді. *«Бөліп ал да билей бер»* деген отаршылдық қағидасы бұлжытпай орындалды. Бекіністер салынды. Әсіресе бекіністер Торғай, Ақмола, Көкшетау, Қарқаралыда көтерді. Әрине қазақ даласындағы мұндай сұмдық жағдайлар кім-кімнің де болсын жанын ауыртатыны рас. Патша өкіметінің отыршылдық саясатына қарсы шыққандардың бірі Абылай ханның баласы Қасым еді.

Қасым сұлтан патша әкімшілігіне хат жазып, кісі салып, халыққа қысым жасалмауын талап етіп түсіністікке шақырды. Бірақ жауапсыз қалған хаттардан кейін Қасым патша өкіметіне ашық қарсы шығуды ойлады. Қарсылық күресте Қоқан хандығына сүйенбекші болды. Бірақ Қоқандықтардан күткен көмек бола қоймады. Олар керісінше патша өкіметінің қолдауына ие болып, Қасым балалары Саржан мен Есенгелдіні, кейіннен Қасымның өзін өлтіреді. Кенесарыны Ташкент түрмесіне қаматты.

Түрмеден босап шыққан Кенесары ата мекені Ұлытауға келіп қоныстанды. Өз өмірін ел дербестігіне арнады. Ондай арман ел басын біріккенде ғана жүзеге асатындығын түсінген Кенесары Қасымұлы болып жатқан жайттарды ойдан өткізіп, алдымен мәселені дипломатиялық күш арқылы шешуді көздеді. Көздеген мақсаты Ресейге де, Орта Азия хандықтарына тәуелді емес, олармен тең қарым-қатынаста болу еді. «1825-1840 жылдар аралығында олар біздің ауылдарымызды 15 рет тонауға, талауға салды. Мұндай қысым мен тонау, талау, адамдарды өлтіру бізді басқа жаққа кетуге мәжбүрледі. Сондықтан мен К.Қасымұлы қолыма қару алып халқымның ұлы күресін бастауға патша үкіметіне ашық қарсы шықтым» деп жазады.

Кенесары Қасымұлы кім еді? (слайдтан көрсету)



1802 жылы Көкшетау өңірінде дүниеге келді. Шыңғыс ханның 27-ші ұрпағы. Абылай ханның немересі. Жаужүрек батыр, шабандоз, көрнекті қолбасшы, қайраткер, халық бостандығы үшін күрескер және ұшы-қиырсыз даланың қатал табиғатына шыныққан, бірбеткей мінезді, қайсарлы және жетекшілігі мен адамшылдығы бір басынан табылатын тарихи тұлға еді. XIX ғасырдың 30-шы жылдарындағы ұлт-азаттық қозғалыс басшысы Қасымның баласы Кенесары болды.

Қозғалыстың алғы шарттары:

* XIX ғ. 20-жылдары Ұлы жүздің бір бөлігін, Кіші жүздің оңтүстігі Қоқан билігінде болып,

қазақтардан салықтар жинады.

* Хиуа хандығы Кіші жүздің шекті, төртқара, байұлына қысым көрсетіп, Сыр өзені бойына бекіністер тұрғызып, сауда керуендерін тонады.

* 1822 жылғы Жарғы қазақтар шаруашылығын құлдыратты.

* Ағасы Саржанның, әкесі Қасымның Ташкент билеушісінің қолынан қаза болуы.

Кенесары Қасымұлының саяси көзқарастарының қалыптасуына себепкер болған әкесі – Қасым еді. Жаңағы оқиғалар оның елінің азаттығы үшін басталған күрестің басшысы болуына итермелеген оқиғалар еді.

Кенесары Қасымұлы **қозғалысының басты мақсаты** - патшалық Ресейдің құрамына қосылып үлгермеген аймақтардың дербестігін сақтау, қазақ жерлерін бекіністер мен жаңа округтік билеу арқылы жан-жақты отарлауды тоқтату, қоқандықтардың тепкісіндегі Оңтүстік өңірдегі қазақтарды босату, Қазақ хандығына қосу еді. Қозғалыс бүкіл Қазақстанды қамтыды. Сипаты- ұлт-азаттық. 10 жылға созылған қозғалыстың басты қозғаушы күші – **бұқара халық** болды. Ақсүйек өкілдері де болды. Олардың қатысуының себебі: өз мүдделеріне пайдалану және бұрынғы артықшылықтарын қайта алу, көшпенді дербес феодалдық мемлекет құруды көздеді.

2-сұрақ: 1838 жылы мыңдаған сарбаз жиналып үш жүздің қазағы бас қосты. Кенесарының жауға қарсы жорығында Ағыбай /Орта жүзден/, Иман Дулатов /Амангелдінің атасы/, Бұқарбай /Ұлы жүзден/, Мыңжасар, інілері –Наурызбай мен Әбілғазы, әпкесі –Бопай қатысты.

Кенесары жасақтары қатарында қарақалпақ, түрікмен, қырғыз, өзбек өкілдері де болды. Қозғалысқа қатысушылардың саны 1843-1845 жылдары көбейе түскен. Кенесары қазақ жерлерінің тартып алынуына күйініп қана қойған жоқ, атамекенді кері қайтару үшін де халықты батыл күреске шақырды (Е.Бекмаханов. «Қазақстан ХІХ ғ. 20-40 жылдарында» А- 1994, 186 бет) Дегенмен Кенесары барлық әдіс-амалдарын қолданып тырысып бақса да, кейбір феодалдық топтарды, үш жүздің ру-тайпалық бөлімдерін біріктіре алмады. Қазақ ақсүйектері екіге бөлінді. Бірі-патша өкіметін жақтағандар, екіншісі - өз саясатын күшейтуге әрекет етушілер.

1838 жылдың көктемінен бастап Кенесары жасақтары патша әскерлеріне қарсы алдын ала жасалған жоспар бойынша дәйекті күрес жүргізді. Ақмола қаласын қиратып, Қоңырқұлжа сұлтанның ауылын шапты. «Кенесары ұрыстың түйіні шешілген жерге келіп, көкбурылдың үстіне ажалдан қорықпай тік тұра қалып «Абылайлап» қамалға қарай құйындата жөнелді. Кенесарыны көрген жау орындарында тұра алмады. «Абылай», «Атығай», «Қабанбай» деп ұрандап бекініске лап қойды. Ақмола әскері жеңілді.» Сөйтіп Кенесары сарбаздары Ақмола бекінісінің үйлерін тегіс өртеп, қорғанын құлатып, Шығыс Сібірдің орталық қамалы тұрған жерді тып-типыл етті. Сонымен жеңістен кейін қайта Ұлытауға қарай бет алды. Бұл шайқаста Кенесары өзінің қолбасшылық дарынын танытты. (І.Есенберлин. Қаһар. Алматы-1969ж. 160-165 беттер)

Кенесары Қасымұлының азаттық қозғалыстың мақсатына жету жолында дипломатиялық айла-амалдарды шебер пайдаланып, патша үкіметіне хат жазды. Хаттар мазмұндарына назар аударсақ...

Бірінші хат: *«Бүкілроссиялық дара билеуші патша ағзамға. (Ол кездегі патша І Николай еді). Бүтін қырғызды билеген Абылай ханның ұрпағы Кенесары Қасымұлынан. Тақсыр! Төмендегі жағдайға көңіл аударсаңыз өзімді бақытты санаймын. Менің атам Абылай хан билеп-төстегенде халық тыныш өмір сүрді. Екі жақ саудаласты, жайлы өмір сүрді. Кейінгі кезде бізден салықты жөнсіз сыпыра бастады, әртүрлі жәбір көрсетуді сезіп отырмыз. Бейбіт келісімдер бұзылып, ақиқатты аяқпен таптап, барша қырғыз халқын Ресейдің уысында деп қарайды. Барша қырғыз халқына қысымды тоқтату және бұрынғы тыныш өмірді қалпына келтіру үшін сізден, ұлы патша, өмірімізге қол сұқпауыңызды, даламызда салған қоныстарыңызды жоюды өзіңізден өтінуді бақыт санаймын»* (Ж.Қасымбаев. Кенесары хан. А-1993, 15-17 беттер). Бірінші хат мазмұны дипломатиялық - этикалық талаптармен жасалды. Бұл жерде Кенесары сұлтанның **дипломат** болғандығын түсіну қиын емес-ті.

- Хатта көзделген мәселе не болды? (студенттер пікірін тыңдау)

Басты тілек – тыныш өмірдің шырқын бұздырмау. Осылайша Кенесары сұлтанның қайсарлығы қазақ даласына кеңінен тарады.

1838 жылдың жазы мен күзінде Орта жүзбен Кіші жүздің адамдары келіп қосылды. Ақмола шайқасынан кейін патша үкіметінің губернаторлары дау көтерді. «Кенесарының қолы көбеюде. Тез арада жоюды ойластыру керек», деген пікірді айтқан генерал Обручев болды. Осы тұста Кенесары Қасымұлы екінші рет хат жолдады. Бұл жолғы хат айбарлы болды. *Онда: «Сіздің есіңізге салайын. Екі халықтың тыныштық өмірін қамтамасыз ету. Менің атам Абылайдың иелігінде жөнсіз бірнеше дуандарды ұйымдастырып, салық жинаттырып отырған сіздер емес пе? Ойлығыз, егер Ресейді басқа бір мемлекет билеп-төстеп отырсыз, қалай шыдар едіңіз? Біздің де пайымымызды еске*

алыңыз...!» Кенесарының 5 елшісі жеткізді. Олар қамауға алынды. Тіпті оларды бір-бірінен бөліп жеке бөлмелерде қапаста ұстауды қажет дегендер де болды.

- Қалай ойлайсыңдар неге? (студенттер пікірін тыңдау)

Е.Бекмахановтың зерттеуінде Кенесарының бес елшісінің үшеуінің ғана аты-жөндері берілген: Тобылды Тохтыұлы, Қошымбай Жанкүшікұлы, Қосымбай Қазанқапұлы. (орыс тілін жақсы білді, тентектік, бүлікшілік мінезі бар). Т.Тохтыұлы- жауапты тапсырмаларды орындаушылардың бірі болған.

Сібір әскери корпусының командиріне 1840 жылы қазан айының 18-інде Ресейдің соғыс министріне жолдаған хаттарының бірінде, егерде қауырт шаралар қолданылмаса Кенесары келесі жылдың көктемінде күшейіп алып, батыс округтарды қамтып дес бермей кетем деген қауіпін білдіреді. Кенесары сұлтанның расында да **саясаткерлік** қызметті жетік білгендігін байқаймыз.

1840 жылы күзде көтерілісшілер Ырғыз бен Торғай маңында патша әскеріне, орыс әкімшілігін қолдаушы жергілікті бай-шонжарға қарсы күресті күшейтті. Кенесарының қозғаушы күштерінің қимылы күшейе түсті. Ұлы жүздің қазақтарын босатып, өзіне қосып алу мақсатымен Кенесары Қоқан хандығына басып кірді. Кенесарының аты қазақ даласына одан әрі кеңінен тарады. Алайда заңды талап-тілегі орындалмай өтініштер аяққа басылды. Елі мен жерінің біртұтастығына қатты қауіп төнгендіктен, ту ұстап, тұлпар мініп қол бастады. Осы тұста Кенесарының **әскери қолбасшы** екендігін байқаймыз. Шебер қолбасшы ретінде соғысқа жан-жақты дайындалды.

Қару – жарақ соғу, зеңбірек құю, өзге ұлт шеберлерінің ұсталығын пайдаланып, 20 –ға жуық қол жинады. Кенесары сұлтанның ұлт –азаттық қозғалыстың күшейген кезеңінде арқа сүйер батырлары болды. Олар... (Е.Бекмаханов «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» монографиясы. Алматы-1994 210-212 беттер). Батырлары туралы әдеби жазбалардан үзінділер бойынша мәліметтер беру. (Есенбай Дүйсенбай Хан Кене. Алматы, 1993 273-277 беттер)



1841 жылы қыркүйекте қозғалыс орталығы Торғайға ауысты. Үш жүзден адам жинап, әкесі Қасымға ас берді. Осы астан кейін үш жүзден жиналған жамағат Кенесарыны ақ киізге салып, бүкіл қазақ халқының ханы етті. **Қазақтың соңғы ханы-Кенесары Қасымұлы.** (1841-1847 жж)

Кенесары хан болып сайланғаннан кейін ел билеу тәртібі өзгеріп, алым-салық реформасы іске асырылды. Егіншілікті дамыту, көрші елдермен сауда-саттық байланысын орнатуға көңіл бөлінді. Малшылардың зекет, егіншілерден ұшыр салығы алынды. Керуеншілерді тоқтатып, олардан салық алынатын болды. Мемлекеттік құрылыс өзгерді. Хандық кеңес құрылды. Оған батырлар, билер, сұлтандар, ханның туысқандары енді.

Басқару Кенесарының өз қолында болды. Жасақтар жүздіктерге, мыңдықтарға бөлінді. Тәртіпке бағынбағандарға өлім жазасы қолданды. Көрші елдермен татулық қарым-қатынас орнату үшін әрекеттер жасалды. Барымтаға тиым салынды. Бірақ нәтижесіз болды.

1841-1842 жылдары Кенесары жасақтары Қоқан хандығына қарсы соғыс жүргізді. Созақты, Сауранды алды. Ташкентке жорық жасады, бірақ нәтижесіз аяқталды. Себебі жұқпалы аурудың жасақ арасында тарауы. Осыдан кейін көрші Бұқара хандығымен қарым-қатынас саясатын жасап, ол өзгеше болды. Әскери көмек, қару-жарақтар алмасып отырды.

1843 жылы Орынбор генерал-губернаторы Перовский кетіп, орнына Обручев келді. Кенесары мен Перовский бір-біріне сыйластықпен араласты. **Обручев пен Горчаков** Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісін тұншықтыруға және Кенесарының көзін жоюға 1843 ж. 23 маусымда патша I Николайдан рұқсат алды. Тіпті қаржы бөлді. Әскерлер соғысқа дайындалды. Кенесарыға қарсы 50000 әскер жіберілді. 1-7 қыркүйекте екі жақтың арасында күшті шайқастар жүрді. Көп шығын болды. Кенесары әскері тіке шабуылдамай, әр тұстан, тұтқиылдан жау әскерін мазалап, берекетін кетірді. Патша әскері кейін шегінді.

1844-1845 жылдары қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстың **өрлеу** кезеңі басталды. Жақсы дайындық жүрді. Жасалған қимылдар табысты аяқталды. Татулық саясаты Бұқара мен Хиуа хандығы Кенесарымен тығыз байланыс жасауға ұмтылып, сыйлық жіберді. Патшалы орыс мемлекеті Кенесарымен келіссөз жүргізу елші Долговты бір топ адамымен қазақ жеріне аттандырды. Кенесары мәселені ойланып қарауды екі айға созды. Елшілер бітім болмайтындығын сезгеннен кейін «келіссөз» деп, Кенесары патшаға хат аттандырды. Хатта қазақ жеріндегі бекініс-қамалдарын бұзып, қазақ халқына жасап отырған зорлық-зомбылығын тоқтағанда ғана Ресей қол астына еруге дайын екенін жазды.

1845 ж. Кенесары Ұлы жүзге қоныс аударып, Жетісуға келіп тоқтады. Көздегені Ұлы жүздің халқын біріктіру, қырғыздармен одақ құру, Қоқан хандығына шабуыл жасап, қоқандықтардан қазақтарды азат ету. Жетісу келешегіне байланысты жоспарларын ойластырды. Патша осы тұста Кенесарының төңірегіне тор құрылды. Қазақтың бай шонжарларымен қырғыз манаптары (Орман хан, т.б.) бас қосып Кенесарының еңсесін көтертпейтін соңғы соққы беруге әзірленді.

1846 ж. мың жасағымен Кенесары қырғызға бет алды. Хан солтүстік қырғыз манаптарынан өзіне бағынуын талап етті. Қырғыз манаптары Орман, Жантай, Жанғараш тайпалар өкілдерінің құрылтайы шақырылды. Кейбір тайпалар хан талаптарын орындамады. 1847 ж. Кенесары қырғыз жеріне басып кірді. Кенесары Тоқмақтың маңында **Кекілік-сеңгірі** тауында үш жақтан қоршауға түсіп, жан-жақтан қамауға алынды. Үш күн шайқас болды. Талай адамдар осы шайқаста соңғы демі біткенше қарсыласты. Арасында қара халық арасынан шыққан Ағыбай, Бұқарбай мен топ жарып шыққан батыр інісі Наурызбай болды. Наурызбай қолға түскен ағасының жайын ойлап қырғыз қолына өзі түсті. Екі батырдың басы кесілді.

«Кенесары тұсында қарт бурадай жарадық,
Жауды жасқап жапырып,
Жауған қардай борадық
Дұшпанның алдын орадық.
Кене ханнан айрылып,
Шіл боғындай тарадық.
Көрінгеннен қорғалып,
Кісі аузына қарадық» деп Нысанбай жырау жырлады.
Хан Кене. Алматы-1993 17-20 беттер.

Қозғалыстың әлсіреу себептері болды. Олар: 1.Кенесарының өзін қолдамаған ауылдарға озбырлық көрсетуі, 2.Хан тобының Қоқан феодалдарына қарсы соғысып күшті біріктіре алмауы, 3.Қазақ руларының тарапынан қолдау болмауы, әсіресе Қоқан мен қырғыздарға қарсы күрестерде. Қозғалыстың **жеңілуінің** себептері:

-Ресейден жеңілдіктер алған ру ақсүйектерінің мақсатты ұмытып кетуі, яғни мемлекет құру мүддесін ойламауы;

-Ақсүйектерден қолдаудың болмауы;

-бытыраңқылық;

-Ресей тарапынан Қоқандықтар мен қырғыздар күшінің Кенесары хан күшіне қарсы біріктірілуі.

Сипаты: отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыс. **Тарихи маңызы:** үш жүзді қамтыған, патшалы Ресейдің саясатына қарсылық туып, халық азаттығы үшін күресу керектігін халықтың түсінуі.

3 сұрақ: Кенесары Қасымұлы –мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, Ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі. Шыңғыс ханның 27-ші ұрпағы, Абылай ханның немересі. Жеке басының ерлік қасиеттері, бірбеттігі, алға қойған мақсатына жету жолындағы қайсарлығы мен дүлей күш-жігері оның жетекшілік қабілетін айналасына ерте мойындатқан.

Кенесары ханның арқа сүйеген тобы-билер мен сұлтандар, батырлар. Хандық сот енгізілді. Салық және қаржы тобы құрылды. Кенесары талаптары уағыздалды. Барымтаға шек қойылды. Дипломатиялық қызмет ұйымдастырды. Әскери істерде жасақтар жүздіктерге, мыңдықтарға бөлінді. Өлім жазасы болды. Көтерілісшілер сауда керуендерін шабуылдап, экономикалық байланыстарға нұқсан келтірді.

Кенесары хандығының өмірі ұзақ болмады. Бірақ ел тәуелсіздігімен ел билігінің еркіндігі үшін тамаша ерлік істерімен ел тарихындағы ұлы тұлға болып қалды.

Кенесары қазақ халқының дербес мемлекеттілігін қалпына келтіру, халқын бодандықтан құтқарып, басын біріктіру, азаттық пен бостандыққа қол жеткізіп, тәуелсіз ел ету мұратын көздеген сұңғыла саясатшы, қайраткер, ірі мәмілегер, дарынды әскер қолбасшы ретінде ел есінде қалды. Қазіргі ел саясатының да төркіні осыған ұқсас болып, қазіргі таңда зор табыстарды иеленудеміз. Еліміз егемендігін алып, ата-баба ұстанған сан ғасырлық шындық бүгін ақиқатқа айналды. Тәуелсіз Қазақстан өзінің қандай ел екендігін көрсетіп, халықаралық саясат сахнасында зор табыстарды игеруде. Соның бірі кешегі өткен ел ордадағы Астана саммитін алсақ соның өзі аз уақыттың ішіндегі бар ел бас иетін үлкен табыс, тамаша жетістік. Міне біздің елдің тарихындағы күрестер өз нәтижесін беруде. Түсініктерін тексеріп, өз ойларындағы тарихи бағалауларын жинақтағаннан кейін **Қорытынды жасалады.** К. Қасымұлы бастаған қозғалыс ел тәуелсіздігі мен ұрпақ болашағының өмірі жайындағы қарулы күрес еді. Батырлар есімін еске ұстап, ұлы тұлғалардың ерлігін өзімізге үлгі ету кез-келген қазақ азаматының санасында болуы тиіс. Яғни аға буынның салған дара жолының иесі біздер, қазақстандық азаматтар екендігін таразылап қайталап түсіндіру қажет.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» - деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп оқытып отырған қазақстандық жастардың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмән жоқ.

Білім алушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Теориялық білімді игерту мен жаңғырту және жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана білім алушылардың алған білімімен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады.

Оқыту үрдісінде компьютерді қолдануға негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты қолданылуы қажет. Кейбір жағдайда оқушылардың сұранысын терең ұғыну қажет болады, келесі бір жағдайда пәндік саладағы білімді талдау маңызды рөл атқарады, ал үшінші бір жағдайда оқытудың психологиялық ұстанымдарын ескеру басты рөл атқарады. Осы орайда ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары мынадай:

1. Олар тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Білімге бір-бірінен үлкен ара қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады. (қашықтықтан оқыту технологиясы)

3. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі олардың таралымдалуы мен оқу материалының сапасын арттырады.

Компьютердің көмегімен оқушы өз бетінше, сондай-ақ өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады. «Компьютер көрнекі - бейнелі ойлауды, қозғалыстық және ауызша қарым-қатынас машықтарын, мақсатты әрекеттерді және әлеуметтенуді дамыту үшін мүмкіндіктер туғызатыны туралы дәлелдер бар» деп, көрсетеді Нокс Джордж.

Қазақстан тарихы бойынша электронды оқулықтарды пайдаланып, электронды оқулықтағы көрнекіліктерге, деректерге сүйене отырып оқушылар өздерінің ой-өрісін кеңейтіп шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинауға дағдыланады. Сонымен бірге ғаламтор арқылы (интернеттен) қосымша материалдар іздеу, алынған материалдарды саралау, анализ жасау арқылы тарихи объективизм принципін ұстанып өз бетімен ізденуге дағдыланады.

Қазіргі заманауи оқытуды мультимедиа технологияларынсыз елестету қиын. Мультимедиа – біруақытта бірнеше ақпараттық ортаны: графика, мәтін, видео, фотосуреттер, дыбыстық эффектілерді пайдаланатын компьютерлік технологиялардың жиынтығы. Мультимедиялық құралдарды қолдану тарихты оқытудың сапасын және тиімділігін арттырады, оқу іс-әрекетін дамытады. Компьютердің көп функциялылығы оқушының танымдық қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Тарих сабақтарында компьютерлік технологияларды қолдану оқу-танымдық іс-әрекетті оптимизациялау, оқытуды индивидуализациялау, оқушылардың өздігінен білім алуларын ұйымдастыру және топтық ғылыми-зерттеу жұмыстарын мультимедиялық құралдар негізінде ұйымдастыру мүмкіндігі арқылы білім беру сапасын арттырады.

Тарих сабағында қолдануға болатын ақпараттық-коммуникациялық құралдар көп. Бұлар ең алдымен: мультимедиялық оқыту бағдарламалары, электронды оқулықтар, тарих курсы бойынша электронды кітапханалар, интерактивті жаттықтырушылар (тарих курсы бойынша тестілеу, ҰБТ-ға дайындық). Әрине бұл айтылған оқытудың әдіснамалық амалдарын біз сабақтарда қолдана аламыз. Бірақ сабақта

оқытушыны ештеңе де алмастыра алмайды. Мультимедиа құралдарын сабақтың бір этапында ғана қолдануымыз керек, тек игерілген материалды толықтыру не бейнелеу үшін.

Соңғы заманауи сандық құрылғылардың бірі - ол электронды интерактивті тақта болып табылады. **Электронды интерактивті тақта** – компьютермен және проектормен комплексте жұмыс істейтін сенсорлық панель. Электронды интерактивті тақталар мультимедиялық материалмен жұмыс істеуде үлкен экранды ұсына отырып компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін байытады. Сыныптағы барлық оқушылар көретін бұл экран оқушылармен оқытушының өзара іс-әрекетін жаңа сатыға көтереді.

Интерактивті тақталар сабақтың қарқынын тездеті алады және оған бұған бүкіл сыныпты тарта алады. Электронды тақтаны қолданғанда оқушылар мұқият болады.

Электронды оқулықтар – ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім. Электронды оқулықты дайындаудың негізі – модульдік оқытудың педагогикалық теориясы болып табылады. Онда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі, графикалық иллюстрациялар, әр түрлі суреттер арқылы теориялық білім толықтырылады.

Қорыта айтқанда, әрбір ұстаз заманға сай өз кәсібін жетік білетін, ұлттық құндылықтарды меңгеріп, өз ісінде жаңа технологияны пайдаланып, іс-әрекетінде әлемдік компьютерлік жүйенің ақпараттық мүмкіндіктерін қолдана алатын адам болуы керек. Сонда ғана «ұстаз» деген ұлағатты атқа лайық боламыз.

Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналылыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қайырлиева А. Қоғамдық пәндерді оқытуда ақпараттық технологияны қолданудың маңызы // Жалпы тарих және құқықтану мектепте. -2005.-№3.-25-27 б.
2. Жүрекенова А. Использование информационно-коммуникационных технологий в обучении истории Казахстана.
3. Куран Е.В. Использование мультимедийных технологий на уроках истории и обществознания.- Интернет.
4. Тажибаев Б.Х. Инновациялық әдістер мен оқытудың ақпараттық технологияларын тарих сабағында қолдану арқылы оқушыларды тарих мамандығына беіндеу. – Интернет материалдары.

ТҰРЛЫБЕК А.

Әлеуметтік ғылымдар институты
Тарих факультетінің Phd докторанты
(Түркия. Анкара университеті)

ОСМАН МЕМЛЕКЕТІНДЕГІ ЕКІНШІ РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ ӘНУАР ПАША

Padişah olup bitenleri doğru saptamak amacıyla Enver Bey'in eniştesi olan Selanik Merkez Komutanı Kaymakam Nazım Bey'i görevlendirmiştir. Selanik'te Cemiyet aleyhine teşkilat yapan Merkez Kumandanı Nazım Bey'in öldürülmesine cemiyet bir karar vermiştir [3. 306.]. Enver Bey bu hadiseyi şöyle anlatıyor: *“Zahiren Yunan İhtilal komitesine karşı olmak üzere otuz kişiden oluşan bir istihbarat teşkilatı kurmuştu. Kayın biraderi bulunmak dolayısıyla kız kardeşimin yardımıyla bu teşkilatta olanların isim ve görevlerini ve fotoğraflarını temin etmiştim”* diyordu. Enver Bey, eniştesinin çok borçlu olması sebebiyle Saray Mabeynine bağlı olduğunu ve tehlike oluşturmaya başladığını ve Cemiyetin de Nazım Bey'in öldürülmesine karar verdiğini yazar. Birkaç teşebbüs sonuçsuz kalır.

11 Haziran 1908 tarihinde Enver Bey ve babası Ahmet Bey'de Nazım Bey'in evinde üst katta oturmaktaydılar. Kapı çalınır ve Nazım Bey'i bir subayın görmek istediğini söylenir. Nazım Bey biraz tereddütten sonra aşağıya iner. Aşağıdan bir silah sesi gelir ve Nazım Bey bacağından vurulmuştu ve ertesi gün de İstanbul'a hareket etmiştir. Bu olay üzerine II. Abdülhamit, güvendiği adamlarından İşkodralı İsmail Mahir Paşa başkanlığındaki

bir heyeti incelemeler yapmak üzere Selanik'e gönderdi. Ayrıca Padişah, III. Ordu'da neler olduğunu ve neler düşünüldüğünü anlamak için ordudan iki subay istedi. III. Ordu Müşirliği, Kurmay Ali Rıza ve Topçu Hasan Rıza Bey'i merkeze gönderdiler. Bunlar İstanbul'da Müşir Ethem Paşa ile görüşmeleri esnasında İttihat ve Terakki Cemiyeti'nin faaliyetlerinden ve olup bitenden habersiz yalnız askerlikle uğraşan kimseler oldukları intibasını uyandırdılar. Sonra bu iki subay İstanbul'da alıkonuldular. Selanik'te ise bunların tutuklandıkları zannedilmiştir. Ayrıca Enver Bey Manastır'a geldiğinde Saray'ın istihbarat çalışmalarının sıklaştığını ve artık kendisinden de şüphe edildiğini anlar. Genel Müfettiş Hüseyin Hilmi Paşa, Nazım Bey'in eşi olan kız kardeşini Selanik'ten alarak İstanbul'a götürmesi için emir geldiğini ve bu sebeple kendisine izin verildiğini ve yol parasını da vererek biran evvel İstanbul'a gitmesini söyler.

Enver Bey ise Selanik'e gelir ve Cemiyet'in Merkez-i Umumi'si toplanarak Enver Bey'in İstanbul'a gidip gitmeyeceği konusunda tartışılır. Sonunda İttihat ve Terakki Cemiyeti'nin Selanik Komitesi, 25 Haziran 1908'de Enver Bey'in dağa çıkmasını ve ayaklanmanın başlatılmasını kararlaştırdılar [4. 94.]. Böylece Enver, İstanbul'a davetin arkasındaki gerekçelere hiç güvenmemekle akıllılık ederek ve Resne tepelerinde izini kaybettirme yolunu seçti [5. 281.]. Avrupa'da ise, İngiltere Kralı VII. Edward ile Rus Çarı II. Nikola'nın Estonya'nın Reval kentinde buluşmaları [6. 92.], Cemiyet'in, Reval toplantısından Osmanlı Devleti aleyhine bir antlaşmanın çıkacağını ve kısa bir süre içinde de Makedonya'nın ülke topraklarından yitirileceği ve tüm Rumeli paylaşılacağı kanısına varmışlardı.

Ayrıca bu görüşmeyi "*Hasta Adam'ın*" cenazesinin üstünde üşüşen kartalların, büyük ihtimalle son hamlesi olarak da görmüşlerdir. Süreyya, Reval görüşmesini şöyle anlatıyor:

- *Osmanlı Devleti'nin dünya için devamlı ve tehlikeli anlaşmazlık konusu olmaktan çıkarılarak, bazı bölgelerin milletlerarası bir idareye verilmesi,*
- *Bu bölgelerden Irak'ın İngiltere, İstanbul ve Boğazların Rus nüfuz bölgeleri olarak bu devlete terk et-mesi gerektiği,*
- *Osmanlı Devleti hakkında karar alınırken Şark Meselesi ile ilgili diğer devletlerin menfaatlerinin korunması,*
- *Osmanlı Devleti sınırları dâhilinde, Türk ve Müslüman olmayan halkların kendi kendilerini idare hak-ları üzerinde Rus ve İngilizlerin devam ve sebat etmeleridir [7. 52.].*

Anlaşıldığı gibi, Osmanlı Aydınları ve Saray da olup biten hadiseden, devletin parçalanarak paylaşılmaya mahkûm olduğunu algılamışlardı. Görülüyor ki, yabancı kitap yahut gazetelerden öğrenilmiş, hiçbir kültürel birikime dayanmayan teorik bazı doğruların propagandası, genç subayların ayaklarını yerden kesmiş, gerçeklik duygularını zedelemiştir. İttihatçılara göre, parçalanma tehlikesinin artması karşısında, Osmanlı Devleti'nin başına parlamenter, yani seçim yoluyla iktidara gelecek güçlü ve sağlam bir hükümetin bulunması son derece önem kazanmıştır. Özellikle Balkanlar'dan, şikâyetlerini kendilerinin ifade edebilecekleri temsilcilerin İstanbul'daki parlamentoya gelmeleri, reformlar yönünde Avrupa Devletleri'nin baskılarını azaltabilir, güçlü bir hükümet de bu baskılara karşı koyabilirdi [8. 327.].

Ayrıca, Kralı VII. Edward ile Çar II. Nikola'nın 1907'de Çin, Tibet, Afganistan ve İran üzerinde nüfuz bölgelerini tespit etmiş olmaları, Osmanlı Devleti'nin Balkan topraklarını paylaşılacağı kanısına varmalarına bir etken olduğunu söyleyebiliriz. Böylece vatansever subaylar iyice ateşlenerek, ne yapılacaksa bir an önce yapılması gerektiği fikrini beslemiştiler. Böylece Enver Bey, askeri üniformasını çıkarıp dağa çıkacaktır ve etrafına toplayacağı Osmanlılarla, II. Abdülhamit'e Meşrutiyeti tekrar ilan etmesi için zorlayacaktır. Binbaşı Enver Bey silahlı isyanın ilan eder: "*Haziran on iki ve on üçüncü Perşembe ve Cuma günleri arasındaki ge-cede artık Selanik'i, ailemi, maddi istikbalimi terk ederek, sadece halktan bir fert gibi, hükümetin bütün kuvvetlerine karşı açıktan açığa, silahlı olarak isyanımı ilan ediyorum. Fakat evvel Allah'a ve Peygamber'e sonra da Cemiyetimizin teşkilatına, hükümetin zulmünden bizar olan millete güvenim tam olduğundan, vatanın geleceğini gayet parlak görüyor, bunun için benim maddeten kararın istikbalimin zulmetine ehem-miyet vermiyorum. Vardar kapısından çıkarken nişanlarımı söktüm. Biraz üzgündüm. Bütün eski hayallerimi, iyi, büyük bir asker olmaktı. Hâlbuki şundan itibaren artık bir hiçtim kim bilir nerede ve hangi kurşunla vurularak, kim bilir nerelerde kalacak ve asi diye bir köşeye atılacağım*" diye kuşkulandığını da belirtiyor. Enver'in asıl endişelendiği tereddüdü ise her zamanki gibi ailesi olmuştur. Fakat Tikveş'e gelen Kolağası Mustafa Kemal kendisine birkaç mektupla birlikte Selanik'teki Merkez-i Umumi tarafından *Osmanlı Terakki ve İttihat Cemiyeti'nin* Rumeli Genel Müfettişi atandığına dair belge verir.

Mektuplardan birisi annesi Ayşe Hanım'dandır; "*Enver'im, başladığın işi bitirmeden dönersen sana sütümü helal etmem*" demektedir. Buradan anlaşılıyor ki, Enver'in kuşkulanasına hak veriyoruz ve tabi-atıyla o da bir insanoğludur diyebiliriz. Ancak bu mektuplardan Enver'in taşınması zor olan yükünün hafiflediğini ve içinin ferahladığını da anlıyoruz. Askeri bir şeref olan üniformasını üzerinden çıkardığına üzülen Enver, ailesinden gelen bu sevindirici haberleriyle, aldığı yolda kararlı bir şekilde yürütmesine yardımcı olduğunu

söyleyebiliriz. Öte tarafta Niyazi Bey, Cemiyetten izin alarak dağa çıkmak ve açıkça mücadele etme kararını almıştır. Niyazi Bey dağa çıkmadan önce, tabur deposuna girerek birçok silah, cephane, tabur sandığındaki paraları ve ahaliden bir grup ile 3 Temmuz 1908’de Resne’den çıkarak isyan bayrağı açtı [9. 18.]. Aynı zamanda Mabeyn Başkâtipliğine, Rumeli Genel Müfettişliğine ve Manastır Vilayetine de bir bildiri göndermiştir.

Resneli Niyazi Bey, Enver Bey hakkında, ondan büyük güç aldıklarını söyler ve devamla: “*Bahusus Enver Bey gibi efkâr-ı cemiyetin en kuvvetli naşiri sayılan ve harb ü darpta olağanüstü liyakati bilinen bir kurmay subayın, çeteciliğe girişinin şeref ve hizmeti yücelteceği düşüncesi hepimizi sevinç ve övünçle doldurdu. Üzüntü ve karamsar zamanlarımızda, bizi ateşli sözler, ciddi tavırlarıyla coşturup etkileyen bu az bulunur ve her anlamında mükemmel olan, Enver Bey idi*” diye anmaktadır.

Enver Bey isyan bayrağın açtıktan sonra halka doğru:

“*Muhterem Vatandaşlarım!*

Meclis-i Mebusan’ın dağıtılmış kalması dolayısıyla, otuz seneden beri memlekette hüküm sürerek, birçok namuslu vatan evladının mahvına ve birçok aile yuvalarının sönmesine sebep olan istibdat idaresi, son zamanlarda gene şiddetini göstermeye başladı. Zaten keyfî bir idare neticesi, birçok ihtilaller içinde kana boyanan vatan ve milletimizi büsbütün zayıflatarak yakında mahvedecek olan bu istibdada nihayet vermek lazımdır. Ben içte bu istibdada karşı milletimin haklarını muhafaza için her şeyimi feda ettim. İcap ederse bu uğurda hayatımı da esirgemeyeceğim. Siz, ey vatanın namuslu ve fakat her şeyden habersiz olan evlatları! Sizin de benimle bu yolda yürümenizi veya bu işte tarafsız kalmanızı dilerim. Aleyhime hareket edecek olanların görecekları zararları maddi ve manevi mesuliyeti kendilerine aittir. Yaşasın vatan, yaşasın millet” bir ihtilal beyannamesi yayınladı.

Aynı zamanda Cemiyet’in Manastır şubesi üyeleri 5 Temmuz 1908’de sokaklara “*Kanun-ı Esasinin*” ilanını isteyen beyannameler yaptırdı. Böylece otuz yıldan beri unutulmuş olan “*Kanun-ı Esasi*” kelimesi yeniden ortalıkta dolaşmaya başladı. Enver Paşa ise, özellikle Tikveş’in köylerinde taşra halkının arasında teşkilatlar kurmak üzere planlar hazırladı ve köylülere yemin töreni yaptırarak teşkilata almaya başladı. Timyanık köyünden başlayarak binbaşı rütbesiyle köylülere şu nutku çekti:

“*Biliyorsunuz ki şimdiye kadar birçok yerler elimizden çıktı. Tuna Vilayeti, Bosna ne oldu? Oradaki ahalinin canlarını kurtarmak için mallarını bırakarak kaçtıklarını bilirsiniz. Bunlar ne oldu? Geldiler, bu yerlere sığındılar. Fakat ekserisi aç ve çıplak. İşte, şimdi bizim de başımıza bu belalar gelecek gibi görünüyor. Hükümetin yolsuzluğundan, görüyorsunuz ecnebi zabıtlar geldi. Yarın, öbür gün buralarını, biz işimizi göremiyoruz diye parçalamaya kalkışacaklar. O vakit bize ne olacak? Artık bizim için gidecek yer yok. Denize döküleceğiz yahut düşmanlarımızın ayakları altında çiğneneceğiz. Böyle zamanda karı gibi öl-mektense işlerimizi düzeltmek için erkekçe şimdi ölmeyi göze almak yeğdir, değil mi? eğer biz böyle çalışır-sak, hem Muaffak oluruz, hem de kalanlarımız rahat eder”* diyordu. Aynı zamanda Nazım Bey’i vuran Mustafa Necip, Enver Bey’in amcası Halil Bey ve Teğmen Melik Bey’de kıtalarını terk ederek Enver Bey’e katıldılar. Enver Bey bundan sonra bir silahlı kuvvetler yönetmeliği hazırlar ve buna göre kuvvetler oluştur-maya başladı. Enver Bey öncü subayları yanına almak, fakat askerleri karıştırmadan halk ayaklanması yap-mak istemektedir. Kendisi de hatıralarında Selanik’teki Merkez-i Umumi’ye, Ağustos ortalarına kadar bek-lenebilirse, genel bir halk ihtilali yapmayı teklif etmiştir. “*Tikveş kazasındaki yirmi beş bin İslam ahalinin kâmilten hazır olduğunu bildirmiştim*” demektedir.

Enver’in etrafına toplananlardan bir ayaklanmanın ayak sesleri olarak şüphelenen Saray, 7 Temmuz 1908 (24 Haziran 1324) Salı günü Korgeneral Şemsi Paşa’yı Köprülülük üzerinden Manastır’a gönderdi. Durum çok nazikti. Şemsi Paşa, Kaçanık’te İttihat ve Terakki’nin tutum ve harekâtı aleyhinde bir toplantı düzenledi. Bu toplantı Müslümanlar arasında kan dökülmesine yol açacak nitelikte idi [10. 91.]. Aynı zamanda Şemsi Paşa’nın Manastır’a gelişi Cemiyetin üzerinde bir hayli korku salmıştı. Selanik Heyet-i Merkeziyeti hemen Şemsi Paşa’nın vurulmasına karar vermiş, keyfiyeti Fedai Bölüğüne yazmış, hatta Fedai Bölüğü heyetinden birini celbederek kati talimat vermişti. Bu işi Yakup Cemil Bey deruhte edilmişti. Şemsi Paşa buradaki tahkikatının bir sonuç vermemesi üzerine, Resne üzerine hareket etmeye karar vermişti.

8 Temmuz 1908 günü Şemsi Paşa Saray’la haberleşmek üzere Manastır telgrafhanesine girmişti. Şemsi Paşa, Saray’a “*Erkânî Harp Binbaşı Enver ve Niyazi Beylerin kıyafetini tebdil ederek cemiyeti fesadiyeye (İttihat ve Terakki) iltihak ettiğini ve her ikisinin ölüsünü veya dirisini ele geçireceğini müjdeliyordu*”. Fakat Paşa’nın Saray’la telgraflaşmasının ardından telgrafhaneden çıkarken yirmiden fazla seçme muhafızlarının olmasına rağmen “*İttihat ve Terakki Cemiyeti’nin*” fedai subaylarından Teğmen Atif (Kamçıl) tarafından vurularak öldürüldü. Şemsi Paşa’nın katli meşrutiyete doğru atılmış bir adımdı. Fakat bu hadise henüz istibdadı yıkacak bir hal olmamakla beraber II. Abdülhamit’e vurulan ve onu en güvendiği adamından mahrum bırakan bir darbe ve Niyazi Bey’i takipten kurtaran ve nihayet cemiyete geniş nefes aldırın mühim bir vaka idi [11. 111.].

Sultan II. Abdülhamit, Şemsi Paşa'nın katlinden sonra Müşir Tatar Osman Paşa'yı geniş salâhiyetlerle Manastır fevkalade kumandanlığına tayin ve izam eylemiştir. Bölgenin içerisine düştüğü askeri ve siyasi durumdan sonra II. Abdülhamit'in bu ayaklanmayı bastırabilmesi için Makedonya'daki III. Ordu ve Edirne'deki II. Ordu'dan faydalanmasına imkân kalmamıştı. Ayaklanmayı Anadolu'dan 47 Tabur asker göndererek bastırmayı planladı. Ayrıca Makedonya'daki Rum çetelerinden faydalanılacaktı. Tatar Osman Paşa, Manastır'a geldiği sırada İzmir'den Selanik'e asker sevkine başlanmıştı. Bu sırada İttihat ve Terakki Cemiyeti boş durmayarak el altından teşkilatını kuvvetlendiriyor ve Şemsi Paşa vakasından sonra cemiyete girenler çoğalmıştır.

Cemiyet, Anadolu'dan gelecek kuvvetlerin Niyazi Bey üzerine gitmesini önlemek için Doktor Nazım Bey'i İzmir'e yolladılar. 16 Temmuz'da, 27 Tabur asker İzmir'den deniz yoluyla Selanik'e gönderildi. Doktor Nazım ve Bursalı Tahir'de askerlerle birlikte vapura binenler arasındadır. Bunlar askerlerin bir kısmını daha Selanik'e gelmeden diğer bir kısmını ise Manastır yolunda İttihat ve Terakki Cemiyetine girmelerini sağladılar. Bu birlikler çeşitli bahanelerle Tatar Osman Paşa'nın Ohri'deki isyancılara karşı harekete geçme emrine karşı çıktılar. Niyazi Bey'in dağa çıkıp, bu hareketinin bastırılmamasından sonraki Makedonya topraklarında gerçekleşen bir başka önemli olay da, Firzovik toplantısıdır. 1908 yılının Haziran ortalarına doğru Kosova'da bulunan bazı yabancılar, Firzovik'te bir eğlence düzenlemeyi tasarlarlar ve hazırlığa girişirler [12. 104-105.]. Herhalde Makedonya'nın Osmanlı Devleti'nden koparılması yönündeki gelişmelerden ilişkili olan o bölgenin Arnavut'ları, bu hazırlıkları, Avusturya'nın askeri bir işgal hareketini örtmek için düzenlenmiş bir hile olarak yorumladılar ve silahlı olarak Firzovik'te toplandılar. Bu haber dallanıp budaklanarak yayılmış ve topluluğa katılanların sayısı ertesi ay otuz bine kadar yükselmişti. Fakat Avusturya'dan askeri bir işgal söz konusu olmadığı anlaşılıyor. Bu arada toplantının sükûnetle dağılmasını sağlamak üzere Kosova Valisi Mahmut Şevket Paşa tarafından 8 Temmuz'da görevlendirilen ve İttihat ve Terakki yanlısı olan Miralay Galip Bey, bunu meşrutiyetten yana bir toplantıya çevirmeye çalışıyordu. Necip Draga gibi Arnavut ileri gelenleri kendisine yardımcı olurken, İsa Bolatin gibileri de buna karşı çıkıyorlardı. 20 Temmuz 1908 günü Padişaha sunmak üzere Sadrazam ve Şeyhülislamın Kosova Halkı adına 180 imza ile çekilen telgrafta bir millet meclisinin toplanması isteniliyordu. Fakat Saray'dan herhangi bir cevap verilmedi. Bunun üzerine 22 Temmuz'da daha bir telgraf çekerek "*Teskin-i heyecan kabil olmuyor, halk müsellahan aşığı doğru akın ediyor*" diye ısrar edildi.

